Every science has its own philosophy. In this, she sees the highest meaning of her existence— to engage not only in the study of the subject of her direct scientific knowledge, but also to correctly understand herself, her role and mission.

If there were no philosophy of science, then neither science nor itself there was no philosophy. There would be no connection between these two most important branches of modern knowledge. The unity of the picture of the world would be broken, and in the world of knowledge there would be a huge gap between science and philosophy.

From our point of view, the philosophy of science is a fusion of metascientific methodology, philosophical and scientific reflection, as well as an apology for

innovation and criticism of scholasticism. It does not answer the question of what science is, it explores what it should be if all the possibilities inherent in it are realized to the maximum?! Therefore, the philosophy of science compares various models of the development of science, looking for not just the truest (reliable), but also the best option.

The main task of science is to discover new types and forms of knowledge. Therefore, the basis of scientific knowledge is the need for a person to satisfy such a natural need as curiosity. Scientists of the twentieth century joked that science is the satisfaction of one's curiosity at the expense of the state.

Fundamental research is driven by human curiosity, which brought a revolutionary transformation to society. Consequences were rise of computer science, machine learning, artificial intelligence and genetic basis of life. The theory of relativity (by Albert Einstein) is used nowadays as Global Positioning System (GPS) in mobile phones and navigation system.

However, the path from exploratory fundamental research to application in society is not direct and predictable. Sometimes new technologies allow even more fundamental discoveries to be made. Quantum mechanics, and these in turn are the basis for applications such as quantum computing, which have enormous potential to completely change the way we use computers.

The philosophy of technology arose at the end of the 19th and beginning of the 20th century almost as a product of self-reflection of the engineering class, which was strengthening its place in society. However, discussions about the place of technology in modern culture and the importance of the engineering profession in society soon crossed narrow professional boundaries, especially after technological innovations began to change the very way of social life. New means of transportation and communication have affected every citizen of developed countries, and the level of technological development began to measure the advancement of a state and determine its place in the world community. Social action itself began to be considered by analogy with engineering activity as social engineering. This, however, led to an increase in cultural criticism of technology and technocratic tendencies, which constituted a new direction in the philosophy of technology itself.

Latest 25 years, the explosive Internet development is the result of World Wide Web invention. It becomes the leading mass media and the most important information resource that ensures the functioning of all structures of society. The Internet is rapidly turned into a «virtual state» that blurred national boundaries and created its own cyber culture. It demonstrates the level innovation recent years by technology.

In the USA, research on the philosophy of technology is important in the context of the national program «Science, Technology, Society» (STS), common combined research and training units that belong to the USA, for example, at Brooklyn Polytechnic University, Cornell University, Pennsylvania State University [3]. At the Massachusetts Institute of Technology, the STS program was implemented in 1976 in order to find answers to two closely interacting questions: how are sciences and equipment developing, how are activities, what role do they play in

modern civilization? [4] Within the framework of this program, research is of a generally accepted interdisciplinary nature, among which there are central places of research on the philosophy of technology. In 1976, the journal of the International Society of Philosophy and Technology [5] was founded, which became the issue of «Techné: Studies in Philosophy and Technology» [6] and is held every two years of the conference [7].

A new impetus to the development of the philosophy of technology was given by the emergence and truly explosive expansion of so-called convergent technologies, among which nanotechnology plays a leading role. The results of philosophical research that have emerged over the past decade have resulted in the formulation of the concept of technoscience as a new form of scientific and technical activity and knowledge.

The role of theoretical research in modern science and technology, applicable to the connection of scientific research with philosophical reflection, without which the development of science becomes simply impossible. The active progress of nanoscience and nanotechnology puts many old philosophical problems before scientists in a new way and highlights a number of new methodological, social, cognitive and other problems, the understanding of which requires a high philosophical level, that is, it should be carried out with the participation of professionals in this field. However, the philosophy of science itself cannot exist without active interaction with developing science. Therefore, philosophers, especially philosophers of science and technology, are obliged, in close cooperation and dialogue with specialist scientists, to comprehend the newly emerging philosophical problems in the scientific and technical field. In order to harness the full potential of human intelligence and innovation, it is important to find a good balance between finding solutions to short-term problems and at the same time doing real transformational research that usually comes from chance discoveries.

In conclusion, fundamental research and technological innovations are the basis for the development of humanity in different area of activity. As it already mentioned above, technologies and techniques can provide new discoveries for fundamental researching.

In order to describe the relationship fundamental research and technological innovation with Philosophy, PhD degree in Petroleum Engineering or Mechanical Engineering will be termed PhD of Philosophy. Since, research beyond theology, jurisprudence, and medicine was then called «philosophy» because of the Renaissance belief that true knowledge could be obtained from empirical observations. Research in what was once called philosophy is now classified as sciences and humanities. Consequently, most disciplines, with the exception of such few as medicine and law, have their roots in philosophy [8].

References

1 Heidegger M. Basic concepts of metaphysics // Questions of philosophy. 1989. № 9. – p. 117-119.

2 Kohanovsky V.P., Zolotukhina E.V., Leshkevich T.G., Fathi T.B., Rostov N.D. Philosophy for graduate students: A textbook, 2002. – p. 166.

3 Visions of STS. Counterpoints in Science, Technology and Society Studies. / Ed. by S.H. Cutcliffe and C. Mitcham. – NY, 2001. – P. 2.

4 <http://web.mit.edu/sts/>.

5 Society for Philosophy and Technology (<http://www.spt.org/>).

6 <http://scholar.lib.vt.edu/ejournals/SPT/spt.html>.

7 Mitcham C., Mackey R. (eds). Bibliography of the Philosophy of Technology. Chicago–London, 1973.

8 Vinay Nangia. Why this Degree is called Doctor of Philosophy– PhD.

9 <https://vinaynangia.com/> June 30, 2020.

ҒТАМР 16.21.07

АҒЫЛШЫН ПАРЕМИЯЛАРЫНДАҒЫ «УАҚЫТ» КОНЦЕПТІ

А.Б. Мұқатай

Оқытушы, Қарағанды индустриялық университеті, Теміртау қ.

Бұл мақалада ағылшын тіліндегі «time» концептісінің құрылымдық-мазмұндық аясына кіретін паремиологиялық бірліктердің мән-мағыналары айқындалып, олардың ұлттық-мәдени ерекшеліктерін зерделеу арқылы екі этномәдени қауымдастықтың аталмыш концептіге қатысты дүние бейнесі айқындалды.

Түйін сөздер: уақыт ұғымы, ағылшын паремиясы, концепт, мәңгілік ағын, бағалы ұғым.

Уақыт концептісі халықтың таным дүниесімен тығыз байланысты, сондықтан ұлт мәдениеті мен тілінің кеңдігін, тереңдігін танытуда аталмыш концептілерді лингвомәдени және танымдық бағытта зерттеудің қажеттілігі байқалады. Концептіні түсінудің лингвокогнитивтік және лингвомәдени бағыттары бір-біріне қайшы келмейді, керісінше, бірін-бірі толықтырады, себебі бір психоменталдық үдерістің екі фазасын бейнелейтін сол бір құбылыстың екі жағы: сөздің және оның мағыналарының қосылуы; сөздің мәдени контексте енгізілуі. Оның үстіне тіл – мәдениет қабаттарындағы тылсым құбылыс, ерекше коммуникативтік құрал, мәдениеттің, ұлттық менталитет, ұлттық ойлау мен сананың санқырлы қасиеттерінің көрінетін тұсы.

Уақыт және кеңістік тұрмыстың негізін қалаушы ерекшеліктері болып табылады, олар объективті сыртқы өзгерістерге ұшырамайды. Алайда уақыттың экстралингвистикалық категориясының тұрақтылығына қарамастан, уақыт концептісін білдіретін лексикалық және стилистикалық құралдар адамның әлемді субъективті қабылдауымен байланысты айтарлықтай өзгерістерге ұшырайды. Уақыт ұғымы адамның өмірімен, дүниені сезінуімен және болып жатқан тарихи оқиғалармен қаншалықты тығыз байланысты болса, уақыт соншалықты түбегейлі өзгерістерге ұшырайды. Оның себептері ғылыми прогресс және қоршаған әлем жайлы білімді арттыру болуы мүмкін: адамның өз күшін Құдайдың күшімен теңестіруі, белсенді өмірлік ұстанымды қабылдауы, техникалық жетістіктерге байланысты өмір ырғағын жылдамдатуы [1, 24 б.].

Уақыт абстрактылы ұғым болғандықтан және кез келген тілде сөйлеуші үшін айқын ұғым болғандықтан, оның мәнін үйреншікті жолмен түсіндіруге болмайды, сондықтан осы концептінің семантикалық құрылымын сипаттау үшін метафораларды қолдануға болады. Метафоралық терминдер осы ұғымның ассоциация және кейіптеу салаларын зерттеу арқылы оның бейнесі жайлы түсінік қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Сөз тілдің негізгі және күрделі бірлігі ретінде оның жан-жақты сипатталуын бағамдайды. Сөздің семиотикалық таңба екендігі мәлім. Ақпараттың басым бөлігі сөз арқылы жетеді. Уақыт концептісінің жан-жақты қырларын олардың түсіндірмесі берілетін саналуан лексикографиялық дереккөздер толығымен бейнелеуге мүмкіндік береді. Сөздіктер уақыт лексемасының семантикалық көлемі жайлы, оларда тіркелген бейнелік семантикасы туралы бағамдауға және бұл лексемалардың уақыт ағымына төзген семантикалық өзгерістердің барлығын қадағалауға жағдай жасайды.

Жеке концептілерді зерттеудің басым көпшілігінде оларды бір тілдің материалында талдау жиі кездеседі, дегенмен ұлттық дүниетаным, мәдени стереотиптер, қондырғылар әртүрлі тілдер мен мәдениеттер материалын салғастыру негізінде ғана айшықтала түспек. Халықтың жәдігерлері мен дәстүрлерін сақтаушы қызметін атқаратын сөздіктер *time* сөзінің мағынасын, оның семантикалық дамуын нақтылауға ықпал етіп, белгілі бір дәрежеде ағылшындардың ұлттық ерекшелелігін бейнелейтін бұл сөздердің даму тарихын жаңғыртады.

Жалпы уақыт идеясы барынша абстрактылы күйінде күнделікті санада орын алуы қиын. Кеңістікке қарағанда, уақыт соншалықты абстрактылы ұғым, тіпті оның түсінігінде сана прототип ретінде сүйене алатындай нақты және көрнекі бөлігі жоқ, яғни түбегейлі болмаса да, оған тиесілі бөлігі жоқ. Адамдар уақытты сана арқылы емес, көбіне түйсік арқылы қабылдайды. Әдетте, мұндай жағдайларда адамдар күрделі ұғымды түсіну үшін метафораларға жүгінеді, түйсік абстрактылы концептінің шегі мен мәнін айқын көрсетеді және сипаттаудың аналогиялық тәсілдерімен қамтамасыз етеді. Салыстырыңыз: «уақытты тоқтата алмайсың; уақыт өтіп жатыр, тез өтіп жатыр *the time goes by / passes by*». Уақыт жайлы уайымдаған кезде: «уақыт зымырап жатыр, созылып жатыр, тоқтап қалды / *time flies / time has stopped etc*» [2, 88 б.].

Уақыт жайлы жиі кездесетін және бейнелі метафора уақыт ағынына қатысты болса керек (қозғалыс векторының қайтымсыздығы, мәңгілік ағынның бірқалыптылығы, сезілмейтін, бірақ тоқтамайтын ағын күші). Ал уақыттың қайтымсыздық белгісі ретінде жебе бейнесін келтіруге болады— қарапайым бірбағытты векторлы процестер метафорасы (*Time flies like an arrow*).

«Уақыт» сөзінің көпмағыналылығы туралы айтатын болсақ, абстрактылы уақыттың жалпы идеясы метонимиялық негізде өзгеріп тұрады, сондықтан «уақыт» өзінің бір бөлігін де білдіреді, уақыт осіндегі белгілі бір сәтті білдіреді «Уақыт келді / *It's high time... / The time has come etc.*» және оның заттық және оқиғалық табиғатымен қатар уақыт ұзақтығын білдіреді «жаман уақыт», «to

have good / bad time», «to have an easy time = to have an easy, comfortable life» «уақытты үнемдеу», «to save time» [3, 45 б.].

Осыдан шығатын ой, мына тіркес «To take Time by the forelock» келесіні білдіреді: «to seize one's opportunity, to act promptly». Уақытты кейіптеуге арналған басқа да жиі қолданылатын тіркестер «Time will tell», «to keep up / move / march with the time», «to kill time» etc.

Эмпирикалық материалға сүйенетін болсақ, бұл мәдениеттің адамдары үшін уақыт негізгі құндылық болып есептеледі. Бұған дәлел мақал-мәтелдер: time and tide wait for no man; lost time is never found again; take time beforelock; there is no time like the present; never put off till tomorrow that you can do today; time flies; time is money; who gains time gains everything; time is the greathealer; time cures all wounds; time heals all wounds; time tames the strongest grief; time works wonders; times change; times change and we change with them; other time, other manners; you can't turn back the clock; tomorrow never comes; punctuality is the best virtue және т.б.

Бұл мақалдарды талдай келе, ағылшын тілінде сөйлеушілердің түсінігінде уақыт мынадай сипаттамаларға ие деген қорытынды жасауға болады: қайтымсыздық, бірбағыттылық, тез өткіншілік, құндылық, қоршаған болмысты өзгертуге қабілет; ол сондай-ақ емдуге және ғажайып жасауға қабілеті бар жасампаз күш ретінде сипатталады. Көптеген ғалымдар ағылшын тіліндегі «уақыт – ақша» деген метафораның жиі кездесетінін байқайды. Мұны әсіресе Time is money мақалынан немесе time and a half тіркесінен байқауға болады. Соңғы тіркестің мәні: «осы адам әдетте табатын қаражаттан бір жарым есе көп сома». Белгілі бір уақыт аралығын білдіретін сөздердің үйлесімді сипаттамаларын қаржымен байланыстыруға болады.

Уақыт сөзінің семантикалық тұрғыдан қандай да бір қауымдастықтың өміріндегі қоғамдық, әлеуметтік, саяси-экономикалық, мәдени даму бағыттарының өзгеруіне байланысты мағыналық түсіндірмесінің ауысуы мүмкін екендігін де осы лексикографиялық дереккөздерде тіркелген мағыналарын талдау арқылы аңғаруға болады. Оның үстіне бір қоғамда өмір сүріп отырғанымен ұлттық-мәдени, ұлттық-танымдық ерекшеліктеріне орай қазақ және ағылшын тіл иелерінің аталмыш сөздерді қабылдау сипаты да әрдайым сәйкесе бермейді [4, 102 б.].

Ағылшын тілінің уақытқа деген қарым-қатынасын сөздіктерге қарап байқай аламыз. Сонымен сөздіктердегі берілген мағыналарды жинастырсақ, ағылшын тілінде time лексемасы мынадай мағыналары тіркелген:

- a nonspatial continuum in which events occur in apparently irreversible succession from the past through the present to the future;
- an interval separating two points on this continuum, measured essentially by selecting a regularly recurring event, such as the sunrise and counting the number of its occurrences during the interval, duration;
- all years of the past, present and future;
- indefinite period in the future;
- portion or measure of time;

- point of time stated in hours and minutes of the day;
- period of time measured in units (years, months, hours, etc);
- point or period of time used, available or suitable for sth;
- occasion;
- period of time associated with certain events, people, etc;
- period of time associated with certain conditions, experiences, etc;
- a period of existence or action; spec. a person's life-time;
- a unit of time measurement;
- pay for a period of time spent working.
- time when: a point in time;
- grammar. the tense of a verb.

Ағылшын тіліндегі уақыт лексемасын қарастырып, мынандай қорытынды жасауға болады: белгілі бір кезеңдегі іс-әрекет, оқиға болған кезең; белгілі бір ретте қайталанатын оқиғалар тізбегі, кешегі күн мен келешектің ортысындағы кезең. Ағылшын халқы уақытты көбінесе оқиғалармен, болған жағдаймен ұштастырады. Жоғарыдағы аталып өткен сөздіктерде уақыт лексемасы өз мәнін ашып көрсетті.

Тілдің паремиологиялық қорында ұлттың мұң-мұқтажы мен тұрмыстық жағдайлары көрініс табады. Себебі мақал-мәтелдер халықтың рухани өмірімен, өткен тарихымен тығыз байланысты және мақал-мәтелдерсіз тілдегі ұлттық нақышты, дүниенің тілдік бейнесінің ұлттық ерекшелігін толық сипаттау мүмкін емес. «Тілдегі мақал-мәтелдер мәдениетті тану кілті, рухани және материалдық мәдениеттің қалыптасуына қатыстан үлкен күш, мәдени ескерткіші, ұлт өмірінің айнасы. Ол мәдениеттің жалпы сипатын анықтайды, негізгі ақпаратты жинайды, сақтайды және жеткізеді. Осыған сай тіл әрбір этнос мәдениетінің өзгешелігін, екінші жағынан, тіл шеңберінде мәдениеттің ұрпақтан-ұрпаққа жалғасуын қамтамасыз етеді. Тіл, соның ішінде мақал-мәтелдер, қазіргі, келер ұрпақты үлкен бір тарихи арнаға, бүтіндікке байланыстырады ..., ағылшын мақал-мәтелдерінің халықтың өткен өмірі мен бүгінгі болмысын танып білуде дүниетанымдық, логикалық, этнолингвистикалық жағынан мәні өте зор. Себебі дүниеде, қоғамда, табиғатта қалыптасқан құбылыстардың бәріне мақал-мәтелдердің қатысы бар...» [5, 93 б.]

Мақал-мәтелдік, фразеологиялық әлем бейнелерінің аталмыш салаларын қарастыру үйреншікті ұлттық көзқарастар мен қарастырылып отырған мәдениеттердің өзіндік ерекшелігін айқындауға мүмкіндік береді. Мақал-мәтелдер қандай да бір ұлттың психология, философия, мәдениет және менталитеттің маңызды дереккөзі болып қала бермек. Ағылшын тіліндегі мақал-мәтелдердің әлем бейнелерінде көрініс тапқан халық даналығының негізгі тұжырымдары мыналар болып табылады:

1. Әр нәрсе өз уақытында болу керек деген мағынасында: All in good time. There is a time for everything;
2. Уақыттың жылдамдығы мағынасында: Time flies;

3. Уақыт емші мағынасында: Time is the great healer; Time cures all things. Time works wonders;

4. Уақыт материалдық құндылық мағынасында: Time is money.

Жалпы айтқанда, уақыт концептісі кеңістік концептісімен қатар, адамның әлемдер туралы білімдер жүйесінде, кез келген тілде сөйлеушілердің концептосферасында негізін қалаушылардың бірі болып есептеледі. Ағылшын тілінде сөйлеушілер уақыт концептісіне үлкен ықылас танытады, себебі адам оның тез өтіп кететінін, оны тоқтатуға немесе қайтаруға болмайтынын түсінеді. Сондықтан бұл мәдениеттің өкілдері белгілі бір жерге уақытында кешікпей келуге аса мән береді, және уақыт бірліктерін ақша бірліктерімен байланыстарды, оларды мұқият және тиімді пайдалану керектігін айтады, сондай-ақ уақытты кейіптейді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Крейдлин Г.Е. Время сквозь призму временных предлогов // Логический анализ языка. Язык и время. – 1978, № 5. – 146 с.

2 Мелюхин С.Т. Время // ФЭС. – М., 1983. – 98 с.

3 Мостепаненко А.М. Проблема универсальности основных свойств пространства и времени. – Л.: Наука, 1969. – 203 с.

4 Мурьянов М.Ф. Время: понятие и слово // Вопросы языкознания. – 1978, № 2. – 48 с.

5 Bishop M. 1975– Good usage, bad usage, and usage // The Heritage illustrated dictionary of the English language. – N.Y., 1975. – 1078 p.

ҒТАМР 17.82.90

АНТАГОНИСТ КЕЙІПКЕРДІҢ ӘДЕБИЕТ ӘЛЕМІНДЕГІ АЛАР ОРНЫ

Ш.М. Қосбаева

Магистрант, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана қ.

С.Ш. Айтуғанова

Ғылыми жетекші, ф.ғ.к., профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана қ.

Мақалада әдебиеттегі антагонист кейіпкердің маңызы және оның өзіндік ерекшеліктері туралы қарастырылады. Ішкі қайшылығы көп, күрделі тұлға жайында қазақ әдебиетінің бірқатар шығармаларынан үзінділер келтіріледі. Сонымен қатар антагонист пен протагонист арасындағы байланыс, шиеленіске толы түрлі образдардың автор шығармашылығында көрініс табуы турасында сөз қозғалады. Сан алуан кейіпкердің мінез-құлқы, қимыл-әрекеті, ішкі ойы мен психологиясының аражігін айқындап көрсететін зерттеуші-ғалымдардың ой-тұжырымдары сараланып беріледі. Жазушы табиғаты мен кейіпкер арасындағы байланыс тақырыбы назардан тыс қалмайды.

Түйін сөздер: жазушы шеберлігі, антагонист, протагонист, өмір шындығы, көркем образ, кейіпкер ойы.

Адамның жан дүниесінің ағы мен қарасын, жарығы мен көлеңкесін айыра білетін жазушы ғана адам табиғатынан мол хабар бере алады. Жазушы шығармаларындағы кейіпкерлердің мінез-құлқы бірде оның ойы, эмоциясы арқылы беріліп жатса, бірде іс-қимылымен-ақ танылады. Ғалым И.В. Страхов психологиялық бейнелеудің екі формасын: бірінші, кейіпкердің мінез-құлқын, оның ішкі ойы, түсі, елесі арқылы суреттеу, екінші – сырттай психологиялық талдау жасау немесе кейіпкерді ерекшелігі мен мимикасы тағы басқа психологиялық сыртқы белгілері арқылы суреттеуді атайды [1, 24 б.].

Көркем әдебиетте кейіпкерлер өзіне тән рухани және қоғамдық жүк көтереді. Ол – автордың идеясын жүзеге асыратын бейне. Бұл ретте кейіпкерлер өз ерекшелігімен көзге түседі. Ол заманның, уақыттың бағыт-бағдарын, арман-мұратын танытушы образ ретінде көрінеді. Яғни, автор суреттеуінде тарихи орта сипатын айғақтап, халықтық үлгіде тәрбиелі қасиеттерді жеткізуді.

Қоғамның тарихи дамуының кезеңдеріне байланысты кейіпкерлер де шығармаларда жаңа сапада көрініп отырады. Адамның сыртқы қимыл-әрекеті мен ішкі ойының өзара сабақтастығы болатыны белгілі. Көңіл-күйінің, ой-

ағымының құбылуына орай сырт келбеті, әрекеті, эмоциясы, тағы басқа өзіндік сипаттар белгі беретіні анық. Бұл жөнінде М.М. Бахтиннің мына бір әдеби қағидасын келтірсек түсінікті болмақ. «...Адам қандай дәрежеге жетуге мүмкіндігі болса, ол сол дәрежеге жетті, ол адамның басқа жағдайда болуы мүмкін емес. Ол адамның ішкі ойы түгелдей ашық, түгелдей айтылған, оның ішкі ойы мен ол ойының сыртқы көріністері бір-бірімен дәл келеді. Ешқандай алшақтық жоқ, ол тым қарапайым» [2, 54 б.].

Уақыт өткен сайын кейіпкерлер жаңаша мәнге ие болды. Сөйтіп, кейіпкер өмір алға тартқан революциялық өзгерістер мен құнды адамзаттық мұраттар биігінде суреттеледі. С. Мұқановтың «Ботагөз», Ә. Нұрпейісовтің «Қан мен тер» романында бірқатар әдеби кейіпкерлер жағымды қасиеттерімен танылды. Мысалы: Асқар, Ботагөз, Еламан т.б. Әдебиет бірыңғай протагонист кейіпкерлерден ғана тұрмайды. Онда антагонист кейіпкерлер де аз болмайды. Сол арқылы жамандық әшкереленіп, жақсылық атаулыға ұмтылу баяндалады. Алайда көркем әдебиетте кейіпкерді протагонист және антагонист деп бөлу шартты нәрсе.

Осы тұрасында З. Қабдолов: Образдың көркем әдебиетте жағымды, жағымсыз түрлері бар. «Жағымсыз образдар» – деп З. Қабдолов Итбай, Мадияр, Кулоков, ал жағымды образдар деп Амантай, Ботакөз, Асқар дей келе, мынадай ой түйеді: кейіпкерлерді жаман не жақсы деп бөлуге болмайды [3, 121 б.].

Басты кейіпкердің алға қойған мақсаттарына жету жолында кедергі болатын адам – антагонист, яғни жағымсыз кейіпкер. Антагонист пен протагонист қақтығысы негізгі шиеленістің ең маңызды қозғаушы күші болып табылады. Жағымсыз кейіпкердің әрекеті басты кейіпкерді жеңуге кедергі келтіріп қана қоймай, оның дамуына, мінезінің қалыптасуына себеп болады. Антагонист тек кейіпкер бейнесінде ғана емес, сонымен қатар кейіпкерлердің тобы, ұйымы, қоғам немесе сыртқы әсер, тылсым күш, табиғи апаттар, әлеуметтік тәртіп түрінде де бола алады. Бәлкім, бас кейіпкерге қатысты сыртқы күштер ғана емес, сондай-ақ жалпы моральдік қағидаларда антагонисттің кең анықтамасы болуы ықтимал.

Шығармада кейіпкер мінезін қалай сипаттауы жазушының шеберлігіне, оның өмір шындығына терең бойлай білуіне байланысты. Кейіпкердің рухани әлемі, жан сыры, идеалы, күрес мақсаты оны мінездеу арқылы, іс-әрекетін нанымды бейнелеу арқылы көрінеді.

Кейіпкерлердің қақтығысы қалай да қоғамдық өмірдегі күрес-тартыспен қабысып жатады, жеке адамдардың іс-әрекетінен, тағдырынан оқырмандар заманның, дәуірдің шындығын көріп әлеуметтік қайшылықтардың сырын ұғады. Автор мақсаты әркез адам образдары арқылы жүзеге асады. Осыған орай көп жайт ұнамды образбен берілуі мүмкін. Ал бұған керісінше, өмірдің ескірген, адамгершілікке қарама-қайшы кейпі ұнамсыз образдар арқылы суреттелуі мүмкін. Мұның өзі сайып келгенде жазушының идеялық-эстетикалық дүниетанымына, шығармашылық шеберлігіне байланысты.

Кейіпкер белгілі қоғамдық жағдайда қалыптасады, сол ортаға, өз уақытына сәйкес болады. Адамның мінез-құлқы, оның әрқилы кездерде, әсіресе

адамгершілік қасиеттер сынға түсетін жағдайда өзін қалай ұстап, қандай әрекет ететіні ой-өрісіне, сана-сезіміне байланысты. Кейіпкер ойы мен жазушы сөзі бір-бірін толықтырып, сезімдері бір арнаға түскендей болады.

Мәселен, М. Әуезовтің «Қорғансыздың күні» атты әңгімесін алайық. Жазушы әуелі Арқалықтың көз аштырмас долы боранын суреттеп, Күшікбай батырдың тағдырынан мәлімет береді. Одан кейін қатыгез жолаушылармен таныстырып, ол жолаушыларға Жақып отбасының халсіз күйін кемпір әңгімесі арқылы естірте отырып, үрейлі де қатыгез трагедиясына жетектеп ертіп апарарды. Кемпір мен қыздың қасіреті мен қайғысы және оны еш әсерсіз, міз бақпай тындап отырған Ақан болыстың зымиян мінезін, жасырын сырын ашып береді. Баяу басталған оқиға желісі бірте-бірте қоюлана түсіп, өзі бейнелеп отырған кейіпкерлер психологиясына тереңдей енеді.

М. Әуезов Ғазизаның өлімі Жақып отбасының соңғы үмітінің үзілгенін көрсету арқылы, Ақан мен Қалтай үшін мақсатының орындалғаны, істің тынғаны, шаруаның біткені, аса бір үлкен жұмыстың тапқырлықпен аяқталғаны болып есептелінеді. Осылайша жазушы өмірдегі шындықты контрасты күйінде көрсете отырып, өткен ғасырда болған әлеуметтік теңсіздікті аңғартады.

Сонымен қатар антагонист кейіпкерді өз биігіне шығару үшін шығарма авторына да белгілі бір дәрежеде жомарттық қажет. М. Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясындағы Құнанбайды да бір кездері жағымсыз кейіпкер деп танып, талдаған кезең болған. Басқасын айтпай-ақ қойғанда, «келінімен жақын болды» деп, Қодарды қырық рулы елге тас атқызып өлтірткенінен хабарсыз оқырман жоқ шығар [4, 30 б.]. Оқулықтарды алып қарар болсақ, онда басқасы-басқа, сол үзінділер келтірілетін. Құнанбайды осындай кереғар мінезімен сомдап көрсетпесе, көркем шығарма жай ғана шежіре деңгейінде қалып қоюы әбден мүмкін еді. «Абай жолы» роман-эпопеясындағы Құнанбай өмірде болған Құнанбайға бірде ұқсап, бірде ұқсамас. Алайда, ол – алынбас қамалдай сұсты, екiнiң бiрi жүзiне қарап сөйлей алмайтын, өз заманын уысында мықтап ұстаған өктем тұлға. Мұхтар Әуезовті Құнанбайды жағымсыз кейіпте көрсеткені үшін сынға алу орынсыз болмақ. Ол – тарихи бейнесімен қатар, көркемдік міндеті де айқын кейіпкер. Қазіргі таңда Құнанбайды қанша дана деп көрсеткенмен, көз алдымызға бәрібір де сол М. Әуезов сомдаған образ келеді.

Ш. Құдайбердіұлының «Қалқаман – Мамыр» дастанына келер болсақ, антагонист кейіпкердің орнында тұруы керек болған Көкенайдың бойынан елдік намыс ұшқынын көруге болады. Көкенайдың сол тұстағы әрекеті «Кімдекім жеті атаға толмай үйленсе, өлім жазасына кесілсін!» деген Жәнібек ханның жарлығын еске түсіреді. Мүмкін Шәкәрім Құдайбердіұлының Мамырды садақпен атып жазым қылған, Қалқаманды жарадар етіп елден бездіріп жіберген Көкенай жайлы артық ауыз әңгімеге бармағаны да содан болар.

Ал М. Жұмабаевтың «Батыр Баян» поэмасы автор мен оқырманды екі оттың ортасында қалдырған туынды деуге болады. Егер қисынға келтірер болсақ, батыр Баян тура Бекежанның ісін жасап отыр. Ол жерде де өзіне қарамаған тұтқынға түскен қалмақ қызының інісімен қашып кете барғаны намысына қатты тиеді. Соңдарынан қуып жетіп, садақты толғай тарта отырып,

екі жасты мерт қылды. Дегенмен де Мағжан Жұмабаев та оны антагонист ретінде емес, шер-шерменді кейіпкер етіп көрсетеді. Бұл туындылардың қай-қайсысын алып қарасақ та, ерекше характер, қайталанбас мінез бар. Бұлардан кейін де әдебиетімізде бірталай антагонист кейіпкер болды, бірақ көбі дерлік протагонист кейіпкердің көлеңкесінде қалып қалды.

Автор ойы мен кейіпкер ойы тұтасып шығарманың көркемдік табиғатына әсер етуі, көркемдік тұтастыққа айналуы – сөз өнері әлемінде өмір шындығы мен әдеби көркемдік кеңістігінің үндескен шеберлік үлгісі, шығарма көркемдігінің тылсым әлемі. Жалпы алғанда, антагонист кейіпкер көп жағдайда қоғамға, адамгершілікке қарсылық көрсетеді. Протагонист кейіпкер тек әділеттілікті, достықты, шындықты насихаттайтын, зұлымдықпен күресетін қаһарман болып табылады. Әр кейіпкердің, мейлі ол жағымды-жағымсыз болсын міндетті түрде оқиғаға өзіндік көзқарасы болады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

- 1 Страхов, И.В. Психологизм в романе. – М., 1993.
- 2 Бахтин, М.М. Эстетика словесного творчества. – М.: Искусство, 1986. – 445 с.
- 3 Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: «Санат», 2002. – 360 б.
- 4 Әуезов М. Абай жолы: роман-эпопея. Бірінші кітап. Абай. – Алматы: Жазушы, 2004. – 368 б.

ҒТАМР 17.09.91

БЕКЕЖАН ТІЛЕГЕНОВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

А.Б. Заданов

Магистрант, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана қ.

Қ.М. Байтанасова

Ғылыми жетекші, ф.ғ.к., профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана қ.

Мақала жаңа қазақ әдебиетінің бетбұрысты кезеңінің көрнекті жазушысы Бекежан Тілегеновтің шығармашылық мұрасының зерттелу тарихына арналған. Жазушы туындыларының қазақ әдебиеті тарихындағы алар орнын, маңызын, мәнін айшықтау мақсатында ғалымдардың ой-тұжырымдары мен зерттеу нысанының өз шығармашылығы арқау етілген. Сондай-ақ қаламгердің өзіне де, шығармашылық мұрасына да әдебиетші, зерттеуші, ғалымдардың не көзіқарақты оқырман тарапынан лайықты бағасы берілмей, зерттелмей келе жатқандығына назар аударылады.

Қаламгер мұрасын кеңінен зерттеу, іргелі еңбектерге арқау ету – қазақ әдебиеттану ғылымының кезек күттірмейтін өзекті мәселесі ретінде қорытынды жасалады.

Түйін сөздер: Бекежан Тілегенов, шығармашылық мұра, әдебиетші, жазушы, қазақ әдеби тарихы, зерттелім.

«Әдеби ортаның бір ерекшелігі – қолына қалам ұстап, өзін ақын-жазушы санайтын адамдар ұзақ жылдар бойына бір-біріне жақындасып, жанасып, қара үзбей, қатарласып-ақ жүреді. Осылайша әдеби ортаға бір кірген адамның одан қайтадан шығуы қиын-ақ, жіпсіз байланып қалатын секілді... Біреу ерте, біреу кеш дегендей, әр жазушының әдебиетке келу жолы әр түрлі. Бірақ көздеген мақсат біреу – жазушылық кәсіп. Бойға біткен қабілет-дарын қайда жүрсең де осы жолға жетелейді...» [1, 135 б.]. Әдебиетке қызығушылығы, жазушылық жолы оның елі, өскен жері, тәрбие алған ортасы, ата жұрты қарт Шыңғыстау баурайынан, «ұлы Абай туған топырақтан» бастау алған. «Дүниеге жаңа қадам басқан бала өміріне, оның қалыптасуына, ер жетіп азамат болуына» өскен ортасы ерекше әсер ететіні туралы жазушы Бекежан Тілегеновтің өзі де «Әдебиет – менің Отаным» естелік-эссесінде: «Балалық шағым қарт Шыңғыстың баурайында өтті... Ауылдың бүкіл өмірі, тынысы Абай атымен, Абай рухымен тығыз байланысты еді. Үйде де, түзде де алдымен Абай есімі ауызға алынатын. Абайсыз сөз айтылмайтын... Абай бізге аңыздан көрі жақын

туысымыз, бабамыз, арғы тегіміз, ұстазымыз боп көрінді. Мүмкін әдебиетке жол тартуымызға да осы себеп болған шығар, кім білсін. Әйтеуір, қалай болғанда да, жазушы болсаң да, жай журналист, қызметкер болғанда да Абайдың зор ықпалы өмір бойы демеп, жебеп келгені сөзсіз...» – дейді [2, 8-9 б.]. Оған өмірі, шығармашылық жолы дәлел.

Бекежан Исағалиұлы ауыл мектебінен кейін Киров атындағы ҚазМУ-дың (қазіргі әл-Фараби атындағы ҚазҰУ) филология факультетінің түлегі атанады. Одан соң түрлі қызметтерде – «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш») газеті редакциясында, Ғылым академиясының М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында кіші ғылыми қызметкер, 6 жыл Қазақстан КП ОК мәдениет бөлімінің көркем әдебиет секторы меңгерушісі, одан кейін 13 жыл «Жұлдыз» журналының бас редакторы, Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының хатшысы болып жұмыс істейді.

Ұзақ жылдар бойы мемлекеттік қызметтер атқарса да саналы ғұмырын тумысынан таланты бар адамды өзіне жіпсіз байлап алатын әдебиет деген үлкен әлемге, өзі айтқандай «қастерлі, сиқырлы, ұлы дүниеге» арнады. 1959 жылдан басталған нағыз шығармашылық жолында алғашқы жинағы «Таң нұры»-нан (1966) бастап қазақ әдебиеті тарихында «Көктем де ызғарлы» (1967), «Аққайнар» (1971), «Повторится ли весна» (1972), «Олар жазда кездесті» (1979), «Белый простор» (1980), «Уақыт» (1981), «Где тебя найти?» (1982), «Атамекен» (1986) сынды туындыларымен өшпес із қалдырды. Ешкімнің қолы бармайтын, жүрегі дауаламайтын ел тағдырына қатысты бүгінгі күннің өзекті тақырыптарында – «жыр өлкесін зар илеген зарлы өлкеге» айналдырған, «ән шалқыған аспанын қара құйын шаңмен, қара бұлтпен торлаған», қалың халықты бір-ақ күнде жұртынан айырған, Абай заманынан үзілмей келе жатқан сән-салтанаты жарасқан көшті босынды, зарлы көшке айналдырған, өзімен бірге қасіретті, азапты, ауыр жылдарды әкелген, «әдебиет үшін жабық тақырып саналған» Семей полигоны туралы «Қара жел» (1990) романын; партиялық билік кезеңіндегі «жоғарғы биліктің көпшіліктен жасырын боп келген ішкі өмірін, басқару жүйесінің сырт көзге байқала қоймайтын сан түрлі қыр-сырын», партиялық номенклатураның бет-бейнесін, бюрократиялық жүйенің қатаң тәртібі мен идеологиялық қысымын, «Бәрін партия шешеді» – деген қағиданың қаншалықты қатал, қаншалықты зиянды екендігін, «жалғандыққа құрылған жасанды саясаттың зардабын», «билік басындағылардың әдебиетке байланысты түрлі құйтырқы, екі жүзді әрекеттерін», қысқаша айтқанда, қаншама тағдырды тұйыққа тіреген партиялық биліктің бар болмысын батыл түрде нақты мысалдармен, сенімді дәлелдермен қаз-қалпында, рет-ретімен «қазақ әдебиетінде алғаш рет ашықтан-ашық» баяндап, «Тұйық өмірдің құпиясы» (1992) роман-эссесін және осы романның жалғасы іспетті саналатын Желтоқсан көтерілісі алдындағы партноменклатура мен партиялық биліктің амал-әдістері, билік пен мансап жолындағы талас-тартыстар туралы өз көзімен көрген, өзі бел ортасында жүрген, өзі тікелей қатысқан шындық оқиғаларды арқау ете отыра «Сексен алтыншы жыл» (1994) романын жазып қалдырды. Алайда әлі күнге дейін әдебиетші, жазушылардың, зерттеуші, ғалымдардың тарапынан болсын,

қарапайым оқушының тарапынан болсын жазушының өзіне де, шығармашылық мұрасына да лайықты бағасы берілмей, өлшеусіз еңбегі лайықты деңгейде ескерілмей, зерттелмей келе жатыр.

Іздену барысында жазушы шығармашылығы арнайы қозғалған бірнеше автордың материалдары табылды. Олардың қатарында М. Ғабдуллиннің 1966 жылы жазушыға жазған хаты, М. Мағауинның «Ақыр-дүние» естелік әңгімелері және «Жазушының ең басты насихаты – шығармасы» (2016) тақырыбында берген сұхбаты, Ә. Нұршайықовтың әсерлі естелікпен өрілген пікірі, А.Жақсыбаевтың жазушының туғанына 70 жыл толуына орай жазған «Жазушының жұлдызды шағы» (2004) көлемді мақаласы және ғалым Т.Жұртбайдың «Әділет алғауы» (2016) мақаласы бар. Ал біз күткендей диплом, диссертациялық жұмыстар, іргелі зерттеулер жазылмаған.

«Неге жазушы шығармашылығы туралы жазылған материалдар аз?» деген көкейдегі сұраққа жауап Т.Жұртбайдың мақаласында жазылыпты: «...Ол тұста одақтағы кез келген лауазым иесі мен баспасөз басшысы туралы әдеби пікірлер жарияланбайтын, ол партиялық этикаға жат деп есептелетін... Сол себептен де он жылдан астам бойы партия қызметінде, он үш жылдан астам «Жұлдыз» журналының бас редакторы болып істеген Бекежан Тілегеновтің шығармалары қақында баспасөз бетінде жиырма жылдай ешқандай пікір білдірілген емес...» [3]. Бірақ тәуелсіздік таңы атқалы 30 жылдан асып, жазушы өмірден өткелі 25 жылға жуықтады. Яғни, жазушының өмірі, әдеби шығармашылық жолы, туындылары кеңінен зерттеліп, зерделенетін, сөйтіп әдебиет тарихында өз орнын алатын шақ әлдеқашан туды. Сондықтан да «қазақ әдебиетінің классигі, өте үлкен жазушы» (М. Мағауин), журналист, аудармашы Тілегенов Бекежан Исағалиұлының шығармашылық мұрасын зерттеу – әдебиеттану ғылымының кезек күттірмейтін өзекті мәселесі. Бұл туралы М.Мағауин өзінің көлемді мақаласында Бекежан Тілегеновті «ғұмыр бойы мүлдем белгісіз күйінде өткен», көзі тірісінде ол туралы «жер әлемде үш-ақ адам» – Францияда Бальзак, Германияда Гете, Россияда Пушкин ғана жазған, танып мойындаған, өмірден өткен соң жиырма жылдан кейін ғана лайықты бағасын алып, француздың ұлы жазушысы атанған Стендальға теңей келе: «Қаламгердің бағасын білу үшін өлгеннен соң елу жыл өтуі шарт емес, ол заман – бөлек заман. Қазір ақпарат алмасу – өлшеусіз тездеген. Бекежан Тілегенов дейтін жазушының өткен ғасырдағы қазақ әдебиетінің тарихынан өзіне тиесілі орнын алуы – мына біз, азғантай қаламгер қауым емес, жалпақ жұрт, бүгінгі ұрпақ үшін қажет. Үлкен әдебиеттің өмірлік тәжірибесі, өсу, өркендеу бағдары үшін қажет. Осыны ұғынуымыз керек» – деп, «мұндайда бір адам айтумен бітпейтінін» айтып, жас зерттеушілерге үндеу тастайды, жол көрсетеді [4].

Осы орайда осы күнге дейін Б.Тілегенов туралы жазылған материалдар аз болса да олар жазушы шығармашылығын жан-жақты зерттеуде бағыт-бағдар бере алады, нұсқаулық бола алады. Себебі, ол материалдарды қатардағы оқушы емес, әдебиеттану ғылымына өлшеусіз еңбек сіңірген тұлғалар жазған. Жоғарыда жазушының барлық туындыларының ішінен тек үшеуін – «Қара жел», «Тұйық өмірдің құпиясы» мен «Сексен алтыншы жылды» бөле жарып

арнайы көрсетуімізге де жас зерттеушілік көзқараспен оқығанымыздан бөлек алдыңғы толқын зерттеуші, ғалым, жазушылардың жазғандары себеп болды.

Бекежан Тілегеновке «болашақ классикалық жазушы» деп баға берген «қазақтың марқасқа шамкөс жазушысы» Мұхтар Мағауин кейінгі жылдары берген бір сұхбатында тағы да жазушы туралы арнайы сөз қозғап, Семейдегі полигон, партноменклатура замандық тақырыптар туралы ол сияқты «шығарма жазған ешкім болған жоқ» – дейді [5]. Жазушының өмірден өткеніне алты жыл толуына орай жазған мақаласында: «Біз ХХ ғасырдың соңғы он жылдығы – қазақ елі тәуелсіздікке бет бұрған бұлағай замандағы қазақ әдебиетінің үздік табысы саналуға тиіс» деп аталмыш үш шығармасын көрсеткен [4]. Сондай-ақ, осы мақаласында М.Мағауин Б.Исағалиұлының тәуелсіздік кезеңіне дейін жазылған шығармаларын сыншыларымыз танымағандығын, танығанның өзінде бәрібір әдебиетіміздің өрісін кеңейте алмайтындығын айта келе «Бекежан Тілегенов деген жазушы сол қойторы, көнбіс, елеусіз қалпында өмірін түгесер еді», – деп пікір білдіреді. Оның себебі «Бекежанның дүниеге көзін ашқан – Орталық комитеттің қызметі, ал жазушы ретінде көтерген – ұлттық тәуелсіздік. Азаттықтың әуелгі жемісі үлкен әдебиетте көрінді. Мұның айқын мысалы – Бекежан Тілегенов шығармашылығы болды деп едік», – дейді.

Зерттеуші ғалым Т.Жұртбай да өзінің 2016 жылы жазған «Әділет алғауы» мақаласында аталмыш үш шығарманы – «Қара жел», «Тұйық өмірдің құпиясы», «Сексен алтыншы жылды» жаңа қазақ әдебиетінің бетбұрысты кезеңінің басы деп бағалап, ол туындылар да «Стендальдің шығармаларын кітапхананың шаң басқан сөресінен тауып алған құпия әрі кездейсоқ оқырманы сияқты бір көзі қарақты оқырманын әлі күтіп жатыр» – деп жас әдебиеттанушы ғалымдарға тақырып ұсынады, бағыт-бағдар көрсетеді [3].

Бекежан Тілегенов туралы жазылған ірілі-ұсақты мақалаларды және жазушының өз шығармаларын оқи отырып шығарған қорытынды: жазушы шығармашылық мұрасын үлкен екі кезеңге – Тәуелсіздікке дейін және Тәуелсіздік кезеңінде деп бөліп қарастыру ғылыми тұрғыдан дұрысырақ. Сондай-ақ, жазушы шығармаларын дипломдық, диссертациялық жұмыстарға, іргелі зерттеулерге арқау ете отыра әдебиет пен тілдік аспектіден қарастыру – кезек күттірмейтін игілікті іс. Әдебиет саласында әрбір шығармасын сан түрлі қырынан – идеялық-мазмұндық, тарихи, әдеби, жанрлық, көркемдік сияқты қырларынан зерттеу керек. Шығармаларындағы кейіпкерлерді басқа жазушылардың туындыларындағы кейіпкерлермен салыстыра отыра зерттеу де өз алдына қызықты әрі терең тақырып болары анық. Бұлай зерттеу сайып келгенде, тек әдебиетшілердің емес бүгінгі жас ұрпақтың өз әдебиеті мен тарихын ақыл көзімен саралауына, дұрыс талдау жасап, қорытынды шығаруына көмектеседі. Ал жоғарыда көрсетілген мақалаларда жазушының шығармаларының идеялық мазмұны мен тарихилығына, жазушының өмір жолы мен шығармашылық даму кезеңдеріне жалпылама, жекелей тоқталған.

А. Жақсыбаев 2004 жылы жазған «Жазушының жұлдызды шағы» мақаласында Б.Тілегеновтің қызмет істей жүре әдеби шығармашылықпен айналысқан кезеңдеріне, туындыларына тоқталып, «Тұйық өмірдің құпиясы»

мен «Сексен алтыншы жыл» романдарын арнайы сөз етеді. Бұл өрелі романдары жазушы «1988 жылдың көктемінде «Жұлдыздың» бас редакторы қызметінен босап, шығармашылық жұмысқа біржола бет бұрғаннан» кейін дүниеге келгенін айта келе «Өмірінің осы кезеңінде өнімді еңбек етіп, бірнеше роман жазып, бірінен соң бірін жеделдетіп жарыққа шығарды. Барған сайын шығармашылық тынысы ашыла түсті...» – дейді [1, 143 б.].

Сонымен қатар осы мақаласында «Жұлдыз» журналында қызмет істеген жылдарына арнайы тоқталып, осы кезеңде Б.Тілегеновтің жазушы ретінде жақсы танылғанын, «жазушылар одағындағы әдеби өмірге белсене араласқанын, түрлі талқылауларға қатысып, баяндамалар жасағанын», әдеби күндердің, кездесулердің бел ортасында жүргенін, «баспасөз беттерінде қоғамдық мәселелер бойынша ой-пікірін білдіріп, жазушылық, азаматтық позициясын танытқанын», қысқасы «бұрын бұйығылау мінезбен шеттеу жүретін жазушының «Жұлдызда» жүргенде барынша ашылып, шығармашылық күш-қуатын барынша таныта бастағанын» ашық айтады. Мақала соңын жазушының өмірінің соңғы сәттерінде, яғни 1998 жылдың 10 ақпанында кездесіп, екеуара болған диалогпен аяқтағаны оқушының өне бойына тоқ жүргізгендей әсер қалдырады: «Бекең редакцияға келіп, «Жұлдызда» бірге қызмет атқарған жылдарды еске түсіріп, бірталай сыр бөлісті. Жадыраңқы жақсы күйде отырып, сондағы жігіттердің кейбір қызық қылықтарын айтып, рахаттанды. Сол жылдарды сағынатынын аңғартты... Жүзінен сағыныш мұңы сезілді. Қимастықпен қоштасқандай болды. Сол күні түнде аяулы Бекеңнің инфарктан дүние салғанын ертеңінде естідім. Бәлкім, жүрекке көп жүк түскен болар...» [1, 144 б.].

Белгілі жазушы Ә.Нұршайықов та «Қазақ әдебиеті» газетіне шыққан мақаласында Б.Тілегеновтің «Сексен алтыншы жыл» романына былай деп пікір жазған: «Ойымнан кешеден бері Бекежанның романы кетпейді. «Апыр-ау, Бекежан қандай білімді, жорғадай тайпалған сөз шебері болып қалыптасқан! – деймін ішімнен. Артында келе жатқан жастардың мынадай тамаша роман жазуы қандай қуанышты десеңші!» [2, 42 б.]. Қазақ әдебиетінің сол кезеңдегі көшін бастаған алыптардың бірегейі Әзілхан Нұршайықовтың бұлай баға беруі романның құндылығын, құнын көтереді. Мақалада Ә.Нұршайықов соғыстан кейінгі 1949 жылдың күзіне шегініс жасайды. Себебі, сол кезеңде «Қазақстан пионері» газетінде қызмет істейтін жап-жас журналист газетке тілші тартып қайту мақсатымен Шығыс Қазақстанға жол тартқанын, сонда 7-сыныпта оқитын Бекежанмен де тілдесіп, соңында өзі апарған кітапқа «Құрметті Бекежан! Мен сені «Қазақстан пионері» газетінің белсенді тілшілерінің бірі болады деп сенемін. Болашақта өзіңнен үлкен журналист шығады деп үміттенемін» деп, арнайы қолхат жазып қалдырғанын, қазір сол Бекежанмен талай жылдар қызметтес болғанын, берген уәдесін асыра орындап журналист қана емес, қазақ әдебиетінің көрнекті жазушыларының біріне айналғанын әдемі өрбітіп жазады [2, 43-46 б.]. Әдебиетші ағасының ыстық ықыласы, жазған қолхаты, сенімі арманшыл ауыл баласының шығармашылық жолға келуіне тікелей әсер еткені, үлкен дем беріп, бір серпілткені, шабыт сыйлағаны анық.

Зерттеуші Т.Жұртбай көлемді мақаласында жазушының өмірі мен шығармашылық жолын ғана емес, адамдық, тұлғалық болмысын кеңінен қозғайды. «Жұлдыз» журналында бірге қызмет еткен жылдарда Бекежан Тілегеновтің өз қоластында жұмыс жасайтын «жазушы-ақындарға сондай бір жомарт, кешірімшіл кеңдікпен қарайтынын» жазады. Жазушы қаламынан туған туындыларын сөз еткенде қаламгердің үлкен мақсатын, іргелі ізденісін танытатын, «кешегі мен бүгінгі күннің оқиғасын, ұрпақтардың өзгерген көзқарасын, өркендеген өңір мен өмірді сабақтастыра суреттеуді мұрат тұтқан», «кезеңді әрі кең тынысты шығармасының бірі «Уақыт» және «Аққайнар» диологиясы» екендігін айта келе, олардың идеялық мазмұнын, кейіпкерлердің психологиялық характерін талдаған. Сондай-ақ, қаламгердің көркем шығарма саласындағы ең бір шоқтығы биік әрі айтулы табысы болып саналатын шығармалары ретінде «Қара жел» мен «Сексен алтыншы жыл» романдарын көрсетеді, оларға жеке-жеке тоқталып, әдеби талдау жасайды. Романдардың қазақ әдебиетінен, қазақ тарихынан алар орнын көрсетеді. Мысалы «Қара жел» романы жарық көргеннен кейін бір жылдан соң атом сынағы тоқтатылғанын, ал бұл жағдай өз кезегінде «Бекежан Тілегеновтің жазушылық әрі азаматтық парызына деген адалдығының және шығармашылық батылдығының көрінісі» екендігін айтады [3].

Бекежан Тілегенов туралы жазылған әр мақаланы кеңінен талдауға болады. Қысқаша айтқанда, қаламгердің мол шығармашылық мұрасының қазақ әдебиеті тарихынан алар орны ерекше. Б.Тілегенов – қатардағы жазушы емес, ешкім қозғай алмаған, әдебиет үшін жабық тақырыптарға батылдықпен бара білген, жаңа қазақ әдебиетінің бетбұрысты кезеңінің көрнекті жазушысы, М.Мағауин айтқандай «классик жазушы». Алайда оның шығармашылығы осы уақытқа дейін кеңінен әдебиет пен тілдік жағынан зерттелмеді, зерделенбеді. Сондықтан қаламгердің әдеби шығармашылық мұрасын кеңінен зерттеу, іргелі еңбектерге арқау ету – қазақ әдебиеттану ғылымының кезек күттірмейтін өзекті мәселесі.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Жақсыбаев А. Жаны жайсаң жақсылар: естелік, сапарлар, ой-толғамдар. – Алматы: Білім, 2006. – 272 б.

2 Тілегенов Б. Көптомдық шығармалар жинағы. Әдебиет – менің Отаным: естелік жазбалар. Т4. / Құрастырушы Тұрсын Жұртбай. – Алматы: Ел-шежіре, 2021. – 320 б.

3 Жұртбай Т. Әділет алғауы. 06 тамыз 2016. URL: <https://ult.kz>.

4 Мағауин М. Ақыр-дүние: естелік әңгімелер (жазушы Б.Тілегенов туралы) // Жұлдыз. 2004, №11. – 121-140 б.

5 Алдаспан. М.Мағауинмен сұхбат / Мағауия Сембай. 24 маусым 2009. URL: <https://abai.kz>.

ҒТАМР 16.01.33

БИОЛОГИЯЛЫҚ ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

Г.С. Алданышева

Магистрант, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда қ.

Мақалада биологиялық терминологиялық сауаттылық туралы жалпы түсінік және қазіргі терминологияның әрбір білім саласындағы маңызы айтылған. Терминологиялық лексика адамзаттың рухани, мәдени, саяси өмірінде туындап жатқан өзгерістерге байланысты дамып, байып отыратындығымен ерекшеленетіндігі белгілі. Осындай өзгерістерге сай қандай да бір арнаулы саладағы терминдер терминологиялық өріспен шектелмей, жалпы қолданысқа түсуі мүмкін. Қазіргі заман талабына сәйкес әрбір адамзат өзінің ғана емес барлық ғылым саласынан терминологиялық сауатты болуы тиіс.

Түйін сөздер: терминология, сауаттылық, биология, лексика, әдіс, педагогика, дағды, саралау, тілтаным.

«Термин» ұғымын екі бағытта қарастырған жөн. Біріншіден, ол – ғылымның нақты ұғымы. Сәтті жасалған термин ғылымның мәнін ашады, түсініктілігін арттырады. Ғылыми түсінікті қалыптастырады.

Екінші бағыты – тілдің даму аясы. Ол – бір тілдің ғылым тілінің қалыптасуына негіз болатын басты ұғым. Терминнің дұрыс қалыптасуы тілді дамытады, кеңістігін ұлғайтады. Ал бұрыс қалыптасуы түбінде сол тілді жоюға қызмет етеді.

Жалпы биологиялық терминологиялық сауаттылық дегеніміз – биология саласындағы термин анықтамалары мен заңдылықтарын ауызша және жазбаша түрде үйлестіре білу қабілеті [1]. Мектептің білім беру жүйесіндегі басшылыққа алынатын негізгі құралы – оқулыққа артылар жүк ауыр. Өйткені бұл басты кітапта пәннің мазмұны баяндалып қана қоймай, оқушыларға алғашқы ғылыми түсінік беріледі. Оқулықтың алдын ала жоспарланып, бекітілген оқу бағдарламасына, оқытудың дидактикалық талаптарына, оқыту мақсатына сай келуі оған қойылатын басты міндеттердің бірі. Оқулыққа қойылатын педагогикалық талаптардың қатарында оқу материалдарының қазіргі ғылым мен технологияның дәрежесіне сәйкес баяндалуы да бар. Демек, оқушылар белгілі бір арнаулы саланың негізгі ұғымдарын білдіретін ғылыми терминдермен алғаш рет оқулықтар арқылы танысады. Мектеп оқушылары жас

ерекшеліктеріне сәйкес ғылым мен техниканың, өндіріс пен өнердің сан түрлі салаларын, ондағы деректі және дерексіз ұғымдардың атауларын, яғни салалық терминологияны игере бастайды. Сондай-ақ оқулықтарда бір-бірімен іргелес салаларға бірдей қызмет ететін салааралық терминология да кездесіп жатады. Мектеп оқулықтарының басым көпшілігінде назардан тыс қалып келе жатқан мәселенің бірі – оқулықтардағы терминдердің берілу жағдайы. Атап айтқанда, «Оқулықтардағы мамандар тарапынан ұсынылып жүрген терминдер оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай келе ме? Баламалы терминдерді беруде терминге қойылатын талаптарға мейлінше сәйкес терминдердің қызметі мен оларға тән ерекшеліктерді айқындау, жалпы терминологияның даму бағытын бағдарлау, салалық терминдер жүйесін қалыптастыру, термин әдіс-тәсілдерін саралау, терминденген атаулардың жасалу жолдарын айқындап, талдап беру – осы мәселелердің шешімін табудағы басты міндеттер болып табылады [2, 3 б.]. Бүгінгі таңда әрбір саланың тілін және ғылыми терминологиясын дамыту мақсатында салалық терминдердің ұлттық үлгісін жетілдірудің, жүйелеудің тілтанымдық негіздерін жасау өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Отандық тіл білімінде терминология мәселелерімен тек терминологтар ғана айналысу қажет деген дәстүрлі пікір қалыптасып келгені рас. Алайда тек қана тіл мамандары ғана емес, әртүрлі пән салалары мамандары, аудармашылар, мемлекеттік қызметкерлер, т.б. мамандар да өз қызметтерінде күн сайын өз пән саласына қатысты терминдермен жұмыс жасауларына тура келеді. Біраздан бері барлық ғалымдарды, пән салаларындағы тәжірибеші мамандарды толғандырып келе жатқан мәселелердің бірі – осы пән салалары терминдерін жүйелеу, оларды қазіргі таңдағы ақпараттық технологиялар жетістіктерін тиімді пайдалана отырып халықаралық стандарттарға сәйкес жасалған автоматтандырылған веб-платформаларға енгізу болып табылатыны сөзсіз. Терминологиямен жұмысты қалыптастырудың бастапқы кезеңінің бастапқы шарасы оқу және ғылыми әдебиеттерді оқу, мұғалімнің оқу материалын түсіндіріп беруін зейін қойып тыңдау, терминдер сөздігіне сілтеме жасау болып табылады. Түсіндіру, оқу және тыңдау барысында білім алушы негізгі ұғымдарды анықтайды, осы ұғымдар мен бұрын зерттелген ұғымдар арасында байланыс орнатады, абзацтардағы, тараулардағы терминология мен идеялар арасындағы ішкі байланыстарды белгілейді, жадында жаңа сөздердің, формулалардың, теңдеулердің дұрыс жазылуын бекітеді.

Қорытындылай келе, мектеп терминологиясын біріншіден, оқулықтарда қазақ тілінің лексикалық байлығы мен сөзжасам тәсілдерін барынша ұтымды пайдалану арқылы қалыптасқан ұлттық терминқорымызды қолдану;

Екіншіден, көршілес халықтарының бәріне сіңісті болған кірме терминдерді қазақ тілінің фоно-морфологиялық ерекшеліктеріне сай икемдеп алу;

Үшіншіден, Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Республикалық терминологиялық комиссиясы тарапынан мақұлданған терминдерді пайдалану;

Төртіншіден, терминдердің дефинициясын ашу тұрғысынан пәнаралық байланысқа аса мән беріп, оқушылардың жас ерекшелігін ескеру.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Құрманбайұлы Ш. Оқулықтарға енетін терминдерді іріктеу мен қолдану мәселесі // «Білім беру ресурстарын жетілдіру: тәжірибе және болашағы» тақырыбындағы халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары (18-19 сәуір, 2019 ж.). – Нұр-Сұлтан: «Оқулық» РҒПО, 2019. – 471 б.

2 <https://termincom.kz/>.

3 <https://www.okulyk.kz/>.

4 Парминова Л.М. Функциональная грамотность/ неграмотность как социально-педагогическое явление. URL: festival.1september.ru/articles/517479.

ҒТАМР 17.71.91

Ж. ҚОРҒАСБЕКТИҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ МҰРАСЫ

Ж.І. Әнафияева

Магистрант, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана қ.

Жазушылық, суреткерлік талант адамға тумыстан дарыса, сол талант пен дарынды шыңдау суреткердің өмірлік жолы мен ұстанар мүддесіне байланысты болатыны белгілі. Ұзақ уақыт қаламгерлік ізденіс, шебердің тек шығармашылығын шыңдап қана қоймайды, осы жолда оның тұлғалық келбеті, азаматтық көзқарасы қалыптасады. Осы тұрғыдан келер болсақ біздің әдебиетімізге түреннен жол салған, көп қырлы талант иесі, жазушы, журналист, публицист, редактор Жүсіпбек Қорғасбектің әдеби шығармашылық мұрасы мен публицистикасы арнайы зерттеуді қажет етеді.

Түйін сөздер: Жүсіпбек Қорғасбек, Жансебіл, «Үлпілдек» романы, жазушы.

Бүгіннің «Бейімбет Майлині», археомодернист», жолы түспеген тақырыптарға барушы» секілді атақтары бар суреткер өзі айтқандай, «бір кітап түгілі, бір әңгіме жазсаң да, жаныңды жеп отырып жазасың. Ал көлдей роман жазу – ол тіпті бөлек әңгіме». Жалпы прозаның көркемдік сапасы, идеялық мазмұны қоғамдық әлеуметтік мәні бар күрделі, қомақты шындықтарды көтеріп, соған байланысты философиялық тың ойлар түйіндеумен өлшеніп таразыланады [1].

Біз қарастырғалы отырған жазушының прозасында жекелеген адамдар тағдыры суреттелініп, бүкіл әлеуметтік өмірдің күнгейі мен көлеңкесіне, даму барысына, жалпы моральдық болмысына философиялық тұрғыда талдаулар жасалынады. Әрине, әлеуметтік шындықты көркемдік шындыққа айналдыруда жазушыға ең қажетті фактордың бірі – суреткерлік екеніне көз жеткіземіз. Біз бұл жұмысымызда автор шығармаларының қазіргі қазақ прозасындағы алар орнын екшеп, тақырыптық тұрғыда талдап қарастыруды мақсат еттік.

Суреткерді қалың қазақ оқырманымен таныстырған алғашқы әңгімесі «Қазақ әдебиеті» газетінде жарық көрген «Жансебілі» еді. Өмірдің қиындығы мен ауыртпалығын женетін басқа амал таппағанда, адам оған еріксіз төзуге мәжбүр болады. Көнбістік, асқан төзімділік, мол сабыр, үлкен шыдам, жансебілдік. Көзі қарақты қалың оқырманның баршасын тәнті еткен «Жансебілдің» желісімен түсірілген фильмнің қазақ кино өнерінде кесек образдармен есте қалуы да осы қысқа әңгімеге артылған жүктің ауырлығымен

байланысты. Жазушы мен режиссердің іштей ұғысқан тандемі, азаматтық кредо, өмірлік принциптерінің біте қайнауынсыз осы бір қайталанбас туындының дүниеге келуі мүмкін еместі [4, 1 б.].

... Алыстағы Қазақстанға беріп жіберілген қастерлі хатты жеткіземін деп уәде берген, бірақ кейінірек сол хатпен құйрығын сұрткен қазақ осы күнге дейін «Аманатқа қиянат жасамадыны» мойындамай жүрген, өтірік айтуға арланбайтын, екіжүзділіктен аяғымызды тартпайтын өзіміз емес пе? Бұл мәселе біздің арамызда күні бүгінге дейін өзекті емес пе? Жазушының одан бөлек, «Шіркін, Шекер», «Әмеңгер», «Қасқыр адам», «Креш», «Өнер», «Өлмейтін құс» әңгімелері мен хикаяттары, «Көкжалдар» және «Үлгілдек» романдары – бәрі-бәрінде өз алдына кесек туындылар [2, 12 б.].

Адам жанының сағынышы, тазалыққа, еркіндікке ұмтылу. «Шіркін, Шекер», «Әмеңгер», «Қасқыр адам» әңгімелерінде рух, тектілік пен тазалық мәселелері көтеріледі. «Көкжалдар» романы тән мен рухтың тартысына құрылған. Байқағанымыздай, жазушы шығармашылығы рухтың бастапқы, саф қалпына оралуына шақырады.

«Үлгілдек» романы. Шығарманың астары өмір мен өлім арасындағы мәңгілік жалғастықты іздеуден ашылады. Дәстүрлі әдебиет стилі мен жаңашыл үрдісті шебер ұштастырған шығарма өзгеше өріммен өрілген. Сондай-ақ, «Өлікөл» хикаяты да осы роман сарынымен үндес, онда да кейіпкерлер қаншалықты жан төзгісіз қиын тағдырды бастан кешіреді. Бірақ үмітсіздіктен үміт басым тұрады. Жазушы өз кейіпкерлерінің қиын тағдыры, азапты өмірі арқылы жан мен жүректің алуан сезім кешуін береді [2, 14 б.].

Мүйізі қарағайдай қазақ журналистикасының алыптары, классиктер Шерхан Мұртаза мен Оралхан Бөкейдің, алдыңғы буынның тәлім-тәрбиесін алған, олардың «қатаң» мектебінен сүрінбей өткен Жүсіпбек Қорғасбек бірнеше басылымдардың бас редакторы болумен қатар, публицистикада да өз қолтаңбасын қалдырды. Ш. Мұртазаның да, О.Бөкейдің де үйреткен тәлімі, көрсетер үлгісі мол болды. Ж.Қорғасбек редактор болған «Қазақ әдебиеті» газеті – алғаш шыққан күнінен-ақ, елдің тек әдеби өміріндегі, әдебиет саласындағы жаңалықтармен, ақын-жазушылармен шектеліп қалмай, қазақ халқының тағдыры жайында салиқалы сөз қозғайтын бүкілұлттық басылым болған. Ол редактор болған жылдары қоғамда әсіресе рухани әлемімізде көптеген күрделі өзгерістер жүріп жатты. Сол үлкен өзгерістерді Ж.Қорғасбек үлкен ақын-жазушылардың арасындағы пікірталастар арқылы көрсетті. Қазақ әдебиетінің» бас редакторы болып жүріп те, ұлттық мүдде, елдің жайы туралы жазуды тоқтатқан емес. Ж. Қорғасбек публицистикасының бір бөлігі тарихи тұлғаларға арналған. Оның қаламынан Шыңғысхан, Тоқтар Әубәкіров, Алтыншаш Нұрғожинава, Қасым Қайсенов сынды батыр тұлғаларға арналған мақалалар, очерктер туды. Әсіресе, бас редактор ретінде Ж.Қорғасбектің көтерген үлкен тақырыбы – Шыңғысхан, осы Шыңғысхан тақырыбын алғаш «Қазақ әдебиетінде» көтеріп, үлкен пікірталасқа айналдырды [4].

1991 жылы Т.Әубәкіровты космосқа ұшуға мүмкіндік алғанын «Туған тұғырдан ғарышқа!» мақаласы арқылы алғашқылардың бірі болып жариялады.

Ғарышқа ұшпай тұрып-ақ, Ж.Қорғасбек Тоқтарға арнап «Батыр Қазақ» очеркін жазды. Портреттік очерктің негізгі мақсаты, адам бейнесін сомдай отырып, оның характерін ашу. Оның іс-тәжірибесін, өмірдегі табысып көрсетіп, кейіпкер өмірінің жеке сәттерін бөліп қарастырып, оның рухани әлемін ашу. «Қазақ азаматының ғарышқа ұшуы – қазақ жерінің осыған дейін космосты игеруге қосқан үлесінің символы іспеттес көрінеді», деген жүрекжарды лебізін білдіреді. Одан бөлек, шығыстың қос шынары атанған Әлиямен Мәншүк секілді Совет Одағының батыры атағына ұсынылған үшінші қазақ қызы – Алтыншаш Нұрғожинаваға іздеу салып, ол туралы сериялық мақалаларды алғаш боп жазған да Ж.Қорғасбек. Сонымен қатар, публицисттің Қазақстанның халық қаһарманы, атақты партизан жазушы Қасым жылы Қайсеновпен «Қазақ десе Қасым еске түсе ме?» – деген сыр-сұхбаты жарияланды. Онда өмір мен өлім туралы, көзсіз батырлық туралы, қазіргі қоғамдағы келеңсіздіктер жайлы келелі әңгімелер айтылған. Бұрынырақта Қ.Қайсенов неміс халқына арнап, «Егер менің қолымнан нағыз фашистерің өлсе, маған рахмет айтындар. Амалдың жоқтығынан қару ұстаған ұлдарың өлсе, кешіріңдер» деп жазған. «Қару ұстап келген адамға қарумен жауап бергеннен басқа не істей аламын? Міне, сендерге трагедия керек болса! Көзсіз ерлік те мәжбүрліктен пайда болады, берілген тапсырманы орындауға мәжбүрсің. Мен қазіргі қоғамдағы сойқан көзсіздіктерден қорқамын. Мұстафа Өзтүрік қаза тапты. Бексейіт Түлкіевтен айырылды. Майдангерлердің тағдырын сан-саққа жүгірткенше, асыл азаматтарды аман алып қалуды ойлаңдар. Көзсіз ерлік осындайда керек» [3, 11 б.] – деп ағынан жарылған.

Публицистика деп ағымдағы өмірдің оқиғалары мен өзекті мәселелеріне арналған туынды атайтын болсақ, өз кезегінде жоғарыда біз тоқталып өткен публицисттің мақала, очерк, сұхбаттары маңызды да құнды дүниелер [4, 1 б.].

Ж. Қорғасбек өзінің «Тұлға тұтар кімің бар, елдің айтар мұңы бар» мақаласында нарық заманындағы халықтың рухани байлығы, рухани күш-қуаты қай деңгейде деген сұрақты қоғамаға тастап, қазіргідей өтпелі заманда халық үлгі тұтатын, рухани кемел тұлғалар бар ма, бар болса неге үнсіз?– деген ойды айтады. Кезекті, ҚР мемлекеттік сыйлығы туралы «Мәртебелі сыйлық һәм киіз ұлтарақ» және «АҚШ-тың бет-бейнесі Голливуд болса, қазақтың рухын көтеретін әдебиет» атты мақаласында «таланттар туын көтеріп жүрген әдебиетті тазартайықшы, ұлттың рухын қылжаққа айналдырмайық, ата-бабадан мұраға қалып келе жатқан киелі сөз өнерін өз тұғырына көтерейік» – деген лебізін білдіреді.

Көрерменнің кітапқа деген қызығушылығын ояту, кітап оқуға үндеуді көздейтін, халықтық сипатқа ие болған шығармаларды талқылай отырып, шығарма кейіпкерлерінің өмірден алынатындығын көрсету арқылы көрерменді кітапқа жақындатуды мақсат тұтқан, Жүсіпбек Қорғасбек жүргізетін АВАІ TV арнасындағы «Үркер» хабарының қоғамға беретін рухани дүниесі мен тәрбиелік маңызы жоғары.

Қорыта келгенде, жазушы, публицист-редактор Жүсіпбек Қорғасбектің әлеуметтік ахуалға, қоғамның қарекетіне қатысты көзқарасы мен ұстанымдары

әрбір шығармасында суреттеліп жатады. Автордың шығармалары замана шындығын суреттейді. Журналисттік мақалалары өз кезеңінің ауыр түйткілді, аса маңызды әлеуметтік мәселелерін көрсете білді. Қазақ журналисттерінің арасында алғаш ғарыш тақырыбына барған да, желтоқсан тақырыбын қаузаған да Ж.Қорғабек болды. Әдебиетте, публицистикада, журналистикада түрен салған суреткердің шығармашылық мұрасы әлі де жан-жақты зерттеуді қажет етеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

- 1 Қорғасбек Ж. Кітапхана. – Алматы: Хантәңірі, 2014.
- 2 Қорғасбек Ж. «Құпия қойма» – тарихта қалатын шығарма. URL: <https://kitap.kz/article/2014-04-11-11-07-28>.
- 3 URL: <http://old.adebiportal.kz/blog/blog-594/945/?lang=kz&translit=arabic>.
- 4 Қорғасбек Ж. Мехнат һәм Хикмет. – Алматы: Болашақ, 2019. – 592 б.

ҒТАМР 17.82.10

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ АТА РУХ, ҰЛТТЫҚ НАҚЫШ

Н.Ж. Жақсылық

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана қ.

Мақалада қазақ поэзиясы өкілдерінің мол рухани мұрасының бір бөлігі ұлттық болмыс пен дүниетанымды аңғартатын өлеңдері іріктеліп алынып, автордың айтпақ идеясын жеткізудегі сөз қолданыстары, пайымдары талданады. Өлең шумақтарындағы жекелеген сөздердің ұлттық кодымызды, қазақы болмысымызды танытудағы поэтикалық күші неде деген сұрақтарға мақалада жан-жақты ғылыми негізде жауап берілді. Әдебиеттегі ұлттық менталдылық, дәстүр мен жаңашылдық сияқты мәселелер, соның ішінде қазіргі қазақ поэзиясындағы жас ақындар және аға буын ақындардың шығармашылығындағы ұлттық бояулар, көркемдік құралдар сараланып, ғылыми түрде зерттеледі. Ақындардың өлеңдерін талдау арқылы ұлттық ерекшеліктердің қазіргі поэзияда көрініс табуы мен бейнелеуіш құралдар арқылы ақындардың тілінің шұрайлылығы, кестелілігі, сөз саптауы, тапқырлығы мен қиялы, ерекшеліктері сараланып, талданады.

Түйін сөздер: ұлттық менталдылық, силлабикалық өлең, еркін өлең, дүниетаным, дәстүр, литмотив, ұлттық характер, градация, интерпретация, ұлттық идеология.

Поэзия қай уақыт, қай дәуір болмасын елдік мұрат пен мүдденің, арман мен аңсардың шығармашылық шежіресі болды. XX ғасырға дейін поэзия қазақ әдебиетінде жетекші рөл атқарды. Кез келген қазақ қара сөздің өзін тақпақтата, түйдектете төгілткен. Күнделікті тұрмыс-тіршілікте де өлеңнің орны бөлек болды. Қазақ қоғамында нәресте шыр етіп дүниеге келген сәттен бастап, тал бесіктен жер бесікке дейінгі аралықтағы ғұмыр өлеңмен өріліп отырған. Оған ауыз әдебиетіміздегі тұрмыс-салт жырларынан дәлел келтіре аламыз.

Тұрмыс салт жырлары, батырлар жыры, қара өлеңдерден бастап, жыраулардың толғауының желісі үзілмей, қазақ өлеңінің киесі, биік рухы, ондағы ұлттық сарындар мен мақамдар, бояулар бүгінгі күнге дейін жетіп отыр. «Ақын сөзіне жұрт рухының сәулесі түспей тұрмайды» [1, 34 б.] – деген Ахмет Байтұрсынұлының сөзі осыны айғақтайды. Ақын – ең алдымен ұлт жанашыры, халықтың жүрек түкпіріндегі мұңы мен зары, ашық айтыла бермейтін көңіліндегі шемен боп қатқан шері, арман-тілегі мен بازیнасы – ақын өлеңіне мәңгілік арқау.

Өлең сөз теоретигі, академик Зейнолла Қабдолов: «Ақын анағұрлым ірі дара тұлға болса, жаңашыл болса, соғұрлым басқалардан өзгешеленіп көрінеді, қалай болмасын қалыптасқан әдеби дәстүрлер мен халық поэзиясының үлгі-өрнектерінен де алыстау тұрады деген түсінік барлығы байқалады. Сирек кездесетін, қайталанбас үлкен талант иесінің бойынан басқа ақындарға ұқсас белгілер табу оңай емес. Оның алдыңғы ақындармен әдеби дәстүр жалғастығы да біліне бермейді, ал ерекшелігі, ешкімде кездесе бермейтін өзіндік сипаты анық көрінеді. Бірақ осыған қарап сондай ақынды әдеби дәстүр мен халық поэзиясының дәстүрлерінен алыстатсақ, мұның өзі оны тарихи-әдеби үдерістен бөлек алып қарау дегенді білдірер еді» [2, 25-26 б.] – дейді. Өлең өнеріне жаңадан еңген өрнектер, ұйқастар мен сөздік қолданыстардың барлығы жат деп тану орын алуы әдебиеттегі табиғи құбылыс деп білеміз.

Сол секілді көптеген қате пікірлер бар – силлабикалық өлең жүйесінде, яғни буынға негізделіп құрылатын өлеңде қолданылатын өлшемдердің тармақтары үнемі біркелкі болады деп санау. Осыдан келіп силлабикалық өлеңнің бір өлшемінде біркелкі емес, бірі – ұзын, бірі – қысқалау тармақтардың араласып отыруы өте қиын, не мүмкін емес деген секілді қорытындылар жасалады. Бұл – тек сыртқы пішіннің, яғни форманың өзгерісі, түрленуі.

Форманың да дәстүрлі немесе дәстүрлі емес түрлері бар екені белгілі. Бірақ ұлттық ерекшелік, ең әуелде мазмұнға негізделеді, ішкі оралымдар мен тіркестерден көрінеді. Формалық ізденістерге барып, түрлі эксперимент жасаудың барлығын біз ұлттық тамырдан ажырауға жасалған талпыныс немесе болмыстан безіну деп түсінбегеніміз абзал.

Зерттеуде ақын шығармаларын оқу, тақырыптық жүйелеу, баяндау, жинақтау, саралау, стильдік ерекшеліктерді айқындау, әдеби-ғылыми талдау әдістері басшылыққа алынды. Аталған мәселелердің шешімін табу үшін көптеген ғалымдардың, әсіресе поэзиялық шығармалардың стильдік, жанрлық мәселелеріне арналған бірқыдыру еңбектерді басшылыққа ала отырып, олардың ой-тұжырымдарына сүйендік. Атап айтсақ: З. Ахметов «Өлең сөздің теориясы», «Асыл сөз арнасы», З. Кәрібозұлы Б. «Қазақ өлеңінің ұлттық сипаты» А.Егеубаев «Сыр мен сымбат», Қ. Мырзалиев «Сөз сиқыры», С. Қирабаев «Ұлт тәуелсіздігі және әдебиет», С. Негимов «Өлең өрімі», т.б.

Ұлттық мінезді поэзиялық шығармалардың жалпы пафосынан немесе рухынан, сондай-ақ ақындық «мен», лирикалық кейіпкер, лирикалық тұлға, лирикалық қаһарман бейнелерінің бітімінен анықтап-айғақтауға болады. Одан бөлек ұлттық бояу мен болмыс бейнелеуіш сөздер, көркемдік құралдар арқылы да көрінеді. Мұны біз, басқасын былай қойғанда, көптеген бейнелі сөздердің білдіретін мағынасында ғана емес, ой-пікірді айту тәсілі, салыстыру, суреттеу ерекшелігіне де айқын ұлттық өрнек-бедері болуынан жақсы аңғарамыз.

«Халықтың тіршілік-тұрмысымен, тарихи-қоғамдық жағдайлармен тығыз байланысты туған, сондықтан халықтық, ұлттық бояу-өрнектерінің айқындығымен көзге түсетін бейнелі сөздерді, эпитет, теңеу, метафора, метонимия, символ, гипербола тағы сондай суреттеу, көркемдеу құралдарын түгел қамтып, тұтасымен алсақ, оларды біз халықтың ой-санасындағы, көркем

ұғым-түсініктеріндегі ұлттық сипаттардың жарқын көрінісі дей аламыз» [2, 14 б.]. Әсіресе, теңеу, метафора мен метонимия, шендестірулерден ұлтқа тән ерекше ұғымдар айқын көрінеді.

Әдеби зерттеу еңбектерде қазақ лирикасының тарихы, жай-күйі туралы Ә.Тәжібаев: «Ұлы ақындар ұлттарына жетекші болар, оларды көркемдік рухта тәрбиелеуге ұстаздық етер шығармалар жаза жүріп, өздерінің эстетикалық принциптерінде жырлай отырады» [3, 303 б.] – деген болатын. Поэзиялық шығармадан оны адамдардың өмір сүрген ортасы мен сол ортаның саяси-әлеуметтік халі, адамның алуан-алуан мінез-құлқы, ой-өрісі, жай-күйі, мақсат-мүддесін, күйініш-сүйінішпен аңғаруға болатынын ақындардың сезімі өлеңдерінде лирикалық кейіпкерлері арқылы не тікелей өзі арқылы көрініс табады. С. Қирабаев қазіргі қазақ поэзиясындағы әуен – үні, азаматтықты жан жақты зерттей келе: Поэзия өзің мен өз құпияңды ашып, жариялау. Абай тілімен айтсақ «сырыңды жұртқа жаю». Поэзиядағы азаматтық әуен мен үн де сондықтан ақындардың азаматтық кейпінен туады деген болатын [4, 447 б.]. Ақын шығармашылығындағы ұлттық болмыс, дүние танымның берілуін қарастырып өтуді Есенғали Раушановтан бастамақпыз.

Қазақ поэзиясында ерекше құрметке ие болған ақын Есенғали Раушанов шығармашылығында формалық ізденістер аса көп емес. Өлеңдерінің басым көпшілігі қара өлең ұйқасы, шалыс ұйқас, кезекті ұйқас, ежелгі эпостар мен жыраулар поэзиясының сарынымен жазылған. Әсіресе жыраулар поэзиясы дәстүрінің ізімен жазылған өлеңдері сол толғаулардың тарихи жалғасы іспеттес. Формалық, стильдік жағынан ғана емес, рухани үндес тілі де шұрайлы, кестелі де көркем, сөздері кексек, сол жыраулардың толғауларындай төгілте, түйдектете жырлайды.

*Мынау, мынау, мынау үй,
Ай бетіне ала шамдал орнатып,
Күн бетін күміс шілтермен торлатып,
Маңдайшасын Алтайдың алтынымен аптаған,
Маңғыстаудан сары ұлутас алдырып,
Қабырғасын қарыс жер қалдырмай қаптаған.
Табалдырығына таза мәрмәр төсеткен,
Күмбезіне күміс жауын қақтаған.
Алаш баласы азат басын төмен иіп аттаған [5].*

Қазтуғанның «Мадақ жырындағы» түйдектете суреттеуге ұқсайды. Алғашқы тармағындағы қайталау Шалкиіздің «Ор, ор қоян, ор қоян», Доспамбеттің «Сере, сере, сере қар» сияқты толғауларда кездеседі. Ай мен күнді шендестіру ретінде алу да көне жырларда көп ұшырасады. Осы екі тармақ гипербола, ұлғайтуға да жатады. Гипербола да шендестіру де эпостық жырлар мен толғауларда үлкен рөл атқарады.

Жыраулар поэзиясымен сарындас, мазмұндас келетін жыр шумақтары жас ақындар шығармашылығында да кездесіп жатады:

*...Алаң да алаң, алаң жұрт!
Таусылды тозып тағаң жұрт!
Үйір-ақ сор мен саған бұлт!
Қиын-ақ күнің, сол үшін,
Ақбас тау, көбік көл үшін,
Жазира, құмдақ, шөл үшін,
Шоқы, үстірт, ойпат, бел үшін,
Сұрайды сауға алаңда ұлт!
Сұрайды сауға алаңда ұлт!
Сұрайды сауға алаңда ұлт! [6].*

XV ғасырда өмір сүрген белгілі жырау Қазтуғанның «Алаң да алаң, алаң жұрт» толғауы Мирас Асанның поэзиясында да дәл сол тақырып алынған, мазмұны жағынан өр рух, ел қамын ойлау секілді өзекті мәселелерді көтергеніме мағынасында айырмашылық бар. Өлең жолдары жай қайталау, эпифораға негізделген.

Поэзиядағы жаңа көзқарас, әдеби ізденіс деп поэзияның бұрыннан келе жатқан а-а-б-а түріндегі қара өлең ұйқасын ешқашан қолданыссыз қалмайтыны сөзсіз. «Қара өлең – қазақтың халық поэзиясының байырғы жанрларының бірі. Он бір буынды, төрт тармақты болып келеді де, а-а-б-а түрінде (қара өлең ұйқасы) ұйқасады. Тақырып аясы, қолданылу кеңістігі тұрғысынан қарастырғанда қара өлеңнің әмбебап жанр екендігі анық байқалады. Оған қазақтың әлем сыры, тіршілік кейпі, замана тұрпаты хақындағы философиялық пайымдауларынан тартып, күнделікті өмірдің мән-жайына дейінгі аралықтағы сан салалы құбылыстар өзек болады» [7, 206-207 б.]. Қазіргі әдебиетімізде нәзік жанды аруларымыздың зор талғамды өлеңдері әрдайым сұранысқа ие. Қазақтың ұлттық болмысының түбегейлі сөз етіп, сан-салалы ұлттық тәрбиедегі мәселелерді қарастыра, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, халықпен бірге жасасып келе жатқан ұлттық құндылығымыздың өткендерін барлап, болашағына болжау айту, бүгінгінің өзекті тақырыбы болып отырған ұлттық тәлім-тәрбие жайында шыншыл да, батыл өлеңдері М. Мысаның шығармаларынан орын алып жатыр. Ақын қыздың өлеңдерінің біршамасы қара өлең негізінде жазылған. Ақиық ақын Мұғалидің жерлесі балалық шағы өткен ауылы, Хан Тәңірі шыңы, киелі мекен Жетісуын әр кез өлең жолдарына қосып өткен:

*Беделіңе, қарамай атағыңа,
Әппақ таңы арайлап атады да.
Көктем біздің ауылдан басталады,
Хантәңірдің оранып шапағына!– десе, енді бірде,*

*Жерұйық Жетісуда жетілгенмен,
Бұл тірлік сыртын берген, бетін берген.
Жанымның жанарының жасын сүртер
Бұлттары шәйі орамал секілденген.*

*Самалы сарнап ескен сардаладан,
Жаныңа жақсылықты жалғап ағам.*

*Алматы– арна қалам, алма қалам,
Ақын ба саған өлең арнамаған? [8].*

– дейтін өлең жолдарында туған жерге деген ыстық ықыласың әдемі сөз орамдарымен жеткізе білген. Қазақ ұғымында ауыл, туған жер ерекше құндылықтарымыз екені сөзсіз. Заман қайда, қалай жылжымасын бұл тақырыптағы өлеңдері әлі талай жазылады деген сенімдеміз.

Сонымен, мақалада зерттелген ақындардың шығармашылығы арқылы дәстүр мен жаңашылдықтың жасампаз жарасымын көре аламыз. Дәстүрсіз жаңашылдық, жаңашылдықсыз дәстүр болмайды. Бір-бірінен туындап, бір біріне ықпал ете бермек. Жаңашыл ақын, дәстүрлі ақын деп бөлу де біржақтылық болар еді. Қаламгер қай ұлттың тілінде жазып қай ұлттың қайнарынан нәр алса, шығармашылығында сол ұлттың болмысын танытатын тілдік, образдық, идеялық, формалық ерекшеліктер бейсаналы түрде бой көрсеткендігін анық байқаймыз.

Бүгінгі поэзия, оның тазалығының салмағы мен азаматтық әуеннің жұмбақ құбылысы және оның жылдар жетегінде жарысып жүрген мәселе екендігі бізді, әсіресе әдебиет адамдарына үлкен ой тудырды. Азаматтық әуен туралы кішкене болса да өз ойымызды білдіруге талпынғандағы мақсатымыз – тек поэзия ғана емес, жалпы өнер атаулының өміршең екенін тағы бір мәрте ойға салу. Ол адамның шығармашылық позициясы мен дүниетанымын айқындайды, сөйте тұра, өлең сөзге мәңгі өмір сыйлайды. Біз ендігі әңгіме етсек деген ақындар жырына да осы тұрғыдан келдік.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

- 1 Айбын. Энциклопедия. Бас ред. Б.Ө.Жақып. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2011. – 880 б.
- 2 Ахметов З. Асыл сөз арнасы. – Алматы: Арда, 2008. – 400 б.
- 3 Кәрібозұлы Б. Қазақ өлеңінің ұлттық сипаты. – Алматы, 1997. – 303 б.
- 4 Қирабаев С. Ұлт тәуелсіздігі және әдебиет. – Алматы: Ғылым, 2011. – 447 б.
- 5 Раушанов Е. Өлең туған анаңдай қадірлі болуы керек. URL: <https://adebiportal.kz/kz/news/view/20457>.
- 6 Мирас Асан: Алаң да алаң, алаң жұрт. URL: https://adebiportal.kz/kz/news/view/miras-asan-alan-da-alan-alan-zurt_15854.
- 7 Әдебиеттану. Терминдер сөздігі (Құрастырушылар: З.Ахметов, Т.Шаңбаев). – Алматы: Ана тілі, 1998. – 384 б.
- 8 Мақпал Мыса: Мен үшін қасиет атаулының бәрі туған топырақта. URL: <https://adebiportal.kz/kz/news/view/21382>.

ҒТАМР 17.71.91

САПАРХАН МЫРЗАБЕКОВ ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛІ ФОНЕТИКАСЫНЫҢ ӨКІЛІ

Н.С. Самғат

Магистрант, Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ.

Мақалада қарастырылған басты мәселе қазақ тіл білімінің лингвистика саласына өз үлесін қосқан Сапархан Мырзабековтың еңбектері зерттеледі. С.Мырзабеков қазақ ғылымы тарихында ұлттық әліпби жасап, жаңа үлгі ұсынған реформатор. «Қазақ тілінің фонетикасы» (1993)– қазақ фонетикасын зерттелінген С. Мырзабековтың сапалы еңбектердің бірі. С.Мырзабеков өз еңбегіндегі материалдары қазақ тілінің табиғатына бейімделген лингвистикалық ұстанымдарға сүйене отырып жасалынды.

Түйін сөздер: Сапархан Мырзабеков, жазу, фонема, дыбыс, лингвистика, қазақ тілі.

Қазақ тіліндегі дыбыстардың қазақы табиғатын тап басып таныған Ахмет Байтұрсынұлы. Кейінгі зерттеу еңбектерде қазақ тілінің дыбыстық жүйесінің терімсөздері толықтай қалыптасып, теориялық ұғымдары нақтыланып, дыбыстық жүйедегі жіктеліс пен үндестік заңы, буын мен екпін, жазылу мен айтылу жүйесі туралы ғылыми ой бір ізге түсе бастады. Бұл тұрғыда жазылған көптеген ғалымдардың зерттеу еңбектерін атап өту орынды болмақ: С.Мырзабеков, Ә. Жүнісбеков, М. Жүнісов, Б. Қалиев т.б. Атап өткен ғалымдардың ішіндегі ерекше көзге түскен автор С. Мырзабеков еңбектері мен лингвистикалық саласындағы мұрасы болып табылады.

Қазақ тілі дыбыстық жүйесінің негізгі заңдылықтары мен құрылымдық, жүйелік сипатын айқындап, осы саладағы зерттеулерге бағыт-бағдар көрсеткен еңбектер мол. Десек те, кеңес заманындағы дыбыс жүйесін зерттеуші ғалымдар орыс тіл біліміндегі салынған сұрлеумен қазақ тілін сүйрете тартып, төл тіліміздегі дыбыстардың саны мен сапасына, қолданысы мен айтылуы жүйесіне сәйкес келіңкіремейтін ережелерді тықпалағаны да жасырын емес еді. Осындай бір кезеңде «баба тілінің» өзіндік ерекшелігін, сөйлеу дәстүріндегі үндестікті сақтай сөйлеу қажеттігін ашық айтып қана қоймай, ғылыми түрде дәлелдеген ғалым профессор Сапархан Мырзабеков еді. Қазақ тілінің дыбыстық жүйесін ҚазҰУ студенттеріне оқыта жүріп, ондағы төл заңдылықтарды көкірегіне тоқи жүріп, лебіздегі дыбыстық өзгерістердің сапалық мәніне терең мән берген ғалым алдымен оқу құралын, оқулығын жазып, кейін зерттеуді тереңдетіп

докторлық диссертация дәрежесіне жеткізіп, сүбелі ғылыми еңбек жазғанын білеміз. Абай өлеңдерін оқыта отырып, талдатып, талдата отырып оқытып, сөздің терең мағынасы мен мәніне бойлауды шәкірттерінің құлағына құйған ұстаздың аудиториядағы ұланғайыр еңбегін 80-90 жылдардағы студент қауымы ешқашан ұмытпақ емес.

Қазақ дыбыстық жүйесін зерделеуде дәстүрге сіңіп бара жатқан орыстық дейміз бе, әлде батыстық дейміз бе ізбен емес, таза қазақ сөзі мен қазақ лебізіне тән соқпақ жолды таңдаған ғалым С. Мырзабеков өзі терең білетін Абай шығармаларын фонетикалық заңдылықтарды анықтауға арқау етіп алып, «байырғы түбірлер тіл үндестігіне толық бағынады» деген тұжырым жасайды.

Дауысты дыбыстардың саны туралы ғылыми зерттеу жүргізе келіп, С.Мырзабеков көптеген пікірлерді қорыта келіп былай деп жазады: «Қазақ тілінің байырғы құрамында тоғыз (*a, e, o, ө, е, ұ, ү, ы, і*) дауысты дыбыс бар. Мұны ешкім де жоққа шығара алмайды». Осы дәйекті тұжырымға біз де тоқтаймыз.

Қазақ тілінің бір буынды сөздерінің құрамындағы дауысты дыбыстарды және көп буынды сөздердің бірінші және кейінгі буындарындағы дауысты дыбыстарды ажырату қажет. Зерттеушілер көрсеткендей, монослабильді түбір дауысты, тұрақты және сапалы дыбыстарды қоспағанда, ондағы дыбыстарға бағынбайды. Ал көп буынды таңбалауыштардағы дауысты дыбыстардың Бұл қасиеті жоқ. Олар көбінесе өзгермелі, тұрақсыз. Әсіресе, осы буындағы дауысты дыбыстар, сингармонизм заңына сәйкес, басқа дыбыстардың әсеріне ұшырайды. М. Томановтың айтуынша «фонемалар жүйесін анықтау үшін дауысты дыбыстар комбинаторлық, позициялық өзгерістерге әсер етпейтін жағдайларда ұсынылуы керек. Ал комбинаторлық, позициялық өзгерістер әсер етпейтін жағдай, тек монослабильді тамырдың құрамында». Сонымен, монослабильді тамырлар құрамындағы дауысты дыбыстардың сапалық сипатын тұрақты деп бағалай отырып, олардың қазақ тіліндегі сапалық өзгерістері мен қалыптасу заңдылықтарын зерттеуге болады. Сонымен бірге оғыз тобына жататын түркі тілі мен қыпшақ тобына жататын қазақ тілі дамуының негізгі заңдылықтарын анықтаған жөн.

С.Мырзабеков өзінің «Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы» атты еңбегінде қазақ тіліндегі «ә» дыбысының айтылу жүйесі және оны қолдану бойынша ғылыми еңбектерін жан-жақты талдап, «халық сөйлеуінде А өрісі әлдеқайда кең» деп атап, а дыбысы туралы жұқару себебін түсіндірді: «сонымен, артикуляциялық (ерін, сыртына жақын фонемалар. Олардың арасында бөлісудің көптеген құпиялары бар шығар» – деді ол. Қазіргі тілде абдыра – әбдіре, аумесер – аумесер, ай – түй – әй – түй, аламыш – аламыш, таж – таж және т.б. сияқты сөздер бар. орфографиялық сөздіктерде әр түрлі жазылады. Шынында да, автордың қазіргі тілде сөйлейтін сөздері баспасөз беттерінде жиі кездеседі. Автор ойынды келесідей қорытындылайды: «егер солай болса, онда сөздерді сұйылту – бұл үздіксіз тіл процесі». Сондай-ақ, бұл ойын тілдің тарихи даму кезеңдерінің бірінен алынған мәліметтерге дұрыс ғылыми баға береді деп

болжаймыз. Сөйлеуді дамыту барысында қалың дауысты дыбыстардың фонемалық сипаты біртіндеп қалыптасады, олар жұқа болады.

В дыбысы қазақ тілінде сөздердің басында және ортасында жазылады: өсу, БАҚ, қуыс. Екі немесе көп жолды сөздердің ортасында: кім, Тоба, сабын, құрмет. Ал В дыбысы туралы З. Мирзабеков өзінің «қазақ тілінің дыбыстық жүйесі» атты еңбегінде былай жазған: «соңғы ұстаным Б жазылса да, оның айтылуы Р болады., Клуб, штаб-пәтері бар, штаб-пәтері жоқ және т.б.).

В дыбысы сөздің басында 180 сөзбен кездеседі. Сондай-ақ ортасында орналасқан. Соңында ол F қатты әрпімен жазылады (Мұрағат, актив, жарғы) және қосымша қатты (Мұрағат, Мұрағат, мұрағаттау) басталады.

Әр дыбысты жеке анықтаған кезде, басқа ғылыми зерттеулерде идеяны толықтыра отырып, өзінің нақты тұжырымын тұжырымдаған ғалым дыбыстардың пайда болуы туралы мәліметтерді нақты ұсынуы керек.

Сөз бөлек болғандықтан, символдық сипаттан бөлініп, ойлау тәсіліне, тұжырымдамаға айналатыны белгілі. Бұл спикер мен тыңдаушы арасында туындайтын өзара түсіністік құралына, көркем ойды жарқын жеткізу кешеніне айналады. Сөздегі сөз Ф. Сауссур айтқан жансыз символ емес, мағынасы, негізі мен мотиві бар күрделі ойлау жүйесі. Күрделі жүйенің мәні – бұл сөз (атау) тек ішкі мазмұнымен ғана емес, сонымен қатар дыбыстық құрылымымен де негізделген. Қазақ тіліндегі әрбір дыбыс қандай да бір дыбыспен үйлеспейді, олардың ішкі дыбыстық үйлесімділікке, үндестікке негізделген жүйесі де бар. Дауысты және дауыссыз дыбыстардың бір-бірінен айырмашылығы олардың үйлесімділік қасиетімен тікелей байланысты. Дыбыстардың үйлесімділігі сингармонизмнің заңдылығымен анықталатын және сөйлеудің ішкі мәні мен сипатын анықтайтын күрделі құрылымдық жүйе ретінде анықталады. Профессор С. Мирзабеков өзінің «Фраза қазақ тілінде естіледі» атты зерттеу жұмысында «фраза естіледі – бұл тарихи қалыптасқан орынға ие тілде дыбыстардың қатар өмір сүру мүмкіндігі. Қазақ тіліндегі дауыссыз дыбыстардың негізгі заңдары дыбыстардың тіркесуінің нәтижесі болып табылады» – дейді ол сөз буынындағы слогдар жуан, жіңішке, қатаң дауыссыз дыбыстардан кейін, қатты дауыссыз дыбыстардан кейін, үнді дауыссыз дыбыстарынан кейін, үнді дауыссыз дыбыстарынан кейін немесе үнді дауыссыз дыбыстарынан кейін.сөйлеудің ұзақ мерзімді дамуындағы заңдылықтар.

Сөздің мағынасы сөйлеушіге де, тыңдаушыға да бірдей түсінікті болуы керек. Бірақ қолдану барысында сөздің мағынасы әртүрлі өзгерістерге ұшырайды және спикер мен тыңдаушы арасында толық түсініктің болмауы мүмкін. Шындық объектілері мен құбылыстарының белгілі бір белгілерін атай отырып, адам біреумен коммуникативтік қарым-қатынасқа түсіп қана қоймай, сонымен бірге атпен негізделген объектілермен және құбылыстармен танымдық қатынастарды дамытты. Осылайша, субстанция – ұғым (concept) байланысы – сөз адам арқылы жүзеге асады, ал адамдардың бір-бірімен қарым-қатынасының бастауы – әл-ауқатқа деген сұраныс деп профессор Сапархан Мырзабеков нақтылап кеткен болатын.

Амандық, саулық, есендік, салауаттық, есен-амандық, сәлеметтік, есен-саулық, аман-саулық, аман-есендік, амандық-саулық. Сәлемдесу ұғымына қатысты синонимдік қатардың мол болуынан да ұлттық салт-сананың тереңдігі байқалады. Қазақта «Сәлем – сөздің анасы» деген мақал ұлттық таным деңгейін аңғартса керек. Амандық-есендікке байланысты мәндес сөздердің мол болуы ұлттық-танымдық ерекшелік, ал оның тілде таңбалануы заңдылық деп тұжырымдауға әбден болады. Қазақ тілінің орфоэпиялық заңдылықтарын көп зерттеп, сөйлеуде ол заңдылықтарды қатаң сақтауды мұрат тұтқан фонетист ғалым С. Мырзабеков «Қазақта арма дейтін сөз бар ма?» – деген сұрақ қоя отырып, қазіргі уақытта қалай амандасып жүргеніміз жайлы сөз қозғайды. «Қазақтыққа бастайтын қарапайым да құдіретті ұғымның әліппесі сәлемнен басталады. Мұны «Қазақтың сәлемі түзелмей, – қазақтық әлемі түзелмейді» – дейтін мақалмен түйіндеуге болады. ...Ауыз әдебиетінде саламат, сау-саламат дегенді кездестіргенімізбен, орфографиялық сөздігіміз мұны құптамайды.

Ғалымның сөзін түгел келтіріп отырған себебіміз, ойының толық жеткенін қалағанымыздан. Бірнеше беттен тұратын мақаланың айтары көп. Қазақ халқына тән амандасудың түрлері талқыланған бұл ғылыми мақаланың тек зерттеушілерге ғана емес, жалпы оқырман қауымға қатысының бар екені рас. Автор ақыр соңында арма, армаңыз, армандар, армаңыздар деп амандасуды ұсынады. Сөз орайы келіп тұрған сәтте қазақ ұғымындағы амандық-саулық сұрасудың өзі сөз деп танылғандықтан танымдық сипатының да тілдік аямен қосыла ашылғаны мақұл болған болар еді. Қайткенмен де, автордың арманынан туған арма деген амандасудың түп-төркінінің жақсылық тілеуден туғанына күмән жоқ. Амандық, саулық, есендік, салауаттық, есен-амандық, сәлеметтік, есен-саулық, аман-саулық, аман-есендік сөздерімен синонимдік қатар құрып, ұғымдық негізі бір тұлға ретінде лебізде қолданысқа ие болуына толық негіз бар.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

- 1 Мырзабеков С. Статоллингвистический анализ структуры глагола современного казахского языка. – А., 1973.
- 2 Мырзабеков С. Қазақ тілінің фонетикасы. – А., 1993.
- 3 Мырзабеков С. Қазіргі қазақ тілі фонетикасы. – А., 1996.
- 4 Қазақ тілі дыбыс жүйесіндегі дистрибуциялық пен функционалдылық. – А., 1998.
- 5 Мырзабеков С. Қазіргі қазақ тілі фонетикасы. – Алматы: Қазақ университеті, 1997.
- 6 Мырзабеков С. Қазақ тіліндегі дыбыстар тіркесі. – Алматы, 2002. – 17 б.
- 7 Мырзабеков С. Қазақ тілінде «арма» дейтін сөз бар ма // ҚазҰУ хабаршысы, филология сериясы. – №5 (77).

**ӘЛЕУМЕТТІК ҒЫЛЫМДАР ЖӘНЕ
ЭКОНОМИКА**

СОЦИАЛЬНЫЕ НАУКИ И ЭКОНОМИКА

SOCIAL SCIENCES AND ECONOMICS

ГРНТИ 82.13.37

СУЩНОСТЬ И СПЕЦИФИКА ГОСУДАРСТВЕННОГО УПРАВЛЕНИЯ ЭФФЕКТИВНОСТЬЮ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ВЫСШИХ УЧЕБНЫХ ЗАВЕДЕНИЙ

Э.К. Кузнецова

К.э.н., доцент, Омская гуманитарная академия, г.Омск, Россия

А.К. Кокен

К.ф.н., магистр, Министерство науки и высшего образования РК, г. Астана

В современном мировом развитии наблюдается закономерная зависимость высокой технологичности и промышленного потенциала страны от уровня развития человеческого капитала, уровня образовательной системы, особенно высших учебных заведений. При таком подходе роль государства мы определяем, как создание благоприятных условий для развития всей системы образования, и особенно высших учебных заведений.

Государство реализует свои функции через целенаправленное воздействие с использованием властных полномочий через административные, правовые и социально-экономические инструменты, обеспечивающие функционирование системы вузов, независимо от форм собственности. При этом мы учитываем задачи государства по обеспечению равного доступа и баланса интересов всех социальных групп населения в получении высшего профессионального образования. Государство, в первую очередь, руководствуется необходимостью реализации прав граждан на образование, способствует формированию и совершенствованию человеческого капитала, обеспечению экономики квалифицированными специалистами. Стабильность кадрового обеспечения экономики создает благоприятные условия для внутриэкономического развития и экономической безопасности. Развитие международного сотрудничества на уровне вузовского образования и науки поддерживает и укрепляет имидж государства на международной арене [1].

Согласно классической теории государственное управление представляет собой целенаправленной воздействие государства, как субъекта управления, на объект управления. Под системой государственного управления образованием, в том числе системой вузов, мы понимаем взаимосвязанные и взаимозависимые структурированные отношения участников процесса, то есть совокупность объектов и субъектов, нормативно-правовую базу, все образовательные учреждения и задействованных в ней членов общества, как стейкхолдеров результата образовательных услуг. Иными словами, управление системой

образования выстраивается на основе ее инфраструктуры, которая показана на рисунке 1.




Рис. 1. Инфраструктура государственного управления вузом.

Таким образом, в качестве субъекта отраслевого государственного управления в сфере вузов, как образовательных учреждений, выступает правительство, уполномоченные центральные государственные органы, местные исполнительные органы и органы местного самоуправления, а также социально-экономическая среда и законодательство страны. Под объектом управления мы понимаем все организации и учреждения образования, преподавателей, обучающихся, потребителей образовательных услуг – работодателей и работодателей. В то же время государственное управление деятельностью вузов имеет межотраслевой характер и вовлекает в орбиту взаимодействия другие заинтересованные государственные органы.

Система государственного управления образованием имеет свои принципы, которые носят общий, частный и общесистемный характер. Их классификация предусматривает такие принципы структурного построения управления, как структурно-целевые, структурно-функциональные, структурно-организационные [2]. Вместе с тем, считаем важным среди принципов государственного управления образованием выделить гуманистическую направленность образования, основанную на общечеловеческих ценностях свободного и всестороннего развития личности, воспитания, передаче культурного наследия подрастающему поколению.

Среди основных функций государства исследователи выделяют доступ к информации по всем сферам жизнедеятельности общества, как его исключительную монополию. Информация ориентирует поведение людей, существенно предопределяет их организационное поведение. В связи с этим,

информация и информационные технологии на уровне государственных органов, системы образования, средств массовой информации должны обеспечивать единый вектор усилий всего общества по решению задач в области качества и эффективности вузовского образования. Государству важно обеспечивать такие характеристики статистической и аналитической информации, как ее актуальность, достоверность и доступность [2, с. 242]. Так, например, в условиях Казахстана на современном этапе обеспечение доступности информации осуществляется в рамках внедрения цифровизации всех процессов в жизнедеятельности общества.

Рыночные отношения и конкурентная среда в образовании предъявляют свои требования к государственному управлению и государственному аппарату. Конкуренция между частным и государственным образованием стимулирует создание новых финансово-экономических и правовых механизмов для обеспечения благоприятных условий для деятельности вузов. Иными словами, вузы будут эффективны при создании государством внешних условий для выстраивания эффективного внутреннего менеджмента, независимо от формы собственности и автономности вузов. Основные критерии определения эффективности государственного управления мы отразили на рисунке 2.




Рис. 2. Основные соотношения «критерий/показатель» в государственном управлении.

Рисунок 2 демонстрирует нам оценку эффективности государственного управления путем сопоставления поставленной цели отдельного управленческого процесса и полученных результатов к основным механизмам достижения в заданный период времени, результатов управления к ожиданиям

и интересам основных стейкхолдеров, целей государственного управления к расходам и результатам реализации запланированных процессов. Кроме указанных критериев, мы должны учитывать обоснованность и результативность принятия решений, затраты на их реализацию, управление рисками, обратную связь. К качественным характеристикам мы относим профессионализм кадров, интеллектуальный уровень госслужащих, уровень прозрачности принятия решений, работу с общественностью.

Особенности государственного управления определяет специфика целей и задач, реализуемых вузами, место и роль высших учебных заведений в иерархии социально-экономических процессов, то есть государственное управление должно учитывать характерные свойства организаций высшего образования, как институтов. Следовательно, мы можем рассматривать зависимость государственного управления вузами от присущих общественным институтам свойств.

В такой интерпретации определенный интерес представляет классификация общественных институтов, предложенная О. Уильямсоном. Он предлагает условное деление формальных и неформальных институциональных элементов общественной структуры в зависимости от их способности изменяться во времени. На первом уровне автор выделены наиболее инертные к изменениям неформальные институты общества – религия, нравы, обычаи и традиции, изменения в которых могут происходить очень медленно в течение веков и тысячелетий. На втором уровне автор расположил формализованные институты, сложившиеся в результате эволюционного развития. К ним он относит конституции, законы и права собственности (политические, правовые, бюрократические функции государства), государственные органы, которые могут изменяться в период от десяти до ста лет. Третью ступень классификации, согласно О. Уильямсону, занимают регуляторы повседневной жизни – правила и взаимоотношения, определяемые договорными условиями, срок которых может длиться от года до десяти лет. Четвертый уровень общественных институтов автор определил, как постоянно изменяющиеся во времени структуры (например, ценовое предложение) [4].

В рамках нашего исследования предложенная О. Уильямсоном классификация общественных институтов представляет интерес, как структурированная схема взаимозависимых и взаимовлияющих частей, охватывающая содержательную и структурную сущность государственного управления деятельностью вузов

Но, вместе с тем, следует учитывать, что предложенная О. Уильямсоном классификация носит условный характер. Кроме того, считаем важным в государственном управлении учитывать и существующие на сегодня теории экономических, социальных, политических и других циклов, которые точнее отражают общественные процессы. К примеру, метод экстраполяции позволяет нам делать прогнозы по опыту происходивших ранее событий и фактов, которые имеют свойство повторяться во времени на более высоком эволюционном уровне [5].

Совершенно очевидно, что для достижения желаемого результата при запущенном механизме институциональных изменений требуется положительное восприятие участников процесса. В противном случае процесс институциональных изменений может стать катализатором обратных или незапланированных изменений с побочным эффектом [6].

Необходимость формирования положительного восприятия заинтересованных сторон в высшем образовании мы определяем, как социальную роль государства. Правительства ответственны за уменьшение разрыва между наиболее обеспеченной элитой общества и его социально-уязвимой частью. В связи с этим, государственные структуры и частные организации принимают меры по разработке программ финансирования или кредитования студентов из малообеспеченных семей [7]. Нормативно-правовые механизмы должны учитывать приоритеты развития регионов и местного сообщества. При неэффективности норм права достигнутые результаты не будут соответствовать заявленным целям [8, 9].

Ведущую роль государства в становлении и развитии вузов отмечают крупные международные структуры, среди которых мы выделяем Всемирный экономический форум (ВЭФ) и Всемирный Банк. ВЭФ определил эффективность системы подготовки в вузах одним из главных индикаторов социально-экономического развития государства, определяющим его место в мировом рейтинге, а профессиональную подготовку будущих специалистов, как основной движущей силы экономики, – гарантией прогрессивного развития государства. Аналогичные подходы мы отмечаем и в оценках Всемирного Банка [7, с. 37].

Мировой опыт свидетельствует о закономерностях индивидуальности и многообразия национальных систем вузов, независимо от географического положения. На основании этого мы можем говорить, что специфика государственного управления деятельностью вузов в отдельно взятом государстве зависит от его экономики, политической системы, технологий, промышленности, сельского хозяйства и других отраслей, и, в первую очередь, от культурно-бытовых особенностей населения. В зависимости от указанных факторов выделяются виды управления системой вузов, которая изображена на рисунке 3.




Рис. 3. Академическая автономность и управленческая самостоятельность вузов.

Таким образом, как показано на рисунке 15, в мире сложились следующие виды систем управления образованием: централизованные государственные, с небольшой степенью централизации и децентрализованные системы. По мнению Шкутиной Л.А. и Санхаевой А.Н., степень централизации управления системой образования находится в прямой зависимости от уровня автономности местных органов управления [10]. Из этого следует, что мы можем дифференцировать модели оценки эффективности деятельности вузов на самостоятельную, общественную и государственную. Основные различия этих моделей мы определяем по степени влияния и контроля государственных структур за деятельностью вузов, а также по уровню финансово-экономической и институциональной зависимости вузов от решений государства.

Демократический принцип общественных отношений, характерный для большинства стран с высокоразвитой экономикой, определяет большую степень автономности, экономической и управленческой свободы вузов, коммерциализацию ими продуктов научной деятельности. Этому способствует, в первую очередь, исторически сложившаяся система независимой от государства частной системы вузов. Кроме того, либеральность законодательства, регулирующие механизмы рыночных отношений, свободная конкурентная среда, высокие доходы населения и социальный пакет позволяют вузам самостоятельно определять направления подготовки кадров, содержание образования, вести финансово-экономическую деятельность. Роль государства сводится к предоставлению финансирования для обучения малообеспеченных слоев населения или поддержку талантливых студентов и ученых.

Государственная модель оценки эффективности деятельности вузов, характерна, в основном, для европейских и постсоветских государств. Она основывается на регулировании внутренних институциональных и академических процессов вузов уполномоченными структурами правительств через механизмы контроля основных показателей, государственной аккредитации, регулирования научно-образовательных процессов, лицензирования вузов [11]. Государственное воздействие на сферу образования выражается в установлении норм общественных отношений, стратегическом планировании и выработке генеральной линии развития сферы в зависимости от потребностей экономики. Государство обеспечивает финансирование образования, поддержку экономической активности учреждений образования, статистический учет в масштабах государства, контроль исполнения планов, достижения установленных критериев и др. [12].

Ряд исследователей обосновывают большую привлекательность автономности, моральной и интеллектуальной независимости науки и образования от политики властей и экономического давления государства [13].

В отношении этого вопроса интересно мнение Омирбаев С.М., который считает, что финансирование вузов государством в условиях рынка создает замкнутый круг. Автор отмечает, что кредитная технология предполагает свободный выбор предметов, а государственное финансирование, в частности, в Казахстане предполагает стандарты ГОСО, ТУП, что сковывает

самостоятельность не только профессорско-преподавательского состава, но и студента.

Существующая сегодня государственная модель управления деятельностью вузов в Казахстане сложилась исторически и является наследием советского периода развития. Для государственного управления вузами характерны плановый характер, строгий государственный контроль с применением жестких идеологических установок, отсутствие самостоятельности вузов в вопросах финансирования, регулирования научно-образовательного процесса и формирования кадров. Относительная изолированность государства на международном поле минимизировала международные связи вузов с зарубежными партнерами. Более того, регулирование деятельности вузов осуществлялось еще и наднациональными органами, что ставило вузы в еще больше зависимое положение от государственных структур. Однако, было бы справедливым отметить, что такая система имела и положительный эффект, так как целенаправленная подготовка специалистов обеспечивала качество знаний и гарантированное трудоустройство выпускников согласно централизованному распределению с предоставлением социального пакета молодым специалистам.

Наряду с этим, считаем важным отметить, что среди современных научных разработок в области государственного управления деятельностью вузов существует мнение ученых о так называемом, «кажущемся» благополучии топовых вузов, занимающих лидирующее положение в мире. Так, по мнению группы ученых под руководством Барбера М., на устои современных вузов могут оказать влияние глобальные миграционные процессы, которые способствуют переносу центров науки и обучения из западных стран в азиатские, правительства которых в целях удержания талантливой молодежи и ученых принимают адекватные меры по укреплению конкурентоспособности национальных систем вузов. Среди факторов, влияющих на существующее положение, авторы также называют коренные изменения в мировой экономике, происходящие вследствие опережающего характера инфляции по отношению к стоимости высшего образования. Авторы утверждают, что высокие цены, устанавливаемые вузами мирового уровня, снижают ценность диплома из-за различия в трудоустройстве при равных затратах на обучение. Это проявляется в том, что не все выпускники элитных вузов показывают выдающиеся результаты в трудовой деятельности. Также, авторы говорят о том, что современное развитие технологий привело к доступности информации и возможности самообразования на уровне массовых онлайн-курсов, по окончании которых выдаются признаваемые документы об образовании.

Заслуживают внимания прогнозные исследования авторов, допускающих кардинальное изменение парадигмы всей системы вузов, как обязательного условия эволюционного развития в новых экономических и социально-политических условиях. Изменение подходов меняет критерии эффективности вузов в сторону совершенствования по таким направлениям деятельности, как:

- приоритетность междисциплинарных научных изысканий;
- выработка у обучающихся творческих навыков научного поиска, а также формирование у выпускников профессионального мышления и креативного мировоззрения;
- обеспечение роли университета мирового уровня как интеллектуального центра в регионе;
- эффективность преподавателя, как исследователя и ученого, рост его уровня по обучению и оценке знаний онлайн, а также востребованность его научных работ;
- эффективность обучения студентов должна основываться на привитии обучаемым навыков творческого научного поиска;
- ориентация учебных планов университетов, в первую очередь, на потребности местного сообщества, местной экономики, и на потребности более высокого уровня;
- учет нагрузки, которую оказывает неэффективное руководство на деятельность университета, сохранение гибкости и четкости менеджмента.

Объем ИКТ услуг с 2009го года по 2018 гг. составляет 497 371,3 миллионов тенге в 2009-ом году и 1 118 822,6 миллионов тенге в 2018-ом году, показывая рост в два раза. Услуги ИКТ включают в себя: консультации по программному и техническому обеспечению, управление компьютерным оборудованием, программирование и системный анализ, обработку и ввод данных, работа с базами необходимых данных, создание определенных систем поискового запроса в Интернете, ремонту оборудования и вычислительных машин, техническое обслуживание конкретных систем и другие.

В следующей таблице приведена доля предприятий и организаций, использующих ИКТ, без учета государственного управления.

Таблица 4. Доля предприятий и организаций, пользующиеся ИКТ, без учета государственного управления в процентах (%). Источник: [2].

Доля предприятий и организаций	2019	2020	2021
Имеющие доступ к Интернету	80,4	81,6	78,2
Имеющие компьютерное оборудование	83,0	83,9	80,2

Имеющие ресурсы-Интернет	18,9	17,9	17,6
Использующие портал-Интернет	47,1	44,2	44,8
Использующие облачные услуги ИТ	9,2	9,1	13,3
Заказывающие услуги и товары по Интернету	8,2	7,9	10,1
Получающие услуги и товары онлайн, используя Интернет	5,4	7,4	8,5

По данной таблице видно, что количество организаций, получающих и заказывающих услуги и товары онлайн посредством использования сети Интернет возросло, также, как и организаций, использующих с деятельности облачные услуги ИТ. Незначительный рост в процентах виден в организациях, использующих интернет-портал с каждодневной деятельности. Показатели организаций, имеющих доступ к Интернету, имеющих необходимое оборудование и имеющих интернет-ресурсы немного снизились в 2021-ом году по сравнению с предыдущим годом.

В связи с приведенными данными можно выделить следующие проблемы в управлении развитием ИКТ в Казахстане:

- недостаточное финансирование затрат на ИКТ по сравнению с предыдущими годами;
- снижение показателей организаций, имеющих доступ к Интернету;
- снижение показателей организаций, имеющих необходимое компьютерное оборудование;
- снижение показателей организаций, имеющих необходимые Интернет-ресурсы.

Литература

1 Астахова Е.В. Информационно-коммуникационные технологии: учебное пособие в 3-х частях. Алтайский государственный технический университет имени И.И. Ползунова. – Барнаул, 2010.

2 Бюро национальной статистики Агентства по стратегическому планированию и реформам РК. URL: <https://stat.gov.kz/official/industry/29/statistic/8>.

3 Информационно-правовая системанормативных правовых актов Республики Казахстан. URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2100000961>.

4 Официальный информационный ресурс Премьер-Министра Республики Казахстан. URL: <https://primeminister.kz/ru/documents/gosprograms?ysclid=lb5e27lkgg3289>.

5 Рейтинг стран мира по индексу развития электронного правительства. URL: <https://gtmarket.ru/ratings/e-governmentdevelopmentindex?ysclid=lb5eccl8ie82823656>.

ГРНТИ 06.73.55

РАЗВИТИЕ РОЗНИЧНЫХ БАНКОВСКИХ УСЛУГ В УСЛОВИЯХ ИННОВАЦИОННОЙ ЭКОНОМИКИ

А.М. Мельникова

Магистрант, Университет «Туран», г. Алматы

Д.Т. Джарикбаева

PhD-доктор, ассоц. проф., Университет «Туран», г. Алматы

В условиях динамичного развития розничного банковского бизнеса отечественные банки начинают уделять особое внимание своим клиентам. На сегодняшний день мировая экономика оказалась под воздействием четвертой промышленной революции (Индустрия 4.0), что привело к масштабной трансформации в различных сферах деятельности человека. Данная трансформация не прошла стороной и банковский сектор, в частности, рынок розничных банковских услуг. В связи с этим развитие розничных банковских услуг в условиях инновационной экономики актуально и требует более глубокого исследования.

Ключевые слова: банк, экономика, цифровые технологии, розничные банковские услуги, инновации.

В настоящее время банки разрабатывают и предлагают больше количество банковских продуктов и услуг как физическим лицам, так и юридическим. Рынок розничных банковских услуг (банковский ритейл) на сегодняшний день является одной из важнейшей и незаменимой части финансового рынка. Важность и значимость данного рынка обусловлена тем, что именно здесь происходит аккумуляция и перераспределение капитала.

Предоставление розничных банковских услуг как самостоятельное направление деятельности банка ориентировано на удовлетворение нужд физических лиц. Для обслуживания населения банкам необходимо предоставлять как стандартные, так и индивидуальные услуги, формировать продуктовый ряд, ориентированный на различные группы клиентов, но при этом стараться сокращать расходы.

Рынок розничных банковских услуг является сложной и постоянно прогрессирующей системой. Данное многообразие и постоянное расширение предоставляемых услуг требует их классификации. При классификации услуг по экономическому содержанию к основным видам предоставляемых банками второго уровня Республики Казахстан, относятся:

- Депозитные операции;
- Кредитование;
- Расчетно-кассовые операции;
- Валютно-обменные операции;
- Операции с ценными бумагами;
- Консультационно-информационные услуги [1].

Помимо классификации, представленной выше, банковские услуги можно также классифицировать по таким признакам как:

- Широта охвата потребителей;
- Решаемые задачи в процессе предоставления услуг;
- Наличие платы за предоставление услуг;
- Назначение услуги [2].

В связи с этим классифицирую по тем или иным признакам банковский ритейл сотрудники и руководство банка на практике могут быстрее сориентироваться в текущем управлении бизнесом и эффективнее решать задачи управленческого характера.

Происходящие в настоящее время процессы такие как глобализации и информатизации существенно изменили облик всей банковской систем. В современных условиях ключом к успешной работе банка является разработка и внедрение инновационных механизмов, направленных на создание наивысшей потребительской ценности для клиентов, позволяющих обеспечивать и поддерживать конкурентные преимущества в долгосрочной перспективе.

Сегодня банковский ритейл – это спектр различных технологий, в связи с этим управление банковским бизнесом должно включать в себя оперативность реагирования на изменения, происходящие на финансовом рынке и постоянный поиск новых целевых ориентиров.

В условиях возросшей конкуренции на рынке розничных банковских услуг инновации банков ориентированы в основном на привлечение новых и сохранение уже имеющих клиентов, а также расширение перечня предоставляемых услуг и улучшение их качества.

Условно можно выделить 4 направления инноваций в банковском секторе. Данные направления детально представлены в таблице 1.

Таблица 1. Направления инноваций в банковском секторе.

Направление инноваций	Результат
Структурные инновации	изменение организационного состава банка или отдельного структурного подразделения для повышения эффективности его работы
Разработка новых продуктов	Появление на выходе совершенно нового продукта (услуги), не имеющего аналога на рынке; преобразование и модификация уже имеющегося у конкурента продукта.
Технологические инновации	Изменение технологического обеспечения внутрибанковских процессов
Новаторские методы	Продажа банковских продуктов через новые каналы сбыта;

продаж	инновационная маркетинговая стратегия
Примечание– Составлено автором на основе источника [3]	

Исходя из данных, представленных в таблице, можно сделать вывод, что инновации банков касаются всех сфер их деятельности и воплощаются в новых продуктах, улучшение бизнес-процессов и модификации маркетинговых методов. Учитывая масштаб и разнообразие инновационных изменений, существенное влияние степени успешности их внедрения на финансовые результаты, конкурентные позиции, стратегическое управление этими процессами становится объективным необходимо. В целом инновации используются банками как инструмент адаптации финансово-кредитных учреждений к непредсказуемо меняющейся среде.

Если рассматривать конкретные нововведения на рынке розничных банковских услуг в условиях инновационной экономики, то к ним можно отнести:

- Цифровая трансформация;
- Искусственный интеллект и Machine learning;
- Использовании открытых API в финансовой сфере;
- Биометрия.

Все эти примеры только часть инноваций, которые трансформируют рынок розничных банковских услуг. В целом инновации предназначены для повышения эффективности, безопасности и сохранения конкурентоспособности банков на быстро меняющихся рынках.

Самый большой интерес к рынку розничной банковской деятельности Республики Казахстан представляет деятельность таких банков как «Kaspi Bank» и «Банк Фридом Финанс Казахстан». Этим банкам удалось создать и внедрить такую эффективную инновационную модель работы, которая смогла бы отвечать требованиям потребителей.

Одна из особенностей «Kaspi Bank» – наличие сверхприложения для физических лиц с таким набором сервисов, аналогов которому пока нет нигде в мире. Более детальная информация о суперприложении Kaspi.kz представлена на рисунке 1.



Рис. 1. Суперприложение Kaspi.kz для физических лиц. Примечание– Составлено автором на основе источника [4].

Исходя из данных, представленных на рисунке, можно увидеть, что одно приложение включает в себя представление различных по своему содержанию услуг для физических лиц. Самое главное – это не то, что данные сервисы разрабатываются и запускаются, а то, что обычные люди каждый день реально пользуются данным суперприложением.

Другим банком, который старается развивать и интегрировать технологии, чтобы выводить на рынок розничных банковских услуг новые продукты и совершенствовать уже существующие является «Банк Фридом Финанс Казахстан». За чуть более года своей работы на рынке «Банк Фридом Финанс Казахстан» успел разработать и запустить целый ряд цифровых продуктов, не имеющих аналогов не только в Казахстане, но и в ряде случаев во всем мире [5]. Так, например, «Банком Фридом Финанс Казахстан» была запущена цифровая ипотека, суть которой заключается в оформлении ипотечного займа всего за 24 часа, без сбора документов и физического присутствия в отделении банка. Аналогов такому продукту нет нигде в мире. Другим новым цифровым продуктом, разработанным для рынка розничных банковских услуг стало «Цифровое автокредитование». Это полностью оцифрованный процесс покупки поддержанного автомобиля. Для оформления данного автокредита нужны всего номер телефона, ИИН и госномер. После оформления заявки на сайте клиенту придет СМС-код для подтверждения. Далее идет скоринг клиентской истории, и принимается решение о выдаче займа. Этот процесс занимает примерно 15 минут [6].

Подводя итоги, можно сделать вывод, что инновации банков касаются всех сфер их деятельности и воплощаются как в создании новых продуктах и услуги, так и улучшения уже существующих бизнес-процессов. Чтобы выигрывать в экосистемах финансовых услуг, банкам необходимо понимать, чего хотят потребители. Необходимость внедрения стратегических банковских инноваций обусловлена многообещающими прогнозами финансовой активности кредитных организаций на банковском рынке, а также необходимостью укрепления и расширения позиций банка в секторах финансового рынка.

Учитывая масштаб и разнообразие инновационных изменений, в частности на рынке розничных банковских услуг, существенное влияние степени успешности их внедрения на финансовые результаты, конкурентные позиции, репутацию банков, стратегическое управление этими процессами становится объективным необходимо, что позволяет использовать инновации как инструмент адаптации кредитных институтов к непредсказуемо меняющейся среде. В целом новая цифровая эра открывает реальные возможности – для экономики и потребителей, а также для традиционных поставщиков – стать более эффективными в своих операционных процессах и повысить показатели доходов.

Подводя итоги, можно сделать вывод, что в настоящее время банки разрабатывают и предлагают больше количество банковских продуктов и услуг физическим лицам. Важность и значимость данного рынка обусловлена тем,

что именно здесь происходит аккумуляция и перераспределение капитала. В современных условиях ключом к успешной работе банка является разработка и внедрение инновационных механизмов, направленных на создание наивысшей потребительской ценности для клиентов, позволяющих обеспечивать и поддерживать конкурентные преимущества в долгосрочной перспективе.

В заключение, рынок розничных банковских услуг продолжает сталкиваться с рядом сложных проблем, таких как: киберпреступность, усиление регулирования, недоступность финансовых услуг и тд. Чтобы добиться успеха и преодолеть возникающие сложности, розничные банки должны постоянно адаптироваться и развиваться для решения этих задач и удовлетворения меняющихся потребностей и ожиданий клиентов. Всего этого можно добиться путем внедрения различных инноваций в процесс создания банковских продуктов (услуг) а также использования инноваций в конечных продуктах.

Литература

- 1 Абаева Н.П., Хасанова Л.Т. Классификация банковских услуг // Финансы и кредит. 2011. №24 (456). URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/klassifikatsiya-bankovskih-uslug>.
- 2 Платонова Ю.Ю., Бабенко Г.В. Классификация банковских продуктов и услуг // Colloquium-journal. – Голопристанський міськрайонний центр зайнятості, 2020. – №. 12 (64). – С. 148-154.
- 3 Виноградова Е.П. Влияние глобализации на инновационное развитие в банковском секторе. – URL: http://www.econ.msu.ru/cmt2/lib/a/1158/file/vinogradova_13.pdf.
- 4 Официальный сайт Kaspi.kz. – URL: <https://kaspi.kz/>.
- 5 Цифровая ипотека от Freedom Finance Bank. Впервые в Казахстане – впервые в мире. – URL: <https://plusworld.ru/journal/2022/plus-3-2022/tsifrovaya-ipoteka-ot-freedom-finance-bank-vpervye-v-kazahstane-vpervye-v-mire/>.
- 6 Цифровой автокредит на авто с пробегом. – URL: <https://kapital.kz/finance/106335/tsifrovoy-avtokredit-na-avto-s-probegom.html>.

**ҚОРҒАУ, ӘСКЕРИ ІС ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК
САЛАЛАРЫ**

**ЮРИСПРУДЕНЦИЯ, ВОЕННОЕ ДЕЛО И
БЕЗОПАСНОСТЬ**

**LAW ENFORCEMENT, MILITARY AND
SECURITY**

ҒТАМР 10.87.17

ҚАЗАҚСТАН ЖӘНЕ ТҮРКИЯ РЕСПУБЛИКАСЫНДА ОМБУДСМЕН (АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛ) ИНСТИТУТЫ

А.Б. Аширбекова

Докторант, Х.А. Ясауи атындағы ХҚТУ, Түркістан қ.

Қазақстан Республикасы халықаралық аренда тәуелсіз мемлекет болып танылған сәттен бері адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау және оған кепіл болу мақсатында қыруар жұмыстар атқарып келуде. Қазақ елінің тәуелсіздігін алғаш мойындаған мемлекет болып – Түркия Республикасы болып табылады. Екі бауырлас елдің құқықтық жүйесінде омбудсмен (Адам құқықтары жөніндегі Уәкіл) институтының мәртебесі Конституцияда бекітілген. Дегенмен, омбудсмен (Адам құқықтары жөніндегі Уәкіл) институтының екі мемлекетте де қалыптасу процесі оңай болмағаны мәлім.

Жалпы мақалада, омбудсмен (Адам құқықтары жөніндегі Уәкіл) институтының Қазақстан мен Түркия мемлекеттерінде даму кезеңдері және бұл құрылымның қоғам үшін атқаратын ролі айқындалады. Сонымен қатар, Қазақстан мен Түркия Республикасында қазіргі таңда омбудсменнің (Адам құқықтары жөніндегі Уәкіл) құқықтық мәртебесі мен құзыретіне тоқтала отырып, атқарылған жұмыс нәтижелері ұсынылады.

Түйін сөздер: омбудсмен институты, адам құқықтары жөніндегі уәкіл, адам және азаматтардың құқықтары мен бостандықтары, құқықтық мәртебе, құзырет.

Әрбір тәуелсіз мемлекеттің демократиялық-құқықтық мемлекет ретінде қалыптасқан деңгейі – адам және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының қорғау механизмінің дамығандығы болып табылады. Демократиялық дамудың басты шарттарының бірі – құқықтары мен бостандықтар институтының қызметі. Оның жұмыс істеу қабілеті мен заң шығару кеңістігі – демократиялық мемлекеттің өмір сүруінің негізі болып табылады [1]. 2022 жылы Қазақстан демократиялық даумының жаңа кезеңіне аяқ басып, саяси жүйенің негізгі бағыттары бойынша заңнаманы жетілдіру шараларын қабылдады. Соның бірі 2022 жылы референдумда қабылдаған

Қазақстан Республикасының Конституциясына Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің мәртебесін бекіткен өзгертулер (83-1 бап) болды [2]. Яғни, бұл заң негізінде Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің құқықтары мен өкілеттіліктері конституциялық дәрежеде белгілене отырып, омбудсмен институтының маңыздылығын және өзектілігін көрсетіп отыр. 05 қараша 2022 жылы «Адам құқықтары жөніндегі Уәкіл» Заңы қабылданып, Уәкілдің құзырет шеңбері мен құқық қолдану аясын кеңейте түсті. Елде болып жатқан бұл реформалар қоғамның, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау және қамтамасыз ету барысында жасалған қадам болып табылады. Уәкіл институты мемлекет құрылымдарының қызметін бақылайтын және белгілі бір салада адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының сақталуы мен қорғалуын қамтамасыз ететін құқықтық орган ретінде ғана емес, сондай-ақ құқықтық мәдениетті арттыру, адамдарды құқықтары мен бостандықтар мәселелері бойынша ағарту үшін, сондай-ақ азаматтық қоғамның қалыптасу процестерін ынтыландыратын орган ретінде қажет [3].

Адам құқықтарын қорғаудың ұлттық жүйелеріндегі омбудсмен институты заңның үстемдігін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. Заңның үстемдігі Тұрақты дамудың негізгі құқықтық принциптері болып табылады. Барлық азаматтардың қоғамның әл-ауқатына кепілдік беретін тең құқықтары бар. Омбудсмен институтының мәнін ашу, оның құқықтық табиғатын анықтау оның функционалдық сипаттамасынсыз мүмкін емес, бұл мемлекеттік-құқықтық даму практикасы, мемлекеттік функцияларды іске асырудың тиімділігін арттыру үшін де маңызды [4].

Материалдар мен әдістер.

Мақалада, Қазақстан Республикасының 05 қараша 2022 жылы қабылданған «Адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы» Заң және Түркия мемлекетінің 29 маусым 2012 жылғы № 6328 «Омбудсмен туралы» Заңы негізге алынған. Сонымен қатар екі елдің омбудсмендерінің жыл сайынғы баяндамалары зерделенеді. Тақырыпты ғылыми талдау ретінде, салыстырмалы талдау, статистикалық талдау, теориялық құқықтық талдау тәсілдері қолданылды.

Әдебиетке шолу.

Қазақстан Республикасы егемендігін алғаннан бастап, адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау мақсатында құқық қорғау механизмін жетілдіріп келеді.

Адам құқықтар жөніндегі уәкіл дегеніміз – Қазақстан Республикасында заңнамаларына сәйкес адам құқықтарының сақталуына бақылау жасап, мемлекеттік органдар мен лауазым иелерінің адам құқықтарының бұрмалауына соқтырған іс-әрекеттеріне қатысты арыз-шағымдарды қарайтын тәуелсіз қызмет атқаратын орган [5]. Қазақстанда омбудсмен институтының қалыптасуына келетін болсақ – осы бағытта үздіксіз атқарылатын қыруар жұмыстың жемісі. Талай жылдар бойы мамандар осы құрылымның адам құқықтарын қорғаудағы маңызын анықтап, оны құрудағы әлемдік тәжірибені жинақтауға бар күшін салған. Атап айтатын болсақ, БҰҰ-ның Даму

бағдарламасы, БҰҰ адам құқықтары жөніндегі Жоғарғы Комиссарының басқармасы, Еуропа Қауіпсіздік және Үнтымақтастық жөніндегі ұйым секілді халықаралық органдарды ерекше атап өткен жөн [6].

Жалпы, Қазақ елінде омбудсмен институтының тарихы келесідей кезеңдерге бөлінеді:

– 19 қыркүйек 2002 жылы Президенттің Жарлығымен «Адам құқығы жөніндегі Уәкіл» туралы ереже қабылданған болатын [7].

– 21 желтоқсан 2021 жылы «Адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы» Заң қабылданады (күшін жойған) [8].

– 05 қараша 2022 жылы «Адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы» Конституциялық Заң қабылданады [9].

Түркия Республикасының Еуропа Бірлігіне кіру мақсатында және демократиялық принциптерінің елде етек жаюына байланысты омбудсмен институтының (Адам құқықтары жөніндегі Уәкіл институтының) қажеттілігі туындады [10]. Түрік халқының тарихына үнілетін болсақ, омбудсмен институтының қалыптасуы және қызмет жасауы, ұзақ жылдар бойы қызу талқыға түсіп, оның құзырет шеңберінің айқындауы қиынға соққан [11]. Омбудсмен институтының құрылуына басқару проблемалар сияқты әртүрлі факторлар аудит саласы, азаматтық қоғам ұйымдарының белсенді рөлі, өсуі және демократиялық сана мен жаһандану процесстері септігін тигізді [12]. 2012 жылы маңызды оқиғалар болды. Конституцияға енгізілген өзгерістерден кейін № 6328 «Омбудсмен туралы» Заңы 29 маусым 2012 жылы қабылданды. Осы заңға сәйкес омбудсмен институты Түркия Ұлы Ұлттық Мәжілісіне қарасты заңды тұлға және жеке бюджеті бар мемлекеттік құрылым болып табылады (4-бап). Омбудсмен, Президенттің жасаған әрекеттері мен қабылданған шешімдері мен сонымен қатар, Түрік Қарулы Күштердің әскери қызметкерлердің әрекеттерін қоспағанда, адам құқықтарының қағидаттарына сәйкес, жергілікті басқару органдарының барлық әрекеттері мен әрекетсіздіктеріне қатысты шағымдарды, әділеттілік шеңберінде тексеру, зерттеу және кеңес беру орган арқылы жүзеге асырады (5 бап).

М. Башимовтың пікірінше «Қазақстан Республикасында Адам құқықтары жөніндегі институтының пайда болуы қоғам мен мемлекеттің дамуы, оны демократияландыру және елде құқық қорғау жүйесін қалыптастыру себеп болды [13]. Демидов: «Омбудсменнің негізгі функциясы – адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының мемлекеттік қорғау кепілін қамтамасыз ету және мемлекеттік органдар оны құрметтеуге және сақтауы қажет», деп санайды [14]. Уәкіл институтының негізгі ерекшелігі – оның алдымен сот, прокуратура немесе өзге де мемлекеттік органдармен бәсекелеспейтін құқық қорғаудың қосымша құралы ретінде болуы. Бұл институттың мәні – мемлекеттік билік органы бола отырып, қоғам мен оның азаматтарының мүдделерін айқындаушы ретінде мемлекеттік билік органдарының қызметіне бақылау жасайтығында [15].

Конституцияның жаңа 83-1 бабының нормаларымен Уәкілдің міндеттері, тәуелсіздігі мен өкілеттіліктерін жүзеге асыру кезінде қандай да бір өзге

мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың алдында есеп бермеуінің кепілдіктері бекітілген [16]. Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардың алдында тәуелсіз болуы мен есеп бермеуінің конституциялық бекітілуі маңызды [17]. Бұл оның орбитасына енгізілген істер адам мен азаматтар құқықтарының жоғарғы басымдылығы қағидаты негізінде мүмкіндігінше объективті түрде қаралатынын көрсетеді. Сонымен қатар, адам құқықтарын дамыту және қорғау мақсатында Уәкілге адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау мәселелері бойынша заң жобаларын әзірлеу құқығы берілді [18]. Қазақстандық омбудсменнің тек азаматтардың шағымын қабылдаумен шектелмейді. Ол өз құзырындағы мәселелер бойынша азаматтардың бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қалпына келтіруге ббайланысты шараларды іске асырады. Омбудсмен тиісті мемлекеттік органдарға істі тексерудің нәтижелеріне негізделген фактілерді және ұсыныстарды енгізуге, қажет болған жағдайда Парламентке және Үкіметке елдегі адам құқықтарының сақталуы жағдайын мәлімдеуге құқылы [19].

Түркия Республикасының «Омбудсмен туралы» Заңының 7 бабына сәйкес, омбудсменнің мынандай құзыреттері белгіленген: әкімшілік органдарына тексеру жүргізу, ұсыныстар енгізу, осы Заңның орындалуы туралы ережені дайындау, жылдық есеп дайындау, күтпеген жағдайда арнайы мәселелер бойынша есеп дайындау, халыққа есеп беру туралы хабар беру және т.б. [20].

Нәтижелер мен талдау.

Төмендегі кестеде Қазақстан [21] және Түркия [22] мемлекетінде 2018-2021 жылдар аралығында омбудсменге келіп түскен арыз санының жалпы саны беріліп отыр (кесте 1). Омбудсмендердің 2021 жылғы баяндамаларына қарағанда азаматтардың омбудсменге шағымдану белсенділігі артып келеді.

Кесте 1. 2018-2021 жылдар аралығында келіп түскен арыздар саны.

Жылдар	2018	2019	2020	2021
Қазақстан	1468	1090	1201	1855
Түркия	17.585	20.968	90.209	18.843

2021 жылы арыз беру жолы ретінде екі елдің азаматтарының басым бөлігі е-өтініш және е-пошта арқылы шағымданатыны баяндамадан анықталып отыр (кесте 2).

Кесте 2. 2021 жылы азаматтардың омбудсменке арыз беру жолдарының түрлері.

Арыз беру жолы	Қазақстан	Түркия
МОЭҚАЖ орталығы	258	17
Қолма-қол	16	461
Пошта	158	3.192
Е-өтініш	443	15.158

Е-пошта	260	15
Барлығы	1855	18.843

2020 жылмен салыстырғанда 2021 жылы қазақандықтардың құқық қорғау органдарының әрекеттеріне (217%) және соттың шешімдерімен келіспеушілік арыздарының (236%), сонымен қатар қылмыстық–атқару жүйесіндегі әрекеттерге (288%) артқаны байқалады.

2021 жылы омбудсменнің баяндамасына сүйенетін болсақ, түрік азаматтардың 20,36% қоғамдық қызметкерлердің әрекетіне, 19,26 % құқық қорғау және әділет органдарына, 10,95% білім беру салаларына, 10,63% жергілікті басқару органдарына шағым білдірген.

Салыстырмалы түрде, екі елдің омбудсмендерінің (Адам құқықтары жөніндегі уәкіл) қызметіне талдау жасайтын болсақ, мақсат – адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың, оларды сақтау мен құрметтеудің мемлекеттік кепілдігін қамтамасыз ету, құқықтық жағдайы – тәуелсіз, тарапсыз және мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдарға есеп бермейді. Омбудсменнің өкілеттік мерзімі Қазақстанда – 5 жыл болса, Түркияда – 4 жыл, шағым қарау мерзімі жағынан – 15 күн (Қазақстан), түрік омбудсменіне 6 ай берілген.

Омбудсмен институтының әрбір мемлекетте жұмыс жасау маңыздылығы жайлы көп ғалымдар айтып келеді. Омбудсменнің құқықтық мәртебесінің нығаюы мен құзырет шеңберінің кеңеюі де сол елдің құқықтық жүйесіндегі ролін анықтайды. 2023 жылдан бастап қазақстандық омбудсмендерге «Адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы» Конституциялық Заңының 7 бабының 15 тармақшасына сәйкес, «адамның және азаматтың Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген құқықтары мен бостандықтарын қозғайтын нормативтік құқықтық актілердің Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігі мәселесі бойынша Қазақстан Республикасының Конституциялық Сотына жүгіне алатындығы», көзделген. Яғни, омбудсмен өзінің құзыреті шеңберінде, адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына нұсқан келтірілетін құқықтық нормаларға тікелей Конституциялық сотқа шағымдану құқығы беріліп отыр. Бұл норма омбудсмен институтының мемлекеттік құқықтық жүйесіндегі ролін күшейтіп отыр.

Жалпы алғанда, омбудсмен институты азаматтардың мемлекеттік билікке сеніммен қарауға және мемлекеттік органдардың әрекеттерінің заңдылығына күмән келтірген жағдайда құқықтары мен бостандықтарының заң талабына сай қорғалуын қамтамасыз ететін құрылым деп болып табылады.

Қорытынды. Қазақстанда адам құқықтары жөніндегі уәкіл қызметі белгіленіп, оның жұмысқа жасап келе жатқанына біршама жылдар болды. Бірақ қазақстандықтар үшін Омбудсмен (Адам құқықтары жөніндегі уәкіл) сөзі әзірге түсініксіздеу естіледі. Азаматтар әлі де болса Омбудсменнің немен шұғылданатыны туралы жеткілікті біле бермейді. Сол себептен қоғам арасында омбудсмен институтының мақсаты мен қызметін жетік түрде насихаттау, яғни бұқаралық ақпарат құралдарымен тығыз жұмыс жасаудың маңыздылығы

ерекше. Елімізде орны алған конституциялық реформалардың басты міндеті – қоғам, халық пен азаматтардың әл-ауқатын арттыру және олардың құқықтарының қорғалуын мемлекет тарапынан кепілге алу болып табылады. Осының дәлелі ретінде 5 қараша 2022 жылы қабылданған «Адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы» Конституциялық Заңның қабылдануы. Қазақстан Республикасы халықаралық құқық қорғау стандарттарына лайық дәрежеде азаматтарының құқықтарына кепіл болуы мақсатында біршама жұмыстар атқарып келе жатыр. Дегенмен, заман талабына сай болу заң нормаларын ары қарай халық игілігі үшін жетілдіру шетел мемлекеттерінің тәжірибелерін зерттеу арқылы жүзеге асырылады. Осы мақсатта, 30 қараша 2022 жылы Қазақстан мен Түркия мемлекеттері Адам құқықтары жөніндегі уәкіл арасында «Ынтымақтастық және өзара іс-қимыл туралы» Меморандумға қол қойды. Жалпы мақсат – тараптар екі елдің аумағында азаматтардың бұзылған құқықтары жайлы мәліметтерді хабарлау және көмек көрсету, тәжірибе алмасу болып табылады [23]. Қорыта келгенде, омбудсмен (Адам құқықтары жөніндегі уәкіл) қоғамдық қажеттіліктен туындап отырған феномен деп айтуға болады. Яғни, мемлекет пен жеке тұлғалардың арасында делдал қызметін атқара отырып, елімізде орын алуы мүмкін қақтығыстарды тойтару мен жеке мүдделерді қорғау мақсатында атқаратын жұмысы орасан зор.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

- 1 <https://baq.kz/adam-quyqtary-zhonindegi-uakil-martebesin-konstitutsiyalyq-bekitu-uaqyt-talaby-291189/>.
- 2 <https://egemen.kz/article/327205-adam-quyqtary-dgonindegi-uakil-turaly-zanh-qabyldandy>.
- 3 Қаржаубаев С.С. Қазақстандағы адам құқықтары жөніндегі уәкіл институтын жетілдіру туралы // Вестник Институт Законодательства и Правовой Информации РК. – 2022, № 3.70.
- 4 Sarybayev K.E., Lakbaev K.S., Suleimanov A.F., Jiyembaev R.K., Rysmagambetova G.M. Control and supervisory function of the National Ombudsman in the activities of law enforcement agencies aimed to ensure the well-being of society (2021) Rivista di Studi sulla Sostenibilita, (2). – P. 155-169.
- 5 Қаржасова Г.Б. Адам құқығы жөніндегі уәкіл институты // Қазақстан Республикасы Заңнама институтының жаршысы. – 2015, № 3(39). – 32 б.
- 6 <https://malimetter.kz/kazakstan-respublikasyndagy-adam-kukykytry-zhonindegi-uakil-institutynyn-kalyptasuy-zhane-onyn-azamattardyn-kukyktaryn-korgaudagy-rol/>.
- 7 ҚР Президентінің 2002 жылғы № 947 Жарлығымен бекітілген «Адам құқықтары жөніндегі Уәкіл туралы» Ереже // САПП РК. 2002, № 322.
- 8 ҚР Заңы 29 желтоқсан 2021 жылғы. 90-VII ҚРЗ.
- 9 ҚР 05 қараша 2022 жылғы. № 154-VII. Конституциялық Заңы.

10 Ramazan Ş. Ombudsman Kurumu ve Türkyede Kurulmasının Türkiyenin Demokrasileşmesi ve Avrupa Birliđi Üzerine Etkileri // Türk Idare Dergisi. 2000. № 468. – 131-158 p.

11 Ođuşgil V.A. Avrupa Birliđi Yolunda Türkiye İnsan Hakları Krumunun Birleşmiş Milletler Paris Prensipleri Işığında Deđerlendirilmesi. Bilig: Türk Dünya Soayal Bilimler Dergisi. Yaz / 2015. Ankara. Sayı 74. – P.176.

12 Karasoy A.H. Ombudsman in Turkey: Its contributions and criticism//European Scientific Journal. August.2015. vol 11. № 22.

13 Башимов М.С. Институт омбудсмена как инструмент защиты прав и свобод человека // Вестник КазНУ. Серия международное отношения и международное право. 2006, № 2,– С. 105.

14 Демидов М.В. Понятие института Уполномоченного по правам человека и его место в правозащитном механизме государства // Вестник Российского Университета Кооперации. 2019, №1(35). – С. 114.

15 Қаржасова Г.Б. Адам құқықығы жөніндегі уәкіл институты // Қазақстан Республикасы Заңнама институтының жаршысы, 2015. № 3(39). – 32 б.

16 https://www.inform.kz/kz/adam-kukyktary-zhonindegi-uakil-turaly-zan-kabyldandy_a3997251.

17 Шакиров А.О. Деятельность уполномоченного по правам человека в Республике Казахстан: возможности совершенствования на основе применения зарубежного опыта // Право и государство. – 2021, № 4(73).

18 <https://kaz.zakon.kz/6015364-senatta-adam-kukyktary-zhonindegi-ukil-turaly-zan-kabyldandy.html>.

19 Адилханова А.Б. Қазақстандық Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің қызметі және оны ұйымдастырудың құқықтық негіздері // Қаз ҰУ, Заң сериясы. – 2009, № 2(50). – 76 б.

20 № 6328 KAMU DENETÇİLİĞİ KURUMU KANUNU. Tarih: 29/6/2012 Sayı: 28338.

21 <https://www.gov.kz/memleket/entities/ombudsman/documents/details/298052?directionId=13134&lang=ru>.

22 https://paylasim.ombudsman.gov.tr/dokuman/documentuploads/2021_yili_yillik_rapor/mobile/index.html.

23 <https://www.gov.kz/memleket/entities/ombudsman/press/news/details/466936?lang=kk>.

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ
ЕСТЕСТВЕННЫЕ НАУКИ
NATURAL SCIENCE

ҒТАМР 34.01.45

БИОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДЕ БІЛІМГЕРЛЕРДІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМУЫ

Н.Н. Салыбекова

PhD-доктор, Қожа Ахмет Ясауи атындағы ХҚТУ, Түркістан қ.

Э. Қанатқызы

Магистрант, Қожа Ахмет Ясауи атындағы ХҚТУ, Түркістан қ.

Бұл мақалада биологиялық білім беруде білімгерлердің шығармашылық қабілетін дамыту жолдары қарастырылған. Қазіргі жағдайда білім беру жүйесінде мұғалім мен білімгерлерге шығармашылық бағытта жұмыс істеу қалыптасуда, себебі білімгер өзіндік ізденіс арқылы білім алуда. Ал мұғалім білімгерлердің шығармашылық қабілеттерін дамыту отырып, сапалы білім үйрене алуына, дағдыға айналуына жағдай жасауға ықпал жасайды.

Мақалада зерттеудің негізгі мақсаты білімгерлердің шығармашылық қабілеттерін биологиялық білім беруде жаңа технологиялық, инновациялық технологиялық, теориялық әдіс-тәсілдер қолдану арқылы білім сапасын арттыру болып табылады. Зерттеу жұмысы М.Пошанов атындағы №21 жалпы орта мектебінің 7 сынып білімгерлеріне жүргізілді. Білімгерлердің білім деңгейін анықтау үшін эмпирикалық әдіс ретінде сауалнама қолданылды. Бұл әдістерді биологиялық білім беруде пайдалану білімгерлердің оқу деңгейін және шығармашылық қабілетін, танымдық белсенділігін дамытуға үшін маңызды. Білімгерлердің шығармашылық қабілеті мен оқу қабілеттерінің арақатынасын көрсетуге, теория мен практиканы біріктіре алуына, оқу ортасының шығармашылықтың көрінуіне қалай ықпал ететінін көрсетілді. Шығармашылықты жаңа және пайдалы идеяларды тұжырымдау болғандықтан, оны білім беру саласында білімгерлерге өз мәселесін шешуге көмектесу үшін қолдануға болатындығы анықталды.

Түйін сөздер: шығармашылық қабілет, шығармашылық ойлау, креативтілік, білім беру, шығармашылық тапсырмалар.

Қазіргі жаһандану заманында қоғамға дарынды, шығармашыл, талантты білімгерлер қажет. Егеменді еліміздің алдында тұрған міндеттерінің бірі өркениетті елдер қатарына қосылу болса, ал өркениетке жетуде шығармашыл тұлғалардың алатын орны ерекше. Білімгердің жеке тұлғасын қалыптастыру, оның рухани әлемін дамыту жаңа заманның негізгі мәселелердің бірі.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ. Тоқаевтың: Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі жолдауында білім беру жүйесінің сапасын жақсару бағытына тоқталды, оның ішінде ең бастысы білімгерлердің қабілетін айқындап, кәсіби бағыт-бағдар саясатына көшуіміз қажеттілігін, жас ұрпақтың шығармашылық үдерісіне аса назар аударуын, дарынды баланың қабілетін дамыту жолдарын дұрыс арнаға бағыттау маңыздылығын ерекше атап өтті [1]. Қоғамдық дамудың қазіргі үрдісінде шығармашыл адамдарға деген қажеттілігі қанағаттандыру талабы білім беру жүйесінің алдына білімгердің жеке қабілеті мен әлеуметтік белсенділігінің дамуына жол ашу, танымдық қызметінде алынған білімді орынды пайдалана білетін, шығармашылық қабілеті зор, білімді тұлғаны қалыптастыру міндетін қойып отыр.

Бұл міндеттерді жүзеге асыру еліміздегі оқу үдерісінің жаңа әдіснамалық негізінде талап етуде. Демек жаңа әдіснамалық жүйе дәстүрлі оқу үдерісінің өзгертуді қажет етуде, білім беруде білімгерлердің шығармашылығын дамытып, білім саласын ұлттық негізде берілуін жаңа өркениеттілік бағдар тұрғысынан қарастырады. Сондықтанда еліміздің алға қарай дамуын қамтамасыз ететін білім саласы болғандықтан, дайын білімді қайталайтын ғана емес, шығармашылық бағытта жұмыс істейтін алатын, тың жаңалықты аша алатын ойлау қабілетімен ерекшеленетін білімгерлерді қалыптастыру керек. Әрине, бұл жеке тұлғаның креативтілігін қалыптастыру мен арттыру маңызды мәселе екендікін дәлелдейді.

Шығармашылық термині анықтамасы көптеген педагог ғалымдардың еңбектерінде кездеседі. С.Л. Рубинштейн пікірінше, шығармашылық жаңа материалдық және әлеуметтік құнды өнім дайындалатын іс әрекет нәтижесі, өзінің шығармашылық шығарылымдарында көрініп қана қоймай, сонымен бірге анықталады және бұл принциптің педагогикалық маңыздылығын бірнеше рет атап көрсеткен [2].

И.Я. Лернер: Шығармашылықты үйретуге болады және керек! – деп жазды. Оның пайымдауынша, шығармашылық ойлау барысында білім алушылар бұрын үйренген іс-әрекет тәсілдерін туындаған мәселеге қатысты жаңасына біріктіре алады [3].

Е.Л. Яковлева шығармашылықты адамның өзінің даралығын жүзеге асыруы, яғни шығармашылық қабілеті әр тұлға бойында туа біткен әлеуеті ретінде және ерекше нәтижелерлерге қол жеткізе алатындығын анықтайды деп атап өтті [4].

Е. Торренс креативтілік инсайтпен байланысты ең жоғары ойлау процесі шешілетін мәселемен жаңа ассоциацияларды біріктіретін айқын болжам екеніндігін, креативтілік адамға идеяларды ұсынуға көмектесетін қабілет ретінде жалпы ақыл-ой дарындылығының құрамдас бөлігі деп атап көрсетті [5].

Баланың шығармашылық қабілеттерін қалыптастыруда шығармашылық қиялды дамыту болып табылады. Қиял бұл барлық шығармашылық қабілеттің негізі болып табылады. Ол балаға ойлау инерциясынан арылуға

көмектеседі, есте сақтау көрінісін жетілдіреді, осылайша жаңасын жасауды қамтамасыз етеді [6].

Сонымен, шығармашылық – бұл дәстүрлі немесе жалпы қабылданған ойлау үлгілерінен ауытқып, дарындылық құрылымына түбегейлі жаңа идеяларды зерттеуге дайын болуымен сипатталатын жеке тұлғаның қабілеті.

Білімгерге биология сабағында шығармашылық қабілеттерін жетілдіру маңызы: білімгерлерге шығармашылық ойлауға дағдыланады, ақыл-ой қабілетін, қиялын жетілдіреді, ізденімпаздыққа, әрбір нәрсеге сыни көзбен қарауға үйренеді, өз бетінше жұмыс жасауға баулу болып табылады.

Шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру кезінде білімгерлердің білімі мен дағдыларына келесі талаптар қойылады:

- бағдарлама материалын қаншалықты игерді;
- тақырып бойынша негізгі ұғымдар мен ережелерді меңгеру;
- тақырып бойынша тапсырмаларды өз бетінше орындай білу;
- зерттелетін тақырыптардың негізгі мәселелерін түсіну;
- тапсырмаларды орындау кезінде оқу құралдары мен жабдықтарды ақпараттық технологияларды пайдалана білу;
- өз қабілеттерін көрсете алуы және дамыта білу;
- тақырып бойынша мақсат қоя білу, жоспар құра білуі және нәтижелерді бағалай білу;
- тақырыптарды зерттеу кезінде өз көзқарасын дәлелдей білу, өз нұсқаларына ұсына білу және тағы басқа.

Бұл талаптар мұғалімге білімгерлердің қызығушылықтарын олардың оқу әрекеттерін, жеке тұлғаларды білуге мүмкіндік береді [7].

Білім беруде білімгерлердің шығармашылық іс-әрекетін қалыптастыру шарттары, ең алдымен, осы жағдайлардың пайда болу, іске асыру және даму процесін білдіреді. Олар мыналардан тұрады:

- білімгерлер өздерінің шығармашылық іс-әрекеттерін қалыптастыру кезінде білім, дағдылар мен құзіреттерді білуі керек;
- шығармашылық белсенділік теориялық білім мен практиканың арақатынасында қалыптастыру;
- шығармашылық қызметті қалыптастыру үшін эвристикалық проблемалық жағдайлар жасау;
- білімгерлердің шығармашылық қызметін технологиялық тәсіл қалыптастыру [8].

Мұғалім білімгерлерге шығармашылығын баулу үшін бағыт бағдар беруде алға қойған мақсат ретінде төмендегілерді ескеру қажет:

- жан-жақты, түсінігі мол, өзін-өзі басқаруға қабілетті тұлғаны қалыптастыру;
- биология сабағында білімгерлердің қабілетін арттыру және дамытудың тиімді әдісін қалыптастыра білу;
- ойын ашып айтуда тіл шеберлігіне мән беру;
- орындалатын міндеттердің мәні мен маңыздылығын анықтау;

- қосымша оқулықтарды оқып, білімділігін толықтыру;
- үй жұмысын беруде білімгерлердің бейімділігін ескеру [9].

Шығармашылық қабілеттерді өмірді жақсарту мақсатында жаңа қызықты идеяларды жасау үшін ғана емес, сонымен қатар өзін өзі жетілдіру және жалпы тұлғалық даму үшін де пайдалануға болады. Шығармашылық белсенділік үлкен еңбекті, табандылық пен қызығушылықты қажетт етеді. Білім беру жүйесінде білімгердің бастамашылдық, жаңашылдық, шығармашыл, ұтқырлық, икемділік, сындарлылық сияқты жаңа қасиеттерін қалыптастыруы керек [10].

Шығармашылық тұлға дамуының қажетті шарты, ол жаңа идеялардың, өнімдердің пайда болуына және мәдениеттің бұрыннан бар нысандарында жаңа нәрсені ашуға әкелетін әрекет. Шығармашылық үдерісін жеке тұлғаның танымдық белсенділік қабілеттерінің, оның мотивациялық және құндылық қатысуынсыз жүзеге асыру мүмкін емес.

Зерттеу барысында мынадай әдістер қолданылды: жаңа технологиялық электронды оқулықтар арқылы жүргізу, теориялық, эмпирикалық әдістер. Инновациялық технологияларды қолдана отырып биологиялық білім беру шығармашылық қабілеттерін дамыту мен білім сапасын арттыру мақсатында «коллаж әңгіме», «кластер» әдісін қолданылды. Коллаж әңгіме әдісімен жұмыс істей отырып білімгерлер жүйелі түрде әңгімелермен жұмыс жасай отырып, тез әрі есте жақсы сақтай алу мүмкіндігі дамиды, оқуға деген қызығушылығы мен шығармашылық шеберлігі артты. Кластер әдісі қолдана отырып, білімгерлер ақпараттар мен идеяларды жинақтап, жазбалар мен кестелер салады. Осындай кестелер жасай олардың танымдық ізденімпаздаға қалыптасады, сұрақтарды және мәселерді талдауға үйренді, шығармашылық ой өрісі артты, білімін жүйелі түрде жинақтай алды.

Теориялық әдіс білімгерлерге әдеби деректерді талдау және тұжырымдауға мүмкіндік берді. Эмпирикалық әдіс ретінде шығармашылық белсенділігін қалыптастырудың қаншалықты тиімді екенін анықтау мақсатында білімгерлерден сауалнама алынды.

Зерттеудің негізгі мақсаты мектептерде биология пәнінен білім беруде шығармашылыққа деген қызығушылығын арттыру болып табылады. Зерттеу нысаны ретінде Түркістан қаласындағы М. Пошанов атындағы №21 жалпы орта мектебінде жүргізілді. Зерттеу жұмысына 7 сынып білімгерлері алынды. Барлығы 32 білімгер қатысты. Зерттеу жұмыстары барысында сабақта білімгерлердің шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін тапсырмалар мен өзіндік жұмыс жасауға бейімдеу жүргізілді. 7 сынып білімгерлеріне Вирустар олардың құрылысындағы ерекшеліктері тақырыбында шығармашылық қабілеттің дамытуға ықпал ететін сұрақтар мен тапсырмаларға шығармашылық жұмыстар негізінде мыналар берілді:

1. Елестетіп көріңізші, сіз вирустың екі заттан ақуыз бен нуклеин қышқылынан тұратындығын білетін ғалымдарсыздар. Бұл тіршілік иесінің өмірі туралы не болжауға болады сұрағы қойылды.

2. Вирустардың пайда болуы туралы не болжауға болады? сұрағы талқыланды.

3. Табиғаттағы вирустардың рөлі тақырыбында шағын эссе жазу жұмысы берілді.

4. Вирустар таратын аурулар туралы әңгіме құрастыр тапсырмасы берілді.


5. Вирустар байланысты өлең шумақтары немесе оларға қатысты мақал мәтелдер айту.

6. Вирустар сөзіне ребустар құрастыр;

7. Вирус сөзіне сөзжұмбақ құрастыр;

8. Жасушадан тыс тіршілік формалары тақырыбында жобалық зерттеу жүргізу тапсырмалары берілді.

Сонымен қатар, білімгерлердің шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін төмендегідей тапсырмаларды түрлендіріп өту арқылы шығармашылық жұмыс жасауға бейімдей аламыз. Шығармашылық жұмыс түрлерін 1-суретте көрсетілген.



Білімгерлердің шығармашылық іс әрекетін жетілдіру бағыты үшін биологиялық білімдерін қалыптастыру компоненттерінің өзіндік танымдық белсенділік әрекеттерін деңгейін анықтау мақсатында, танымдық тапсырмаларды орындау мүмкіндіктеріне қарай олар үш деңгейден тұратын типтік сипаттаманы 1-кестеден көре аламыз:

Кесте 1. Білімгерлердің таным белсенділік әрекеттерін қалыптастыру деңгейлері.

Деңгейлер	Мотивациялық	Мазмұндық	Іс-әрекеттік
Төмен	Биологиялық білімі білу деңгейінде	Шығармашылық тапсырмаларды жасауда үлгіні қажет етеді, оны істеуге көмекті қажетсінеді	Шығармашылық тапсырмаларды орындаудан бас тартады, белсенділігі төмен
Орта	Биологиялық білімі	Шығармашылық	Шығармашылық

	қызығушылық бар, деңгейінде	жұмыстарды іске асыруда барлық уақытта бірдей талпыныс көрсете бермейді	жұмыстарды орындауда ізденіске ұмтылады
Жоғары	Биологиялық білімі толық қалыптасқан, жинақтау деңгейінде	Берілген тапсырмалардың міндеттері мен мақсатан біледі, сенімді орындай алады	Биология білімі бойынша дербес шығармашылық жұмыстарға белсене қатысады

Зерттеу барысында білімгерлердің шығармашылық тапсырмаларды орындай отырып, танымдық белсенділік деңгейі тестілеу жүргізілу арқылы анықталды. 7 сыныптан 32 білімгер қатысты. Олардың шығармашылық тапсырмаларды шешу барысында анықталды 32 білімгердің 10-ы жоғары, 14-і орта, 8і төмен танымдық белсенділік деңгейінің көрсеткіштерінің нәтижелері 2-кесте 1-диаграммада көрсетілген.

Кесте 2. Білімгерлердің танымдық белсенділігінің деңгейі.

Деңгейлер	Білімгерлер саны	Пайыздық үлесі
Төмен	8	25%
Орта	14	44%
Жоғары	10	31%




Диаграмма 1. Білімгерлердің таным белсенділік деңгейлерін диагностикалау нәтижелері.

«Берілген тапсырмаларды қайсысы шығармашылықты дамытуға көбірек пайдалы болды?» деген сұрақ қойылып, нәтижелері талданды. Алынған мәліметтерді 3-кесте көрсетілген.

Кесте 3. Тапсырмалардың орындау көрсеткіші.

	Тапсырма түрлері	%
1	Мақал–мәтелдер	10
2	Диалог құрастыру	15
3	Жобалық зерттеу жұмысы	20
4	Эссе жазу	16
5	Ребус, сөзжұмбақ	20
6	Әңгіме құрастыру	19

Жүргізілген сұрақ нәтижесінде шығармашылықты дамытуға ықпал ететін оқу іс әрекетінің ең пайдалы түрлері жобалық зерттеу жұмысы, ребус, сөзжұмбақ ойын түрлері, әңгіме құрастыру тапсырмалары екендігі анықталды. Оқу үрдісінде дәстүрлі түрде қолданылатын мақал мәтелдер, диалог құрастыру, эссе жазу білімгерлер тарапынан шығармашылықты дамыту үшін тиімсіз деп бағаланды.

Сабаққа әзірлік үстінде биологиялық білім беруде қолдануға болатын бірнеше әдіс тәсілдерді үйлестіре қолдануға болады. Яғни, жаңа технологиялардың бірі ақпараттық технологияларды кеңінен қолдану арқылы сабақтардан білімгерлер жалықпайды, әрі пәнге деген қызығушылығы, белсенділігі артты. Жаңа ақпараттық технология құралдарын сабақтарда пайдалануды электрондық оқулықтар арқылы жүзеге асыра аламыз. Электрондық оқулықтардың пайдаланудағы артықшылықтары: теориялық материалды өз бетімен оқып үйренуге, танымдық қабілетін арттыруға мүмкіндік береді, сабақта және сабақтан тыс уақытта өз бетінше әр түрлі деңгейдегі шығармашылық тапсырмалар орындауға мүмкіндік берді.

Білімгерлердің тапсырмаларға берілген жауаптарға байланысты анализ жасалынып отырылды. Білімгерлердің тапсырмалармен жұмыс жасауы арқылы ой қиялын, танымдық, ізденімпаздылық және шығармашылық қабілеттерін дамыта аламыз. Сонымен қатар, сабақтарда білімгерлердің биология пәніне деген қызығушылықтарын арттыратын шығармашылық ізденіске баулитын біршама сабақ түрлерін қолдануға болады. Атап өтсек: саясат сабағы, сыныптан тыс сабақтар, дебат сабақ, ойын-сайыс сабақ және тағы басқа сабақ түрлерін қолдана отырып, қызықты өткізуге болады. Осындай сабақтар өткізу арқылы арқылы шығармашылық қабілеттерін дамытады, мұғалімнің көмегінсіз өздері оқып, білуге ұмтылады.

Зерттеу барысында білімгерлерге ашық сұрақтардан тұратын сауалнама алынды. Биологияны оқытуда шығармашылық белсенділікті қалыптастырудың қаншалықты тиімді екенін сауалнама негізінде білу мақсатында қойылды. Білімгерлер бағалау шкаласы бойынша 1-ден 5-ке дейін таңдады. Сауалнама қорытынды орташа бағасы 4,5 көрсеткішті көрсетіп,биологиялық білім беруде шығармашылық жұмыстар арқылы білімгерлердің сабақты түсінуі үшін тиімді болды деген қорытынды жасалды.

Зерттеу жүргізу барысында биология сабағында білімгерлердің шығармашылық жұмысын меңгеру дәрежесін анықтау мақсатында «Шығармашылық тапсырмалар мен сұрақтарды орындау кезінде сізде қиындықтар туындады ма?» сұрағы қойылып, нәтижелері сараланып, талдау жасалынды. Білімгерлердің 70%-ы қиындықтар жоқ екенін, 25% біршама қиындықтар барын, 5% – жауап беруге қиналатындығын алға тартты. Алынған нәтижелерді 2-диаграммада көрсетуге болады.




Диаграмма 2. Білімгерлердің шығармашылық жұмыстар жүргізуге дайындығының көрсеткіші.

Қорытындылай келе, жаңа технологиялық әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, білім беруде теория мен практиканы ұштастыру арқылы, білімгерлердің шығармашылық қабілеттерін арттыруға болады.

Зерттеу жүргізу барысында білімгерлердің танымдық белсенділік деңгейлерін анықтау нәтижелерінде сыныптағы төмен деңгейдегі көрсеткіші 25%-дан, орта деңгейінің көрсеткіші 44%-дан, жоғары деңгейдегі белсенділік көрсеткіші 31%-дан тұратындығы дәлелденді. Биологиялық білім алуға шығармашылық қабілеттерін қалыптастырудың қаншалықты пайдалы болғандығы сауалнама ретінде алынды. Нәтижесінде білімгерлердің «өте пайдалы болды» деген кері байланыс берді.

Біздің жүргізген зерттеу жұмысымыздың мақсаты биологиялық білім беруде шығармашылық тапсырмаларды беру арқылы оқу жүйесінің тиімділігі мен білімгерлердің қызығушылығын арттыра отырып, білім сапасын көтеру болатын. Шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру тек білім сапасын

арттырып қоймайды. Сонымен қатар, білімгерлердің сабақ барысында жаңа технологияларды қолдану арқылы өздерінің қызығушылық, ізденіс деңгейлерін жетілдіріп, дамыта алады. Зерттеу жүргізу барысында шығармашылық қабілетті қалыптастырудың төмендегідей артықшылықтары байқалды:

- Өз бетінше оқуға ұмтылды;
- Креативтілік ойлауы дамыды;
- Өртүрлі ақпараттарды талдауға, қолдануға үйренді;
- Шығармашылық жұмыстарға қызығушылығы артатты;
- Теориялық алған білімді практикада қолдана алды;
- Білімін шығармашылық тұрғыда пайдалана алады.

Сонымен шығармашылық қабілетті дамыту нәтижесінде оқу процесін ұйымдастыруға, білімгерлердің биология пәніне деген қызығушылығын тудырып, білім сапасының арттыратындығына көз жеткіздік.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Тоқаев Қ. Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі. Мемлекет басшысы Қ. Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 1.09.2020. URL: www.akorda.kz.

2 Рубинштейн С.Л. Принцип творческой самодеятельности // Вопр. философии. 1989. №4. – С. 89-95.

3 Лернер И.Я. Дидактические основы методов обучения. – М.: Педагогика. 1981. – С.186.

4 Яковлева Е.Л., Фельдштейн Д.И. Психология развития творческого потенциала личности. – М.: Московский психолого-социальный институт.- 1997. – С.45.

5 Торренса С. Диагностика креативности тест Е.Торренса. Метод. руководство. СПб., 1998. – С. 20-22.

6 Тыныбаева Б.К., Амангалиева М.Ж. Оқушының шығармашылық қабілетін дамытудың маңызы // Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің Хабаршысы. 2018, №51(4). – 90-97 б.

7 Шаббазова Д.Р. Особенности развития творческой деятельности учащихся начальных классов // Вестник науки и образования. 2020, № 10(88). – С.88-90.

8 Данилина Е.К. Креативность и обучение // «Территория новых возможностей. Вестник Владивостокского государственного университета экономики и сервиса». 2015, №4. – С. 209-214.

9 Можаров М.С., Огнева А.С. Development of creative abilities of younger school students through the technology of three-dimensional modeling. Pedagogical Review. № 4(38). – P.54-67.

10 Малахова И.А. Развитие креативности учащихся и студентов как образовательная стратегия современной системы образования // International Dialogues on Education Journal. 2016, №3(3). – С.45-50.

ҒТАМР 34.05.17

БИОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДЕ ДАМЫТА ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

С. Ибадуллаева

Ғылыми жетекшісі, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда қ.

З. Саттарханова

Магистрант, Х.А. Ясауи атындағы ХҚТУ, Түркістан қ.

Мақалада биологиялық білім берудегі дамытушылық оқыту технологиясының әдіснамалық ерекшеліктері сипатталған. Пәнді оқытуды жақсарту, жақсы нәтижелерге қол жеткізу, жаңа педагогикалық әдістерді қолдану мысалдары келтірілген. Бүгінгі таңда эксперимент әдістемесін меңгеру ғылым мен технологияның көптеген салаларында маманның қажетті сапасы болып табылады.

Зерттеу жұмысында теориялық және эмпирикалық тәжірибемен салыстырмалы-статистикалық әдістер қолданылды.

Биология оқу үдерісінде 7 сынып оқушыларына «Қосмекенділер класы» тақырыбында және 6 сынып оқушыларына «Папоротниктер» тақырыбында дамыта оқыту технологиясы тәжірибе жүзінде қолданылды.

Оқытудың квест, ойын, мобильді технологиялар және дамыта оқыту әдістерін қолдана отырып, білім беруде дамыта оқыту технологиясының әдістемесін биологиялық білім беру сапасын арттыру көрсеткіштерінің оң динамикасына қол жеткізуге ықпал ететіндігін айтуға мүмкіндік беретін педагогикалық эксперименттің нәтижелерін талдау ұсынылған. Квест-технологияларды сынақтан өткізу педагогикалық процесте заманауи педагогикалық технологияларды қолданудың жоғары маңыздылығын көрсетті, бұл білім алушыларда қорытынды жасау, өз көзқарасын дәлелдеу, гипотеза жасау, жаңа білімді өз бетінше алу қабілеттерін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: әдістеме, дамытушылық оқыту, эксперимент, мобильді оқыту технологиялары; ойын технологиялары, квест технологиясы.

Қазіргі білім беру жүйесінің перспективалық бағыттарының бірі-дамыта оқыту технологиясы. Дамушы оқытуда пәндік міндеттерді біртіндеп қиындата отырып, оқушыларға қойылған мақсаттарды шешу үшін қажетті арнайы дағдылар мен білім алу міндеті қойылады. Дамытушылық оқытудың негізгі технологиялық буыны – баланың оқу процесінің саналы мақсатына сәйкес өз

қызметін реттеу қабілетіне негізделген баланың дербес оқу-танымдық қызметі. Дамытушылық оқыту оқушыны оқытудың әртүрлі формалары мен оқыту әдістерін қолдана отырып, әртүрлі іс-шараларға тарту арқылы жүзеге асырылады.

Білім беру үдерісіндегі инновациялар – бұл қолданыстағы әдістемелерді жетілдіру ғана емес, ең алдымен жас ұрпақты жаһандану мен Халықаралық ғылыми ынтымақтастықтың қазіргі әлеміндегі өмірге дайындауға мүмкіндік беретін жаңа ақпараттық-әдістемелік ресурстар мен технологияларды енгізу. Білім берудегі өзгерістер қоғамдағы өзгерістерге және гуманитарлық ғылымдарды дамытудың көптеген әдіснамалық негіздерін, соның ішінде жалпы педагогиканы, әсіресе Биологияны оқыту әдістемесін қайта қарастыруға әкеледі, ХХІ ғасырдағы тұлғаның өзгеруінің тірегі болады. негізгі дағдыларды қалыптастыру контекстінде. «ХХІ ғасырда сауатсыз адамдар оқи алмайтындар емес, оқи алмайтындар, оқи алмайтындар және қайта оқи алмайтындар болады», – деп атап өтті Э.Тофлер.

Дамытушылық оқытудың перспективалы бағыттарының бірі-білім беру процесіне интеграцияланған сыныптарды енгізу. Оқушыларда әлемнің тұтас бейнесін қалыптастырудағы және алынған ақпаратты өңдеудегі қиындықтар өсіп келе жатқан ағзаның негізгі функционалды жүйелеріне қойылатын талаптардың артуына әкеледі. Сондықтан кешенді әдістің оқушылардың психофизиологиялық мәртебесіне әсерін зерттеу маңызды, бұл баланың психикасына жеткіліксіз жүктемені болдырмайды. Баланың денсаулығын сақтау біздің мемлекетіміздің қазіргі даму кезеңіндегі мемлекеттің басым міндеті болып табылады. Интеграция процесінде оқу материалын ұсыну қарқыны артады, бұл оқушылардың назарын шоғырландырады және олардың танымдық белсенділігін ынталандырады. Оқушылардың «кішкентай», «кішкентай» нәрселерге қатынасы мәселесі шешілді және бақылау жүйесі айтарлықтай жеңілдетілді. Интеграция әлемнің ғылыми бейнесін қалыптастыруға көмектеседі.

Техникалық, әлеуметтік, мәдени және білім беру процестері мен жүйелерін цифрландыру арқылы білім беру процесін жобалаудың проблемалық-ситуациялық Стратегиясы белсенді түрде қалыптасады. Күндізгі, қашықтықтан және аралас оқыту режимдерінде оқу процесін ұйымдастырудың проблемалық-ситуациялық формасы белсенді қолданылады, онда өзгерістер кейде болжанатын оқиғалардың логикалық реттілігінен асып түсетін жағдайларға еркін бейімделетін адамның даралығы пайда болады. Білім беруді дамытудың осындай жағдайларында кейс-технологиялар, жобалық әдіс және ойын технологиялары барынша сұранысқа ие. Олар, ең алдымен, оқушылардың рефлексивті өзін-өзі тануына және өзін-өзі анықтауына ықпал етеді.

Әдістемелік бөлім. Дамыта оқытудың түбегейлі жаңа әдіснамасын құру (В.В. Давыдов, Г.П. Щедровицкий, Д.Б. Эльконин, П.Я. Галперин, Н.Ф. Талызина және т.б.) оқушылардың ойлауы мен қиялының әлеуетті мүмкіндіктерін ашу білім беру процесін жақын даму аймағына қайта бағыттауға мүмкіндік береді (В.С. Выготскийдің айтуы бойынша).

Интеграция проблемасы – мұндай сабақтардың құрылымына сәйкес келетін белгілі бір талаптарды, шеңберлерді алға тартатын әдістемелік жүйенің болмауы. Осылайша, оқу пәндерінің интеграциясы оқу жоспарын және сол арқылы бүкіл білім беру жүйесін жетілдірудің өте перспективалы құралы болып көрінеді. И. Коложвари мен Л. Сеченикова интеграцияны болашағы зор әдіс ретінде сипаттайды. Олардың пікірінше, оқушылардың санасында интеграцияның арқасында әлемнің неғұрлым белсенді және жан-жақты бейнесі қалыптасады, оқушылар өз білімдерін іс жүзінде белсенді қолданады, өйткені Білім олардың қолданбалы сипатын оңай анықтайды және мұғалім жаңа көзқараспен қарайды және оның басқа ғылымдармен қарым-қатынасын анық біле отырып, өз тақырыбын ашады.

Енді университет мұғалімінің негізгі міндеті білім алушылардың логикалық өзара байланысты және дұрыс тұжырымдалған міндеттер негізінде күрделі кәсіби мәселелерді шешудің оңтайлы әдістерін іздеу процесіне қосу болып табылады, осылайша студент жетекші емес, тәуелсіз қызметтің жетекші субъектісі ретінде әрекет етеді. Тапсырманың шарттарын қабылдай отырып, студент өзінің табысты шешімі үшін, пікірлестер ұжымын таңдау үшін жауапкершілікті де қабылдайды, бұл оның ішкі бақылау фокусын қалыптастыруға ықпал етеді, онсыз сәтті бәсекеге қабілетті кәсіби қызмет мүмкін емес.

Білім беру процесін ұйымдастырудың проблемалық-ситуациялық түрінде жүзеге асырылатын ойын технологиялары студенттердің рефлексивті және жобалық ойлау мәдениетін дамыту мақсаттары үшін де, осы қызметті мазмұнды технологиялық қамтамасыз ету үшін де тапсырмаға бағытталған бірқатар ерекшеліктерге ие. Болашақ кәсіби педагогикалық және ықтималдық сипаттағы білім беру проблемаларын анықтауға, талдауға және шешуге бағытталған білім беру ойындары, іс-шаралар көбінесе проблемалық сипаттағы оқытудың басқа белсенді әдістерімен, мысалы, проблемалық жағдайлармен бірге қолданылады. Бұл әдістер бірін-бірі толықтырады, бірақ бір-бірін алмастырмайды.

Біріншіден, проблемалық жағдай кәсіби қызметтің нақты жағдайы туралы нақты түсінік береді және студентті осындай негіздемелік жағдайда жұмыс істеуге дайындайды. Жағдайды ойын модельдеу студент үшін жағдайдың өзіне ғана емес, сонымен бірге осы жағдайда өзіне де еркін көзқарас әлеуетіне ие, бұл субъектіге шындықты және өзін осы шындықта өзгерту мақсатында оны шешу мүмкіндіктерін қайта қарастыруға мүмкіндік береді.

Екіншіден, проблемалық жағдай мен ойын білім беру процесін күшейту құралы болып табылады, бірақ мәселе болашақ мұғалімнің кәсіби және жеке стресске төзімділігін дамыту үшін жағдай жасай отырып, тапсырманы шешу жағдайына эмоционалды шиеленісті тудырады, ал ойын қарым-қатынас пен іс-әрекеттің жағымды эмоционалды жоспарына негізделген когнитивті «қысқыштарды» алып тастауға мүмкіндік береді, қиялды босатады. ойынның сюжеті әкелетін нәтиже сирек жағдайларда ғана нақты іс-әрекетте қолданылады.

Үшіншіден, жаңа зерттеу объектілерін зерттеуге арналған проблемалық іс өзінің білім жүйесіндегі «ақ дақтар» және «соқыр дақтар» субъектісінің танымы арқылы интеллект пен танымдық процестердің жақын даму аймағының ресурсын қамтиды. Ойын, керісінше, ерікті және еріксіз қиялды белсендіруге және идеалды нәтижені таза түрде, атап айтқанда алаңдамай және проблеманы шешудің өзекті мүмкіндіктерінің рефлексиясының нәтижесіне қарамастан ұсынуға мүмкіндік береді, бұл тек оқу ғана емес, сонымен қатар шешу үшін де маңызды ғылыми мәселелер болып табылады.

Төртіншіден, проблемалық жағдайда, ойын сияқты, «студенттердің ойлауы мен мінез-құлқының күшеюі» орын алады [1]. Алайда, ойын ортасында, қатысушыларға утилитарлық нәтиже алу қажеттілігі туындамаған кезде, ғылыми-зерттеу бағдарламалары бүгінгі жағдайдан бастап дамиды. Бұл ретте жаңа әдістеме игеріледі, ол нәтижемен қатар немесе одан тыс болашақта білім инженериясы және инновациялық жобаларды құру саласында қолданылады [7].

Бесіншіден, істі шешу шеңберінде субъектілердің өзара әрекеті «лауазым мен лауазым» координаттарында және белгілі бір дәрежеде— «жеке тұлға» ретінде жүреді. Бұл тұрғыда ойын технологиясы студентке әлеуметтік және кәсіби рөлдерді кеңінен қолдануға, полипозициялық тәсіл негізінде жағдайды сезінуге және бағалауға мүмкіндік береді, бұл зерттелетін объектінің рефлексиясының сапалық жағынан басқа деңгейіне және оған және өзіне деген саналы көзқарастың қалыптасуына, сондай-ақ білім беру процесінің субъектілерін олардың дүниетанымының толық көлемінде өзара тануға, түбегейлі құруға әкеледі. субъектілер арасындағы қарым-қатынастың жаңа шарттары мен тәсілдері [3, 4, 9].

Алтыншыдан, проблемалық жағдайларды шешу кезінде білім алушыларда абстрактілі-логикалық және сыни ойлау негізінде біріктірілген кәсіби есептер кешенін зерттеудің, түсіндірудің, бағалаудың және түрлендірудің алгоритмделген моделі қалыптасады. Ойын технологиялары бейнелі ойлауды дамытуға және таным процесіне сенсорлық-эмоционалды қабылдауды енгізуге, зерттеу процесінде өзінің шығармашылық қабілеттері мен дүниетанымын, педагогикалық қарым-қатынас пен іс-әрекеттің жеке стильдерін ойын процесінің жоспарына сәйкес әлемді бейнелі қабылдау негізінде жанартуға мүмкіндік береді.

Педагогикалық эксперимент Р.Исетов атындағы 20 орта мектепте 7 А (17 оқушы) және 7 Б (16 оқушы) сынып негізінде жүргізілді. Эксперимент оқушылардың әдеттегі іс-әрекетін бұзбай, бақылау топтарының қатысуымен әдеттегі білім беру процесінде жүзеге асырылды, яғни В.А. Слостенин мен И. Ф. Харламов бойынша теру бойынша табиғи түрлендіргіш болды [10; 11]. Бақылау нәтижелері бойынша эксперименттік 7 А таңдалды, өйткені бұл сыныптағы биология бойынша оқытудың тиімділігі 7 В-бақылау сыныбына қарағанда сәл төмен. Авторлар жалпы білім беру процесінде интеграцияланған сабақтар әзірлеп, өткізді. Эксперимент барысында 7 А сыныпта оқушылардың белсенділігі жоғары, қорытындылардың логикалық және дәйекті құрылысы байқалады, оқушылар нақты өмірмен байланысты және алған білімдерін

практикада қолдану мүмкіндігін дәлірек түсінеді, бұл әлемнің тұтас бейнесін қалыптастыруға, табиғаттағы, қоғамдағы және жалпы әлемдегі құбылыстар арасындағы байланысты түсінуге ықпал етеді. Нәтижесінде пәндерге үлкен қызығушылық пайда болды және бір қызмет түрін екіншісіне ауыстыру нәтижесінде сыныптағы кернеу деңгейі төмендеді. Эксперименттік 7 А сыныпта биологияны оқытудың тиімділігі 15,66%-ға артқаны атап өтілді. Бақылау класында бұл көрсеткіштердің өсуі де байқалады, бірақ ол шамалы және басқа себептерге байланысты.

Нәтижелер, талдау және талқылау. Қазіргі заманғы жоғары білім беру жүйесінде білім беру процесін ұйымдастырудың ақпараттық-білім, пәндік-мақсатты және проблемалық-ситуациялық формалары қатар өмір сүретін, олардың әрқайсысы кәсіби мәдениеттің компоненттерін қалыптастыруға қатысты тәуелсіз функцияларды орындайды. Алайда, жақында, педагогтың ақпараттық-трансляциялық функциясының маңыздылығының төмендеуіне байланысты, пәндік-мақсатты және проблемалық-ситуациялық формалар оқытудың белсенді әдістерін, атап айтқанда ойын технологияларын қолданумен байланысты, өйткені көптеген зерттеулермен дәлелденген оларды қолдану барысында болашақ мұғалімнің кәсіби мәдениетінің көрсетілген компоненттері дамиды.

Бұл міндетті ойдағыдай іске асыру үшін мұғалім сабақтарда білім берудің сапалы жаңа оқу-әдістемелік және дидактикалық қамтамасыз етілуін пайдалануы, оқушылардың қабілеттерін дамыту тәсілдерін қолдануы қажет.

«Биология» оқу пәні оқушылардың оқу іс-әрекетіне деген ынтасы мен танымдық белсенділігін дамыту тұрғысынан көрнекілік құралдарының, зертханалық практикумның және тірі табиғат объектілерін, процестерді, қоршаған табиғаттың даму динамикасы мен заңдылықтарын зерттеуге арналған экскурсиялық резервтің үлкен әлеуетіне ие. Мұның дәлелі – дамытушылық оқыту элементтерін пайдалану кезінде оқушылардың «Биология» пәніне деген танымдық қызығушылығының дамуына біздің бақылауларымыздың деректері.

Егер интеграция білім беру процесіне енгізілсе, онда оқытудың тиімділігін арттырумен қатар, бала денесінің негізгі функционалды жүйелеріне жүктеме азаяды деп саналады. Психофизиологиялық мәртебені зерттеу бұл тәуекелді теңестіруге, оқушының денсаулығын сақтауға мүмкіндік береді. Интеграция мәселелері бойынша әдеби дереккөздерді және жоғары сынып оқушыларының психофизиологиялық ерекшеліктерін зерделей отырып, біз дамыта оқытудың ерекшеліктерін ескере отырып, интеграцияланған сабақтар әзірледік және оқушылардың психо-физиологиялық жай-күйін келесі көрсеткіштер бойынша бағаладық: мазасыздық, зейіннің шоғырлануы, қарапайым қол-көз реакциясы, қозғалатын объектіге реакция.

7-сыныптағы биология сабағында «қосмекенділер класы» тақырыбын қайталау кезінде оқушыларға осы ұғымдардан топтарды жалпы белгілері бойынша бөлу ұсынылады: құрт, өкпе, Бақа, саламандр, тері, су, құрт, құрбақа, тритон, кесіртке, ағаш Бақа, қолтырауын, балық жыланы, сирена, тасбақа.

Көптеген мектеп оқушылары үш топты атады: тіршілік ету ортасы, тыныс алу мүшелері, жануарлар.

Басқалары 4 топты анықтады:

- Қоршаған орта, органдар, қосмекенділер, басқалары;
- тыныс алудың тіршілік ету ортасы жануарлар;
- құрғақ тері құрттар саламандр;
- су жеңіл балықжылқы тритон, сирена.

Кейбір оқушылар ұғымдарды 6 топқа бөлді:

- Қоршаған орта, органдар, аяқсыз, құйрықты, құйрықсыз, басқалары;
- тыныс алу ортасы, қосмекенділер;
- құрт терісі құрт, саламандр, құрбақа, кесіртке;
- су өкпе балық жыланы, жаңа қақа қолтырауын;
- сирена;
- тасбақа.

Оқушылармен бірлесе отырып, жануарлардың алтыншы тобы қосмекенділерге жатпайтынын анықтадық, бұл бүгінгі сабақта қарастырылатын бауырымен жорғалаушылар класының өкілдері.

Тиімділік:

- топтастыру әдісін қолдану оқушылардың интеллектуалдық қабілеттерін, логикалық ойлауын дамытуға ықпал етеді;
- әр оқушының табысты іс-әрекетке қанағаттануы бар (бәрі өзінше);
- оқыту сапасы артып келеді.

2. Логикалық кестелер.

Мақсаты: логикалық ойлауды, интеллектуалды қабілеттерді дамыту.

Биология сабақтарында мен логикалық ойлауға, табиғат құбылысының өзін ғана емес, оның себебін, салдарын көруге үйрететін логикалық кестелерді қолданамын. Логикалық кестелер әртүрлі құбылыстарды зерттеуде, табиғат объектілері арасындағы ұқсастық пен айырмашылықтың белгілерін табуда қолданылады.

Мысалы, «Текше» логикалық кестесінің 6 беті бар, оқушылар оны ойша лақтырып, кесте сұрақтарына жауап береді.

1. Нейронды сипаттай отырып, оның денесі мен процестері бар екенін атап өтті: дендриттер мен аксондар.

2. Оны өрмекші, дақ, теңіз жұлдызымен салыстырды.

3. Жүйке жасушаларының мембраналары арқылы берілетін электрлік сигналмен байланысты ассоциацияға ие болды.

4. Нейронның түзілуін талдай отырып, студенттер оның органикалық әлемнің ұзақ эволюциясы процесінде пайда болған жүйке тінінің негізгі бөлігі екенін атап өтті.

5. Қолдану туралы айтатын болсақ, Жігіттер нейрондардың маңыздылығын атап өтті, өйткені олар дененің сыртқы және ішкі ортасынан сигналдар алады, оларды өткізеді және өңдейді, бұл органдардың жұмысын басқару үшін қажет; нейрондарсыз, жүйке ұлпаларынсыз біздің өміріміз мүмкін емес деген қорытындыға келді.

6. Балалар нейрондардың жүйке тіндерінің құрамдас бөлігі ретіндегі маңыздылығы туралы пікір білдірді.

Тиімділік:

– логикалық кестелерді қолдану тақырыптың мәнін, құбылысты тұтастай түсінуге, зерттелетін материалда себеп-салдарлық байланыстар мен қатынастар орнатуға мүмкіндік береді;

– оқушылардың ойлауын, оқу мәселесін шешуде зейінін шоғырландыру қабілетін дамытады;

– білім алушылардың жеке қасиеттерін дамытады: мақсаттылық, ұйымшылдық, дербестік.

3. Мұғалімнің басшылығымен және білім алушылардың дербес қызметінде шығармашылық тірек конспектілерін жасау.

Мақсаты: студенттердің бағдарламалық материалды жеке қабылдауын және оны жалпыланған, қысылған түрде өзінше ұсына білуін дамыту.

Негізгі материалды бөліп көрсету, оқу материалын жүйелеу үшін мен студенттерге өз бетінше анықтамалық конспект (ОК) құруды, оған оқу материалының мазмұнын және оны ұсыну әдістерін енгізуді ұсынамын.

Шығармашылық ОК-ны студенттер өз қалауы бойынша әр түрлі нұсқада құрастырады: кесте, кесте-сурет, сурет, схема түрінде.

Шығармашылық ОК-мен жұмысты ұйымдастырудың шарттарының бірі-олардың мазмұнын талдау, ол позициядан жүзеге асырылады

– шағылысатын материал мазмұнының толықтығы,

– оның құрылымының ұтымдылығы,

– презентацияның қисындылығы, өзіндік ерекшелігі.

Тиімділік:

– балалардың өзіндік шығармашылық ойлау белсенділігін, оқушылардың аналитикалық дағдыларын дамыту;

– оқушылардың өзін-өзі көрсетуін, оқитын материалда басты нәрсені бөліп көрсетуге, шоғырландыруға және ұсынуға жеке көзқарасын қамтамасыз ету.

Шығармашылық анықтамалық конспектілерді құрастыру, топтастыру техникасын, логикалық кестелерді, оқытудың белсенді әдістерін қолдану, тұрақты және ауысымдық құрамда жұмыс істеу маған дамытушылық оқытудың негізгі принциптері мен идеяларын жүзеге асыруға көмектеседі, өйткені сабақтың дидактикалық өзегі оқушылардың өздері болып табылады, олар өздері салыстырады, жіктейді, топтайды, заңдылықтарды анықтайды, қорытынды жасайды.

Қорытынды. Зерттеу нәтижесінде биология сабақтарында жоғары сынып оқушыларының дамыта оқыту технологиясының теориялық және әдіснамалық аспектілері зерттелді. Дамыта оқыту технологиясы негізгі оқытудың белсенді әдісі болып табылады. Дамыта оқыту технологиясы негізінде дәстүрлі оқыту формасын мобильді технологияларды және эксперимент әдісін жүйелі қолданумен үйлесуімен оқытуды оңтайландыруға болады

Кез келген заманауи білім алушы үшін маңызды құзыреттердің бірі-үнемі өсіп келе жатқан ақпарат ағынында нақты бағдарлану. Тиісінше, кез келген білім беру бағдарламасы (кез келген бағыт бойынша) бойынша оқуды сәтті аяқтаған кез келген адам ақпаратқа қалай қарау керектігін, оны қайдан табуға болатындығын, оны қалай сүзу және бағалау керектігін нақты түсінуі керек. Сондай-ақ, кез келген заманауи білім алушы (барлық адамдар сияқты) үнемі даму мен жетілдіруге деген құштарлығын көрсетуі керек. Жоғарыда айтылғандардан бүгінгі таңда білім беру мекемесінің қабырғасында жүзеге асырылып жатқан білім беру процесі, ең алдымен, білім алушылардың «оқуды үйренуіне», мұны өз бетінше жасау дағдыларын жетілдіруге бағытталуы керек деп тұжырымдай аламыз. Осылайша, білім алушының өзіндік білім беру қызметін қалыптастыруға байланысты міндет жоғары өзектілікке ие болады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

- 1 Тоффлер Э. Футурошок / пер. с англ. – СПб.: Лань, 2000. – 464 с.
- 2 Методы системного педагогического исследования: учеб. пособие / под ред. Н.В. Кузьминой. – М.: Народное образование, 2002. – 207 с.
- 3 Садовский В.Н. Основание общей теории систем. – М.: Наука, 1974. – 280 с.
- 4 Саранов А.М. О методологических функциях системного подхода в педагогических исследованиях // Методологические основы построения целостного учебно-воспитательного процесса. – М., 1984. – С. 71-72.
- 5 Блауберг И.В., Юдин Э.Г. Становление и сущность системного подхода. – М.: Наука, 1973. – 271 с.
- 6 Леонтьев А.Н. Деятельность. Сознание. Личность. – М.: Политиздат, 1975. – 304 с.
- 7 Эльконин Б.Д. Действие как единица развития // Вопросы психологии. 2004. № 1. – С. 35-49.
- 8 Пасечник В.В. Компьютер на уроках биологии? // Биология: Приложение к газете «Первое сентября». 1993. № 5-6. – С. 1.
- 9 Суматохин С.В. Биологическое образование в школе цифрового века // Биология в школе. 2020. № 6. – С. 13-22.
- 10 Слостёнин В.А., Исаев И.Ф., Шиянов Е.Н. Общая педагогика: учеб. пособие для студентов высших учеб. Заведений / под ред. В.А. Слостёнина: в 2 ч. – М., 2003. – 567 с.
- 11 What Is Extinction?: A Natural and Cultural History of Last Animalsc. 1-291.

ҒТАМР 34.01.45

БИОЛОГИЯНЫ ОҚЫТУДА БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ТАБИҒАТТЫ ҚОРҒАУ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

К.А. Жумагулова

П.ғ.д доцент, Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ.

А.С. Чамен

Магистрант, Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ.

Бүгінгі таңда орын алып жатқан өркениет дамуының шарықтау кезеңінде білім берудің рөлі өлшеусіз артып келеді. Аталған процессті дамыту стратегияларын қайта қарастыру және жаңа бағдарларды іздеу, тәжірибеде қолдану әрекеттері мектеп бағдарламаларында кеңінен қолдануда. Нақты айтқанда мектеп бағдарламасына енген биология сабағының оқу-жоспарындағы табиғатты қорғау туралы ұғымдар бүгінгі мақаламызда қарастырылады.

Педагогиканың теоретиктері мен тәжірибе мамандары әлемдік педагогикалық қоғамдастықтың шоғырланған орталығы білім берудің «жаппай әрі терең» мәселелерін білім беру сапасына, оқушыны тереңдете оқыту мен дамытуға, оның ерекше идея авторы ретіндегі дара көрінісіне ауысатынын дәлелдеп отыр. Мектептегі білім беру жүйесіндегі жетекші әрі пән әрі зерттеу орындардың бірі – биологиялық факторларды негізге алуда. Биология сабағы арқылы білім беруді жанартудың басым ұстанымдарын бірнеше кезеңдерде қамтуға болады. Жиырма бірінші ғасырда биологияны оқытуда пән бойынша заманауи білім жүйесін қалыптастыруға ғана емес, сонымен қатар табиғатты байлықтар мен ұсынып отырған үлкен мүмкіндіктерді пайдалану және табиғатты қорғау саласындағы білім мен дағдыларға негізделген экологиялық этика мен экологиялық мәдениеттің нормалары, ережелерін қалыптастыруға ерекше мән берілуде. Жаңа технологиялардың арқасында соңғы жылдары оқу процесін жасанды түрде күшейту үрдісі байқалуда. Сабақтарда оқушылар антропогендік сипаттағы өзгерістер енгізе отырып, компьютерлік бағдарламалар арқылы жануарлар мен өсімдіктер әлемінің алуан түрлерімен тәжірибе негізінде танысады; теориялық тұрғыдан орын алып жатқан өзгерістерді түсінуге мүмкіндік алады, құрылған табиғи модельде көрінетін заңдылықтарды ашуға тырысады.

Түйін сөздер: педагогика, биология, табиғат, құзіреттілік, тәжірибе.

Табиғатты қорғау бағытындағы іс-шаралардың мақсаты – оқушылардың табиғатты қорғау іс-әрекетінің дағдылары мен табиғи байлықтарды игеруді

экологиялық жақтан дамыту, адам ағзасына зиянсыз әрі қалдықтарды өндіру сияқты жоспарларды өмір салтына енгізу. Табиғатты қорғау заң бойынша мектептердің қарауында болатын жазғы әрі экологиялық лагерлер жағдайында тиімді қызмет ретінде үш нысан шеңбері жүзеге асырылады. Атап айтқанда:

1. Табиғатты қорғаудың арнайы орталығына айналатын үйірмелер мен сенбіліктер ұйымдастыратын оқушылардың ортасы;
2. Мектептердің фитобары үшін дәрілік шөптерді жинау;
3. Биология, химия және география сияқты оқу пәндеріне табиғатты қорғау мәселелерін енгізу туралы ұсыныстар қабылдау.

Оқушылардың оқу зерттеулері мен кітап мазмұны табиғатты ұтымды пайдалану және қоршаған орта мониторингін ұйымдастыру мәселелерін қозғайды. Зерттеу жұмыстарын орындау барысында экологиялық лагерьлерге қатысушылар табиғаттағы заңдастырылған және бекітілген ережеге сәйкес мінез-құлық ережелерін қатаң сақтауы, табиғатты ластамауы және ережелерді бұзбауы үшін табиғатты қорғау мәселелерін қарастырады.

Дүниетаным – адамның іс-әрекетінің бағытын және оның шындыққа қатынасын анықтайтын принциптердің, көзқарастардың, құндылықтардың, идеалдар мен сенімдердің тұтас жүйесі. Дүниетаным ғылыми, философиялық, литикалық, экономикалық, құқықтық, моральдық және эстетикалық көзқарастардың, биологиялық және басқа да ұғымдардың жиынтығын білдіреді. Адамның жынысы мен қоғамдағы орны, оның қоршаған ортаға және өзіне деген қарым-қатынасының сипаттамалары биология пәнінде терең зерттеліп, жас мөлшеріне сай оқушыларға кезеңдік сипатта түсіндіріледі. Сапалық сипатта қарастырсақ дүниетаным білім негізінде қалыптасқан сенімдерді, өмірлік және ғылыми-теориялық бағдарды, көзқарастар мен құндылықтардың жүйесін, факт болған әрі дәлелденген жүйелерді түсіну тәсілдерін қамтиды. Дүниетанымды қалыптастыру – адам өмірінде жүзеге асырылатын күрделі процесс ретінде танылғанымен, мектеп кезеңінде ғылым негіздері мен қоғамдық өмір тәжірибесін игеру сапасында ерекше сипатқа ие болады. Дүниетанымның қалыптасуы бірінші кезекте мектептегі оқу пәндерінің мазмұнымен анықталады. Кіріспеге сәйкес дүниетаным, қоршаған ортаны қорғауды биологиялық факт ретінде тану теориялары шетелдік ғалымдардың, атап айтсақ:

1. Перелович Н.В, Петросова Р.А, Назаренко В.М. «Организация и оформление пришкольного участка».
2. Перелович Н.В. «Городской ландшафт и проблема подготовки специалистов дизайнеров».
3. Перелович Н.В., Чумаченко В.Г. «Социально философские аспекты современных взаимоотношений человека и природы» атты еңбектерінің негізінде тұжырымдалды.

Биология пәнінің мазмұнын зерттеу кезеңінен бастап оқушылар қоршаған ортаға, табиғатқа деген көзқарастардың ғылыми жүйесін толық танып, саналарында ғылыми дүниетанымның негіздері қаланады. Сондықтан биология мұғалімі үшін дүниетанымдық маңызы бар ғылыми білім жүйесін анықтау,

ғылыми дүниетанымды қалыптастырудың педагогикалық шарттары мен негізгі кезеңдерін зерттеу, оның қалыптасу деңгейін бағалаудың диагностикалық әдістерін білу өте маңызды.

«Биология» пәні – ғылыми білімді дамытуды, себеп-салдарлық байланыстарды, логиканы, салыстыруларды, дәлелдемелерді ашумен қатар өсімдіктер жүйесінен адам ағзасына дейінгі кезеңдерді оқытуды қатар алып жүретін үлкен курс. Табиғаттың қасиеттері туралы алынған білім оқушылардың белгілі бір идеяларды, құндылық бағдарларын және дүниетанымдық көзқарастарын түсінуге және қабылдауға ықпал етеді. Бұл оқушының іс-әрекетке деген көзқарасын білдіретін, оны өз танымдарына, идеялары мен принциптеріне сәйкес әрекет етуге итермелейтін дүниетанымның қалыптасуы, маңызды элемент саналатын оқушының гуманистік көзқарасын дамыту әрекеті ретінде әдіс болып енгізілген. Жалпы айтқанда адамға құндылық қатынасын көрсететін ең үлкен жүйе – биология пәні. Дүниетанымның қалыптасуы тек көру қасиетін игерумен ғана шектелмейді, сонымен қатар өзінің ішкі ұстанымын және нақты әлемге деген көзқарасын қалыптастырумен байланыстырылады. Аталған тұжырымдарға сәйкес «Биология» мектеп пәнінің дәстүрлі мазмұны қайта жаңартылып, дүниетанымдық сипаттағы биологиялық ұғымдарға, шығармашылық тапсырмаларға, ғаламдық мәселе тудыратын жағдайларға, дүниетанымдық-бағдарланған сұрақтарға баса назар аударылды. Ерекшелігі оқушылардың дүниетанымдық сипатқа ие білімге, бастамашылық пен шығармашылықтың көрінісіне ықпал етуінде.

6-сыныпта биологияны оқу барысында мұғалім оқушыларға табиғат туралы көзқарастар жүйесін, олардың табиғи ортаға қатынасы туралы ұғымдарды қалыптастырады. Сабақтарда, экскурсияларда, сабақтан тыс және сыныптан тыс жұмыстарда оқушыларда оқытудың барлық әдістерін қолдану кезінде әлемнің биологиялық бейнесі бала санасында көз арқылы қалыптасса, мұғалім айтқан дұрыс позиция баламен бірге өмір бойы дұрыс негіз саналады. Сол үшін биология пәнін оқытуда басты назарды мұғалімнің тәжірибесі, қоршаған орта туралы түсінігі мен алған кең спектрлі білімі маңызды болуы шарт. Организм біртұтас және тіршілік ету ортасына байланысты қарастырылса, өсімдіктердің маңыздылығы және өсімдіктер әлемінің барлық алуан түрлілігі танылады және оның даму қабілеті табиғат тұрғысынан тәжірибелік іс-сипаттарда анықталады.

Қарапайымдардан бастап сүтқоректілерге дейінгі өмір сүру жағдайларына байланысты жануарлар әлемінің алуан түрлілігі туралы зоологиялық материал 7-сынып оқушыларының кітабы негізінде тірі тіршілік иелерінің болмысы, тіршілік иелерінің ерекшеліктері, жануарлармен салыстырғандағы нәсілдік ерекшелігі, сыртқы ортаға тәуелділігі туралы түсініктерді қалыптастырады. 6-7 сынып оқушыларында нақты бейнелі ойлау басым болатыны белгілі, сол себепті олар ғылыми-зерттеу институтын тек ақыл-ой ғана емес, сонымен қатар пәндік, бейнелі талдау мен синтезді жүзеге асыруда қиындықтарға тап болады. Өтпелі кезең болғандықтан табиғат туралы

ересек пікір олар үшін маңызды әрі қызықты. Биологияның күрленетін материалдар жинағы дәл осы сыныптан басталады.

Адам физиологиясы туралы курстың материалдары 8-сыныпта тірі организмдердің қасиеттері туралы ғылыми білімді ретінде тереңдетіліп оқытылады. Бірқатар мүшелер жүйелерінің құрылымы мен қызметін зерттеу кезінде ас қорыту, қан айналымы, тыныс алу, жүйке сияқты адам ғзасындағы мүшелер жануарлармен салыстырылып, адамның эволюциялық қозғалысы туралы нақты ақпарат беріледі. Дәл осы сыныпта табиғаттың адам ағзасына берері, пайдасы, қалай табиғатты өз пайдамыз үшін, болашақ ұрпаққа жер ананы ластамай жеткізу мәселелері айтылады. Сонымен қатар биологиялық қасиеттерін ғана емес, оның әлеуметтік ерекшеліктерін де курс негізінде біледі. Жалпы биология курсының материалдары 9-11 сынып оқушыларының дүниетанымын қалыптастыру үшін маңызды.

Химия, физика, география, әлеуметтік зерттеулер сынды курстармен пәнаралық байланыстар арқылы табиғат пен қоғам туралы білім шеңберін кеңейту оқушыларға биологиялық құбылыстардың мәнін, әлемнің жалпы көрінісіндегі орнын, табиғаттың биологиялық, физикалық және химиялық құбылыстарының өзара байланысын, табиғи ғылыми және философиялық білімдердің синтезін толық білуге мүмкіндік береді.

Тұрақты даму кезінде қоршаған ортаны қорғау мәселесі бірінші орынға шығады, өйткені қазіргі уақытта оның деградациясы экономикалық және әлеуметтік даму жолында елеулі кедергі болып табылатыны туралы жеткілікті дәлелдер бар. Аталған іс-шаралардың табиғатқа әсері биосфераның жеткілікті ресурстық шикізат базасы сақталуын, адамның өмір сүру жағдайлары нашарламайды. Білім беру процесін тұрақты даму бағытына бағыттауды көздейтін білім берудегі экологиялық стратегиясын қалыптастыру жұртшылықтың хабардар болуын арттырумен және кәсіптік даярлықты көтермелеумен байланысты. Тәжірибе ретінде шетел авторлары.

1. Перелович Н.В, Чумаченко, В.Г Идеи, В.И. Вернадский «Вопросы управления процессом формирования экологической культуры».

2. Воронин Д.М. «Реализация государственной образовательной политики. Как обеспечить качество и не потерять ценностно-смысловой компонент: коллективная монография».

3. Зиамбетов В.Ю. «Историческое фехтование как эффективное средство физического и патриотического воспитания».

4. Искендерова С.М. «Экологическое образование как первичная стадия решения экологических проблем» еңбектеріне әдебиеттік шолу жасау және ҚР бекіткен оқу жоспары негізінде жазылды.

Бүгінгі таңда экологиялық білім берудің қалыптасқан жүйесін жаңғыртудың әдіснамалық негіздерін белсенді қарастыру жүргізілуде, ал бұл тұрақты даму мүддесі үшін технологиялар саласындағы теориялық әзірлемелерді іс жүзінде іске асыруға зор мүмкіндік береді. Экологиялық мәдениет– биологиялық білім жүйесін ғана емес, сонымен қатар экологиялық этика, адамгершілік құндылықтар мәселелерін, ең алдымен нақты экологиялық

мәселелерді шешуге, қоршаған ортаның жай-күйіне деген жауапкершілікке, оны қолдау қызметіне қосылуға бағытталған ойлаудың ерекше стилін қалыптастыруды қамтитын кең ұғым. Сол сияқты экологиялық мәдениеттің негізі ретінде табиғатқа дұрыс көзқарасты қалыптастыру экологиялық білім беру процесінде ғылыми білім алуға қарағанда әрдайым қолданысқа ие болуда. Экологияны қорғайтын ұйымдардың тапшылығы мектептерде оқытылатын пәндердің аздығы мен биология сабағының табиғатты қорғауға арналған нұсқасының жеткіліксіз екендігін ұғындырады. Экологиялық мәдениеттің маңызды құрамдас бөлігі адамның қоршаған ортаға қатынасын реттейтін экологиялық этика болып саналады. Оның құндылық және нормативтік мазмұны адамгершілік тәжірибе негізінде жасалады. Соңғы онжылдықта белсенді әрі тұрақты даму тұжырымдамасының философиялық, әлеуметтік-экономикалық, педагогикалық және психологиялық аспектілерін талқылау экологиялық мәдениет ұғымын тұрақты даму мәдениетіне айналдыру процесін атап өтуде. Оқушылардың экологиялық бағдарланған практика, қоғамдық пайдалы жұмыс процесіндегі қызметі білім жүйесін экологиялық мәдениетке біріктіре отыра және оқушылардың экологиялық құзыреттілігін қалыптастыруға ықпал етеді.

Қазіргі уақытта болашақ әлеуметтік дамудың міндеттерін шеше алатын тұлғаны қалыптастырудың қажетті құрамдас бөлігі табиғатқа деген жанашырлық, эмоционалды-адамгершілік және ұқыпты қарауды қалыптастыруға бағытталған экологиялық тәрбие негізінде қалыптасуда. Осылайша экологиялық білім балалық шақтан басталатын ұзақ процесс екені аңғарылады. Өйткені өмір салты, дүниетанымдық көзқарастар ерте жаста қалыптасады және жеке тұлғаның бүкіл жеке қалыптасуы барысында жалғасады.

Оқушылардың ғылыми дүниетанымын қалыптастыру бойынша биология мұғалімінің жұмысындағы маңызды кезең оқушының ғылыми дүниетанымының дамуын диагностикалау екенін анықтады, атап айтсақ:

1. ғылыми дүниетанымның қалыптасуының даму жағдайындағы өзгерістерді зерттеу және анықтау;
2. ғылыми дүниетанымның даму деңгейін зерттеу;
3. ғылыми дүниетанымның анықталған жай-күйін анықтайтын себептерді талдау;
4. тұлғаның ғылыми дүниетанымын дамыту деңгейін жетілдіру шарттарын ұсыну.

Оқушылардың көзқарасын қалыптастырудың маңызды элементі биология мұғалімінің ғылыми дүниетанымның даму деңгейінің жай-күйін, оның ішінде дағдыларды зерттеудегі диагностикалық дағдылары ретінде қалыптасады. Негізгі міндеттері:

1. диагностика міндеттерін қою;
2. оқушылардың дүниетанымының қалыптасу деңгейінің өлшемдерін, көрсеткіштерін анықтау;
3. диагностика әдістерінің жүйесін таңдап, оны жүзеге асыру;

4. оқушылардың дүниетанымын қалыптастыру мақсатында ұйымдастырылған педагогикалық өзара іс-қимылдың нәтижелілігін зерттеу.

Биология пәнін оқытуда қоршаған орта туралы ұғым қалыптастырудан бөлек оны зерттеу, ұсыныс айтып, тәжірибе жүзінде эксперименттік жұмыстар жүргізу әр мұғалім үшін маңызды. Сол себепті шетел тәжірибесіндегі 10 автордың кітаптары мен жазған ғылыми жұмыстарын кіріспе мен негізгі бөлімде келтіріп, соңғы нәтиже ретінде ҚР Конституциясындағы заңнамалармен қорытындылайық:

1. Экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және табиғи ресурстарды болашақ ұрпақтардың қажеттіліктері үшін экологиялық теңгерімді пайдалану кезінде экологиялық сипатты Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуы ретінде орнықты даму стратегиясымен бірігіп ұстану;

Қазақстан Республикасының орнықты дамуының экологиялық негіздеріне толық сипаттама беру:

1) Қоршаған ортаға антропогендік әсерді барынша азайту, қалпына келтірілмейтін табиғи ресурстарды тұтынуды қысқарту, қалдықтардың пайда болуы мен көмілу деңгейін төмендету, сондай-ақ оларды қайталама ресурстар ретінде пайдалануды ынталандыру кезінде халықтың әл-ауқаты мен өмір сүру сапасын арттырумен сипатталатын өндіріс пен тұтынудың орнықты модельдерін қалыптастыру және қолдау;

2) табиғи экологиялық жүйелердің орнықты жұмыс істеуі, биологиялық әртүрлілікті (бұдан әрі – биоәртүрлілік) сақтау және орнықты пайдалану, табиғи ортаның тозуына жол бермеу және оны жақсарту жөніндегі шараларды іске асыру, шөлейттенуге қарсы күрес;

3) климаттың өзгеруін болғызбау және климаттың өзгеруіне бейімделу, сондай-ақ жер атмосферасының озон қабатын қорғау жөніндегі шараларды жүзеге асыру арқылы климаттың өзгеру қатеріне бірігіп қолдау білдіру;

4) Жер эокжүйесінің салауатты жай-күйі мен тұтастығын сақтау, қорғау және қалпына келтіру мақсатында Қазақстан Республикасының халықаралық қолдауына ие болу;

5) Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасын халықаралық құқық қағидаттары мен нормаларымен үйлестіру және халықаралық экологиялық құқықтың дамуына жәрдемдесу;

6) Экологиялық залал не адамның өміріне және (немесе) денсаулығына зиян келтіретін кез келген қызмет түрлері мен заттарды Қазақстан Республикасына басқа мемлекеттерден және Қазақстан Республикасынан басқа мемлекеттерге көшіруді және ауыстыруды тежеу, болғызбау, сондай-ақ сақтық қағидатына сәйкес алдын алу шараларын қолдану болып табылады.

3. Экологиялық қауіпсіздік деп ұлттық қауіпсіздіктің құрамдас бөлігі ретінде адамның, қоғамның және мемлекеттің құқықтары мен өмірлік маңызды мүдделерін қоршаған ортаға антропогендік және табиғи әсерлер нәтижесінде туындайтын қауіптерден қорғау жай-күйі түсініледі.

1. Ауыл мектебінің орта буын оқушыларының табиғатты қорғау құзыретінің мазмұны мен құрылымы ашылды. Бұл тұжырымдаманың авторлық

түсіндірмесі жаратылыстану және экологиялық-құқықтық білімнің жиынтығы ретінде негізделген (адам мен табиғат қатынастарын құқықтық реттеу, ауылшаруашылық өндірісі жағдайында қоршаған ортаның сапасын қамтамасыз ету), адамгершілік принциптері, руханилығы, азаматтығы, экологиялық бағыттағы ойлау қабілеттері және жалпы ауыл шаруашылығы объектілеріне және ауыл шаруашылығы өндірісіне қатысты табиғатты қорғау қызметін жүзеге асыру. Ауыл мектебінің орта буын оқушыларының табиғатты қорғау құзыреттілігін қалыптастыруда оқу және сабақтан тыс іс-әрекеттерді біріктірудің педагогикалық әлеуеті анықталды, ал бұл табиғатты қорғау саласындағы қосымша сабақтан тыс білім берудің педагогикалық процесінің мазмұнына енгізуді көздейді, оқушылардың жеке тұлғаның адамгершілік қасиеттерін тәрбиелеумен және еңбек табиғатты қорғау қызметімен ұштастыра отырып, жаратылыстану және экологиялық құқықтық білімді саналы түрде игеруіне барынша ықпал етеді. Экологиялық құзыреттілік құрылымында экологиялық бағыттағы ойлау қабілеттерін қалыптастыру принциптері анықталды. Атап айтсақ: мектепте қолданылатын жаратылыстану ғылымдарының логикасы мен әдістерін дидактикалық түсіндіру; мектеп оқушыларының экологиялық ұғымдар жүйесін игерудің психологиялық заңдылықтарын ескере отырып, адамгершілік және экологиялық құқықтық табиғатты пайдалану; өз аймағының табиғатын зерттеу және қорғау бойынша белсенді еңбек қызметін насихаттау.

4. Ауыл мектебінің орта буын оқушыларында оқу және оқудан тыс қызметтің бірлігінде табиғатты қорғау құзыреттілігін тиімді қалыптастырудың педагогикалық шарттары әзірленді және негізделді:

1. жүйелі және кешенді тәсілдер негізінде оқушылардың оқу, ойын, еңбек, қоғамдық табиғат қорғау қызметін интеграциялау;

2. оқушылардың табиғат қорғау қызметінің зерттеу бағыты мен рефлексивті сипатын күшейту;

3. практикалық табиғат қорғау істері кешендерін әзірлеу кезінде оқушылардың жас ерекшеліктерін есепке алу;

4. мектеп мұғалімдері мен балаларға қосымша білім беру мекемелері педагогтерінің бірлескен әдістемелік және білім беру қызметін ұйымдастыру.

5. Ауыл мектебінің орта буын оқушыларының оқу және оқудан тыс қызметтің бірлігінде табиғатты қорғау құзыреттілігін қалыптастыру моделі әзірленді және теориялық тұрғыдан негізделген. Орта буын оқушыларының табиғатты қорғау құзыреттілігін қалыптастыру процесінде кіші жүйелердің (оқу және оқудан тыс) өзара іс-қимыл арнасы биология, география, химия, табиғатты қорғау және экологиялық-құқықтық бағытты таңдау курстарын зерттеу барысында жаратылыстану білімі негізінде үздіксіз экологиялық білім беру болып табылады. Сабақтан тыс ішкі жүйеде сынып жетекшісінің жетекшілігімен сабақтан тыс уақытта оқушылардың қызметі (рөлдік дидактикалық ойындар, баспасөз конференциялары, олимпиадалар, табиғатты қорғау бағытындағы газеттер және т.б.), қосымша білім беру қызметі (секциялар, үйірмелер (мектеп орманшылығы) театр студиялары) және

қоршаған ортаны қорғау жөніндегі қоғамдық іс-шараларға қатысу әр бала үшін маңызды екенін осы тұста естен шығармаған дұрыс.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

- 1 01004585564.pdf.
- 2 rol-obscheobrazovatelnyh-shkol-v-organizatsii-dopolnitelnogo-ekologicheskogo-obrazovaniya-uchaschihsya-na-primere-shkol-respubliki-sahayakutii.pdf.
- 3 pedagogicheskie-usloviya-formirovaniya-nauchnogo-mirovozzreniya-uchaschihsya-pri-obuchenii-biologii.pdf.
- 4 01003312221.pdf.
- 5 szt_4_2021.pdf.
- 6 Сборник-Казначеевские-чтения-ноябрь-2018-финал.pdf.
- 7 innovatsionnye-vozmozhnosti-ekologicheskogo-obrazovaniya-v-interesah-ustoychivogo-razvitiya.pdf.
- 8 <http://www.dslib.net/obw-pedagogika/formirovanie-prirodoohrannoj-kompetencii-u-uchawihsj-srednego-zvena-selskoj-shkoly.html>.

ҒТАМР 34.01.45

ЖОБА ӘДІСІН БИОЛОГИЯ САБАҒЫНДА ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

С.Ж. Ибадуллаева

Ғылыми жетекші, б.ғ.д, профессор, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда қ.

Л.И. Марип

Магистрант, Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ, Түркістан қ.

Бұл мақалада мектептегі биологиялық білім беру процесіндегі жоба әдісін қолданудың ерекшеліктері қарастырылған.

Қазіргі таңда мұғалім білім алушылардың заманауи көзқарасын есепке ала отырып, білім алушылардың биология сабағына деген қызығушылығын арттыру мақсатында жоба әдісін қолдану арқылы оқушылардың танымдық, білімдік, шығармашылық, алған білімдерін өз бетінше жинақтау, сыни тұрғыдан ойлауын дамытуды мақсат тұтып отыр. Мақалада жоба және жоба әдісіне жалпы сипаттама берілген. Жоба әдісін қолдану барысында У.Килпатриктің және де Э. Коллингстің тәжірибелік жұмыстарына сүйене отырып жасалынды.

7-8 сынып оқушыларының қатысуымен сынып ішінде «Иммунитет. Иммунитеттің түрлері: туа пайда болған және жүре пайда болған иммунитет» тақырыбында сабақ және сабақтан тыс болған уақытта оқушылармен «Өңірімізді қыстап шығатын құстардың түрлілігі», «С дәрумені» атты тақырыптарында жоба әдісін қолдану арқылы бірнеше зерттеулер жүргізілді және нәтижелері талданды.

Түйін сөздер: білім беру, оқушылар, биология, жоба, жоба әдісі, зерттеу, тәжірибе, технология, дамыту.

Қазақстан Республикасы білім беру мен ғылымның дамуының 2020 жылдан 2025 жылдарға арнайы арналған мемлекеттік бағдарламасында «Қазақстандық білім мен ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеу және оқытуды» көздейді [1]. Мемлекетімізді дамыған өркениетті елдердің қатарына қосу үшін өсіп келе жатқан жас ұрпақты мектеп кезінен бастап жан-жақты білімді болуына үлес қосу біздің міндетіміз.

Қазақстан Республикасы Президенті Қ.К.Тоқаев өз халқына жолдауында «әлеуметтік жаңғырудың жаңа кезеңі – білім беру сапасын жақсарту,

оқушылардың білім беру қабілетін айқындап, кәсіби бағыт-бағдар беру саясатына көшуіміз керек, оқушыларды сапалы оқулықтармен қамтамасыз ету керек»– деп айтып өткен (ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жолдауы, 2019) [2].

Білім беру жолындағы дүниежүзілік білім кеңістігіне жету мақсатында іске асырылып жатқан жұмыстар мектептегі оқушылардың дербестігін, ізденушілігін, белсендігі менн шығармашылық мүмкіндіктерін жүйелеуді талап етеді.

Жоба әдісі ХІХ ғасырдың екінші жартысында АҚШ-та пайда болды. Ол «жасау құралы арқылы оқытуды» жариялаған прагматикалық теориялық тұжырымдамаларына (Дж.И.Э. Дьюи «Болашақ мектебі» – «Schools of Tomorrow», 1915) сүйенеді. Жоба әдісі У.Килпатриктің және Э.Коллингстің (АҚШ) жұмыстарында жан жақты баяндалады. У.Килпатрик жобалар әдісімен жұмыс істейтін мектептің бағдарламасын былайша белгілеп берді. «Бағдарлама бір тәжірибеден алынған мәліметтерден басқа тәжірибелердің тұтас тасқынын дамытуға және байытуға қызмет ететіндей өзара байланысқан тәжірибелердің желісі болып табылады [3]. Американдық ғалымдар Оливия Н.Сарачо және Бернард Сподек Килпатриктің жобалау әдісін бастапқы жылдары қолданды. Кейіннен бұл әдіс американдық мектептерде балаларға білім беруде қолданылды. Килпатриктің жұмысына негізделген жобалар балалардың білім беру бағдарламасының маңызды бөлігіне айналды.

Жоба әдісіне негізделген эмпирикалық, практикалық және бағытталған оқытуда Дж.Дьюи студенттер мен мұғалімдер арасындағы қарым-қатынаста және осы қатынастардың құрылымында орын алады. Әлеуметтік дамытуға қаралған мектептің өзі индустриалды мәдениет арқылы қалыптасу мүмкін. АҚШ-тағы контекстердің өсуі және білім берудегі индустриалды экономиканың қарқынды дамуы озық технологияның қолданыста болуының және инновациялық құралдарын өңдеудің арқасында. Бәсекеге қабілетті мемлекеттердің экономикалық және әлеуметтік оқыту философиясындағы өзгерістер, жоғарғы деңгейде білім беруі бағытталады.

АҚШ-та Х.Килпатрик өзінің әдісін өзі «Білім берудің субъективті философиясы» деп атады. Оқытудың объективті әдісі және осыған байланысты оның авторы өз елінде «аутсайдер» болып саналды [4]. Бұл әдістің мәні оқушылардың шынымен қалай үйренетінін түсіндіруге тырысты.

Жобалық әдістің жалпы болжамдары мен құндылықтары:

- экспериментатордың жақтауларын таңу;
- мақсатты белсенділікпен ұйымдастыру;
- тәжірибеде болжамды іс-әрекеттердің болжамды салдарын тексеру;
- мақсатты қызметін ынталандыратын жұмыс нысанын қабылдайтын ұйымдастырылған іс-қимыл жүргізу;

Оқушының көзқарасы бойынша жобалау әдісі бір-бірімен өзара әрекеттесетін төрт ережемен сипатталады:

- 1) іс-әрекеттің мақсатын анықтау;
- 2) жоспарлау;

3) белгілі бір мақсатқа жету мақсатында практикалық әрекеттерді жүзеге асыру;

4) жоба нәтижелерін бағалау;

Бұл әдістердің артықшылықтары білім беру, әлеуметтік және интеграциялық әлеует болып табылады [5]:

– білім беру қызметін жүзеге асыру мүмкіндігін қамтамасыз ету;

– сұраулы ойлауды, шығармашылық, тұжырымдамалық, аналитикалық сипаттағы қабілеттерді дамыту;

– эстетикалық сезімталдықты қалыптастыру, эмоционалды қанағаттануға қол жеткізу;

– өзінің ерекше қабілеттерін игеру;

– топтық жұмыс, ынтымақтастық және өз жұмысы үшін жауапкершілік қабілетін игеру;

– команданың нақты мүшелерінің пікірлерін ескере отырып, командалық жұмыстың маңыздылығы.

Жоба әдісі білімгерлердің белгілі бір мәселені шешуін мақсат етеді. Проблеманы шешуде студенттер белгілі бір әдіс тәсілдерді және бір тараптан түрлі пәндерден алынған білімінің интеграциясын қолдануы қажет [6].

Жоба әдісі түсінігі – ол арнайы білімге ие болуын болжап және жобалау арқылы сол проблеманың шешімін табу мақсатында студенттердің қызығушылығын арттыру, меңгерген білімін іс жүзінде пайдалана алу икемділігін, сыни ойлау қабілетін дамыту деп түсіндіріледі.

Оқудағы жоба күрделі құрылымға ие. Әрбір жобаның басы және соңы бар. Жобалардың көлемдері әр қилы. Уақыттың өлшемі бойынша жоба түрлерін оқушының күрделі материалдарды, мәліметтерді іздеуіне қарай отырып ұзақ, орта мерзім, қысқа мерзімді деп үш түрге бөлуге болады. Жұмыс барысында бұл оқыту тәсілінің бірнеше ерекшелігін айтып кетуге де болады [7]. Бірінші орында жоба әдісі арқылы белгілі бір проблеманың шешімін табуға іс-әрекет жасалады. Мәселе жоба авторы үшін белгілі сипатқа ие болуы қажет. Жоба әдісі бұл білімді және тәрбие беру дәстүрін жоспарлаудың тиімді тәсілі. Ол ауқымы және бағытына қарай үшке бөлінеді:

1. Монопәнді – бұл бір ғана пәнмен жүзеге асырылатын жоба;

2. Пәнаралық – бұл керісінше бірнеше пәндерді қолдана отырып жасалынады.

3. Пән үсті жоба – мүлдем пәндерден тыс болған жоба, мектеп пәндерінен бөлек орындалады [8].

Жобаны құруда өзінің ережелерін сақтау тиімді болып табылады. Оқытуда жобалық әдістерді дайындаудың бірнеше түрлері бар, алайда 10 этаптан тұратын нұсқасы тиімдірек болып саналады: тапсырма дайындау көзделген мақсатқа болжам, шығармашылық бағыттағы топты біріктіру, кезеңдерді қалыптастыру, аталған жобаның ұйымдастырылуына қарай соған сәйкес тапсырмаларлы тарату, нысанды белгілеу, қорытындылау, презентациялау, соңғысы рефлекс жасау. Жобаны ұйымдастыру кезінде ең маңызды бір ерекшелік ол жобалауды дәстүрінің болуы. Бұл ретте дәстүр

маңызды рөл атқарады. Дәстүрлі жоба арқылы мұғалім және оқушылар өзара қарым-қатынас жасайды, тәжірибе алмасады [9]. Ал биология пәнінде жобану пайдалану барысында жобаны сабақта яғни сыныпта бастаған жөн, оқушылар бір бөлігін сабақ кезінде, тағы бір бөлігін сабақтан мүлдем бос уақытта жүзеге асырады. Мысалыға алатын болсақ: «жобаға кіріспе» – бұл жерде сабаққа қойылған тақырып, сабақтың мақсаты және міндеті сыныпта, басқа кезеңдері, яғни әдебиеттермен жұмыс, сабақты рәсімдеу сияқты мәселелерді үйде орындаса, ал эксперимент кезеңін міндетті түрде мұғалімнің басшылығымен арнайы сыныптарда, нәтиже және қорытындыларды сыныптық сабақта жүзеге асырады. Практика және зерттеу жұмыстарын топтарға бөлініп бір-бірімен ұйымдаса отырып, жан-жақты білімдерімен алмасуға, және ар түрлі ойын түрлері арқылы сабақты қызықты етіп отыру қажет. Бұлай өткізілетін сабақ арқылы оқушының белсенділігі артып, оның дербестігін арттыруға ықпал етеді [10]. Мектептерде зертханалық сабақтарды өту кезінде жоба әдісін пайдаланып қолдану, оны ұйымдастыру оқушылардың практика және кәсіби дағдысын жетілдіруге ықпал ететіндігі, сонымен қатар биология үдерістерін жақсы меңгеруін дамуына әсер ететіндігі (Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің Хабаршысы №1(81), 2020) да дәлелденген.

Зерттеу жұмысының мақсаты: Жоба әдісін биология пәнінде пайдалану арқылы оқушылардың жаңа зерттеушілік дағдыларын қалыптастыру.

Зерттеу жұмысының міндеттері: Оқушылардың зерттеушілік қабілетін қалыптастыру үшін ғылыми тұрғыдан алатын біліміне арнайы ерекше жоба тәсілдерін қолдану.

Зерттеу бөлімі және нәтижелер. Биология бағытындағы оқытудың ұтымды тәсілі оқушылардың жоба әдісі қызметі болып табылады. Бұны түсіндірмелі иллюстрациялық әдісті пайдалануда білім алушының басты міндеті жаттықтыру тәсілімен ғана алған білімін жадында сақтау және қайта жаңарту болмаса белгілі бір іс-әрекетті игеру арқасында, ал жоба әдісін пайдалану сәтінде білімгер жай заттар мен әр түрлі құбылыстар жайлы білім алуы, өзі әзірлеген немесе ұсынылған жұмыстың құрылған жоспары барысында оны зейіндеу тәсілдерін белгілейтінімен түсіндіруге болады. Бұл мұғалім ұсынған немесе өзі әзірлеген жоспар бойынша тұжырымдалған міндеттерді шешу жолымен игеруге байланысты білім немесе іс-әрекеттерді ашады. Нәтижеде білімгерлерде оқытудың жаңа түріне деген қажеттілік туындайды. Жоба әдісін қолдану кезінде оқушылардың қызметін ғылыми тұрғыдағы білімді шығармашылық жағынан игеруге және ғылыми таным жолдарын меңгеруге бағыттаймыз. Аталған әдіс мазмұны белгілі және нақты мәселені қойып сол проблемадан шығу жолын оқушылар өз бетінше іздеп одан шығуға және шешуге бағытталады. Мәселені шешуде әрбір іздеуге аса мән беріледі. Жұмыс барысында түрлі реттегі жоба түрлерін жүзеге асырып пайдаланылды: анықтау, мақсат қою, жүзеге асыру, рөлдік ойындар, топқа бөліну арқылы жасалынатын жобалар және қысқа мерзімге бағытталған.

Жобаға биология сабағынан топшаға бөлінген Т.Айтжанов атындағы жалпы орта мектебінің 8-сынып оқушылары қатыстырылды. Сабақ топшаға бөлінген екі топқа бөліп жүргізілді.

Биология сабағында 7-ші сыныптың білім алушыларымен «Өңірімізді қыстап шығатын құстардың түрлілігі» атты сабақтан тыс уақыттағы жоба әдісі қолданылып зерттеу жұмысы жүргізілді.

Оқушыларға әр түрлі бағыттағы мини зерттеулер жүргізген қызықты болғандықтан биологиядан 8-сыныпта «Дәрумендер» деген тақырып бойынша жоба әдісі құрастырылды. Жоба мақсаты белгілі жеміс және көкөністердегі «С дәрумені».

Жобалар орындалуына қарай әр қайсының өзінің маңызды тарапы және ерекшелігі болды.

Оқушының көзқарасы бойынша жобалау әдісі бір-бірімен өзара әрекеттесетін төрт ережемен сипатталады:

- 1) іс-әрекеттің мақсатын анықтау;
- 2) жоспарлау;
- 3) белгілі бір мақсатқа жету мақсатында практикалық әрекеттерді жүзеге асыру;
- 4) жоба нәтижелерін бағалау.

«Иммунитет. Иммунитеттің түрлері: туа пайда болған және жүре пайда болған иммунитет» тақырыбындағы жалпылама жобалық сабағы (1-сурет). Жобаға биология сабағынан топшаға бөлінген Т.Айтжанов атындағы жалпы орта мектебінің 8-сынып оқушылары қатыстырылды. Сабақ топшаға бөлінген екі топқа да жүргізілді. Бірінші топқа 9 оқушы, екінші топқа 10 оқушы қатысты.

Кесте 1. «Иммунитет. Иммунитеттің түрлері: туа пайда болған және жүре пайда болған иммунитет» тақырыбындағы жалпылама жобалық сабағының барысы.

Сабақ кезеңі / Уақыты	Педагогтің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы Қызығушылықты ояту 7 мин.	(Ұ). Ұйымдастыру кезеңі: 1.Оқушылармен амандасу, түгендеу. Сынып реттілігін қадағалау. 2.Топ ережесін еске түсіреді. 3.Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыруда шаттық шеңбері жүзеге асырылады.	Шеңбер бойынмен тұрған оқушыларға тапсырма: Бір-бірімізді тыңдаймыз десек 1 рет қол шапалақтаймыз 3.Оқушыларды топтарға біріктіру. Конфеттер арқылы 2 топқа бірігеді. Оқушыларға 2 түрлі конфет	Мақсаты: Оқушылар бір-біріне тілек білдіреді, тыңдау дағдыларын дамытуға бағытталады. Тиімділігі: Оқушылар бір-біріне тілек айту арқылы жақындасады, көңіл-күйін көтереді және бауырмалдығын оятады. Саралау: Бұл	 

		таратылады. Өздерінің қалаған конфетін алып топтасады.	жерде саралаудың «Жіктеу» тәсілі көрінеді. Оқушылардың оқуға деген қызығушылығын арттыру мақсатында мүмкіндігінше оларға таңдау еркіндігі беріледі.	
Жаңа сабаққа кіріспе	(Ұ) «Миға шабуыл» әдісі арқылы өткен тақырыппен жаңа сабақты байланыстыру мақсатында ой қозғау сұрақтарын ұжымдық талқылау. Оқушыларға жалпылама төмендегі сұрақтар және жаттығу түрлері беріледі. Әр оқушы өз оймен бөліседі. Өзгенің пікірін толықтырады.	Білу және түсіну айдарындағы сұрақтарға жауап береді: 1. Иммуниеттің қандай түрлері бар? 2. Сарысуды не үшін енгізу керек түсіндіріңдер. 3. Өздеріне белгілі иммунитет түрлерін атаңдар. 3. Жасанды және табиғи иммунитет арасында қандай айырмашылық бар.	Мақсаты: Жылдам әрі функционалды түрде сыни ойлануды дамыту. Тиімділігі: оқушының танымдық дағдысы артады. Сонымен қатар оқушыға сабақтың өмірмен байланысын көрсетеді және сабақтың тақырыбы мен мақсатын анықтауға мүмкіндік береді. Саралау: Бұл жерде саралаудың «Диалог және қолдау көрсету» тәсілі көрінеді.	Қалыптастырушы бағалау: Өз ойын дұрыс мағынада білдіріп, талқылауға белсенділікпен қатысқан оқушыға «Жарайсың!» деген мадақтау сөзімен ынталандыру.
Сабақтың ортасы Мағынаны ашу. 26 мин.	Оқулықтағы жаңа сабақтың мәтінін оқуға тапсырма береді	Оқулықты оқып танысып шығады. Түйін сөздермен танысып, өз дәптерлеріне жазып алады. Оқулықтағы сызбаны сызып алады.	Дескриптор: 1. Табиғаттағы табиғи иммунитет түрлерінің маңызы туралы түсіндіреді.	Видеоролик көру
	Қолдану айдарындағы тапсырманы орындатады	1. Адам ағзасында жұқпалы аурудың бастапқы сатысы жүріп жатқан	Дескриптор: 1. Өздеріне белгілі вакцина мен сарысуға мысал келтіреді. 2. Қандай вакцина	ДК экраны 8-сынып оқулығы. Жұмыс дәптерлері.


		кезде оған не енгізу керек анықтандар. 2.Емдік вакцина қалай жұмыс істейтінің сипаттайды	енгізуге болмайды және себебін дәлелдейді.	
	Талдау айдарындағы тапсырманы орындатады	1.»Иммунитет түрлері» деген сызба сызады. 2. Табиғи жүре пайда болған иммунитеттің қалыптасу үрдісін талдайды.	Дескриптор: 1. Кестені сызады. 2. Талдау жасап айырмашылықтары н анықтайды.	ДК экраны 8-сынып оқулығы. Жұмыс дәптерлері.
Сабақтың соңы Ой толғаныс. Рефлексия 7 мин.	<p>«Бір ауыз сөз» әдісі. Мұғалім сабақты қорытындылау мақсатында оқушылардың сабаққа деген көзқарасын, рефлексиясын тыңдайды. Мақсаты: Оқушы алған білімін саралай білуге дағдыланады. Тиімділігі: Тақырып бойынша оқушылардың пікірін анықтайды. Саралау: Бұл кезеңде саралаудың «Қорытынды» тәсілі көрінеді.</p>	<p>Жеке жұмыс: Оқушылар бір ауыз сөзбен сабақ туралы өз ойларын түсіндіріп береді. Бір ауыз сөздеріне сабақты бағалайтын келесі сөздерді айтуға болады ұнады, пайдалы, қажет, білдім, үйрендім, қызықтым, ұмтылдым, есте сақтадым, жасай аламын. т.б.</p>	<p>Мұғалім оқушылардың сабаққа қатысқан белсенділігіне қарай 1-10 баллдық жүйе бойынша әр оқушының өзіне тиісті баллын қойып бағалайды. Сонымен қатар, оқушыларды ынталандыру үшін «Қошеметтеу» әдісі арқылы бағалайды.</p>	

Зерттеу сабағының әдіснамалық сипаты жоғарыдағы 1-кестеде қарастырылды. Оқушы және оқытушының іс-әрекеттері жоспары анық көрсетілген. Сабақта жоба әдісін қолдану арқылы оқушылар аталған тарауды тек қана қайталап қана қоймай, сонымен бірге білімгерлер өздерінің ой-тұжырымдарын дәлелдеуді үйренді. Теориялық білімдерін нығайтып, биология бағытындағы түсініктерін ғылыми жағынан тұжырымдап үйренді.

Биология сабағында 7-ші сыныптың білім алушыларымен «Өңірімізді қыстап шығатын құстардың түрлілігі» атты сабақтан тыс уақыттағы жоба әдісі қолданылып зерттеу жұмысы жүргізілді. Жұмыстарды талдау жобалардың көпшілігі зерттеу (24,3-65,7%), аз бөлігі – ойын (1,3-8,7%) болып табылатынын айтуға мүмкіндік берді. Ұсынылған жобаларды талдау мұғалімдер басшылығымен, оқушылардың ақпараттық, практикалық-бағытталған және пәнаралық жобаларды да атқаратынын көрсетті. Жобаға проблема ретінде ең бірінші ауа райына байланысты яғни, ауа райы төмендеп, күн суықтап кеткен кезде белгілі бір құстардың жоқ болып кетуі немесе санының төмендеуі, одан өзге әсер етуші басқа факторларға байланысты қыстап шығатын құстарды атап өтетін болсақ, қарға, торғай сауысқан және алақарға сандары бірнеше есе көбейді. Олардың санының тым көбеюі саябақтардағы сәулеттік ескерткіштерді бүлдіруіне байланысты кері әсерін тигізді. Жобаны орындау кезінде жоба жоспарына сәйкес тапсырмаларды топтағы оқушыларға мұғалім өз кеңесімен бөлісті. Қыстап шығатын құстардың тобының жиынтығының тығыздығы және биомассасы, одан қалса түрлі тіршілігіне байланысты заңдылықтары туралы әртүрлі дерек көздерін жинау, ақпарат және сипаттама беру істері атқарылды. Құстардың белгілі жерлерде таралу орындары және аймақтарын зерттеді. Аталған тақырыпқа байланысты оқушылар топқа бөлініп белгіленген жердегі қанаттылардың әр қилылығын, түр-сипатын, азығын жердегі қар астынан тауып азық етуге қаншалықты икемді екендігін көреді. Айқындау барысында құстардың тұмсықтары үшкір және мықты екендігі, ал тырнақтары өте өткір екендігімен дәлелдеуге болады.

Зерттеу кезінде нысанға алынған қарға және сауысқанның бір-біріне ұқсастығына қарап қоректі қалай аулайтындығын және бұлардың жауларын анықтау мақсатында зерттеу жұмысы жүргізілді. Құстарды екі уақытта: 9:00 және 18:00-20:00 жүргізіліп, құстардың жынысы, қанаты, жіліншік ұзындығы, салмағы және сол сияқты бірнеше белгілерін үйренді. Жұмыс барысында оқушылар орнитологиялық бірнеше арнайы әдістерді қолданып, қызықты мәліметтермен толықтырылып оған арнайы слайд жасалынып жұмыс қорытындыланды және қорғалды.

Жобаны орындаған оқушылар жұмыс жүргізу барысында өздерінің білімділігін, жеке дара екендігін және беленділігін, жауапкершілігін көрсету арқылы оқушылар жобалаудың алгоритм тәсілдерін үйренді, деретерді өзі ізденуді және оған талдау жүргізуді, бұдан басқа пәндерден алған білімін және оны пайдалануды меңгере білді, жаңа білімге ие болды, зерттеушілік дағдыларын игеріп, мотивация алды. Ұйымшылдыққа және істі жоспармен жүзеге асыруға және арнайы шешім қабылдауды үйренді. Қорытындылау үшін арнайы мереке ұйымдастырылып, фотосессия болды.



Оқушыларға әр түрлі бағыттағы мини зерттеулер жүргізген қызықты болғандықтан биологиядан 8-сыныпта «Дәрумендер» деген тақырып бойынша жоба әдісі құрастырылды. Жоба мақсаты белгілі жеміс және көкөністердегі «С дәрумені». Зерттеу барысында оқушылар витаминді анықтау үшін әр түрлі жеміс және көкөністің: таңқурайдың және алмұрттың шірінін, өрік және алмадан жасалған сусынның және басқа жемістердің шырындарына зерттеу жүргізіп, оқушылар қорытынды жасады: С витамині жаңадан піскен жеміс және көкөністерде бар, ал термиялық өңдеуден өткен өнімдерде кездеспейді. Бұл атқарылған жұмысты биологияға қызығушылығы болмаған білім алушылар да қызығушылықпен жасады, өйткені антиоксидант, иммунитет және сол сияқты ұғымдарға сүйене отырып келесі жұмыстарды жоспарлауға болады. Осыған ұқсас шағын жобалар үйге тапсырма ретінде берілді. Мысалы, өз көңіл-күйіне зерттеу жүргізу, импульсті жүктемеге жейін санау және кері қарай санау және оны өлшеу. Берілген тапсырмадан кейін балалар слайд жасап, өз ағзаларына қатысты жаңа деректер және ақпараттармен танысады. Жұмысты биология сабағында орындау үшін «жоба» әдісін пайдалану сабақты тиімді шығармашылық түрде ұйымдастырып, оқушылар бір-бірімен еркін пікір алмасуына, әртүрлі жастағы балалардың ынтымақтасуына, және де ең маңызды бөлігі бұл оқушылардың зерттеушілік қабілетінің дамуына ықпал жасауына зор мүмкіндік жасады.

Қорыта келгенде, жобалау әдісі бойынша өткізілген сабақтар оқушылардың зерттеушілік, дербестік, өз бетінше жұмыс жасауы және пәнге деген қызығушылығын арттырып, дамуына жағдай туғызып, әр бір білімгердің жеке өз мүмкіндіктерінің ашылуына ықпал етті. Оқушылар өз ойларын анық айтуды, басқаларға сыни тұрғыдан қарауды меңгерді. Жоба әдісі арқылы оқушылар келешекте ғылыми жобалар жүргізіп оған арнайы деректер жинау және одан шыққан нәтижені арнайы тәсілдермен түсіндіру, зерттеген жұмысын

қорғауды үйренді. Жұмыс барысында оқушы және мұғалім арасында шығармашылық байланыс және бір-біріне жеген жанашыл көзқарас пайда болды. Жобалау арқылы оқушы уақытты тиімді пайдалануды, оны үнемдеуді, қысқа уақытта өз жұмысын атқаруды үйренді және оқушыда зерттеу, анықтау, синтез жасау, анализ жасау және дәлелдеу дағдылары қалыптасты.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2019. 27 желтоқсан. URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000988>..

2 ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтің Қазақстан халқына Жолдауы, «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі», 2019.

3 Турабаева Г.К., Маханов Т.Ш., Битемирова Ш.А., Оспанова Г.С., Бозшатаева Г.Т. Анализ применения метода проектов в образовательной школе // Международный журнал экспериментального образования. 2016, № 3-1. – С. 86-88.

4 Бережная О.В. Экспериментальная методика формирования исследовательской компетенции учащихся на основе познавательных универсальных учебных действий при обучении биологии в 6 классе // Вестник КГПУ им. В.П. Астафьева. 2018, №3. – С.32-37.

5 Хан Н.Н., Курманбекова М.Б. Педагогикалық ЖОО студенттерінің жобалықзерттеу қызметінің мәнін түсінудің әдіснамалық тәсілдері // Абай атындағы ҚазҰПУ-ң Хабаршысы «Педагогика ғылымдары» сериясы. 2019, №2 (62). – 51-57 б.

6 Шунк Х. Оқыту теориясы: Білім берудің келешегі. 7-басылым. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2018. – 468 б.

7 Скотт Янг. Суперобучение. Система освоения любых навыков– от изучения языков до построения карьеры / перевод с английского Д. Шалаевой. – М.: Манн, Иванов и Фербер, 2020. – 368 с.

8 Salybekova N.N., Isayev G.I, Serzhanova A.E., Pralyeva R.E. Ways of forming project activity in learning // Яссауи университетінің хабаршысы. 2019, №1. – Б. 154-158.

9 Sutinen A. (2013). Two Project Methods: Preliminary observations on the similarities and differences between William Heard Kilpatrick’s project method and John Dewey’s problem-solving method. *Educational Philosophy&Theory*, 45(10), 1040-1053. doi:10.1111/j.1469-5812.2011.00772.x

10 Costa-Silva D., Cortes J.A., Bachinski R.F., Spiegel C.N., Alves G.G. Teaching Cell Biology to Dental Students with a Project-Based Learning Approach // *Journal of Dental Education*. USA, 2018. №3(82). DOI: 10.21815/JDE.018.032. – 322-331.

ҒТАМР 27.01.45

МАТЕМАТИКА КУРСЫН ОҚЫТУДА MATLAB БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ҚҰРАЛЫНЫҢ ОРНЫ МЕН РӨЛІ

А.Т. Бейсенова

Магистрант, Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ.

Бұл мақалада компьютерлік алгебра жүйесі Matlab-ты мектеп математика курсына оқытуда дидактикалық құрал ретінде қолданысқа енгізудің маңызы мен ерекшеліктері қарастырылған. Сонымен қатар, компьютерлік технологиялар арқылы математиканы оқыту және меңгеруге қатысты кейбір теориялар қамтылған. Жасалған жұмыстың мақсаты Matlab пакетін визуализация, есептеу, математикаға деген қызығушылық пен сенімділікті нығайту, пәнді үйренуге деген мотивацияны ояту құралы ретінде пайдаланудың әртүрлі тәсілдерін жалпылауға бағытталған. Жалпы зерттеу жұмысы Matlab-ты мектеп оқу бағдарламасында математика пәніне енгізу туралы пікірде жүрген, қызығушылық танытқан адамдарға пайдалы болу керек.

Түйін сөздер: компьютерлік алгебра жүйесі, Matlab, компьютерлік технология, математика, мектеп, құрал, есептеу.

Білім беру жүйесін ақпараттандыру пәндерді оқытуда компьютерлік технологияларды қолдану арқылы жүзеге асырылады. Математика пәнін оқытуда жаңа педагогикалық ақпараттық және компьютерлік технологияларды қолданудың негізгі мақсаты – оқушыларға оқу процесінде көмек көрсету. Бұл мақсатқа қол жеткізу кезінде Matlab тәрізді автоматтандырылған математикалық есептеулер жүйелері үлкен қызмет атқарады.

Математиканы оқытуда компьютерлік технологияларды қолданудың педагогикалық мақсаттары: пайдаланушының компьютерлік құрылғылармен жылдам байланысы; оқыту ақпаратын компьютерлік визуализациялау; оқу процесін ұйымдастыруда ақпараттық әдістерді басқаруды автоматтандыру.

Білім беруде жаңа ақпараттық технологияларды қолдану тек техникалық құрал ғана емес, сонымен қатар, жаңа ақпараттық және байланыс технологиясы, және білім беру жүйесінде жаңа тәсілмен білім беру болып табылады.

Оқушыларға арналған компьютерлік технологиялардың төмендегідей мүмкіндіктері қарастырылады:

– Әртүрлі ақпараттық, визуалды, дыбыстық анықтамалар арқылы білімді жан-жақты жетілдіру және дамыту;

– Қарастырылмаған немесе дұрыс меңгерілмеген тақырыпты қосымша қайталауға мүмкіндік береді;

– Тақырыпқа деген қызығушылықты арттыру, үздіксіз ізденісте болу, Ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту.

Қазіргі уақытта математика ғылымы қарқынды дамып келеді. Сондықтан математиканы оқыту мазмұнын жүзеге асыруға арналған ақпараттық технологиялардың жаңа құралдары қажет.

Компьютерлік алгебра жүйесі – педагогтар мен студенттерге оқыту мен оқу үдерісінде үлкен мүмкіндіктер беретін қазіргі заманғы есептеу технологиясы. Ал Matlab – математика сыныптарында кеңінен қолданылатын танымал компьютерлік алгебра жүйесі. Қазіргі таңда оны көптеген білім беру мекемелері білім беру бағдарламасына енгізіп, қолдануды жүзеге асырғандықтан, математиканы оқытуда бағдарламалық жасақтаманы қалай қолдануға болатындығын зерттеу және талдау үлкен маңыздылыққа ие. Бұл әдебиетте математикалық зерттеулер арқылы математикалық есептерді шешуде, есептеулерде және визуализацияда Matlab пакеті қалай қолданылғанына назар аударылды. Ойлау, тұжырымдамалар мен дағдыларды, сондай-ақ оқушылардың математика оқуға деген ынтасының қайнар көзін дамыту үшін пайдаланылуы мүмкін технология екені көрсетілді. Компьютерлік алгебраның қазіргі жүйелері – танымдық құралдар, Хайде (2001). Пи (1987) мәліметтері бойынша, танымдық технология – бұл «ойлау, оқыту және проблемаларды шешудегі ақылойдың шектеулерін жеңуге көмектесетін когнитивті құрал». Когнитивті құралдар – бұл пайдаланушылардың ойлау процестерін қолдайтын, басқаратын және кеңейтетін психикалық және есептеу құрылғылары, Дерри (1990). Олар студенттердің математикалық білімін жақсарту және оларға қажетті кәсіби дағдыларды беру үшін дидактикалық құрал ретінде қолданылады. Әрине, технологияның қолданысы математика пәнін оқытуда маңызды орынды алады. Математика мұғалімдерінің ұлттық кеңесінің пайымдауынша (2006), «Технология математиканы оқыту мен оқуда маңызды қызмет атқарады; ол оқытылатын математикаға әсер етеді және оқушылардың оқу процессін жақсартады». Жалпы алғанда білім беру мен білім алудағы оң өзгерістер бірнеше факторларға тәуелді. «Білім беру технологиясы тиімді де, тиімсіз де емес; оның тиімділік дәрежесі оқыту мақсаттары, оқушылардың сипаттамалары, бағдарламалық жасақтама дизайны, тәрбиешілерді оқыту және шешім қабылдау секілді факторлардың арасындағы сәйкестікке байланысты», Шнайдер (2000).

Matlab, Mathworks компаниясының өнімі – бұл жалпы мақсаттағы есептеу бағдарламалық жасақтамасы. Онда мамандандырылған құралдар жиынтығы бар, сонымен қатар symbolic math toolbox құралдар жиынтығы арқылы компьютерлік алгебра жүйесі ретінде жұмыс істейді. Matlab компьютерлік және пәнаралық ғалымдар, инженерлер мен математикалық есептеулер саласындағы мамандар арасында біршама танымалдылыққа ие. Ол сандық, символдық және ең заманауи графикалық визуализация мүмкіндіктерін компьютерлік бағдарламалаудың интуитивті ортасымен біріктіреді.

Matlab осы уақытқа дейін қолданысқа берілген математикалық есептеулер саласындағы кезкелген әдісті қарастыра алатын ең күшті есептеу жүйесі болып саналады. Басқа жүйелерден артықшылығы, мәтін түріндегі М-файлдар және С түріндегі бағдарламаларды, яғни жалпы құрамындағы функцияларды өзгертуге, қосымша мәлімет кіріктіруге болатын мүмкіндіке ие. Сонымен қатар, сандық есептелерден басқа екі өлшемді, үш өлшемді графикалық функцияларды орындауға болады. Яғни, бұл компьютерлік алгебра жүйесінің мүмкіндіктері шексіз, және төменде сол мүмкіндіктердің негізгі қолданыста жүрген біршамасы көрсетілген:

- Екілік және мәтіндік файлды енгізу және шығару;
 - Matlab тілінде жазылған бағдарламаларды С++, С тілдеріне автоматты түрде жүктеу;
 - 500-ге жуық математикалық функциялар;
 - Fortran және С тілінде жазылған бағдарламаларды пайдалану;
- Матрицалық, векторлық, логикалық операциялар;
- Элементарлық және арнаулы функциялар;
 - Дифференциалдық теңдеулерді шешу;
 - Бірнеше айнымалы функцияның экстремумдарын табу;
 - Бір немесе көп өлшемдік интерполяция;
 - Екі және үш өлшемдік графиктер сызу;
 - Мәліметтерді визуалдық сараптама жасау және анимация;
 - Simulink – виртуалдық приборларды пайдаланып процестерді модельдеу; Математикалық есептеу пакеттері;
 - Сигналдар мен кескіндерді өңдеу пакеттері.

Маккензи жасаған есепте (2008), Matlab, Орегон технологиялық институтының студенттері үшін математикалық тұжырымдамаларды суреттеуге және бекітуге арналған жаңа педагогикалық модель ретінде пайдалануға ұсынылды. Бұл ұсыныс қолданыстағы математиканы оқыту жүйесін ауыстырып, математика сабақтарында интерактивті демонстрациялар мен визуализацияларды қамтамасыз ету болды. Жоспар, біріншіден, Matlab қолдану мен математиканы түсінуді жақсарту арасындағы байланысты көрсетуге, екіншіден, студенттерді өздерінің мансаптарында бағдарламалық жасақтамамен жұмыс істеудің қажетті кәсіби дағдыларымен қамтамасыз етуге бағытталған. Жаңа модельді тиімді пайдалану үшін жасалынған жұмыста Matlab-қа арналған веб-сайт құру, бағдарламалық жасақтаманы бір несиелік курс ретінде оқытуды математика бойынша оқу бағдарламасына біріктіру, сонымен қатар веб-сайтта студенттерге математика мен нақты инженерлік бағыттары арасындағы байланыс туралы ақпарат беру ұсынылды. Баяндамада студенттердің мотивациясы, қызығушылығы, олардың бағдарламалық жасақтамасын бағалауы, қарым-қатынас және сыни ойлауы оң бағытта болады деген қорытынды жасалды.

Катенде өзінің жарияланбаған мақаласында Matlab және инженерлік математикаға арналған басқа символдық алгебра жүйелерінің рөлін

қарастырды. Дифференциация және интеграция есептері, алгебра жүйелерінің осындай күрделі есептеулер үшін қалай тез нәтиже беретіні сияқты есептеулер келтірілген. Сондай-ақ, зерттеу жұмысында 2-Д және 3-Д графикалық визуализациясының кейбір мысалдары келтірілген. Зерттеу қорытындысында оқу бағдарламасын немесе инженерлік математиканы оқытуға көзқарасты өзгерту қажеттілігі атап өтілді.

Білім беруді ақпараттандыру педагогтар алдына бірқатар жаңа кәсіби міндеттерді жүктейді. Олардың ішіндегі ең маңыздысы – оқыту процесінде заманауи оқыту технологияларына, атап айтқанда, компьютерлік технологияларды тиімді пайдалануға аса назар аудару. Өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру және белсенді оқыту үшін жағдай жасау мектеп үшін өзекті мәселе. Сәйкесінше, компьютерлік алгебра жүйелері мектеп курсының математикасын оқытуда қолданудың тиімді құралы болып табылады. Өзірленген оқыту технологиясы оқушылардың білімін екі деңгейде: базалық және жоғары деңгейде дамытуды қарастырады. Бұл оқыту технологиясының тиімділігі оқушылардың курс мазмұнына қызығушылығының артуымен, оқуға деген мотивацияның өсуімен және оқушылардың өз бетінше жұмыс істеу дағдыларының қалыптасуымен дәлелденеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Heid M.K. (2001). Theories that inform the use of CAS in the Teaching and Learning of Mathematics. In P. Kent (Ed.), Proceedings of the 2nd Biennial Symposium of the Computer Algebra in Mathematics Education Group.

2 Derry S.J. (1990). Flexible cognitive tools for problem solving instruction. Paper presented at the annual meeting of the American Educational Research Association, Boston, MA, April 16-20.

3 Дьяконов В.П. Matlab. Учебный курс. – Питер, 2001.

4 Pea R. (1987). Cognitive technologies for mathematics education, in A.H. Schoenfeld (ed.), Cognitive Science and Mathematics Education, Erlbaum, Hillsdale, NJ, pp. 89-122.

5 Katende J. Engineering mathematics education with computer algebra: The MATLAB alternative, Faculty of Technology, Bayero University, Kano. URL: <http://eprints.covenantuniversity.edu.ng/id/eprint/117>.

6 McKenzie B. (2008). A new model for MATLAB instruction at OIT, Oregon Institute of Technology.

ГРНТИ 30.17.35

МАТЕМАТИЧЕСКОЕ МОДЕЛИРОВАНИЕ КОНВЕКТИВНОГО ТЕПЛОПЕРЕНОСА В ЭЛЕКТРОННЫХ УСТРОЙСТВАХ

К.Е. Байбатырова

Магистрант, Казахстанско-Британский технический университет, г. Алматы

А.А. Исахов

Профессор, Казахстанско-Британский технический университет, г. Алматы

В данной работе изучается двумерное (2-D) вычислительное исследование конвективного теплопереноса между двумя чипами с размерами 12.7 x 9.5 мм расположенных на расстоянии $d=3.175$ мм друг от друга на микросхеме. Исследовалось влияние расстояний $2d$, $4d$, $6d$, $8d$, $10d$, $12d$ на процесс конвективного теплопереноса между чипами и сделано сравнение с анализом. В соответствии с полученными результатами было отмечено понижение температуры. Более того была рассмотрена эффективность использования системы охлаждения водой от перегрева чипа. Согласно результатам расстояние $12d$ между чипами наиболее оптимальное.

Ключевые слова: Конвективный теплоперенос, чипы, микросхема температура, жидкостное охлаждение, оптимальное расстояние.

В последнее десятилетие вопрос теплопередачи внутри микросхем все чаще оказывается в фокусе исследовательского внимания. Объясняется это тем, что микросхемы являются неотъемлемой и важной частью компьютера. По этой причине существует множество исследовательских работ по повышению производительности микросхем с целью регулирования теплопроводности. Терморегулирование техники играет важную роль в повышении ее производительности и долговечности. В результате многие электронные системы теперь требуют более эффективных методов охлаждения, таких как принудительное конвекционное охлаждение, жидкостное охлаждение, использование тепловых трубок и термоэлектрическое охлаждение, чтобы поддерживать температуру соединения ниже безопасного температурного предела $85\text{ }^{\circ}\text{C}$ [1]. Было использовано множество инструментов для снижения уровня температуры и повышения производительности и надежности системы. Из-за его практической значимости было рассмотрено множество экспериментальных, численных и теоретических исследований.

Mathew и соавт. [2] провели экспериментальные и численные исследования малых каналов на основе парафина с целью улучшения производительности семи микросхем с высокой теплоемкостью в режиме естественной тепловой конвекции. Они пытались снизить температуру с помощью парафина. При использовании парафина температура стружки снижается на 37.34 – 45.79% и, таким образом, повышается их производительность в 2.33 – 4.63 раза. Это означает, что парафин играет решающую роль в охлаждении и повышении производительности и надежности системы. Feng и др. [3] экспериментально и численно исследовали характеристики теплопередачи и температурную однородность градиентного распределения сплошных и кольцевых микроконтактных ребер, которые предназначены для решения практических тепловых задач 3D-микрочипов. Patil и др. [4] провели экспериментальные и численные исследования семи микросхем интегральной схемы (ИС), охлаждаемых с использованием воды, текущей внутри холодной пластины с различными скоростями потока. В этой статье они рассмотрели экспериментальные и численные исследования семи микросхем интегральной схемы (ИС), охлаждаемых с использованием воды, текущей внутри холодной пластины с различными скоростями потока. Mathew and Hotta [5] провели экспериментальное исследование влияния ориентации платы подложки на оптимальное распределение микросхем при принудительной конвекции. Они обнаружили, что скорость воздуха имеет решающее значение для охлаждения микросхем, поскольку при более высокой скорости (8 м/с) падение температуры составляет 1,42%–17,33% по сравнению с более низкой (4,5 м/с). Phan-Thien [6] провел численное исследование оптимального расстояния между тремя микросхемами, установленными на вертикальной подложке, с использованием метода конечных элементов и заявил, что геометрическое расстояние (1,618) между источниками тепла привело к снижению их температурных значений на 10%.

При сборе информации и проведении анализа о факторах, вызывающих изменение температуры в микрочипах, было использовано множество методов. В настоящем исследовании мы примем во внимание, как расстояние между нагревающимися и не нагревающимися микрочипами повлияет на их температуру. Цель состоит в том, чтобы минимизировать температуру чипов путем определения их оптимального расстояния.

Математическая модель.

Для моделирования теплопередачи в электронном устройстве, таком как компьютерный чип, мы используем уравнения Навье-Стокса:

$$\begin{aligned}
 1) \quad & \frac{\partial u}{\partial t} + u \frac{\partial u}{\partial x} + v \frac{\partial u}{\partial y} = -\frac{1}{\rho} \frac{\partial P}{\partial x} + \nu \left(\frac{\partial^2 u}{\partial x^2} + \frac{\partial^2 u}{\partial y^2} \right), \\
 2) \quad & \frac{\partial v}{\partial t} + u \frac{\partial v}{\partial x} + v \frac{\partial v}{\partial y} = -\frac{1}{\rho} \frac{\partial P}{\partial y} + \nu \left(\frac{\partial^2 v}{\partial x^2} + \frac{\partial^2 v}{\partial y^2} + \frac{\partial^2 v}{\partial z^2} \right) + \beta g(T - T_0), \\
 3) \quad & \frac{\partial u}{\partial x} + \frac{\partial v}{\partial y} = 0.
 \end{aligned}$$

$$4) \frac{\partial T}{\partial t} + u \frac{\partial T}{\partial x} + v \frac{\partial T}{\partial y} = \alpha \left(\frac{\partial^2 T}{\partial x^2} + \frac{\partial^2 T}{\partial y^2} \right).$$

Где u, v – элементы вектора скорости, t – время, P – давление, ρ – плотность, T – температура, ϑ – кинематическая вязкость, α – температуропроводность, β – коэффициент теплового расширения, g – ускорение свободного падения.

Численный алгоритм.

Для решения задачи был взят известный, распространенный численный алгоритм SIMPLE для уравнений Навье-Стокса. Этот нестационарный алгоритм делится на следующие действия:

1. Определение начального поля давления p^0 и пункты назначений $p^* = p^0 (t = 0)$;
2. Вычисление начальных скоростей (u^0, v^0, w^0) ;
3. решая уравнения движения находим u^*, v^*, w^* ;
4. Решение уравнений p' и нахождение значение давления, используя уравнение $p = p' + p^*$;
5. Вычисление (u, v, w) из u^*, v^*, w^* через формулы коррекции скорости;
6. Если $|p'|$ маленькая во всех узлах сетки расчета, то $p^0 = p, u^0 = u, w^0 = w, t = t + \Delta t$. Иначе найти $p^* = p$ и перейти на шаг 3;
7. Если $t < T_{max}$, то перейти на шаг 3.

Модель исследования.

В этой работе мы найдем оптимальное расстояние между двумя чипами, чтобы предотвратить их перегрев, и протестируем эффективность системы водяного охлаждения. Intel указывает, что чип I7 должен работать максимум при температуре 85°C (358K) в корпусе, а чип Micron LPDDR5 при 39°C (313K).

В качестве исследуемого объекта была построена реальная 2D модель. На панели расположены два чипа с размерами 12.7×9.5 мм. Дистанция между двумя чипами равна 3.175 мм. Длина входа и выхода идентичная 47.5 мм. Длина верхней стенки равна 179.375 мм. Длина левой нижней стенки 50.8 мм, тогда как правая нижняя стенка 100 мм. Наглядно геометрия продемонстрирована на рис.1.




Рис. 1. Геометрия исследуемой области.

Вычислительная сетка строилась с общей характеристикой для всего объекта с размером элемента 0.0001 мм и квадратным типом. Общее количество элементов 832130. Сетка была построена для 2d, 6d, 12d дистанций.




Рис. 2. Граничные условия.

Граничные условия для всех граней отмечены на рис.2. В данной модели 6 стенок и они имеют разные граничные условия. Входной поток воздуха поступает с левой стороны «velocity_inlet» с температурой 298 К, скоростью 1 м/с и имеет выход с правой стороны «pressure_outlet». Так же имеются две стенки: горячая и холодная. На горячей стенке устройство нагревается до 358 К. В вычислении рассматривается 2 случая, граничные условия те же, но с изменением среды. В первом случае в качестве среды выбран воздух, во втором вода. Это делается для изучения влияния среды на изменение температуры в чипах.

Численные результаты.




Рис.3. Температурный контур для дистанции между чипами (воздух)

$$2d = 6.35 \text{ мм.}$$




Рис. 4. Температурный контур для дистанции между чипами (воздух)
 $6d = 19.05 \text{ мм.}$




Рис. 5. Температурный контур для дистанции между чипами (воздух)
 $12d = 38.1 \text{ мм.}$

Если мы посмотрим на рисунок 3, то сможем увидеть, как температура от горячего чипа передается второму чипу, максимальная температура горячего чипа составляет 358 К, в то время как максимальная температура второго чипа составляет 313 К. На рисунке 8 мы видим, что второй чип нагрелся до 328,5 К, что выше максимальной температуры чипа. Следовательно, можно было бы сделать вывод, что расстояние $2d = 6,35$ мм не является оптимальным для этих двух чипов. На расстоянии $4d = 12,7$ мм второй чип нагревается до 317,9 К, что на 10,6 К меньше, чем на расстоянии $2d$. Однако $317,9$ °С больше, чем максимальная температура второго чипа, которая составляет 313 К. Тогда расстояние $4d$ также не является оптимальным. На расстоянии $6d = 19,05$ мм второй чип нагревается до 315,5 К, что на 2,4 К меньше, чем на расстоянии $4d$. На расстоянии $8d = 25,4$ мм второй чип нагревается до 314,6 К, что меньше на 0,9 К, чем на расстоянии $6d$. Из-за того, что 315,5 К больше максимальной температуры, это расстояние не является оптимальным. На расстоянии $8d = 25,4$ мм второй чип нагревается до 314,6 К, что меньше на 0,9 К, чем на расстоянии $6d$. Но 314,6 К также больше, чем 313 К, так что это не оптимальное

расстояние. Когда расстояние составляло $10d = 31,75$ мм, второй чип нагревался до $313,6$ К, что меньше на 1 К, чем на расстоянии $8d$. $313,6$ К $>$ 313 К, тогда расстояние не является оптимальным. На расстоянии $12d = 38,1$ мм второй чип нагревается до $312,5$ К, что меньше на $1,1$ К, чем на расстоянии $10d$. Температура $312,5$ К не превышает максимальную температуру 313 К, поэтому данное расстояние оптимально для двух чипов.




Рис. 6. Температурный контур для дистанции между чипами (вода) $2d = 6.35$ мм.




Рис. 7. Температурный контур для дистанции между чипами (вода) $6d = 19.05$ мм.




Рис. 8. Температурный контур для дистанции между чипами (вода). $12d = 38.1$ мм.




Рис. 9. График значений температур при дистанциях между чипами (воздух) 2d, 4d, 6d, 8d, 10d, 12d.




Рис.10. График значений температур при дистанциях между чипами (вода) 2d, 4d, 6d, 8d, 10d, 12d

На рисунке 6 хорошо видно, что теплопередача при водяном охлаждении не такая большая, как при воздушном. Если мы кратко посмотрим на графики на рисунке 10, то заметно, что даже на расстоянии 2d с водяным охлаждением температура второго чипа составляет 300,15 К, но когда он находился в воздухе, она составляла 328,5 К. Изменение расстояния между двумя чипами в воде не имеет большой разницы в изменении температуры по сравнению с тем, как это было в воздухе.

Заключение.

Высокопроизводительные чипы и устройства нуждаются в инновационных механизмах, технологиях и охлаждающих жидкостях с высокой способностью к теплопередаче для повышения скорости охлаждения для обеспечения их нормальной производительности и долговечности. Чтобы предотвратить это, в этой работе были предложены два решения: первый – это

увеличение расстояния между чипами до дистанции $12d$, второй – водяное охлаждение.

Сначала было найдено оптимальное расстояние между двумя чипами, чтобы уберечь их от перегрева. С помощью программы ANSYS 18.0 было выполнено моделирование теплопередачи от одного чипа к другому на нескольких расстояниях: $d = 3,175$ мм, $2d = 6,35$ мм, $4d = 12,7$ мм, $6d = 19,05$ мм, $8d = 25,4$ мм, $10d = 31,75$ мм, $12d = 38,1$ мм. Наиболее оптимальное расстояние, которое предохранит две микросхемы от перегрева и сгорания, составляет $12d$ (38,1 мм).

Далее был протестирован один из методов охлаждения – технология водяного охлаждения для защиты чипов от перегрева. Водяное охлаждение по сравнению с изменением расстояния между чипами относительно более эффективно, по той причине, что даже на расстоянии $12d$ температура второго чипа составляет 312,5 К, при водяном охлаждении даже на расстоянии $2d$ температура второго чипа стала 300,15 К.

Обладая превосходными тепловыми свойствами и характеристиками охлаждения, водяное охлаждение открывает большие перспективы для использования в качестве охлаждающих жидкостей в высокотехнологичных электронных устройствах и отраслях промышленности. Появляющиеся технологии, такие как микроканалы с этими новыми жидкостями, могут стать технологиями охлаждения следующего поколения.

Литература

1 Murshed S.M.S. Electronic Cooling – An Overview, Intechopen ISBN-13: 978-953– 51-2406-1, 2016.

2 Mathew V.K., Tapano Kumar Hotta. «Numerical Investigation on Optimal Arrangement of IC Chips Mounted on a SMPS Board Cooled under Mixed Convection.» Thermal Science and Engineering Progress, vol. 7, 2018. – p. 221-29.

3 Feng Shuai, et al. «Thermal Management of 3D Chip with Non-Uniform Hotspots by Integrated Gradient Distribution Annular-Cavity Micro-Pin Fins.» Applied Thermal Engineering, vol. 182, 2021. – p. 116-132.

4 Patil, Naveen G., and Tapano Kumar Hotta. «Heat Transfer Characteristics of High Heat Generating Integrated Circuit Chips Cooled Using Liquid Cold Plate–A Combined Numerical and Experimental Study.» Journal of Thermal Science and Engineering Applications, vol. 13, no. 1, 2020.

5 Mathew VK, and Tapano Kumar Hotta. «Experimental Investigation of Substrate Board Orientation Effect on the Optimal Distribution of IC Chips under Forced Convection.» Experimental Heat Transfer, 2020. – p. 1-22.

6 Phan-Thien Y.L.N. An optimum spacing problem for three chips mounted on a vertical substrate in an enclosure, Numer. Heat Transf. Part A Appl. 37 (6) (2000). –p. 613-630.

7 Isakhov A.A. Mathematical and computer modeling of physical processes. – Almaty, 2018. – 280 p.

ҒТАМР 27.43.51

МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНА ЫҚТИМАЛДЫҚ ТЕОРИЯСЫНЫҢ ЭЛЕМЕНТТЕРІН ОҚЫТУДА ЖОБАЛЫҚ ӘДІСТІ ҚОЛДАНУДЫҢ АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ

Ж.С. Әбибулла

Магистрант, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ.

Қазіргі орта мектеп оқушыны математикамен, ең алдымен, есептердің тар шеңберін шешуге арналған нақты алгоритмдер жиынтығымен таныстырады. Бұл алгоритмдер – жобалық әдіс негізінде тапсырмаға сәтті жауап алу үшін оқушы орындауы керек белгілі бір қадамдар тізбегі. Жобалық әдіске негізделген бұл тәсіл оқушының санасында «үйренген» схеманы қалыптастырады, ал оның нақты жағдайдағы ауытқулары көбінесе ол үшін шешілмейтін мәселеге айналады. Мақаланың мақсаты – мектеп оқушыларына ықтималдық теориясының элементтерін оқытуда жобалық әдісті қолдануды зерттеу. Зерттеу объектісі жобалық әдісті қолдану процесі.

Түйін сөздер: мектеп, ықтималдық теориясы, оқыту, жобалық әдіс, пайдалану процесі.

Математика объективті түрде мектептегі ең қиын пәндердің бірі болып табылады және көптеген мектеп оқушыларына қиындық туғызады. Сонымен қатар, осы пәнге нақты қабілеті бар оқушылардың саны көп және олар тиімді оқу әдістерін қажет етеді, олардың бірі – жобалық оқыту тәсілі. Оқушылардың жобалық қызметі-зерттеу дағдыларын қалыптастырудағы ең қолайлы білім беру технологияларының бірі, өйткені мектеп оқушыларына мұндай әдістер орта мектептен жақын. Әдіс шығармашылық бастаманы дамыту идеясына, өз бетінше ойлау, мәселелерді табу және шешу, ақпараттық кеңістікте бағдарлау, өз қызметінің нәтижелерін болжау және бағалау қабілетіне негізделген. Бұл әдістің талаптарының бірі – оны шешу үшін зерттеуді қажет ететін шығармашылық мәселенің болуы. Жобалар әдісі басқа зерттеу қызметінен – оқушы қызметінің нәтижесін ажыратады. Оқушы өз жұмысының соңында сұраққа жауап тауып қана қоймай, белгілі бір білім беру өнімін дербес жасайды. Мұндай өнім газеттегі мақала, мәселені схемалық түрде шешу, web-бет, бейне болуы мүмкін. Сондықтан жоба деп жалпы мақсаты, келісілген әдістері, қызметтің жалпы нәтижесіне қол жеткізуге бағытталған іс-әрекет тәсілдері бар оқушылардың бірлескен оқу-танымдық, шығармашылық немесе

ойын әрекеттерін түсінеміз. Математика сабақтарындағы жобалық іс-шаралар баяндамаларды орындаумен, зерттеу жұмыстарын жүргізумен байланысты. Қызмет барысында оқушылар математика және физика бойынша бағдарланған оқу әдебиеттерін ғана емес, сонымен қатар әдістемелік, ғылыми, анықтамалық басылымдар мен аударылған шет тілдерінде мақалаларды пайдаланады, бұл мәселені шешудің отандық, шетелдік тәжірибелерін қолдануға мүмкіндік береді.

Жобалау әдісіндегі мұғалімнің міндеті – оқушыны практикада туындайтын тривиальды емес жағдайлардан қорықпауға, танымдық процестің шеңберін ілгерілетуге, жаңасын үйренуге, жасауға, жетіспейтін ақпаратты өз бетінше іздеуге үйрету. О.А. Сафонова оқушылардың жобалық жұмыста математикалық әдістерді қолдануға кедергі келтіретін негізгі ерекшеліктерін атап өтті:

- оқушылардың диалог жүргізе алмауы, атап айтқанда мұғалімнің сұрағын түсіну, оған жауап беру, өз сұрағын тұжырымдау;
- басқа оқушылармен жалпы жобалық жұмыстарды жүргізудің қиындығы;
- ақпаратты қабылдаудың стереотипі [1].

Жобалық дағдыларды дамыту оқушыларға оқу процесінде ғана емес, одан кейін де көмектеседі. Мектеп оқушыларына ықтималдық теориясының элементтерін үйрету кезінде жоба әдісін қолданудағы мұғалімнің бірінші кезектегі міндеті-кейбір мәселелерді шешу үшін жаңа ақпарат іздеу қажеттілігін тудыру. Жобаны орындау білім алушыға танымдық іс-әрекеттің белсенді процесіне қатысуға, пән бойынша қолда бар білімді бекітуге, жаңа ақпарат алуға көмектеседі. Сонымен қатар, оқушының пәндік келесі құзыреттіліктерін қалыптасады:

- зерттеу;
- коммуникативті;
- ұйымдастырушылық-басқарушылық;
- рефлексивті;
- командада жұмыс істеу дағдылары.

Оқушының позициясында да осындай өзгерістер болуы керек. Ең алдымен, оның сабақтағы және оған дайындық кезіндегі мінез-құлқы өзгеруі қажет. Оқушылар математиканы оқытудың белгілі бір стиліне үйренгені белгілі, бұл олардан кең, бірақ алдын-ала анықталған тапсырмалар шеңберін шеше білуді талап етеді. Көбінесе олар үйренген алгоритмді бірнеше рет қайталай алатындығына қанағаттанады және тіпті мәселені басқа жолмен шешуге тырысады. Ықтималдықтар теориясы бойынша стандартты емес есептерді шешуде қарапайым сынып оқушыларында үлкен қиындықтар туындайды, әсіресе сирек қолданылатын алгоритмге негізделген күрделілігі жоғары есептер. Оқушы өзінің интеллектуалды белсенділігіне және өз көзқарасын дәлелді түрде қорғауға дайын болмайтын жағдайлар жиі кездеседі. Сондықтан ықтималдықтар теориясы мен математикалық статистиканың элементтері зерттелетін сабақтарда осы өзгерістерге ықпал ететін арнайы орта

құру және оқушыларды оған «батыру» қажет. Бұл, ең алдымен, сабақ барысында практикалық жұмыстарды, эксперименттерді, зерттеу және жобалау жұмыстарын жүргізуге қатысты. Оқушылардың пікірталасқа белсенді қатысуы, сондай-ақ олардың мектеп оқулығынан тыс ақпаратты іздеуі, заңдылықтарды анықтау үшін әртүрлі мәліметтер массивтерін талдау, өз жұмысына арналған құралдарды өз бетінше таңдау маңызды. Сабақта жобалық оқытуда ақпараттық-есептеу техникасын, оның ішінде интернет-ресурстарды пайдалану өте қажет болып көрінеді.

Ықтималдықтар теориясының жобалары жеке немесе топтық түрде жүзеге асырылуы мүмкін. Топтық жұмыс кезінде оқушылар материалды оны зерттеу, талқылау және өзара оқытудың бірлескен түрінде жалпыланған, ұжымдық шешім шығарумен игереді. Топтағы оқушылар көшбасшының, орындаушының ұйымдастырушылық іс-әрекетінің элементтерін игеріп, практикалық қызметтің әлеуметтік тәжірибесін алады. Топтық жобаларда жеке бөлімдер өздігінен орындалады. Бірақ жеке орындалатын жобаларда топтық жұмыстың элементтері бар, мысалы, «миға шабуыл» немесе бір-бірінің бастапқы идеяларын өзара бағалау. Әр жобаға топтық жұмысты қосу ынтымақтастық дағдылары мен ұжымдық жауапкершілік сезімдерін дамытуға көмектеседі. Бұл ретте оқушыларға олардың мүмкіндіктері деңгейіне сәйкес тапсырмалар бере отырып, жұмыстың мазмұнын біртіндеп күрделендіре отырып, оларға жеке көзқарасты қамтамасыз ету қажет. Сонымен, жобаны орындау-бұл тақырып бойынша қажетті ақпаратты жинап қана қоймай, сонымен бірге алынған білімді іс жүзінде қолдану, мысалы:

- конференцияға дайындалу, нақты практикалық іс жасау.
- жобаға «экскурсия» өткізу;
- стендтер жасау;
- альбомдар, мүмкіндігінше бейне немесе фотосурет дайындау.

Сабақтың бұл түрінің басты айырмашылығы – оқушыларға белгілі бір міндет қойылады, ал оқытушы басқаратын зерттеу қызметі барысында оқушы қажетті білімді игеріп, бастапқыда туындаған мәселені шешеді. Сабақ аясында оқушыларға ықтималдық теориясы мен тәуелсіз оқиғалардың анықтамасы беріледі, тәуелсіз оқиғалардың қосындысы мен көбейтіндісі теоремалары тұжырымдалады, Бернулли формуласы жазылады, содан кейін мысалдар арқылы осы тұжырымдаманы игеру, олар ұсынған анықтаманың дұрыстығын интуитивті түсіну ұсынылады [2].

Ықтималдық теориясын зерттеуде жүзеге асырылатын жобалық тәсілдер оқушылардың кездейсоқ оқиғаға деген көзқарасын өзгертуі керек, бұл көбінесе оқушылардың түсініктеріне қайшы келеді. Сонымен, кездейсоқ эксперимент жүргізудің кез келген фантастикалық шарттары жобалық жұмыстағы талқылаудан алынып тасталуы керек және «кездейсоқ», «кез келген нәрсені» білдірмейді деген ой оқушыларға жеткізілуі керек. Көптеген сабақтар барысында сәттілік пен фантастиканың әсерінсіз кездейсоқ процестерді басқаратын заң ізделіп жатқандығы туралы түсінік қалыптастыру қажет және бұл түсінік оқушыларда өздігінен қалыптаспайды. Осылайша, оқушылардың

жобалық қызметін ұйымдастырудағы маңызды рөл – мұғалімнің жобаны типологиялау қабілеті, ондағы басым бағытты анықтау және тиісінше мақсаттарды, мазмұнды және іске асыру әдістемесін әзірлеу. Жобалардың ерекшеліктерін жіктеу негізінде нақтылайық-шығармашылық деңгейі:

- орындаушылық;
- конструктивті;
- шығармашылық.

Сондықтан орындаушылық жоба туралы айту керек, жоба мұғалімнің тікелей басшылығымен орындалған кезде оқушылар іс-қимыл тәртібі туралы мұғалімнің ұсынымдарын дәйекті түрде орындайды. Мұндай жобаларды орындау жобалық оқытуды қолданудың бастапқы кезеңінде орынды, өйткені оқушылардың өз бетінше іздеу тәжірибесі жеткіліксіз [3]. Айта кетейік, бұл кезеңде оқушылар жоба тақырыбын таңдауда қиындықтарға тап болуы мүмкін. Бұл мәселені шешу үшін мұғалімге оқушылардың қызығушылықтары мен дайындығы бойынша топтастырылған, яғни нақты орындалатын тапсырмалардан тұратын «жобалар банкі» болғаны жөн.

Ықтималдық және статистикалық ұғымдарды игеру тек математика сабақтарында жүреді және басқа мектеп пәндерін оқу кезінде күшейтілмейді. Күтілетін нәтижелердің барлық алуан түрлілігімен ықтималды ойлау олардың мазмұнында жоқ. Оларды зерттеу барысында күтілетін нәтиженің еріксіздігі және барлық процестердің толық болжамдылығы әлі де билік етеді. Математикалық пәндердің дәстүрлі күрделіліктерінің бірі-жобалық жұмыстың шарттары мәтінін талдау. Бұл әсіресе барлық тапсырмалар сюжеттік болып табылатын ықтималдықтар теориясын оқытуда көрінеді [4]. Сонымен, ықтималдық теориясы бойынша тест тек мәтіндік тапсырмаларды қамтиды. Тіпті қарапайым ықтималдық есептері бір немесе екі комбинаторлық әдістерге дейін азаяды, олардың шешімін оқушылар ең көп дегенде үш сабақта меңгеруі қажет.

Сонымен қатар, математикада ықтималдықтар теориясы мен математикалық статистика элементтерін оқыту процесіне кіріспе мұғалімдер мен оқушылар үшін объективті де, субъективті де қиындықтар туғызды. Сондықтан қазіргі мұғалімдердің басым көпшілігі пәнді өздеріне үйреткендей жүргізу мүмкіндігінен айырылады. Ықтималдықтар теориясының айналасында, кез келген жаңалық сияқты, белгілі бір сергектік пайда болады. Математика мұғалімдері педагогикалық қоғамның айтарлықтай қолдауын пайдаланбай, осы пәнді оқудың орындылығын дәлелдеуі керек. Математиканың басқа салаларындағы оқу-әдістемелік әдебиеттердің алуан түрлілігі аясында ықтималдықтар теориясы мен математикалық статистика бойынша мұндай материалдардың белгілі бір кемшілігі бар. Оқулықтардың бірнеше нұсқаларының болуы курсты оқытудың жетіспейтін әдістерін алмастыра алмайды. Мәселе математика мұғалімдерінің басым көпшілігінің оқу орындарында ықтималдық теориясын оқыту әдістемесін зерттемеуімен күрделене түседі [5].

Қорытындылай келе, жобалар әдісі дәстүрлі білім беру технологияларына тән материалды мұғалімнен оқушыға қарапайым беру емес, зерттеу қызметі процесінде оқушылардың білімін өз бетінше игеру болатын жүйені қолдануды көздейтінін атап өтеміз. Бірінші кезекте оқытудың жобалық әдісі оқушылардың мектепте қалыптасқан оқу жұмысының стереотиптерін қайта құруға бағытталған. Оқушыларды оқытуда пайда болатынқиындықтарға қарамастан, орта мектепте «Ықтималдықтар теориясын» оқыту және зерттеу қазіргі әлемнің шындығына байланысты шұғыл қажеттілік болып табылады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

- 1 Сафонова О.А. Метод проектов как средство развития личности // Вестник науки и образования. 2020, 4-1(82).
- 2 Алпысбаев Д.А. Ықтималдық теориясының элементтерін оқытуда жобалық әдісті қолдану // Мектеп технологиялары. 2014, 2(6). – 75-83 б.
3. Шкерина Л.В., Константинова А.С., Курсиш И.Ф. Формирование метапредметных умений школьников в условиях проектного обучения математике // Вестник КГПУ им. В.П. Астафьева. – 2016, 1(35).
4. Асланян И.В., Кучугурова Н.Д. Как можно «Оживить» школьную теорию вероятностей? // Преподаватель XXI век. – 2015, 3(1).
- 5.Куприенко Е.Ю., Оразымбетова Г.С. Проектирование изучения темы «Вероятность» в школьном курсе математики на основе технологии творческих мастерских // МНКО. – 2012, 5-6(22).

ГТАМР 27.29.15

СТАНДАРТТЫ ЕМЕС ЕСЕПТЕРДІ ФУНКЦИЯНЫҢ ҚАСИЕТТЕРІН ҚОЛДАНА ОТЫРЫП ШЕШУ

Г.К. Казакбаева

Магистрант, Қожа Ахмет Ясауи атындағы ХҚТУ, Түркістан қ.

К.Ж. Назарова

Ф.-м.ғ.к., доцент, Қожа Ахмет Ясауи атындағы ХҚТУ, Түркістан қ.

Бұл мақалада күрделі функцияның қасиеттері, туындының физикалық және геометриялық мағынасын есептер шығаруда қолдану әдістері, қолданбалы, оның ішінде әлеуметтік-экономикалық есептерді шешуде туындыны пайдаланып, тиімді шешімін табу жолдары қарастырылған.

Зерттеу нәтижесінде мектеп математика курсына математикалық анализ элементтерін зерделеу бойынша әдістемелік ұсыныстарға ерекше көңіл бөлінген, сонымен қатар 9-11-сыныпта математикадан емтиханда, олимпиадаларда кездесетін типтік математикалық есептерді шешу әдістері берілген. Эксперимент нәтижесінде зерттеуге қатысқан 10 сынып оқитын 25 оқушының математика пәніне деген қызығушылығы 16 % дейін артқаны байқалды. Зерттеулер нәтижесінде матанализ элементтеріне байланысты стандартты емес есептерді шешудің тиімді әдісі ретінде бірнеше амал ұсынылды.

Ғылыми зерттеудің нәтижесі 10-11 сынып оқушыларын мемлекеттік емтихандар мен олимпиадаға дайындауда математика пәні мұғалімдеріне нұсқау ретінде қолданылуы мүмкіншілігі бар.

Түйін сөздер: математикалық анализ элементтері, алгебра және анализ бастамалары, туынды, туындының физикалық және геометриялық мағынасы, функцияны зерттеуде туындының қолданылуы.

Мектептегі математикалық білім беру мазмұнын жаңарту мәселелерімен айналысатын мамандардың назарын белгілі бір жанрдағы тапсырмалар, арнайы әдебиеттерде әртүрлі синонимдік терминдермен белгіленеді: проблемалық, шығармашылық, ізденіс, эвристикалық, яғни тапсырмалар, шешу әдісі, субъектінің қарамағында болмайтын – объективті немесе субъективті стандартты емес тапсырмалар.

Жалпы білім беретін мектепте математикалық анализ элементтерін оқытудағы қиындықтар, ең алдымен, математиканың осы саласының күрделі

концептуалды аппаратымен, сонымен қатар кейбір зерттелетін анықтамалар мен теоремалардың қатаң тұжырымдары мен дәлелдемелерімен байланысты.

Дегенмен, бұл мәселені ешбір жағдайда зерттелмеген деп санауға болмайды. Керісінше, тақырып бойынша жалпылау жұмыстарының жоқтығына қарамастан, ол математиктер мен мұғалімдердің назарын барынша аударады. Бұл мәселені белгілі математиктер М.Ньютоннан бастап, П.Л. Чебышев (19 ғ.), А.Н. Колмогоров (20 ғ.), В.А. Гусев және басқа да ғалымдар зерттеген. Отандық педагог математиктер Б.Баймұханов, Е.У. Медеуов және басқалардың зерттеу жұмыстарының нәтижесі елелі үлес болып саналады [1, 2]. Қазақ ғалымдарының ішінен О.А. Жәутіковтің математикалық анализ саласы бойынша қазақ тіліндегі іргелі зерттеу нәтижелері және оқу құралдары бар [3].

Математикалық анализ элементтеріне байланысты стандартты емес және олимпиадалық есептер дәстүрлі түрде мектептен тыс жұмыстардың әртүрлі нысандарында, бітірушілер үшін аттестаттау сынақтарын өткізу кезінде және мектептегі математикалық олимпиадаларда қолданылады. Сонымен қатар, кейде оқушылар ғана емес, мұғалімдер де үлгілік есептерден ерекшеленетін есептерді шешуде қиындықтарға тап болады. Бұл бір жағынан оқу орындарында математикалық пәндерді оқу процесінде және мұғалімдердің педагогикалық іс-әрекетінде осы санаттағы мәселелерді шешу тәжірибесінің жеткіліксіздігімен, сондай-ақ оларды пайдаланумен бірге жүретін объективті қиындықтардың болуы, шешуге арналған ұсыныстардың тым қысқалығы, оқу уақытының аздығы үлкен мәселеге айналып отыр [4].

Диаграмма бойынша қысқаша тоқталсақ, бұл жерде халықаралық стандарттың басқаларына қарағанда үлесі өте көбірек. Себебі ISO тәуелсіз, үкіметтік емес, халықаралық ұйым болып табылады, оның қызметіне ұлттық стандарттар органдары қатысады. Ол жақта шыққан стандартқа барлық ел бағынуға тиіс. Осыған байланысты медициналық стандарт бойынша көптеген стандарт түрлері жеткілікті. Соның бірі медицина соның ішіндегі фармацевтология бойынша қолданысқа енген стандарты бар екі елді салыстырып, бақылау жасап, Қазақстанның фармацевтикасы саласына өз үлсесімді қосу. Екі ел деп отырғанымыз бұл Қытай медициналық стандарт пен Ресей елінің стандарты. Олардың айырмашылығы жеткілікті екенін байқауға болады. Мысалы: Қытай елінің енгізген стандарттары өздерінің дәстүрлі медицинасына байланысты, сонымен қатар емдік-шөптік дәрілердің стандарттары болса, Ресей стандартында денсаулықты ақпараттандыру, дәрі-

дәрмектерді тағайындауды қолдау жүйелерінің функционалдық сипаттамалары туралы стандарты ғана кездеседі. Сондай-ақ Қытай елінің стандарты бәріне ортақ болса, ал Ресей елінің стандарты тек өз елінде ғана қолданыста болады. Ендігі ұқсастығы екі елдің стандарттарын медицина саласының қауіпсіздігі мен сапасы, қызметі байланыстырады. Бұнымен менің айтқым келгені Қытай дәрілерінің 1 стандартын қарастырып, Қазақстан стандартына ұсыну. Мысалы: Iso\Tr 23975:2019 бұл стандарттарды әзірлеу үшін жекелеген шөптік дәрілік заттардың басым тізімі болып табылады. Осы стандартты Қазақстан елінің стандартына ұсыну арқылы Қазақстанда өсіп жатқан өсімдік шикізаттарды қолданып, табиғи дәрілерді шығаруға жағдай жасау [4].

Қазақстанда көптеген дәрілік өсімдіктері өсіп жатыр, алайда кейбір адамдар сол өсімдіктердің қадірін біліп жатқан жоқ. Қазақстан дәрілік өсімдікке өте бай. Әсіресе, шөптік дәрілер немесе шөптердің, гүлдердің тамырлары жайқалып өсуде. Мәселен, киікоты – бұл өсімдік көп дүниеге ем, киікоты буындарға және қысымы бар адамдар қолданса лезде ауруды басады, мыңжапырақ бұл өсімдікті ата-бабамыз бұл шөпті көбіне өтке тас жиналғанда, бауыр ауруларына қарсы, өкпенің қабынуына, геморройды емдеу мақсатында қолданған, тіпті жапырақты қан тоқтату мақсатында қолданады, күшәла өсімдігі – сал ауруларына, тері рагына, түрлі сыздауық пен шиқандарға, кеңірдектің қабынуына таптырмас ем. Мінеки, осылар сияқты бізде талай өсімдіктер өсуде. Бірақ өкінішке орай, бұл дәрілерді препаратқа, тіпті медицинада қолдана бермейді. Бұның бірден бір себебі Қазақстандағы тіптен, ТМД елдеріндегі мемлекетаралық стандарттың болмауы. Сондағы менің ұсынып отырғаным халықаралық ISO\Tr 23975:2019 стандартын мемлекетаралық стандартқа енгізу арқылы қауіпсіз де сапалы шөптік препараттарды шығартып оны елімізде еркін айналуына және сауда айналымына кіруге ықпал ету [8].

Кесте 1. Халықаралық үйлестіру тәжірибесін қолдану моделі, дәрілік заттардың айналысы саласын реттеу кестесі.



Біз жүргізген кестенің негізінде мыналар ұсынылады реттеуді үйлестірудің халықаралық тәжірибесін қолдану моделі, дәрілік заттардың айналым салаларын [9].

Мақала барысы бойынша менде медициналық стандарттың не екені, медициналық стандарттардың мақсаттарын зерттелініп, жазылды. Сонымен қатар фармацевтика бойынша стандарттар қарастырдым. Тіпті, сенімді, нақты сайттардан стандарттар саны алынып, диаграммаға түсірілді. Одан кейінгі қадамым сол диаграммадағы халықаралық стандарт пен Ресейлік стандарт екеуін салыстыру арқылы, мемлекетаралық стандартқа ISO\Tr 23975:2019 енгізілуін талап еттім. Және Қазақстан стандартына ұсыну себебі айтылды, тіптен мемлекетаралық стандартқа да ұсыныс ретінде тастадым. Келесі әрекетім қосымша ақпарат арқылы халықаралық тәжірибесін қолдану моделі мен дәрілік заттардың айналым салаларын кесте арқылы көрсету. Яғни, бұл кесте Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының шешімдерін реттеумен қатар, халықаралық тәжірибені зерделуді көре аласыздар. Жалпы шығарған қортындым ISO\Tr 23975:2019 стандарты 08.11.2019 жылы енгізілген 70 беттік стандартқа өзгерістер енгізіп немесе қосымша толықтырылып мемлекетаралық стандартқа енгізілуін талап етер едім. Егер де, осы стандарт мемлекетаралық стандартқа қосылса, Қазақстан елінің медиуиналық дамуымен бірге экономикасы да көтерілер еді. Тіптен, барша адамдарға да денсаулық жағынан табиғи таза шөптік дәрілер арқылы өздеріне күтім жасау арқылы, пайдасын көруге болады. Одан бөлек осы стандарт арқылы Қазақстандағы емдік шөптерді қолдана отырып шыққан дәрілерді, басқа елдерге де экспорттауға мүмкіндік туатын еді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

- 1 Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігі
- 2 https://spravochnick.ru/standartizaciya/medicinskaya_standartizaciya/.
- 3 <https://www.gov.kz/?lang=kk>.
- 4 <https://www.iso.org/home.html>.
- 5 <http://mgscatalog.by/>.
- 6 <https://www.rst.gov.ru/portal/gost>.
- 7 <https://ksm.kz/>.
- 8 <https://ortalyq.kz/250720200023-2/>.

GTAMP 50.47.02

ЖЕЛ ЭЛЕКТР ҚОНДЫРҒЫЛАРЫН БАСҚАРУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІСТЕРІН ЗЕРТТЕУ

Б.З. Мухитов

Магистрант, Ғ. Дәукеев атындағы АЭЖБУ, Алматы қ.

Е.Ж. Оракбаев

PhD-доктор, доцент, Ғ. Дәукеев атындағы АЭЖБУ, Алматы қ.

Бұл мақалада жел энергетикасының дамуы туралы және соңғы жылдардағы өндіріс көлемінің статистикасы келтірілді. Жел энергетикасын дамыту Біріккен Ұлттар Ұйымының Тұрақты даму мақсаттарына (ТДМ) сәйкес келетіндігі атап көрсетілді. Жел энергиясын өндірудің маңыздылығы және оның дамуына кедергі келіретін негізгі мәселелер қарастырылған. Қазіргі уақытта ЖЭҚ-ын басқару әдістерін жетілдіруге қатысты ғылыми және инженерлік зерттеулер жоғары қарқынмен жүргізілуде. ЖЭҚ басқару әдістерінің бірнеше түріне шолу жасалыныды. Әрбір әдістің артықшылықтары мен кемшіліктерін қарастырдық. Техника мен технологияның дамуы жел энергиясының өзіндік құнын бірте-бірте түсіре отырып оның өзектілігін арттыруда.

Түйін сөздер: жел энергиясы, жаңартылатын энергия, ЖЭҚ, жел дөңгелегі, аэродинамика.

Жел энергиясы жаңартылатын энергия көздеріне жатады. Желден өндірілетін электр энергиясының көлемі 2021 жылы шамамен 273 ТВтсағ-қа өсті (өсім 17%), бұл 2020 жылмен салыстырғанда 45%-ға жоғары және электр энергиясын өндірудің барлық технологияларының ішіндегі ең үлкені. Жел энергиясы жаңартылатын энергияның жетекші технологиясы болып қала береді [1].

Ірі жел электр станциялары жалпыға ортақ желіге қосылса, шағындары шалғай елді мекендерді электр қуатымен қамтамасыз ету үшін пайдаланылады. Қазба отындарынан жел энергиясының басты айырмашылығы, іс жүзінде сарқылмайтын, кең таралған және экологиялық таза болуында.

2050 жылға қарай таза нөлдік шығарындылар сценарийі (НШС) – бұл әлемдік энергетика секторының 2050 жылға қарай таза нөлдік CO₂ шығарындыларына қол жеткізу жолын көрсететін Халықаралық энергетика агенттігінің (ХЭА) реттеуші сценарийі. Осы сценарий бойынша экономикасы дамыған елдер таза нөлдік шығарындыларға басқаларға қарағанда ертерек

жететіндігі жоспарланған. Бұл сценарий сонымен қатар энергетикаға, атап айтқанда 2030 жылға қарай энергияға әмбебап қолжетімділікке қол жеткізу және ауа сапасын айтарлықтай жақсарту арқылы Біріккен Ұлттар Ұйымының Тұрақты даму мақсаттарына (ТДМ) сәйкес келеді [2].

Қазіргі кезде жел электр станциялары (ЖЭС), оларды құрастыру және басқару әдістерін жетілдіруге қатысты ғылыми және инженерлік зерттеулер жоғары қарқынмен жүргізілуде. Осы салада шешуді қажет ететін маңызды мәселе, ол жел қондырғысының тиімділігін арттыру, сондай-ақ желдің жоғары жылдамдығында қуатты басқару болып табылады.


Жел электр станцияларын салу жел энергиясының таралуын бәсеңдететін кейбір техникалық және экономикалық қиындықтармен байланысты. Атап айтқанда, жел ағындарының өзгермелілігі электр энергиясын өндірудің жалпы көлеміндегі жел энергиясының шағын үлесінде проблемалар туғызбайды, бірақ бұл үлестің ұлғаюымен электр энергиясын өндірудің сенімділігі мәселелері де артады.

Жел электр станцияларының өнімділігі негізінен жел энергиясын пайдалану коэффициентіне (ЖЭПК) байланысты. ЖЭПК – жел доңғалағының механикалық қуатының жел турбинасы жел доңғалағының айналу аймағынан өтетін келе жатқан жел ағынының жалпы қуатына қатынасы. ЖЭҚ басқарудың әртүрлі әдістерін жетілдіру есебінен жел қондырғыларының жұмысының барлық режимдерінде ЖЭПК-ін арттыру өзекті мәселе болып табылады.

ЖЭҚ басқару әдістері.

Тұрақты айналу жиілігінде қуатты басқару әдісі.

Тұрақты айналу жиілігінде қуатты басқару әдісі жүзеге асыру оңай болып табылады. Басқару әдісі (сурет. 1) көрсетілген.



Сурет 1. Тұрақты айналу жиілігінде қуатты басқару әдісі.

Бұл әдістің қолданылуының мысалы ретінде жел турбинасын жобалауды келтіруге болады. Бұл конструкцияда жел дөңгелегі роторы тікелей немесе еселегіш арқылы тұрақты магниттерден қозуы бар синхронды генератордың роторына жалғанады. Генератор орамдары диодты түзеткіш көпірдің кірісіне, көпірдің шығысы аккумуляторға қосылады [3].

Мұндай ЖЭҚ жұмысы кезінде генератордың шығысындағы кернеу жел жылдамдығының өзгеруіне сәйкес өзгереді.

Желдің жылдамдығы төмен болған кезде айналу жылдамдығы мен шығыс кернеуі батареядағы кернеуден төмен болады, батареяға токтың ағуы тоқтайды, бұл өз кезегінде жел дөңгелегі білігіндегі генератордың электромагниттік моментінің төмендеуіне әкеледі. Жел жылдамдығының жоғарылауымен

генератордың айналу жиілігі де артады, бұл генератордың шығыс кернеуінің жоғарылауына және батареяға токтың ұлғаюына әкеледі.

Тұрақты айналу жиілігінде қуатты басқару әдісінің артықшылықтары:

– беріліс қорабын және қалақшаларының орналасу бұрышын өгерту механизімін қажет етпейді. Бұл оның конструкциясының сенімділігін арттырады;

– тұрақты магниттерден қозу бар генераторды пайдалану мүмкіндігі. Бұл, өз кезегінде, генератордың және тұтастай алғанда бүкіл ЖЭҚ-ның ПӘК-ін арттыруға мүмкіндік береді. Себебі, мұндай генератор магнит өрісін қоздыру үшін электр энергиясын қажет етпейді;

– диодты түзеткіш көпір арқылы генератордың айнымалы электр тоғын батарея зарядының тұрақты тоғына түрлендірудің қарапайым тізбегін пайдалану мүмкіндігі ЖЭҚ-ның электр жабдығын жеңілдетуге және түпкілікті өнімнің өзіндік құнын төмендетуге мүмкіндік береді.


Әдістің кемшіліктері:

– ЖЭҚ тиімді жұмысы жел жылдамдығының қысқа диапазонында ғана қамтамасыз етіледі;

– желдің жылдамдығы номиналды нормадан асатын кезде артық қуаттан қорғау үшін арнайы шараларды қолдану қажет етеді.

Генератор орамдарын ауыстыру арқылы ротордың айналу жиілігін қадамдық өзгерту арқылы қуатты басқару әдісі

Генератор орамдарын ауыстыру арқылы ротордың айналу жиілігін қадамдық өзгерту арқылы қуатты басқару әдісі [4] іске асырудың күрделілігі бойынша келесі болып табылады. Бұл әдіс (сурет. 2) көрсетілген.



Сурет 2. ЖЭҚ сұлбасы.

Мұндағы: жел дөңгелегі – 1, беріліс құрылғысы – 2 байланысқан, беріліс құрылғысының шығысы жылдамдық датчигімен – 3 және электромагнитті муфта – 4 жетекші білігіне байланысқан, басқару орамы – 6 және шығыс білігі – 7, ротор – 8 байланысқан n-полюсі бар асинхронды көп жылдамдықты генератор – 9 ормадары – 10 және 11, коммутация блогының – 12 кірісімен байланысқан, шығысы қоздыру сыйымдылықтарымен – 13 байланысқан, қосымша сыйымдылықтар 14 шығыс қысқыштарымен – 15, кернеуді тұрақтандырғыш қондырғысымен – 16 және имульс қалыптастырушы – 17, синхрондау – 18 құрылғысының бірінші кірісіне байланыстырылған, ал оның екінші кірісі негізгі жиілік генераторына қосылған – 19, синхрондау құрылғысының шығысы күшейткіштің кірісіне қосылған – 20, ол басқару орамасына қосылған – 6 электромагниттік муфтаның – 5.

Бұл әдістің жел дөңгелегі айналуының тұрақты жиілігінде қуатты реттеу әдісімен ұқсастықтары бар, жел жылдамдығына байланысты ЖЭҚ конструкциясы генератордың шығыс кернеуін өзгертуге мүмкіндік беретіндігімен ерекшеленеді. Бұл жел дөңгелегі жел жылдамдығына байланысты өзгермелі жылдамдықпен жұмыс істеуге мүмкіндік береді, бұл желдің бірнеше жылдамдығында жұмысты тиімдірек етеді.

Әдістің артықшылықтары:

– ЖЭҚ тиімді жұмыс істеуі мүмкін болатын жел жылдамдығының ауқымын айтарлықтай кеңейтеді;

– ЖЭҚ электр түрлендіргішінің қарапайымдылығы сақталады, өйткені жел турбинасын басқару жүйесінің атқарушы құрылғысының функциялары генератор орамдарының электромеханикалық қосқышына ауысады.

Әдістің кемшіліктері:

– ЖЭҚ басқару жүйесінде мұндай әдістің жұмысын қамтамасыз ету үшін жел жылдамдығын анемометр көмегімен өлшеу немесе бұл мәнді жанама белгілермен анықтау қажет;


– генератордың орамдарын ауыстырып қосу құрылғысын пайдалану ЖЭҚ электр жабдықтарының сенімділігінің төмендеуіне әкеледі;

– жел дөңгелегі айналуының тұрақты жиілігінде ЖЭҚ қуатын басқару әдісімен салыстырғанда номиналдыдан асатын жел жылдамдығында генератордың қуатын шектеу үшін арнайы қорғаныс құралдарын пайдалану қажет етеді.

Жел турбинасының беріліс көбейткішінің беріліс қатынасын өзгерту арқылы ЖЭҚ қуатын басқару әдісі

Айнымалы немесе сатылы өзгеретін беріліс қатынасы бар жел доңғалақ білігі мен электр генераторының білігі арасындағы механикалық беріліс қорабын пайдалану желдің өзгермелі жылдамдығы кезінде жел доңғалақ роторының жылдамдығын басқарудың тағы бір тәсілі болып табылады. [5]

Жел турбинасының беріліс көбейткішінің беріліс қатынасын өзгерту арқылы ЖЭҚ қуатын басқару тәсілі (сурет. 3) көрсетілген.



Сурет 3. Жел турбинасының беріліс көбейткішінің беріліс қатынасын өзгерту арқылы ЖЭҚ қуатын басқару әдісі.

Мұндай құрылғыларға мысал ретінде бірнеше беріліс қорабы бар редуктор/мультипликаторды (беріліс қорабы) немесе сына белдікті вариаторды келтіруге болады.

Алдыңғыға ұқсас бұл әдіс жел жылдамдығының диапазонын айтарлықтай кеңейтуге мүмкіндік береді, сонымен бірге бекітілген жылдамдыққа арналған қарапайым синхронды генераторларды пайдалануға мүмкіндік береді.

Әдістің артықшылықтары:

- ауыспалы беріліс коэффициенті бар механикалық беріліс қорабын пайдалану жел қондырғыларының тиімді жұмыс істеуі мүмкін болатын жел жылдамдығының ауқымын айтарлықтай кеңейтуге мүмкіндік береді;

- бұл әдісті қолдану ЖЭҚ басқару жүйесінің іске қосу құрылғысының функцияларын басқарылатын беріліс қорабына ауыстыру арқылы жел электр станциясының электр түрлендіргішінің қарапайымдылығын сақтауға мүмкіндік береді.

Әдістің кемшіліктері:


- ЖЭҚ басқару жүйесінде мұндай әдістің жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін желдің ағымдағы жылдамдығын анықтауға арналған анемометрді немесе басқа құрылғыны пайдалану қажет;

- беріліс ауыстыратын құрылғыны пайдалану жел дөңгелегінен ЖЭҚ генераторына механикалық берілістің сенімділігінің төмендеуіне әкеледі;

- номиналды мәннен асатын жел жылдамдығында генератордың қуатын шектеу үшін арнайы қорғаныс құралдарын қажет етеді.

Қалақшалардың орналасу бұрышын немесе жел доңғалағының геометриялық өлшемдерін өзгерту арқылы ЖЭҚ қуатын басқару тәсілі

Қалақшалардың орналасу бұрышын немесе жел доңғалағының геометриялық өлшемдерін өзгерту арқылы ЖЭҚ қуатын басқару тәсілі жел доңғалақтарының қасиеттерін өзгермелі жел жағдайларына бейімдеу тәсілдерінің бірі болып табылады. [6] Бұл әдіс (сурет. 4) көрсетілген.



Сурет 4. Қалақшалардың орналасу бұрышын немесе жел доңғалағының геометриялық өлшемдерін өзгерту арқылы ЖЭҚ қуатын басқару тәсілі.

Бұл әдісті желдің жылдамдығының өзгеруіне сәйкес жел дөңгелегінің аэродинамикалық сипаттамаларының өзгеруіне әкелетін аэродинамикалық беттердің автоматты өзгеруін қамтамасыз ететін жел дөңгелегінің құрылысымен қолдануға болады. Бұл әдіс, әдетте, жел дөңгелегінің басқару функциясын орындау үшін әртүрлі қондырғылармен жабдықталуын талап етеді.

Әдістің артықшылықтары:

- жел дөңгелегінің механикаландырылған құрылысы жел энергиясын жұмыс жылдамдығының кең ауқымында барынша толық пайдалануға мүмкіндік береді;

- ЖЭҚ қуатын аэродинамикалық реттеуді қамтамасыз ету;

- пайдаланудың ең тиімді шарттары;

- қатты жел жағдайында ЖЭҚ генераторын артық қуаттан қорғау.

Әдістің кемшіліктері:

- жел дөңгелегінің аэродинамикалық беттерінің геометриясын өзгертуге арналған механикалық құрылғылар мен агрегаттарды басқарудың күрделі жүйесі;

- ЖЭҚ пайдалану процесінде техникалық қызмет көрсетуді қамтамасыз ету қажеттілігі;

- жел энергетикасы қондырғысының да, пайдалану шығындарының да қымбаттауы экономикалық тиімділікке теріс әсер етеді.

Қолданылған әдебиетер тізімі

- 1 International Energy Agency. (n.d.). IEA. URL: <https://www.iea.org/reports/wind-electricity+%B0%D1%82%D0%B0>.
- 2 МЭА (2022 г.), Модель глобальной энергии и климата, МЭА, Париж <https://www.iea.org/reports/global-energy-a-climate-model>, Лицензия: CC BY 4.0.
- 3 Филаретов В.Ф., Кацурин А.А. Разработка системы автоматической стабилизации параметров выходного напряжения автономной ветроэнергетической установки // Электричество. 2001. – № 7.
- 4 Филаретов В.Ф., Кацурин А.А. Система управления генератором ветроэнергетической установки // Сб. трудов Дальневосточного отделения Российской инженерной академии. Вып. 3. – Владивосток: ДВГТУ, 2000.
- 5 Ковалев О.П., Кукушкин И.Н. Стабилизация частоты вращения исполнительного механизма установки // Автономная и нетрадиционная энергетика. Материалы российской конференции. Ч. 1. Владивосток: ДВО РАН, 1998.
- 6 Dawson M. H. Variable Length Wind Turbine Blade/ Dawson M. H., Lisa Barnet, Gibson Asuquo, Deborah Weems, Michael Schledorn, Marcus Farmer: Final Report DE-FG36-03GO13171. – 2006.

FTAMP 61.51.01

ІЛЕСПЕ ГАЗДАН КҮКІРТ АЛУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН ЗЕРТТЕУ

Б.У. Арзукулов

Магистрант, Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қ.

Мақалада қышқыл газдардың күкіртсутегінен Клаус қондырғыларында элементар күкірт алу технологиясының ерекшеліктері сипатталған. Қалдық металлургиялық газдардан күкіртті кәдеге жарату мәселесі өте өзекті болып табылады және оны шешу қажеттілігі экономикалық факторлармен ғана емес, сонымен қатар зиянды өнеркәсіптік газ шығарындыларынан қоршаған ортаны қорғау талаптарының артуымен де анықталады.

Түйін сөздер: Күкіртті газ, күкірт ангидридi, металл, реактор, пеш.

Түсті металлургиядан шығатын газдардан күкіртті кәдеге жарату және атмосфераға күкіртті ангидрид шығарындыларын азайту техникалық тұрғыдан өте күрделі мәселе болып табылады. Алайда, алдыңғы қатарлы шет елдердің тәжірибесі көрсеткендей, түсті металдар өндірісінде барлық дерлік шығатын газдар тауарлық өнімдерді алу үшін жойылады немесе санитарлық тазалаудан өтеді. Бұл ретте газдардан күкірт алудың жалпы дәрежесі-90-92% құрайды.

Шығатын газдардан күкіртті кәдеге жарату мәселесін шешудің қиындығы металлургиялық агрегаттан шығатын газдардың шаңдануының жоғарылауымен, айтарлықтай көлемімен және ауыспалы құрамымен SO₂ анықталады. Сонымен қатар, металлургиялық өндірістің негізгі кезеңдерінің бірі болып табылатын мыс пен никель өндірісіндегі штейндерді түрлендіру кезінде газдардағы күкірт ангидридiнің концентрациясы уақыт өте келе кең аралықта өзгереді.

Түсті металлургия кәсіпорындарында күкірт ангидридiнің каталитикалық тотығуына негізделген күкірт қышқылын алудың байланыс әдісі қолданылады. Бұл жағдайда күкірт қышқылын алу технологиясы колчеданмен жұмыс істейтін классикалық күкірт қышқылы өндірісінен айтарлықтай айырмашылықтарға ие емес. Құрамында O₂ 9-10% бар қалдық газдар аралық сіңірумен қос байланыс схемасы бойынша күкірт қышқылына өңделеді. Бұл технология байланыс дәрежесін 99,4-99,6 дейін қамтамасыз етеді, бұл күкірт қышқылы өндірісінен кейін газдардағы O₂ құрамын 0,04-0,06% дейін төмендетуге мүмкіндік береді.

Осыған байланысты Түсті металдарды өндірудің дәстүрлі тәсілдерін және қалдық металлургиялық газдардан күкіртті кәдеге жарату мәселесін шешу

тәсілдерін қайта қарау қажеттілігі туындады. Сонымен, атмосфераға күкірт ангидридінің шығарындыларын азайту бойынша ғылыми зерттеулердің негізгі бағыттарын таңдағанда, жоғарыда айтылғандай, күкірт қышқылына немесе тікелей элементар күкіртке тиімді өндеуге болатын металлургиялық шикізатты балқытудың түбегейлі жаңа автогендік процестерін жасауға баса назар аударылды.

Айта кету керек, күкірт күкірт қышқылы мен басқа да химиялық өнімдерді өндіру үшін құнды шикізат болып табылады, олар халық шаруашылығында кеңінен қолданылады. Демек, балқытудың автогендік процестерін қолдану атмосфераның күкірт ангидридімен ластануын азайтуды және қажет болған жағдайда элементар күкірт алу мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

Жоғары сұрыпты тауарлық күкіртті алу күкірт қышқылы өндірісіне ұқсас жуу бөлімінде газдарды шаңнан алдын ала дымқыл тазалау жағдайында мүмкін болады. Тек осы жағдайда күкіртке жұқа металлургиялық шаң ғана емес, сонымен қатар мышьяк, фтор және селеннің зиянды қоспалары да кірмейді. Газдарды алдын-ала дымқыл тазарту қажеттілігі күкірт ангидридінің қалпына келу кезеңінен кейін күкіртсутегі бар қалпына келтірілген газдың Клаустың каталитикалық кезеңдерінде өңделетіндігімен де анықталды. Газдардағы шаңның шамалы болуы оның катализатор бетінде тұнбаға түсуіне әкеледі, бұл оның каталитикалық белсенділігінің төмендеуіне әкеледі және құрылғының гидравликалық кедергісінің жоғарылауына әкеледі.

Күкіртті сутектен және құрамында күкірт қосылыстары мен көмірсутектері бар газдан күкірт алу қондырғысы белгілі, оның ішінде сепаратор, реакция пеші, реакция қоспасын жылыту пештері, конвертерлер, конденсаторлар-коагуляторлар. Сонымен қатар, бұл қондырғының сепараторы реакция пешінің кірісіне қосылған, оның шығысы конденсатор-коагулятор арқылы реакция қоспасын жылытудың бірінші пешінің кірісіне қосылған, ал соңғысының шығысы екінші конденсатор-коагулятор арқылы екінші конвертер мен конденсатор-коагуляторға қосылған реакция қоспасын жылытудың екінші пешінің кірісіне қосылған бірінші Конвертердің кірісіне қосылған. Реакциялық қоспаны жылыту пештерінің кірістері құрамында күкірт қосылыстары мен көмірсутектері бар газ беру көзіне қосылған, бұл эфлюенттерді кәдеге жаратуды және реакциялық қоспаны бір пеште жылытуды біріктіруге мүмкіндік береді.

Газды тазарту және кептіру қондырғыларынан қышқыл газ кіріс сепараторына түседі, онда тамшы сұйықтығы одан бөлінеді. Сепаратордан бөлінген қышқыл газдың бір бөлігі реактор пешіне, ал бір бөлігі технологиялық газды жылыту пешіндегі жеке құбырлар арқылы беріледі. Реактор пешінде күкіртсутектің толық емес тотығуы жүреді: ішінара күкірт ангидридіне дейін, ішінара элементар күкіртке дейін. Реактор пешінен газ конденсатор-коагуляторға түседі және онда салқындатылады, ал газ қоспасының бу фазасындағы күкірт конденсацияланады. Құрылғыдан күкірт құбыр арқылы сұйық күйінде шығарылады, ал технологиялық газ бірінші жылыту пешіне

беріледі. 260°C дейін қыздырылған технологиялық газ бірінші каталитикалық реакторға түседі, онда күкіртті ангидрид пен күкіртті сутектен катализатордағы технологиялық газ күкіртті одан әрі алады. Каталитикалық реактордан кейін газ күкіртті салқындату және конденсациялау үшін екінші конденсатор-коагуляторға беріледі, ол жерден технологиялық газды жылытудың екінші пешіне түседі. Араластыру камерасында технологиялық газдар оларды қышқыл газдың жану өнімдерімен араластыру арқылы қызады. 230°C дейін қыздырылған технологиялық газдар екінші каталитикалық реакторға түседі, жоғарыдан төменге қарай катализатор қабаты өтеді, оның бетінде Клаус реакциясы жүреді. Реактордан кейін газ экономайзерге (соңғы конденсатор-коагулятор) беріледі, онда қоспасы салқындатылады және күкірт қалдықтары конденсацияланады, ал салқындату жылуының арқасында бу өндірілмейді, бірақ су 150°C дейін қызады.

Клаус процесіне әсер ететін факторлардың бірі – қышқыл газдың құрамы, атап айтқанда оның құрамындағы жағымсыз компоненттердің болуы (көмірқышқыл газы CO_2 , су буы және көмірсутектер), олар күкіртсутектің күкіртке айналуының төмендеуіне және қосылыстардың түзілуіне әкелетін жағымсыз реакцияларға түсуі мүмкін. көміртегі тотығы CO_2 және CS_2 күкіртсутегі процестің кейінгі (каталитикалық) кезеңдерінде күкірт түзілу реакциялары. Олардың қышқыл газда болуы күкірттің шығуын азайтады, Клаус реакциясының тепе-теңдігін кері бағытта жылжытады.

Бұл қондырғының негізгі кемшілігі – қышқыл газда көмірқышқыл газының едәуір мөлшерінің және процесте түзілетін және атмосфераға ішінара шығарылатын органикалық күкірт қосылыстарының жеткілікті көп мөлшерінің болуына байланысты күкіртсутектің күкіртке айналу дәрежесінің төмендеуі, сондай-ақ Клаус процесінің кейінгі каталитикалық реакторларындағы температура олардың гидролизі үшін жеткіліксіз болғандықтан (каталитикалық процесс). Клаустың конверсиясы 230-260°C температурада жүреді, бұл күкіртсутекті өндеудің термодинамикалық шектеулеріне байланысты, өйткені жоғары температурада оны күкіртке айналдыру тиімділігі күрт төмендейді).

Сонымен қатар, газдарда шаң болмаған жағдайда, күкіртті сутектен күкірт алу қондырғылары үшін отандық өнеркәсіп шығаратын көлденең түтіктері бар күкірттің типтік газ құбырлы конденсаторларын пайдалануға болады.

Қазіргі уақытта кендер пайда болу жағдайларына байланысты әртүрлі тәсілдермен өндіріледі. Бірақ кез келген жағдайда қауіпсіздік техникасына көп көңіл бөлінеді. Шынында да, күкірт кендерінің шөгінділері көбінесе улы газдың – күкіртсутектің жиналуымен бірге жүреді. Ал күкірттің өзі өздігінен жануы мүмкін. Күкірт өндірудің ашық әдісімен жаяу экскаватор кен жатқан тау жыныстарының қабаттарын алып тастайды. Кен қабаттары жарылыстармен ұсақталады, содан кейін кендердің блоктары күкірт балқыту зауытына жіберіледі, олардан күкірт алынады.

Алайда, кенді балқыту арқылы алынған күкіртте (күкірт) әдетте көптеген қоспалар болады. Оны одан әрі тазарту тазартылған пештерде Дистилляция

арқылы жүзеге асырылады, онда күкірт қайнатылғанға дейін қызады. Күкірт буы кірпішпен қапталған камераға түседі. Бастапқыда, камера суық болған кезде, күкірт қатты күйге ауысады және қабырғаларға ашық сары ұнтақ түрінде түседі (күкірт түсі). Камера 120°C-тан жоғары қызған кезде, булар сұйықтыққа конденсацияланады, ол камерадан қалыптарға шығарылады, онда ол таяқша түрінде қатып қалады. Осылайша алынған күкірт шлам деп аталады.

Күкіртті алу әдістері әртүрлі елдерде бірдей емес. Сонымен, АҚШ пен Мексикада негізінен Фраш әдісі қолданылады. Италияда (ол капиталистік мемлекеттер арасында күкірт өндіру бойынша үшінші орында) Мароккодан күкірт Сицилия кендері мен кендерін өңдеудің әртүрлі әдістері қолданылады. Жапонияда вулкандық шыққан күкірттің айтарлықтай қоры бар. Табиғи күкірті жоқ Франция мен Канада оның ірі газ өндірісін дамытты. Англия мен ГФР құрамында күкірт (FeS_2) бар шикізатты өңдейді, ал қарапайым күкірт сатып алынады, өйткені бұл елдерде өздерінің күкірт кен орындары жоқ.

Атмосферадағы күкірт қосылыстарының шығарындыларына қойылатын талаптарды қатаңдату, ілеспе элементар күкіртке деген қажеттіліктің артуы және табиғи ресурстарды кешенді пайдалану қажеттілігі күкіртсутекті қайта өңдеудің жаңа қалдықсыз технологияларын құру міндетін алға тартады. Күкіртсутек күкіртті ғана емес, сонымен қатар мұнай өңдеу, аммиак және «этанол» процестерінде қолданылатын сутекті алудың әлеуетті көзі болып табылады және болашақта болашақтың энергетикалық және экологиялық мәселелерін шешуге қабілетті әмбебап энергия тасымалдаушы және отын ретінде қарастырылады.

Күкіртті алу үшін Клаус әдісімен күкіртті сутекті өңдеудің ең көп таралған технологиясы. күкіртсутектің құрамындағы сутегі Клаус процесінде суға дейін тотығады, ал бөлінетін энергия технологиялық қыздыруға және бу өндіруге жұмсалады кейбір жағдайларда сутекті алу және оны басқа технологиялық процестерде пайдалану экономикалық тұрғыдан негізделген.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Грачев В.Г., Гриценко А.И., Кротов М.Ф., Мурин Е.И., Русанов В.Д., Хрикулов В.А. Диссоциация сероводорода в плазменной струе электродугового плазмотрона // Генераторы низкотемпературной плазмы: Тез. докл. XI Всесоюз. конф. – Новосибирск, 1989. – С. 286-287.

2 Гриценко А.И., Мурин В.И., Хрикулов Е.В., Исмаилова Х.И. Расчет процесса диссоциации сероводорода // Научно-технический прогресс в технологии комплексного использования ресурсов природного газа. – М.: ВНИИГАЗ, 1989. – С. 4-12.

3 Гриценко А.И., Мурин В.И., Хрикулов Е.Е., Исмаилова Х.И. Плазмохимическое разложение сероводорода // Научно-технический прогресс в технологии комплексного использования ресурсов природного газа. – М.: ВНИИГАЗ, 1989. – С. 12-21.

GTAMP 50.53.19

КҮКІРТ ҚЫШҚЫЛЫН ӨНДІРУ БАРЫСЫНДАҒЫ ЖЫЛУАЛМАСТЫРҒЫШТЫ АВТОМАТТЫ РЕТТЕУ

Ә.Н. Кенжебай

Магистрант, Ғ. Дәукеев атындағы АЭЖБУ, Алматы қ.

Е.Ж. Оракбаев

Ғылыми жетекші, PhD, доцент, Ғ. Дәукеев атындағы АЭЖБУ, Алматы қ.

Бұл мақалада күкірт қышқылының маңыздылығы зерттеліп, оның өндірісіндегі жылуалмастырғышты автоматтандыру және басқару жүйесі қарастырылған. Күкірт қышқылын өндіру процесінің функционалдық сұлбасы сызылған. Жылуалмастырғыштағы буды реттеудің математикалық моделі құрылған.

Түйін сөздер: күкірт қышқылы, жылуалмастырғыш, жылу бөліну, модель, реттеу.

Күкірт қышқылы – химиялық өндірісте көбінде қолданылатын негізгі өнім. Ол түссіз, суда жақсы еритін, ұшпайтын, май тәріздес, сұйық зат.

Кендерді өңдеу кезінде (әсіресе сирек элементтерді уран, иридий, цирконий, осмий және т.б алу кезінде), минералды тыңайтқыштар өндірісінде, әр түрлі минералды қышқылдар мен тұздарды алу процесстерінде, химиялық талшықтар, бояғыштар, түтін және жарылғыш заттар өндірісінде, мұнай, металл өңдеу, тоқыма, былғары және басқа салаларда күкірт қышқылы көптеп қолданылуда. Күкірт қышқылы өте агрессивті орта болып табылады және тасымалдау мен пайдалану кезінде ерекше сақтық шараларын қажет етеді. Ол теріге, тыныс алу жолдарына, шырышты қабаттарға қатты зақым келтіруі мүмкін.

Сондықтан күкірт қышқылын өндіру процесіндегі жылуалмастырғыштарды автоматтандыру және оны тиімді басқару өте маңызды.

Қазіргі уақытта өнеркәсіп күкірт қышқылын өндіруде күкірт диоксидін тотықтырудың екі әдісін қолданады:

- Жанасу әдісі;
- Нитроздық әдіс.


Нитрозды әдісі, өртейтін газ шаңнан және судан тазартудан кейін азот оксидінде еріген нитрозды күкірт қышқылымен өңделеді. SO₂ нитрозамен жұтылады, ал содан соң қышқылданады:



Жанасу әдісінің мәні шикізатты күйдіруде алған күкіртті газ, өңдеулер келесі кезеңдері өтеді: газды қиратушы катализатордан, қоспалардан тазарту; Күкіртпен күкірт ангидридінің байланысу арқылы тотығуы; Олеумді құратын күкірт қышқылымен күкірт ангидридімен сіңірілуі.

Әлемде күкірт қышқылының 60% күкірттен өндіріледі, өйткені ол мышьякпен, селенмен ластанбаған.


Екі есе жанасу және екі есе сіңіру әдіс бойынша күкірттен күкіртті қышқылдар өндіріс келесі 1-суретте көрсетілген.



Сурет 1. Күкірттен күкірт қышқылын өндіру схемасы.

Мұндағы: 1 – күкірт пеші; 2 – қазан-утилизатор; 3 – экономайзер; 4 – қосу қнопкасы; 5,6 – қосу қнопкасының жылу алмастырғышы; 7 – байланыс аппараты; 8 – жылу алмастырғыштар; 9 – олеумдік абсорбер; 10 – құрғатқыштың мұнарасы; 11 – бірінші моногидратты абсорбер; 12 – екінші моногидратты абсорбер; 13 – қышқыл жинаушы.

Ауа шаңнан тазартудан кейін кептіргіш мұнараға газ үрлегішпен айдалып, ол 93-98%дық күкірт қышқылын ылғалдылығы 0,01%дейін кептіреді. Кептірген ауа байланысқан жылу алмастырғыштарды алдын ала жылыту үшін күкіртті пешке түседі. Пеште форсункалармен берілетін күкірт жандырылып жатыр:



Өртеудің алдында күкіртты ерітіп алады ($t_{\text{еру}}=113^\circ\text{C}$). Алынатын күкіртті газдың 18% дық концентрациясы болады және кірлететін қоспалары болмайды.

Газ қазанда суытылып және оның құрамында SO_2 9-10% қалғанша аумақ араластырады содан соң 420°C түйіскен аппаратпен конверсия кезеңіне түсіп ол

жерде үш қабатқа ағып жатыр содан кейін газ жылу алмастырғыштармен салқындатылып жатыр.



Осодан кейін 8,5-9,5% бар SO₃ газын, 200°C температурада бірінші олеуммен сіңіру сатысына түседі, олеум абсорбері сосын суарылатын 98% күкіртті қышқылдың бірінші моногидратты сорғышпен сіңіру:



Бұдан әрі газ күкірт қышқылдың шашырауынан тазартудан өтеді, 420°C дейін қызып конверсияның екінші кезеңіне түсіп және катализатордың екі қабатына ағып жатыр. Сорудың екінші кезеңінің алдында газды үнемдегіште суытып жатыр, суармалы 98% күкірт қышқылымен ол екінші кезеңінде моногидрат абсорберіне беріледі сосын шашыраудан тазартылғаннан кейін атмосфераға шығарылып жатыр.




Сурет 3. Күкірт қышқылын өндіру процесінің құрылымдық сұлбасы.

Күкірт қышқылы өндірісінің таңдалған технологиясында химия өнеркәсібін дамытудың негізгі бағыттары сақталған:

- Технология аз қалдықты-шикізаттың мақсатты өнімге ауысуы 99,9%–ға жетеді;
- Энергия үнемдеу, өйткені процесс өзінің энергия үнемдеуін қамтамасыз етеді.
- Бұл химиялық технологияның бірқатар функциялары бар:
- Шикізат пен энергияны ұтымды пайдалану;
- Ауқымдылығы мен арзандығы.
- Процесс үздіксіз болғандықтан, оның бірқатар артықшылықтары бар;

- Өнімнің көп шығуы – процестің жоғары қарқындылығы;
- Термодинамикаға байланысты жылу шығынын жою-жылыту-салқындату;
- Автоматтандыру жеңілдігі.

Жылуалмастырғыш химиялық реакциялардан кейінгі SO₂ газын суытып, бу температурасын 400°C-қа реттеу үшін қолданылады. 400°C электр энергиясын өндіретін турбина үшін идеалды температура болып есептеледі. Анықталған температураны ұстап тұру үшін жылуалмастырғышқа келетін SO₂ газы клапан арқылы реттеледі. Жылуалмастырғыш арқылы температура реттеу процесінің функционалды сұлбасы әзірленді. Конвейер арқылы кесек күкірт еріту пешіне түседі, ыстық бумен жанасу арқылы еріу процесі басталады. Күкірт бірқалыпты еру үшін араластырғыштар іске қосылады. Еріген күкірт сорғы арқылы фильтрге жіберіледі. Тазартудан өткен күкірт резервуарда сақталады. Функционалды схема негізінде жабдықты есептеу және таңдау жүзеге асырылады.



Сурет 3. Жылуалмастырғыш арқылы температура реттеу процесінің функционалды сұлбасы.

Басқарылатын объектінің динамикасы шамамен бірінші ретті апериодтық үзбе арқылы сипатталады. Құбыр учаскесінің әдеттегі беріліс функциясы:

$$W(s) = \frac{K}{T_1 s + 1} \frac{1 - b e^{-\tau s}}{(T_2 s + 1)(T_3 s + 1)} \frac{1}{T_4 s + 1}$$

мұндағы, K – жылуалмастырғыштың статикалық беріліс коэффициенті;

T_1, T_2, T_3, T_4 – жылуалмастырғыштың тұрақты уақыты;

b – константа жылуалмастырғыштың құрылымдық өзгешелігін ескере отырып;


τ – уақыт, жылуалмастырғыштың сипаттамалық кешігуі.

$$W(s) = \frac{9}{0,27s + 1} \frac{1 - 0,7e^{-10s}}{(25,8s + 1)(0,94s + 1)} \frac{1}{1,11s + 1}$$

Температураны реттеу процесі келесідей жүзеге асырылады:



Сурет 4. MatLab ортасындағы температураны реттеу моделі.



Сурет 5. Модельдеу нәтижесі.

Математикалық модельдеу нәтижесінде PI реттегіш көмегімен жылуалмастырғыштағы температура реттелінді. Температура 400°C-та реттелді. Қысымды реттеу барысында қозғалтқыштың, құбырдың және клапанның беріліс функциялары есептелінді.

Simulink пакетінде температураны реттеудің ашық және тұйықталған жүйесінің блок-диаграммалары құрылды. Жылуалмастырғыштағы

температураны 400°C-та ұстап тұруға мүмкіндік беретін құрылымдық сұлба әзірленді.

Компьютерлік модельдеу нәтижелері құрылымдық схеманың жұмысқа қабілеттілігін және оның практикалық қолдануға жарамдылығын растайды. Берілген шарттарға сәйкес схеманы жаңғырту арқылы аталған кемшіліктерді жою мүмкіндігі бар.

Қорытынды. Күкірт қышқылын өндіру цехындағы жылуалмастырғыштарды автоматтандыру жүйесі әзірленді. Күкірт қышқылының қолданылу аясы мен қасиеттері зерттелді. Технологиялық процесті зерттеп, жұмыс істеу принциптерін сипатталды. Жылуаламастырғышты автоматтандыру жүйесінің функционалды схемасы сызылды. Технологиялық процестің математикалық моделі құрастырылып, 400°C-та реттелінді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Павлов К.Ф., Романков П.Г. Носков А.А. Примеры и задачи по курсу процессов и аппаратов. – Л.: Химия, 1987.

2 Справочник по теплообменным аппаратам паротурбинных установок / Бродов Ю.М., Аронсон К.Э., Рябчиков А.Ю., Ниренштейн М.А. / под ред. Ю.М.Бродова. – М.: Издательский дом МЭИ, 2008.

3 Плановский А.Н. Процессы и аппараты химической промышленности. – М.: Химия, 1967.

4 ГОСТ 9930-67 Теплообменники «труба в трубе» стальные.

5 Хан С.Г. Метрология, стандартизация, сертификация и управление качеством. Методические указания по выполнению лабораторных работ для студентов специальности 5В070200–Автоматизация и управление. – Алматы: АУЭС, 2015.

6 Плетнев Г.П. Автоматизация технологических процессов и производств в теплоэнергетике. Учебник для студентов вузов. – М.: Издательство МЭИ, 2015.

FTAMP 55.03

МАШИНА ЖАСАУ – ҚАЗАҚСТАНДЫ ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУДЫҢ ДРАЙВЕРІ

А.К. Хаймулдинова

Доцент, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана қ.

Д.Г. Каршалова

Аға оқытушы, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана қ.

Н.Б. Сейлхас

Магистрант, М. Қозыбаев атындағы СҚУ, Петропавл қ.

Бұл мақалада машина жасау кешенінің маңызы – оның шаруашылықтың әр түрлі салаларына құралжабдық, елдің қорғаныс жағдайы үшін қару-жарақ, халыққа қажетті тауарлар (мысалы, автокөліктер, теледидарлар, кір жуатын машиналар) шығарумен анықталады. Еңбек өнімділігі мен барлық экономиканың ғылыми-техникалық жағынан алға басуы, елдің қауіпсіздігі оның даму деңгейімен тығыз байланысты. Сондықтан оның даму қарқыны ілгері болып, шаруашылық құрылымындағы ұстанымы салмақты болуы тиіс. Машина жасау кешені басқа да салааралық кешендермен тығыз өндірістік байланыста болады. Ол ОЭК өнімдерінсіз жұмыс істеуі мүмкін емес, сондай-ақ, ОЭК машина жасау дан энергетикалық, тау-кен өндірісі машиналарын және басқа да құрал-жабдықтар, әр түрлі машиналар алатыны жайлы қарастырылған.

Түйін сөздер: машина жасау, тетіктер мен түйіндер, металлургиялық, ауыл шаруашылық, көліктік машина, металл конструкциялар.

Машина жасау экономиканың көзі болып табылады. Машина жасау кешенінің құрылымы өте күрделі. Оның құрамына үш топқа біріктірілген ондаған салалар кіреді: 1) машина жасау (машиналар мен құрал-жабдық шығару); 2) металл өңдеу (металл конструкцияларын даярлау, машиналар мен құралжабдықтарды жөндеу; 3) «кіші металлургия» (машина жасау зауыттарында металл балқыту). Машина жасау кешенінің маңызы – оның шаруашылықтың әр түрлі салаларына құралжабдық, елдің қорғаныс жағдайы үшін қару-жарақ, халыққа қажетті тауарлар (мысалы, автокөліктер, теледидарлар, кір жуатын машиналар) шығарумен анықталады. Еңбек өнімділігі мен барлық экономиканың ғылыми-техникалық жағынан алға басуы, елдің қауіпсіздігі оның даму деңгейімен тығыз байланысты. Сондықтан оның даму қарқыны ілгері болып, шаруашылық құрылымындағы ұстанымы салмақты болуы тиіс. Машина жасау кешені басқа да салааралық кешендермен тығыз өндірістік байланыста болады. Ол ОЭК өнімдерінсіз жұмыс істеуі мүмкін емес,

сондай-ақ, ОЭЖ машина жасау дан энергетикалық, тау-кен өндірісі машиналарын және басқа да құрал-жабдықтар, әр түрлі машиналар алады [1].

Машина жасау кешені металлургия балқытқан металлы пайдаланып, өзі оған техника, шикізат (мысалы, металл сынығы мен жоңқаларын) жеткізеді. Машина жасау үшін көп мөлшерде химиялық тауарлар (пластмасса, синтетикалық талшық пен каучук, бояу) жұмсалады. Оларды өндіру, керісінше, машина жасау өнеркәсібінің мүмкін емес. Машина жасаудың қалыптасуы мен дамуы. XX ғ. басында біздің елімізде машина жасау саласы болған жоқ. Тек шағын металл өңдеу кәсіпорындары ғана жұмыс істеді. Олар қарапайым еңбек құралдарын, үйге қажетті тұрмыстық заттар мен әшекей бұйымдар шығарды. Бұл кәсіпорындардың «ірі» өндірістегі үлесі 2%-ға да жетпейтін. Соғысқа дейінгі уақытта республикада ірі механикалық зауыттар пайда болды. Бірақ оларда, негізінен, машиналар жөндеуден өткізіліп, металл өңделді. Машина жасау өндіріс саласы ретінде Ұлы Отан соғысы жылдарында эвакуациямен көшіріліп әкелінген кәсіпорындардың негізінде құрылды. Металлургиялық құралжабдық (Алматы), автоматты пресс (қыспа) (Шымкент), рентген аппаратураларын (Ақтөбе), автокөлік двигательдерін (Петропавл), ауыл шаруашылық техникасын (Астана) шығаратын ірі зауыттар осылайша пайда болды. Олар Қазақстандағы машина жасаудың мамандануын айтарлықтай өзгертті. Соғыстан кейінгі жылдарда ондаған машина жасау зауыттары салынды. Прибор жасаудың, электротехникалық өнеркәсіптің, трактор жасаудың жаңа салалары пайда болды [2].

Машина жасау салаларының кешені қалыптаса бастады. Басқа салааралық кешендерді басып озып, ол өндірісте алдыңғы орынға шықты. 1990 жылдардың басында машина жасау кешенінің құрамында 2500-дей өнім турлерін шығаратын 370 зауыт болды. Дегенмен, машина жасаудың жалпы даму деңгейі бойынша Қазақстан басқа одақтас республикалардан бірталай артта қалып келді. КСРОда ол жалпы өнім шығарудан үшінші, ал машина жасаудан он екінші республика болды. Бірақ кешеннің құрылымы Қазақстан үшін қолайлы болмады. Барлық зауыттардың 1/3 бөлігі тек ескірген техниканы жөндеумен айналысса, ал тағы да сондай бөлігі метал конструкцияларын өндірді. Қалған бөлігінің жартысын қорғаныс-өндірістік кешені (ҚӨК) құрады. Бұл кәсіпорындарда қазіргі кездегі жаңа құралжабдықтар мен ең жоғары маманданған жұмыскерлер шоғырланды. Машина жасауда дайын өнім шығаратын зауыттар аз болды. Көптеген кәсіпорындарда тетіктер мен түйіндер жасалынып, ал олардан машиналарды Қазақстаннан тысқары жерлерде шығарды. Республикаға қажетті машинаның 3/4 бөлігі шеттен тасымалданып әкелінді. 1990 жылдары машина жасау кешені, оның өнімдеріне деген сұраныстың күрт төмендеуіне байланысты, терең дағдарыс жағдайында болды. Басқа республикалардағы кәсіпорындармен көптеген өндірістік байланыстар үзілді. ҚӨК зауыттарының алдында өндірісті конверсиялау, яғни халық пен экономикаға қажетті өнім шығару міндеті тұрды. Конверсия өте баяу жүрді. Өнеркәсіптердің барлығы жаңа жағдайға бірден үйреніп кете алмады [3, 4].

Нарықтық қатынасқа табысты өтудің мысалын Петропавлдағы зауыттардың бірінен көруге болады. Петропавлдағы ауыр машина жасау зауыты ПАМЖЗ КСРО кезінен орта қашықтықты зымыран шығарумен айналысты. Кеңес-американ келісімі бойынша мұндай қару шығаруғатыйым салынды. Қазір зауыт Қазақстанның мұнай және газ өнеркәсібіне жұмыс істейді. ПАМЖЗ олар үшін техниканың жаңа түрлерін – шағын бұрғылау қондырғыларын, скважиналарды жөндеуге арналған автокөліктердің көтергіш қондырғыларын шығарады. Зауыттың әлуеті «Бәйтерек» зымыран-ғарыштық кешенін құруға қатысуға мүмкіндік береді. Көптеген ірі зауыттар дағдарыс кезінде ұсақ кәсіпорындарға бөлініп кетті. Жаңа өнімдерге сұраныс өндірістің жаңа түрлерінің пайда болуына себеп болды. Сол себепті қазіргі уақытта машина жасау кешенінің құрамында 2000-нан астам кәсіпорындар бар. Онда өндірістің барлық салаларының арасында ең көп (13%) жұмыскерлер қызмет етеді. Бірақ кешеннің өнім өндіру үлесі небәрі 4%-ды ғана құрайды. Оларға, ең алдымен, энергетикалық (мұнай және газ өнеркәсібіне қажетті машиналар мен құрал-жабдықтар), металлургиялық, ауыл шаруашылық және көліктік машина жасау салаларын жатқызуға болады. Алғашқы үш сала Қазақстанның экспорттық әлуетінің өсуіне ықпал етуі тиіс. Көліктік машина жасаудың міндеті – ел ішіндегі көптеген өндірістердің дамуына жағдай туғызу. Әзірге біздің елімізде тек құрастыру кәсіпорындары ғана құрылған. Олардың ішіндегі ең ірісі – Өскемендегі «Азия-Авто» автомобиль құрастыру зауыты. Қазірдің өзінде олар аккумуляторды Талдықорғаннан алады. Болашақта бөлшектер мен басқа материалдардың 40-50%-ын Қазақстанның зауыттары шығаратын болады [5, 6].

Машина жасаудың дамуына шет елдік серіктестермен біріккен кәсіпорындар жағдай жасайды. Мысалы, автомобиль жасау (Көкшетаудағы автобус құрастыру зауыты) мен трактор жасаудың (Семейдегі) дамуына ықпал ететін ресейқазақстан «Қазақстан – КамАЗ» консорциумы құрылды. Деректерге сүйенсек, еліміз аумағындағы ең алғашқы машина жасау кәсіпорны 1909 жылы Алматы қаласында (бұрынғы Верный) құрылған екен. Ол тұқым себу машинасын (сеялка) шығаратын болған. Ал өндіріс саласы ретінде Қазақстандағы машина жасау өнеркәсібі Ұлы Отан соғысы жылдарында Кеңестер Одағының батыс және орта өңірлерінен көшіріліп әкелінген кәсіпорындардың негізінде қалыптасты. Сөйтіп, Алматыда металлургиялық құрал-жабдықтар, Шымкентте автоматты сығымдау аппаратураларын, Ақтөбеде автокөлік қозғағыштарын, Ақмолада ауылшаруашылық техникасын шығаратын кәсіпорындар құрылып, ондаған машина жасау зауыттары салынды. Осылай аспап жасаудың, электротехникалық өнеркәсіптің, трактор жасаудың жаңа салалары пайда болып, машина жасау салаларының кешені қалыптаса бастады [7].

Еліміз тәуелсіздігін алар тұста Қазақстандағы машина жасау кешенінің құрамында 2500-ден аса өнім түрлерін шығаратын 370 зауыт болды. Бірақ біз бұл саланың жалпы даму деңгейі бойынша басқа одақтас республикалардан айтарлықтай артта едік. Жалпы, өнім өндіруде Қазақстан КСРО-да үшінші орында болғанымен, машина жасауда он екінші орында тұрғаны мұның айқын

дәлелі. Кешеннің құрылымы да біздің еліміз үшін қолайлы болмады: зауыттардың үштен бірі тек ескірген техникаларды жөндеумен айналысса, тағы сондай бөлігі металл конструкцияларын өндірді. Ал қалған үштен бірінің жартысын Қорғанысөндірістік кешен құрады. 1990 жылдары сала өндіретін өнімге деген сұраныстың төмендеуінен, машина жасау кешені терең дағдарысқа ұшырады. Жалпы, Кеңестер Одағы ыдырағанға дейін еліміз аумағындағы қорғаныс-өнеркәсіп кешені құрамында 50 жоғары технологиялық зауыт жұмыс істеді. Олар әскери техника, қару-жарақ және оқ-дәрі шығарды. Алматы, Орал, Зырян, Петропавл қалаларында орналасқан жетекші зауыттар орта қашықтықтағы зымырандар, әскери-теңіз флоты үшін торпедо, атқыш қару-жарақ, зымыран техникаларының микросызбаларын шығаратын. Қазір де бұл зауыттар Қазақстан мен ТМД елдерінің Қарулы күштеріне арналған өнімдер шығарады

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Morokina G., Umbetov U., Mailybayev Y. Automation design systems for mechanical engineering and device node design // Journal of Physics: Conference Series. – 2020, Vol. 15.

2 Khasanova G., Khasanov E. Overview of online learning // Industrial transport of Kazakhstan. – 2019, №1(62). – P. 179-184.

3 Morokina G., Sergeev M., Porozov I. Creation of measuring system on the basis of integrated program Trace Mode6 environment at reading of remote lectures for students of a speciality 200101.65 // Innovative technologies in formation. – 2010. – P. 131-138.

4 Morokina G. Teaching integrated programmer Trace mode in customs manufacturing // New technologies and forms of education. 2010. – P. 39-40.

5 Khasanova G., Khasanov E. Development of the full-time network education platform // Herald of the Kazakh– British technical university. – 2019, Vol 16, Issue 3. – P. 20-25.

6 Morokina G., Umbetov U., Mailybayev Y. Computer-Aided Design Systems of Decentralization on Basis of Trace Mode in Industry // International Russian Automation Conference (RusAutoCon), 1994, Sochi, Russia.

7 Morokina G., Katsan I., Umbetov U. Control systems on the base of TM6 in industry // Proceedings of the 31st International Business Information Management Association Conference, IBIMA: Innovation Management and Education Excellence through Vision, 2018, Milan, Italy.

ҒТАМР 61.51.03

МҰНАЙ ӘЛЕМІНДЕ ҚОЛДАНЫЛАТЫН МҰНАЙ МЕН ГАЗ ҚОРЛАРЫНЫҢ ЖІКТЕЛУІ

А.Т. Нұрғали, Р.Т. Сұлтан, Г.Т. Космбаева, Р.К. Адилханов

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе Өңірлік университеті, Ақтөбе қ.

Бүгінгі күні дүниежүзілік мұнай қорының 3%-на ие Қазақстан, әлемдегі мұнайға бай 15 елдің қатарына кіреді. Мұнай мен газ қорлары– геологиялық барлау жұмыстарының немесе кенорынды игеру деректері бойынша анықталған жер қойнауындағы пайдалы қазбалардың сандық-мөлшерлік есебі болып табылады. Мұнайдың қоры табиғи газдікі м³ өлшемімен өрнектеледі. А, В, С1 категорияларын игеру кенорының барланған қорлары және С2 – алдын ала бағаланған қорлар болып бөлінеді. Категорияларға бөлу – А-дан С2 категориясына қарай тетелес төмендейтін анықтаудың сенімділігіндегі айырмашылықтарды есепке алады.

Түйін сөздер: мұнай, қорлар, кен орын, газ, өндіру, ресурс.

Қазіргі әлемді мұнай мен газсыз елестету – қиынның қиыны. Көліктерді қозғалысқа енгізетін жағар және жанармайлар, электр оқшаулағыш заттар, ерітінділер, мұнай-химиялық толып жатқан қоспалар, косметикалық өнімдер, т.б. Мұнай – адамзат қоғамының қозғалтқыш күші десек те болады. Мұнай өндіру, өңдеу, оны тасымалдап сату, мұнай-газ кенорындарына деген қзығушылық, осы бір шексіз табиғат ресурсының тұтқасын ұстау жолында туындайтын қиыншылықтар– мұның бәрі де мұнайға қатысты.

Мұнай жоқ елдің мұнайы көп елге кіріптарлығына қоса, «Мұнайлы елдің мұны көп» дейтін айтылым да барлығы рас. Мұнай мен газға келгенде, жер аумағы жағынан әлемдегі үздік ондыққа енетін Қазақстанның да өзіндік орны бар. Жерінің кеңдігі оның қойнауындағы мұнай мен газдың қоры мол болуына кепілдік беремейді дегенімізбен Қазақстанның бұл тұрғыда бәсі жоғары. Қазақ жерінде мұнайдың да, газдың да қоры жетерлік. Қазақстан мұнай өндіру бойынша әлемдік рейтингте он бірінші орынға ие және геолог ғалымдардың болжауынша алдағы кезеңде бұл сан ілгері қарай өсудің, яғни алғашқы ондықтың бел ортасына енудің мүмкіндігі өте зор. Қазақстан – мұнай өндіруші мемлекет. Газ өндірісі де біршама жақсы дамып келе жатыр. Қазақ жері, қазақ халқы мұнай өндірісінен өз үлесін кейінгі үш ғасыр бойы алып келе жатыр.

Мұнай қорларының 90%-дан астамы – Теңіз, Қашаған, Қарашығанақ, Өзен, Жетібай, Жаңажол, Қаламқас, Кенқияқ, Қаражанбас, Құмкөл, Солтүстік

Бозашы, Әлибекмола, Орталық және Шығыс Прорва, Кенбай, Королевское ірі кен орындарына шоғырланған. Кен орындары Қазақстанның 14 облысының алтауында орналасқан. Олар Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда және Маңғыстау облыстары. Бұл ретте, көмірсутектері қорларының шамамен алғанда 70%-ы Қазақстанның батысында топтасқан.

Әлемдік мұнай қорларының 1,8%-на иелік ететін Қазақстан өзінің ең маңызды өндірушілерінің арасында 18-орында тұрса, Ресейден кейін екінші мұнай өндіруші болып табылады. Алайда, географиялық жағынан бұл қорлар бүкіл ел аумағы бойынша біркелкі бөлінбейді. Мұнай және газ бассейндерінің еліміздің 62%-ын алып жатқандығына, 172-ден астам мұнай кен орны бар екендігіне қарамастан, ең ірі үш кен орны елдің батыс бөлігінде Каспий теңізінің маңында орналасқан.



Сурет 1. Дәлелденген мұнай қорлары.

Бұл үш кен орны, яғни Қарашығанақ, Теңіз және Қашаған елдегі мұнай қорының көп бөлігін қамтиды. Сонымен қатар, тәулігіне 250 мың баррель және тәулігіне 600 мың баррель құрайтын Қарашығанақ және Теңіз кен орындары сәйкесінше елдегі жалпы мұнай өндірісінің жартысын құрайды. Мұнай-газ секторын одан әрі дамыту үшін Қазақстан Үкіметінің жоспарларында әртүрлі себептер бойынша екі кен орны да маңызды рөл атқарады.

Анализ карт показал, что обледенение наиболее часто встречается в слоях облачности (или осадков) между этими изотермами. Вероятность обледенения при температуре воздуха ниже -20°C невелика и составляет не более 10%. Обледенение современных самолетов наиболее вероятно при температуре не ниже -12°C . Однако следует отметить, что обледенение не исключается и при более низкой температуре. Повторяемость обледенения в холодный период в два раза выше, чем в теплый. При прогнозе обледенения самолетов с реактивными двигателями также учитывается кинетический нагрев их поверхности по графику, представленному выше. Для прогноза обледенения необходимо определить температуру окружающего воздуха T , которой соответствует температура поверхности самолета 0°C при полете с заданной скоростью V . Возможность обледенения самолета, летящего со скоростью V , прогнозируется в слоях выше изотермы T .

Умеренное и сильное обледенение указывается в зоне облачности шириной до 400 км перед теплым и за холодным фронтом у поверхности земли и шириной до 200 км за теплым и перед холодным фронтом. Оправданность расчетов по этому графику составляет 80 % и может быть повышена путем учета излагаемых ниже признаков эволюции облачности.

Фронт обостряется, если он расположен в хорошо оформленной барической ложбине приземного давления; контраст температуры в зоне фронта на АТ850 более 7°C на 600 км (повторяемость более 65% случаев); наблюдается распространение падения давления на зафронтальную область или превышение абсолютных значений предфронтального падения давления над ростом давления за фронтом.

Фронт (и фронтальная облачность) размываются, если барическая ложбина в приземном поле давления слабо выражена, изобары приближаются к прямолинейным; контраст температуры в зоне фронта на АТ850 менее 7°C на 600 км (повторяемость 70% случаев); рост давления распространяется на предфронтальную область, или абсолютные значения зафронтального роста давления превышают значения падения давления перед фронтом; отмечается

выпадение непрерывных продолжительных осадков умеренной интенсивности в зоне фронта. Следует иметь в виду, что локальный прогноз эволюции облаков позволяет оценить лишь изменения интенсивности обледенения.

Выводы. Статистика говорит о том, что процент погибших в результате авиакатастроф значительно ниже, чем в случаях с другими видами транспорта. Обледенение самолета – частая причина аварий, поэтому борьбе с ней уделяют повышенное внимание. При крушении поезда, судна или автоаварии у людей есть достаточно высокие шансы выжить. Падения же воздушных лайнеров, за редким исключением, приводят к гибели всех пассажиров. Чаще всего обледенению подвергаются следующие части корпуса самолета: хвостовое оперение и передние кромки крыльев; воздухозаборники двигателей; лопасти винтов у соответствующих типов двигателей. Образование льда на крыльях и хвосте приводит к увеличению сопротивления, ухудшению устойчивости и управляемости воздушного судна. В самых худших случаях органы управления (элероны, закрылки и т.д.) могут просто примерзнуть к крылу, и управление самолетом будет частично или полностью парализовано. Обледенение воздухозаборников нарушает равномерность воздушных потоков, входящих в двигатели. Следствие этого – неравномерная работа моторов и ухудшение тяги, сбои в работе агрегатов. Появляются вибрации, которые могут привести к полному разрушению двигателей. У самолетов с винто-вентиляторными и турбовинтовыми двигателями обледенение кромок лопастей винтов вызывают серьезное уменьшение скорости полета из-за падения коэффициента полезного действия винтов. В результате судно может «не дотянуть» до места назначения, т.к. расход топлива при меньшей скорости остается прежним или даже возрастает.

Литература

- 1 Юрченко А.П. Технические средства борьбы с обледенением воздушного судна. – М. Машиностроение, 2008.
- 2 Павловский Р.Н. Особенности эксплуатации воздушного судна в условиях обледенения. – М. Машиностроение, 2012.
- 3 Бородин В.Т. Управление полетом самолетов и вертолетов. – М.: Машиностроение, 2006.
- 4 Козлов А.В. Справочник по расчету надежности аппаратуры радиоэлектроники и автоматики. – М.: Радио и связь. 2005.
- 5 Тулегулов А.Д., Ергалиев Д.С., Бейсембаева Б, Зуев Д. Методы исследования полетных нагрузок летательных аппаратов. Научный журнал Пензенского государственного университета. «Надежность и качество сложных систем». 2021, №3(35). – С.48-56.

ҒТАМР 60.29.09

ТАУАРЛЫҚ КҮКІРТТІ АЛУ ЖӘНЕ ҚАЙТА ӨНДЕУ ПРОЦЕСТЕРІН ЖЫЛУ-МАССА АЛМАСУ ЖӘНЕ АППАРАТУРАЛЫҚ РЕСІМДЕУ

А.М. Балгынова

*Техникалық факультет деканы, Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті,
Ақтөбе қ.*

Б.У. Арзуқұлов

Магистрант, Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қ.

Зерттеудің мақсаты тауарлық күкіртті өндіру, сақтау және өңдеу аппараттарының кешенін конструктивті орындауды әзірлеу, күкірт өндірісінің жылу-масса алмасу процестерінің технологиялық параметрлерін есептеудің сенімді әдістерін жасау болып табылады. Жұмыс идеясы тауарлық күкіртті өндіру және қайта өңдеу технологияларын, олардың аппараттық құралдарын және жылу-масса алмасу процестерін басқару тұрғысынан есептеудің тиімділігін арттыруды, алынған өнімнің сапасын жақсартуды және энергия ресурстарын ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету әдістемесін әзірлеу болып табылады.

Түйін сөздер: тауарлық күкірт, түйіршіктелген өнімдер, жылу-масса алмасу, нарық, инертті күкірт.

Күкірт көмір, мұнай, әктас, ас тұзы және басқа да өнімдермен бірге химия өнеркәсібінің негізгі шикізатына жатады. Азот, фосфор, калий, кальций және магнийден басқа, күкірт өсімдіктердің маңызды қоректік минералды элементі болып табылады. Бұл күкірттің экономика үшін және халықты азық-түлікпен қамтамасыз ету үшін стратегиялық маңыздылығын көрсетеді, әсіресе оның әлемдегі санының тез өсуі жағдайында. Құрылыс индустриясы технологиясында күкіртті игерудің алғышарттары техникалық күкірттің кең шикізат базасы (мұнай, табиғи газ, от жағу газдары және басқа да өндірістік қалдықтарды тазарту арқылы алынған) және сату қажеттілігі ғана емес, сонымен қатар ұзақ мерзімді химиялық төзімді материалдарға деген үлкен қажеттілік болып табылады.

Күкірт өндірісін кеңейту оны одан әрі тиеу, тасымалдау және пайдалану қажеттілігіне байланысты талаптар кешенін қанағаттандыратын оның оңтайлы түрін таңдауды талап етеді.

Күкірт нарығының қазіргі жағдайын, формаларын, алу, өңдеу және сақтау технологияларын талдау оның өндірісін, технологиялары мен аппараттарын дамытудың ең перспективалы бағыттарын анықтауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, күкірт қайта өңдеу өнімі ретінде аппараттарды жобалаудың және арнайы технологияларды әзірлеудің бірқатар мәселелерін шешуге жеке көзқарасты қажет ететін өзіндік ерекшеліктерге ие екенін атап өткен жөн. Осы міндеттерді шешу қажеттілігі энергия үнемдеудің, өнімділіктің, сипатының және экологиялық қауіпсіздіктің заманауи талаптарын қанағаттандыратын тауарлық күкіртті алу, өңдеу және сақтау процестерін өндіру технологиялары мен аппараттық ресімдеудің осы зерттеуінің өзектілігін анықтайды.

Қазіргі уақытта тауарлық күкірт алу технологиясының экологиялық тазалығы мәселелері алдыңғы қатарға шығарылуда. Ресей өндірісінің едәуір бөлігі қазіргі экологиялық қауіпсіздік стандарттарына сәйкес келмейтін технологияларды қолданады. Көлік схемаларында күкіртпен тиеу-түсіру және тасымалдау жұмыстары кезінде ең үлкен қауіп-күкірттің жоғалуына әкелетін, қоршаған ортаға зиян келтіретін, тұтану және жарылыс мүмкіндігін тудыратын шаңның кетуі.

Сұйық күкірт күкіртті өңдеудің барлық дерлік процестерінде аралық күй немесе соңғы өнім ретінде болады. Бұл сұйықтықты технологиялық процестерде қолданудың артықшылықтарына байланысты. Күкірт балқымасы бар процестерді аппараттық ресімдеу сұйық күкіртті сақтауға және тасымалдауға арналған сыйымдылықтарды, оның ішінде темір жол цистерналарын-термостарды, құю кемелерінің танктерін, құбырлар мен сорғы жүйелерін қамтиды.

Күкіртті тасымалдау мен сақтаудың экологиялық және технологиялық мәселелерін шешудің тағы бір тәсілі-түйіршікті күкірт өндірісі. Түйіршіктелген өнімдер жоғары сұйықтыққа ие, кептірілмейді, тиеу-түсіру жұмыстарында аз шаң болады. Түйіршіктелген өнімдерді қолдану санитарлық-гигиеналық еңбек жағдайларын жақсартуға, өнімнің мөлшерін автоматтандыруға, пневматикалық және діріл көлігін пайдалануға мүмкіндік береді. Түйіршіктелген түрінде сатылатын күкіртті алудың салыстырмалы түрде төмен құны бұл технологияны көптеген күкірт өндірушілер мен тұтынушылар үшін тартымды етеді. Сонымен қатар, түйіршікті күкірт өндіру технологиясын кеңінен қолдану қолданыстағы шетелдік аппараттардың кемшіліктері мен жоғары құнымен және отандық өндіріс аппараттарының болмауымен шектеледі.

Түйіршіктегіштердің қолданыстағы түрлерінің ішінде күкірттің су және ауа түйіршіктеу аппараттары кең таралған. Күкіртті ауа түйіршіктеу қондырғылары айтарлықтай күрделі шығындарды талап етеді. Бұл құрылғылардан күкірт шаңы салқындатқыш ауамен бірге айтарлықтай қашықтықта таралады. Қондырғының жұмыс аймағында экологиялық жағдай нашарлайды, топырақ пен су объектілерінің қышқылдану қаупі бар. Күкіртті ауа түйіршіктеу қондырғыларының маңызды кемшіліктерінің бірі – олардың жарылғыштығы. Олардың артықшылықтары ірі өндірістегі салыстырмалы

түрде төмен пайдалану шығындарын және алынған түйіршіктердің жоғары сапасын қамтуы керек.

Күкірттің сулы түйіршіктеу өндірісінің таралуы дайын өнімнің жоғары сулануымен шектеледі. Беттік ылғалды өнеркәсіпте қолданылатын кез келген тәсілмен бөлуге болады, мысалы, скрининг, центрифугалау және т.б. катаю кезінде шөгінетін раковинаға түскен ылғал тек кептіру процесінде жойылады, бұл өндіріс процесін қиындатады және қосымша шығындарды қажет етеді.

Күкірт байланыстырғышты алу технологиясы цемент технологиясына қарағанда әлдеқайда жеңіл. Ұқсас маркалы цементпен салыстырғанда қара тұтқыр затты дайындау кезінде энергия шығынын 1,5-2,5 есе төмендетуге, экологиялық қауіпсіздікті арттыруға, өндірісті ұйымдастыруға арналған күрделі үлестік шығындарды 50%-ға дейін төмендетуге, өзіндік құнын 2,5-3 есе төмендетуге, дайын өнімді сақтау мерзімін арттыруға (іс жүзінде шектеусіз) қол жеткізіледі.

Қазіргі заманғы құрылыс материалтану ғылымының басты міндеті – алдын-ала белгіленген қасиеттері бар тиімді және үнемді материалдар жасау және оларды алудың ұтымды технологиясы. Ең жақсы жолмен бұл міндет минералды, органикалық, металл және басқа да тұтқыр композициялық материалдарды алу жолында шешіледі.

Композициялық құрылыс материалдары – бұл әртүрлі қасиеттері бар екі немесе одан да көп мономатериалдардан тұратын және осы комбинация нәтижесінде бастапқы материалдарға тән емес жаңа қасиеттер кешенін алатын күрделі құрылымдардың жасанды материалдары.

Құрамында күкірт бар құрылыс материалдары бірқатар жағымды қасиеттерге ие, олар бірінші кезекте мыналарды қамтиды: құрамында күкірт бар қоспаның салқындату кезеңімен байланысты жылдам беріктік жиынтығы, жоғары беріктік, бірқатар агрессивті өнімдерге химиялық төзімділік, судың төмен сіңуі және сәйкесінше аязға төзімділігі жоғары.

Толтырғыштың геометриялық өлшемдері, ең алдымен, ұнтақтың дисперсиясы күкірт композиттерінің құрылымы мен қасиеттеріне айтарлықтай әсер етеді. Жұқа дисперсті толтырғыштар күкірт тұтқыр бөлшектері арасындағы фазааралық кеңістікті толтыру үшін өте қолайлы.

Күкірт балқымасын жұқа дисперсті толтырғышпен толтыру, бос орындарды толтыру, толтырғыш пен күкірттің оңтайлы қатынасы үлкен күкірт кристалдарының пайда болуына жол бермейді. Ұсақ кристалды күкірттің пайда болуы толтырғыштың айналасында пленканың оңтайлы қалыңдығын құруға, күкірттің толтырғыш бетімен (Si–O–S) берік адгезиялық байланыстарын қалыптастыруға, біртекті тығыз құрылымды алуға ықпал етеді және бұл өз кезегінде ішкі деформациялық кернеулердің төмендеуіне және беріктіктің жоғарылауына әкеледі.

Күкірт қайта өңдеу өнімі ретінде маңызды жеке ерекшеліктерге ие (жылу өткізгіштік коэффициентінің шамаларының шамалы мәндері, балқу жылуы, аппараттардағы температураның өзгеруінің шектеулі рұқсат етілген диапазоны және т.б.), оларды есепке алуды және аппараттарды жобалау және арнайы

технологияны әзірлеу мәселелерін шешуге жеке көзқарасты талап етеді. Тауарлық күкірт түрлерінің өндірісі мен ассортиментін одан әрі кеңейту қажеттілігі отандық және халықаралық өнім сапасының стандарттарына сәйкес келетін энергия үнемдеу, экологиялық қауіпсіздік талаптарын қанағаттандыратын жаңа жоғары өнімді құрылғыларды құруды талап етеді.

Күкіртті композициялық материалдар технологиясында қолдану оның химиялық қасиеттері мен электронды құрылымына байланысты. Қалыпты жағдайда инертті күкірт қыздыру және балқыту кезінде S_n бирадикалдары түрінде әрекеттеседі, сондықтан радикалды түрлендірулердің бастамашысы болып табылады. Күкірттің электронды конфигурациясы ($3s^23p^43d^0$), жалғыз электронды жұптардың және бос 3D орбитальдардың болуы оның нуклеофильді (N-) және электрофильді (E+) агенттердің әсерінен белсендіру қабілетін анықтайды. Алынған полисульфидті тізбектер салыстырмалы түрде тұрақты циклдік S_8 молекулаларына қарағанда әлдеқайда көп реактивтілікке ие. Осы себепті реактивтердің аталған түрлері элементтік күкірт реакциясының катализаторы бола алады. Элементтік күкіртпен реакцияларда қышқыл катализаторы ретінде минералды және органикалық Протон қышқылдары (HCl , H_2SO_4 , H_3PO_4), Льюис қышқылдары ($AlCl_3$, $AlBr_3$, $FeCl_3$).

Күкірт молекуласына электрофильді шабуыл S_8 сақинасының ашылуынан және диполь бөлшегінің пайда болуынан басталады. Осылайша пайда болған қосымшалар реактивті бола бастайды, осылайша күкірттің химиялық қасиеттері аталған жағдайларда күкірт-кремнийлі материал жүйесінде жаңа химиялық байланыстардың пайда болуын және нәтижесінде күкірт композицияларының физика-механикалық қасиеттерінің жоғарылауын күтуге мүмкіндік береді.

Өздеріңіз білетіндей, физика-механикалық қасиеттер мен композициялық материалдардың артуы жаңа қосымша химиялық байланыстардың пайда болуына байланысты ең тұтқыр және толтырғыш молекулалары. Бірінші құрамдағы күкірттің химиялық активтенуі жоғары температурада және сілтілі ортада жүреді. Сілтілі ортасы (сұйық әйнегі) бар Силикат модификаторын қолдану оның модификатормен химиялық әрекеттесуі және жаңа химиялық байланыстардың пайда болуы арқылы біртекті және тығыз құрылымның пайда болуына ықпал етеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

- 1 Патуроев В.В. Полимербетоны. – М.: Стройиздат, 1987. – С. 286.
- 2 Соломатов В.И., Селяев В.П., Соколова Ю.А. Химическое сопротивление материалов. – М.: РААСН, 2001. – С. 284.
- 3 Соломатов В.И. Известия вузов. Строительство и архитектура. 1980, №8. – С. 61-70.
- 4 Алесковский В.Б. Стехиометрия и синтез твердых соединений. – Л.: Химия, 1976. – С. 138.

ҒТАМР 84.01.11

ЦИФРЛЫҚ ЭКОНОМИКАНЫҢ СТАНДАРТТАУ ЖҮЙЕСІН ЖЕТІЛДІРУДІҢ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ ӘДІСТЕРІ

А.Ш. Жарылғасын

Студент, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана қ.

А.А. Дарибаева

Жетекші, магистр, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана қ.

Қазіргі уақытта, цифрлық технология біздің санамызды және біз өмір сүріп жатқан әлемді өзгертіп жатыр. Технологиялық инновациялар бұрын мүмкін емес болса, қазір күнделікті әрекеттерді мүмкіндігінше тиімді орындаудың басты міндеті болып табылады. Әлемдегі төртінші өнеркәсіптік революция. Мақалада цифрлық өндірісті стандарттаудың шетелдік тәжірибесі қарастырылған. негізінде мақалада цифрлық экономиканың не екенін және оның біздің өмірімізге қалай әсер ететінін анықтауға тырысамыз. Цифрландырудың әсерінен қоғамның көптеген салаларының қалай өзгеріп, жаңа цифрландыру бойынша пайда болған стандарттарды талқылайтын боламыз. Әлемдік және мемлекетаралық стандарттар арасындағы ұқастық және Қазақстандағы цифрлық экономиканы жетілдіру әдістеріне сараптама жүргізу.

Түйін сөздер: цифрлық экономика, өнеркәсіптік революция, стандарт, жасанды интеллект, цифрлық Қазақстан, сандық маркетинг.

Адамзат тарихындағы экономикалық құрылымдардың жаһандық ауысуы жаңа құбылыс емес. Алғаш XVIII ғасырдан бастап жұмыс жасау қол еңбегінен машинаға ауыса бастады. Зауыттар, фабрикалар, теміржолдардың салынуы мен үлкен қалалар пайда болуы да осы уақытта бастады. Бірінші өнеркәсіптік революция қай елден бастау алды?

Әрине, қазіргі кездегідей «энергия» экономикады үлкен рөл атқарды. Мұнай сол замандағы Англияның табыс көзі болды, себебі мемлекет көп мөлшерде көмір өндіріп отырған. Ең алғаш, осы мұнайды өндіру үшін Джеймс Ватт 1778 жылы алғашқы бу қозғалтқышын жасады. Сонымен қатар, 1784 жылы Эдмунд Картрайттың механикалық – тоқу станогы атап өту маңызды, өйткені бұл еңбек өнімнің өндірісін 40 есе арттырды. Бұл жаңалық әлемдегі ең көп өнеркәсіптік өнімдер шығарған Ұлыбританияны ғана емес, сонымен бірге бүкіл әлемдегі экономикалық жағдайды өзгертті.

Давостағы Дүниежүзілік экономикалық форумның Президенті Клаус Шваб айтып кеткендей, «Киберфизикалық жүйелерге қатысты технологиялардың бірігуі тек физикалық және цифрлық әлемін ғана емес, сонымен қатар биологиялық шекаралардың бұлыңғырлануы туралы айту керек, ал болып жатқан құбылыстардың жылдамдығы, ауқымы және жүйелік әсері дәл төртінші өнеркәсіптік революцияны бөліп көрсету болып келеді. Технологиялық тұрғыдан цифрлық технологиялардың кең таралуы, сондай-ақ жасанды интеллект, өздігінен жүретін автомобильдер мен ұшу аппараттары, заттар интернеті, 3D басып шығару, нанотехнология, жұмыс технологиясы, Биотехнология, материалтану, энергия сақтау жүйелері, кванттық есептеулер сияқты салаларда серпілістер күтуге болады». Бұл біздің уақытта болып жатқан жаңа революцияның бірі десекте болады. Енді нақты өмірден мысалдар келтірейік. Адамдардың 90% шексіз және ақысыз жарнамалық қолдау мүмкіндігі бар деректерді сақтауды қолданады. 1 триллион датчиктер интернет желісіне қосылған. Интернет желісінде цифрлық қатысуы бар адамдардың саны 80% құрайды.

Цифрлық экономика және стандарттау.

Әлемде барлық өнімдер және қызмет түрлері белгілі бір стандартқа байланысты пайда болады. Цифрлық экономика да, соның бір дәлелі. Алайда біздің заманымызда цифрлық технологиялар енді пайда бола бастандықтан, стандарттардың да саны көп емес. «Жасанды интеллект» жұмыс тобының мүшесі Сергей Гарбуктың дәлелдеріне сүйенетін болсақ:

Қазіргі уақытта жасанды интеллект саласындағы ұлттық стандарттар кешенінде жасанды интеллекттің қолданбалы технологияларын әзірлеу және қолдану саласындағы келесі міндеттерді шешуге бағытталған 68 құжат бар:

– Экономиканың және әлеуметтік саланың түрлі салаларында жасанды интеллект жүйелерін қолданудың сапа кепілдігін, функционалдық сенімділігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

– Терминологияны, деректерді ұсыну форматтарын біріздендіру, жасанды интеллект жүйелерін құру, сынау және пайдалану кезінде қолданылатын мәліметтер сапасын басқарудың бірыңғай тәсілдерін әзірлеу;

– Нормативтік-техникалық құжаттарда жасанды интеллект технологияларын құру мен қолданудың үздік тәжірибелерін анықтау және бекіту; Ұлттық нормативтік базаны Халықаралық стандарттау ұйымы (ISO), Халықаралық электротехникалық комиссия (IEC), Халықаралық электрбайланыс одағы (ITU), Электротехника және электроника инженерлері институты (IEEE), еуропалық телекоммуникациялық стандарттар институты (ETSI), Еуропалық стандарттау комитеті және Еуропалық стандарттау комитеті әзірлейтін халықаралық және аймақтық стандарттау сен-CENELEC электротехника саласындағы стандарттау комитетіне үйлестіру.

Цифрлық экономикадағы стандарттаудың екі факторлары:

1. Цифрлық экономикадағы стандарттардың жетіспеушілігі. Бұл сала енді дамып келе жатқандықтан, бірқатар стандарттық ескертулерді, жаңа

стандарттарды әзірлеудің мазмұнын және цифрлық стандарттарды дамытудың басым бағыттарын анықтауға ғылыми негізделген тәсілді қажет етеді.

2. Цифрлық экономика саласындағы шеттелдік стандарттарды пайдалану қаупі мәселелерін зерделеу, оларды талдауды әдістемелік қамтамасыз етуді әзірлеу және қарыз алынған стандарттар мен өзіндік ресейлік даму стандарттары арасындағы тиімді қатынасты анықтау қажеттілігі.

Біз цифрлық экономиканың адам үшін айқын артықшылықтарын көріп отырмыз, бірақ бәрі біз ойлағандай ма? Цифрлық экономиканың келуімен бірге өнімнің өмірлік циклі қысқарды. Сонымен қатар, айқын екі проблема пайда болды. Біріншісі, әрине, біздің жеке деректеріміздің қауіпсіздігі, саяси көзқарастар, Медициналық және қаржылық деректер және тағы басқалар туралы ақпарат қазір цифрландырылған. Екінші мәселе немесе кедергі – бұл Кадрлық қажеттіліктің біртіндеп өзгеруі. Адамдар оқитын көптеген мамандықтар 5 жылдан кейін қажетсіз болуы мүмкін. Адамдар өз біліктіліктерін өзгертуге мәжбүр болады. Айта кету керек, бұл проблема кез келген өнеркәсіптік революциямен бірге жүреді, өйткені бұрын жаппай өндіріс тек оның қолөнершілерінің жұмысы.

Цифрлық экономиканың стандарттау жүйесін жетілдірудің әдістері.

Сандық экономика стандарттарының нормативті-техникалық жүйеде орны белгіленген, яғни реттеп, оны жетілдірудің стандарттары ұсынылды. Техникалық регламенттер мен стандарттардың ақпараттық қорын талдау бойынша, ұлттық стандарттау жүйесінің 5343 құжатынын көрсетті. Цифрлық экономика субъектілерінің сауалнамасы қолданыстағы цифрлық стандарттар туралы теориялық жаңалықтардың жоғары деңгейін анықтады, бірақ кейбір салаларда оларды практикалық пайдаланудың деңгейі өте төмен десекте болады. Нормативтік-техникалық реттеу жүйесінде стандарттарды пайдаланудың икемділігін арттыру үшін стандарттарға күні қойылмаған сілтемелерді заңдастыру ұсынылды, олар анықтамалық стандарттардың ережелерін өзгертуге байланысты мәліметтерді анықтау және жою үшін белгілі бір сілтемелі бағдарламаларды енгізді.

Әлемдік заманауи технологиялар заманына сай болу үшін Н.Ә. Назарбаев «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасына бастама жасады. Бұл бағдарлама арқылы халықтың өмір сүру сапасын жақсарту, сондай-ақ ұзақ мерзімді перспективада Қазақстанның экономикасын болашақтың цифрлық экономикасын құруды қамтамасыз ететін түбегейлі жаңа даму траекториясына көшіруге жағдай жасау болып табылады. Қазір сандық маркетингтің басты көзі болып, электрондық ресурстар мен QR-кодтардың сілтемелер түрінде қолдану есептеледі. Сандық маркетингтің бүгінгі таңда таралу түрлері өте көп.

Оның бірсаранын атап өтетін болсақ:

- баннерлер мен контекстік жарнамалардың қолданысқа енуі;
- онлайн радио– теледидар;
- SEO маркетингі;
- SMM мамандығының дамуы;
- веб-сайттар мен онлайн ойындардың санының артуы.

Егер жекеше тоқтайтын болсақ, сандық маркетинг көзі – SMM мамандығы. Бұл жаңа заман мамандығы өзімен бірге, маркетолог, контент-менеджер, фрилансер мен SEO мамандарын іске қосты. Олар онлайн қауымдастықтармен жұмыс жасап, офлайн іс-шараларды ұйымдастыруда. Бұл іс-әрекеттер адамзаттың цифрлық технологияларға еніп келе жатқанының тағы бір дәлелі.

Қазақстан Республикасы Статистика комитетінің мәліметтері бойынша, 2018 жылы барлық жастағы адамдар арасында Интернетті пайдаланушылар үлесі 78,8%-ды құрады. 2021 жылдың интернет пайдаланушыларының саны 15,47 миллион адам болды, ал 2020 жылдың басынан бері (741 000 адам) 5%-ға өсті. 2021 жылдың басында интернеттің адам өміріне енуі 81,9% болды. Осы жерден біз интернеттің біздің өмірімізге толықтай еніп келе жатқанын байқаймыз.

«Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі өнеркәсіптік ынтымақтастықты цифрлық трансформациялау және Одаққа мүше мемлекеттердің өнеркәсібін цифрлық трансформациялау үшін жағдайлар жасау тұжырымдамасы туралы» заңнама бойынша, өнеркәсіптік ынтымақтастықты цифрлық трансформациялауды және өнеркәсіпті цифрлық трансформациялауды жүзеге асыру кезеңдері:

а) бірінші кезең (2019–2020 жылдар) – өнеркәсіптік кооперация мен субконтрактацияның еуразиялық желісінің өнеркәсіптік кәсіпорындарының бірыңғай тізілімі мен технологиялар трансферінің еуразиялық желісінің пайдаланушылары туралы мәліметтерді қамтитын бірыңғай тізілімді қоса алғанда, ортақ ақпараттық ресурстарды әзірлеу және іске қосу;

б) екінші кезең (2021 жылға дейін) – Одақ шеңберіндегі цифрлық өнеркәсіптік кооперацияның бастамалары мен жобаларының сериясын қалыптастыру және іске асыру, еуразиялық цифрлық платформа қалыптастыру;

в) үшінші кезең (2025 жылға дейін) – еуразиялық цифрлық платформаны толыққанды әзірлеу және іске қосу, Одақ шеңберіндегі цифрлық өнеркәсіптік кооперацияның пилоттық өңдеуден өткен жобаларын іске асыру.

Бұл цифрлық трансформациялау заңында тұрған, жаһандық экономика шеңберінде орнықты экономикалық даму, ұлттық экономикаларды жан-жақты жаңғырту және олардың бәсекеге қабілеттілігін күшейту жөніндегі ортақ міндеттерді шешуге бағытталған бірлескен іс-қимылдар жолымен экономикалық өрлеуді қамтамасыз етеді.

Сандық экономика зерттеу барысында оның объективті процесс екенін байқаймыз. Сонымен қатар, менің ойымша, цифрлық революция заманында экономика шеңберін кеңейтіп, оған қатысты стандарттар санын өсіру қажет. 2019 жылғы COVID-19 эпидемиялық ауруының салдары жаһандық экономиканың сандық трансформацияға айналуын жеделдетті. Цифрлық экономика (ЦЭ) көптеген жаңа цифрлық стандарттар мен заңдарды қажет етеді, олардың бір бөлігі 2020 жылы жарық көрді. Бұл стандарттар мен заңдар робототехника жүйелеріне, жасанды интеллект жүйелеріне, ақылды үйлер мен қалаларға, Заттар интернетіне, қосымша өндіріске, жаңа желілік

технологияларға, ЦЭ пәндерін оқыту стандарттарына және басқа да көптеген нәрселерге қатысты болады. Ал енді инновациялық дамудың экономикалық реттеу жүйесіндегі цифрлық стандарттардың жаңашылдығын әзірлеу керек. Трансформациялық шығындарды төмендетіп және халық пен бизнес үшін мемлекеттік трансакциялық шығындарды төмендету сандық экономиканың басты мақсаты болып есептеледі.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

- 1 Халықаралық стандарта туралы түсініктеме. URL: <https://www.iso.org/ru/home.html>.
- 2 ҚазСтандарт бойынша. URL: <https://www.ksm.kz/>.
- 3 Жасанды интеллект бойынша жаңа мемлекеттік стандарттарды енгізу туралы түсініктеме. URL: <https://data-economy.ru/news/tpost/jzciu9ym61-kommentarii-ano-tsifrovaya-ekonomika-o-v>.
- 4 «Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі өнеркәсіптік ынтымақтастықты цифрлық трансформациялау және Одаққа мүше мемлекеттердің өнеркәсібін цифрлық трансформациялау үшін жағдайлар жасау тұжырымдамасы туралы» заңнама. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/H18RV000001>.
- 5 Қазіргі уақытта Digital маркетинг қалай жұмыс істейді. URL: <https://reklamaplanet.ru/marketing/didzhital>.

ГТАМР 64.29.39

ШТАНГАЛЫ СОРАПТЫ ҚОНДЫРҒЫЛАР МЕН ҰҢҒЫМАЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ

Ж.Т. Жәкібай

Магистрант, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қ.

Бұл ғылыми мақалада белгілі техникалық, құрылымдық шешімдердің негізінде иілгіш штангаларды штангалы сорапта қолдануы жұмысы жүргізілді.

Есептік бөлімде штангалы ұңғылық сорапты қондырғыға кешенді түрде есептеу жүргізілді, соның ішінде штангаларға түсетін жүктеме анықталды. Жобаның арнайы бөлімінде арқанды штангаға жалпылама зеріктеу жүргізілді.

Экономикалық бөлімде күрделі салымдардың өтелу мерзімі анықталды. Енбек қорғау бөлімінде қауіпсіздік талаптарын нормативтік-техникалық және технологиялық құжаттама талаптарына сай жүзеге асырылады.

Түйін сөздер: фундамент, рама, электр-қозғалтқыш, контрастмалық жүктер, штангалы сорапты қондырғылар.

Штангалық сорапты қондырғы жабдықтан, штангалық сораптардың тізбегінен, сорапты компрессорлы құбырлардың тізбегінен, ұңғымалы сораптан және қосымша жер асты қондырғысынан. Бөлек жағдайларда қандайда бір элемент болмауы мүмкін, сол кезде оның қызметін ШҰСҚ-ң басқа элементтері атқарады.

Жетек қозғалтқыш энергиясын қайтымды жүретін сорапты штангілердің тізбегінің механикалық энергиясына түрлендіреді.

Сорапты штангілердің тізбегі бір-бірімен бұрандалармен байланысқан және штангалардан құралған өзекше (стержен) түрінде келтірілген. Сорапты штангалар тізбегі механикалық энергияны жетектен ұңғыма сорабына береді. Ұңғымалық сорап, негізінен плунжерлі қозғалатын штангалардың механикалық энергиясын, қабаттық сұйықтарды тартып шығару энергиясына түрлендіреді.

Беріліс коэффициентін жоғарлататын газ факторы кезінде, сораптың түсу тереңдігін динамикалық деңгейге жоғарлату не болмаса сораптан төмен қарай газ жекірін орнату керек.

Көп жағдайда ШҰСҚ-да жетек ретінде балансирлы тербелмелі-станоктарды қолданады. Балансирлі тербелмелі-станоктарды массалы фундаментте 1 орналасқан рамадан 2 құралған. Рамада тірек 9 құрылған, онда топса көмегімен баласир 10 бекітілген, оның бір шетінде бір бас бар 12, басқа шетінде оны шатунмен байланыстыратын топса бар. Шатун редуктордың

шығар білігінде бекітілген кривошип 5 біріктірілген. Редуктордың кірер білігіне сына (клин) тәрізді беріліс арқылы электро-қозғалтқышы 3 біріктірілген. Балансирдің басына штангалар тізбегіне арқанды ілгінші көмегімен байланысқан.

Сорапты штангалар тізбегі сораптың рақанды ілгінші тереңдік сораптың плунжерлімен біріктіреді. Тізбек жеке штангаларымен 17 жиналады. Штангалар ұзындығы 6-дан 10 м дейін, диаметрі 12 ден 25 мм-ден жоғары және бір бірімен муфталар арқылы біріктіріледі. Жылтыратқыш шток жоғары класты тазалықпен өңделген беті бар, кейде оны бірінші немесе сальникті штанга деп те атайды.

Сорапты компрессорлы құбырлардың тізбегі қабаттық сұйықты жер бетіне шығарды және сағалық арматураны терең сораптың цилиндрімен біріктіреді. Ол құбырлардан 18 құрылған, ұзындықтары 8-12 м., диаметрі 48-114 мм. және шығар буынның құбырларымен біріктірілген.

СКҚ-ды герметизациялауға арналған, тізбек құрылғысының жоғарғы бөлігінде сағалық сальник орнатылған. Сальник арқылы жылтырылған штанга өткізілген ұңғыма сағасының жабдықтарынан әкететін жері бар, ол арқылы сұйық алынады және тор арқылы өндіріске жіберіледі.

III-ші ұңғымалы сорап бір жақты әсерлі сорапты қарастырады. Ол цилиндрден 24, СКҚ-ға тізбегіне жапсырылған плунжер 25, ол штанга тізбегімен жалғанған. Айдау клапаны 26 цилиндрдің төменгі бөлігінде орнатылған.

Сораптың төменгі бөлігінде керекті жағдайда газды IV, немесе құм қабатты сұйықтан бөлінеді. Газ құбыр аралық кеңістік пен СКҚ 18 және шегендеу 16 құбырлар тізбегі арқылы өтеді, құм корпус көрінде тұнады.

ШҰСҚ көптеген тораптардан тұрады және үлкен жүйелі. ШҰСҚ-сының классификациясы морфологиялық матрица ретінде келтірілген.

Екінші жол сағаны герметизациялайтын жабдықтардың құрылымдық бірліктерін құрайды. Екінші жолдың бірінші бағансында тұтас жылтыратылған штогы бар сағалық сальник бар, екіншіде – қуысты жылтыратылған шток, үшіншіде – тереңдетілген сальникпен, төртіншіде – ұңғылық тығыздатылған сальникпен, бесіншіде – таспалы немесе шыбықты қозғалмалы моменттерді қолдану.

Сорапты штангалардың тізбегінің басқа тығыздатқыштарның түрлері ұңғы сағасында берілген жолдағы басқа блоктарда келтірілуі мүмкін.

Үшінші жолда штангалық тізбектердің түрлерін көрсететін блоктар орналасқан. Бірінші түр – кәдімгі болатын штангалардың тізбегі, оның бір-бірімен жалғанатын жеке элементтері бұранда көмегімен біріктіріледі, екінші блокта – қосылған штангалар тізбегі, ал өзіне металды және металды емес штангаларды қосады, үшінші блокта – үзіліссіз болатты эллипс түрдегі штангалар, төртіншіде – үзіліссіз болатты арқанды штангалар, бесіншіде – болатты таспалы штангалар және т.б.

Төртінші жолда ұңғылы сораптар орналасқан. Плунжерлі бір сатылы сораптар бірінші блокта орналасқан, жоғары тұтқырлы мұнайды шығаратын

сорптар екінші блокта орналасқан, төртіншіде – елеулі механикалық қоспаларды және бар сұйықтарды шығарған сораптар.

Ұңғылы сораптардың жұмыс мүшелерінің әр түрлері бесінші жолда көрсетілген, алтыншы жолда сораптардың клапанды түйіндерінің әр түрлері орнатылған.

Морфологиялық матрицаның жоғарғы бөлімінде қозғалтқыштардың әр түрі және модификациялы көрсетілген. Жоғарғы бөлімінде (блок) ТС-н механикалық балансирі шығар звеноның синисойдалды заңмен орналасқан, аз үшіншіден механикалық қозғалтқышы шығар звеноның қозғалуы бойынша трапециалды заң бойынша төртіншіде қараймыз.

Штангалық сораптармен ұңғымаларды пайдалану әдісінің негізіне ұңғымаға түсіретін іс-әрекеті кейінді көлемдік сораптар кіреді және олар жер бетінде орналасқан механизммен түрде байланысқан.

Барлық жабдықтар кешені штангалық ұңғымалы сорапты қондырғы деп аталады (ШҰСК). Штангалық сорапты қондырғы келесідей: сағалық жабдық, штангалық сораптар тізбегі, сораптық компрессорлы құбырлар тізбегі, ұңғымалы сораптан және жер асты қондырғысынан тұрады. Бөлек жағдайларда бір элемент орын алмастыруы мүмкін, ондайда орын алған кезде оның қызметін штангалы ұңғымалы сорапты қондырғының басқа элементтері атқарады. Штангалар тізбегі механикалық энергияны жетек механизмінен ұңғыма сорабына тікелей береді. Сораптық штангілер тізбегі бір-бірімен бұрандамен жалғасқан және штангалардан құралған өзекше (стержен) түрінде келтірілген. Ұңғымалық сорап (көбінесе плунжерлі болып келеді) ілгерілемелі-кейінді қозғалатын штангалардың механикалық энергиясын қабаттағы сұйықтарды тартып шығару энергиясына айналдырады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

- 1 Қазақстанның мұнай энциклопедиясы. 2 томдық. – Алматы: «Мұнайшы» Қоғамдық қоры, 2005.
- 2 Тетельман В.В. Нефтегазовое дело: учеб пособие для вузов. ООО «Интеллект», 2009.
- 3 Муравьев В.М. Спутник нефтяника. – М.: Недра, 1977. – 304 с.
- 4 Жексенбаев Е.К., Нұрсұлтанов Ғ.М., Тастанбекова Г., Тоқтыбаев К.М. Лабораториялық жұмыстарға әдістемелік нұсқаулар: «Гидромашиналар мен компрессорлар». – Алматы: ҚҰТУ, 1995. – 36 б.
- 5 Снарев А. Расчет машин и оборудования для добычи нефти и газа. – Самара, 1995.
- 6 Балашев И.А. Расчет канатов по нагрузочным коэффициентам и по концевой нагрузке. – Томск, 1949.
- 7 Дьяченко В.А. Расчет и проектирование канатов. – Москва, 1987.
- 8 Лаврушко П.Н. Подземный ремонт скважин. – М.: Недра, 1968. – 412 с.

9 Жуков А.И., Чернов Б.С., Базлов М.Н. Эксплуатация нефтяных месторождений. – М.: МЕМСТОптехиздат, 1961. – 494 с.

10 Рекин С.А. Износ и коррозия бурильных и обсадных колонн; Пристроительстве и эксплуатации скважин. – М.: ВНИИОЭНГ, 2001. – 44 с.

ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ
ПЕДАГОГИКА И ОБРАЗОВАНИЕ
FIELD OF PEDAGOGY AND EDUCATION

ҒТАМР 77.03.07

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҰЛТТЫҚ СПОРТ ТҮРЛЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ЖАСТАРДЫҢ РУХАНИ ЖӘНЕ ДЕНЕ ДАМУЫНДАҒЫ РӨЛІ

Н.А. Қонысбай

Магистрант, М. Өтемісов атындағы БҚУ, Орал қ.

Әр халықтың өз ұлттық ойындары бар, Қазақстанда ұлттық ойындар қазақ мәдениетінің ажырамас бөлігі. Олар еңбек пен рухани қызметтің жаңғырығын біріктіреді. Сонымен, әр ойында сіз балаларға да, ересектерге де қызықты болуы мүмкін этномәдени тәжірибені көре аласыз. Кейбір ұлттық ойындар ежелгі дәуірден бастау алады, бірақ бүгінгі күнге дейін сақталған. Бұл мақалада ең танымал Қазақстанның ұлттық спорт түрлері туралы ақпараттар келтірілген.

Түйін сөздер: ойындар, спорт, дене шынықтыру, жастар, ойын ережесі, ұлттық.

Қазақстан Республикасында дене шынықтырудың дамуы жана жетістіктермен, сондай-ақ арнайы ғылыми талдауды талап ететін үрдістермен, проблемалармен белгіленді. Атап айтқанда, соңғы жылдары Қазақстанда өскелең жастарды тәрбиелеуге, ұлттық мәдени дәстүрлерге тартуға, дене шынықтырумен жүйелі түрде айналысуға және салауатты өмір салтын қалыптастыруға тұрақты қажеттіліктерді қалыптастыруға, дене шынықтыру дайындығының деңгейін арттыруға, дене дамуын, жалпы және арнайы жұмыс қабілеттілігін жақсартуға ықпал етуге арналған ұлттық спорт түрлері белсенді дамып келеді.

ҚР Мәдениет және спорт министрі 2021 жылғы 26 ақпандағы бұйрығымен Ұлттық спорт түрлерінің тізбесін бекітті. Тізімге спорттың 9 түрі кірді:

1. Аударыспақ;
2. Асық ату;
3. Байге;
4. Жамбы ату;
5. Жекпе-жек;
6. Көкпар;
7. Қазақша күрес;

8. Аң аулайтын құстармен аң аулау;

9. Тоғызқұмалақ.

Біздің дәуірімізге дейінгі I мыңжылдықта Еуразия даласында қалыптасқан жылқы-көшпелі мал шаруашылығы мәдениеті Қазақстанды да қамтитын Орта Азия мәдениеттерінің дамуында үлкен рөл атқарды. Мал шаруашылығының рөлі қазақтардың мәдени мұрасында: наным-сенімдерде, дәстүрлерде, әдет-ғұрыптарда, ертегілерде, музыкалық мұрада, жерлеу рәсімдерінде және тіпті ойындарда айқын көрінеді. Қазақтардың мәдениетінде үй жануарларының төрт негізгі түрі бар, олардың арасында көшпелі өмір салтына байланысты жылқы ерекше орын алды. Көшпенділер атқа міну дағдыларынан басқа дене шынықтыру мен стратегиялық ойлауға да мән берді. Әскери дағдылар да үлкен рөл атқарды.

Көкпар – тек қазақтың ғана емес барша түркі халықтарына тән ұлттық ат спорты ойындарының бірі. Дәстүрлі көкпар ойынының өмірге келуі – көшпелі халықтардың айналасын қоршаған жаудан өзін-өзі қорғап қалу қажеттігінен туындаған. Яғни, халық бейбіт күндерде азаматтарын әскери машыққа баулып отырған. Мысалы, көкпар ойынына машықтанған жігіт соғыс кезінде дұшпан шебінде жараланып қалып қойған жауынгерді атпен шауып барып, көз ілеспес жылдамдықпен жерден көтеріп алдына өңгеріп алып, құтқарып қалуға дайын болады. Сондай-ақ, көкпаршы жаумен жекпе-жекке шыға қалса, жауды аттан жұлып түсіруге, жерге түсіп қалған қаруды (найза, қылыш) шауып келіп іліп алуға бейім келеді. Қазақтың ат үстіндегі ойындарының шығу тарихы жауынгерді батырлыққа, ептілікке, шапшаңдыққа үйретуді мақсат тұтқан.



Сурет 1. Көкпар ұлттық спорты.

Көкпар жігіттердің күш-жігерін, төзімділігін, батылдығы мен ептілігін, ат үстінде мығым отыруын қалыптастырады. Сонымен қатар көкпар – аттың қалай бапталып үйретілгенін, жүйріктігін де сынайтын спорт түрі.

Аударыспақ – спортшыдан үлкен ептілікті, күштілікті, төзімділік пен батылдықты талап ететін қазақтың ұлттық спортының бір түрі. Бұл ойында екі салт атты бір-бірін аттан аударып алуға тырысады.



Сурет 2. Аударыспақ ұлттық спорты.

Аударыспаққа тәртіп бойынша ат үстіндегі айқасты жақсы меңгерген, тиянақты дайындығы бар спортшылар ғана қатынаса алады. Ал дайындығы жеткіліксіз, тәжірибесі аз спортшылар үшін бұл өте қиын.

Аударыспақ спорты еліміз Тәуелсіздің алған тұстан өрісін жедел кеңейтті. Кеңес заманының өзінде ресми түрде болмаса да, мерекелік шараларда аударыспақтан жекпе-жек өткізу республиканың барлық өңірінде ұзақ жыл жалғасын тауып келген. Ұлттық спорттың бұл түріне егемендіктің алғашқы жылдарынан бастап ерекше көңіл бөліне бастады. ҚР Ұлттық спорт түрлері қауымдастығының ұйытқы болуымен аударыспақ арнайы аккредиттеуден өтіп, бірнеше жылдан бері ҚР Мәдениет және спорт министрлігі Спорт және денешынықтыру істері комитетінің күнтізбелік жоспарына енгізілді.

Теңге ілу – Түркі халықтарына ортақ, ұлттық ат спортына жататын ертеден келе жатқан ойындарының бірі. Теңге ілуші жігіт құйғыта шауып келе жатқан аттың үстінен еңкейіп, баяуламастан жерде жатқан, шүберекке түйілген теңгелерді тез іліп алып, лақтырып отыруы шарт. Теңгені көп ілген ойыншы жеңімпаз атанады.



Сурет 3. Теңге ілу ұлттық спорты.

Теңге ілу ұлттық ойынының көп ғасырлық тарихы бар. Бұрынғы кезден бастап теңге ілу қазақ жауынгерлерінің күшін, шеберлігі мен батылдығын тәрбиелейтін жаттығудың маңызды элементі ретінде қарастырылатын. Біздің заманымызда теңге ілу ұлттық ойыны шеберлік пен жылдамдыққа, ең бастысы жылқыға, өз тарихына деген сүйіспеншілікті дамытатын ең әдемі және ең көрнекті ұлттық спорт түрлерінің бірі.

Ұзақ жылдар бойы той-мерекелерде шағын көрсетілім ретінде ғана айналып келген Теңге ілу еліміздің ұлтжанды азаматтарының күш салуымен Тәуелсіздік жылдары ұлттық спорт ойыны дәрежесіне көтеріле бастады.

2007 жылы Теңге ілудің арнайы Ережесі жазылып, ұлттық спорт түрлерінен өткізілген Қазақстан чемпионатында алғаш рет ересектер арасында Теңге ілу бәсекесі ұйымдастырылды.

Бүркітші. Көшпенді бабаларымыздың таным-түсінігінде бүркіт – батылдықтың, батырлықтың, еркіндіктің, рух биіктігінің символы. Еліміздің туындағы бүркіттің бейнесі азаттықтың, тәуелсіздіктің, тектіліктің, қайраттылықтың айбыны ретінде бейнеленген. Қазақ халқы бүркітті киелі құс санаған. «Бүркіт бір сілкінсе мың пәле кетеді» деп есептейді және бүркіттің бір қауырсынын үзіп алып қасиетті зат санап биікке іліп қояды.



Сурет 4. Бүркітшіі ұлттық спорты.

Тарихи деректерге қарағанда бүркітті қолға үйретіп, аңшылыққа пайдаланғанына 3 мың жыл болыпты. Италиян жихангері Марко Полоның естелігінде, Құбылай ханның саятшылыққа пайдаланған 500 бүркіті және басқа да құстарының болғандығы жазылады. Шыңғысханның ұлы Жошының 3 мың бүркітшісі болғандығы туралы деректер бар. Орта Азия хандарының да бүркіт ұстап, құсбегілердің қызметін пайдаланғанды белгілі.

Қазақ халқы құсбегілікке: бүркіт, қаршыға, лашын, сұңқар, тұйғын, тұрымтайды пайдаланған. Қазақтың әйгілі құсбегісі Жалайыр Шора туралы «Аспанға ұшсам қанатым талады, жерге қонсам Жалайыр Шора алады» деген сөз тараған. Қазір Алматы облысының Еңбекшіқазақ ауданындағы Нұра ауылында «Жалайыр Шора атындағы құсбегілер мектебі» мен Республикалық құсбегілер мұражайы жұмыс істейді.

2004 жылы «Бүркітші» федерациясы құрылып, Қазақстан Республикасы Ұлттық спорт түрлері қауымдастығының құрамына енді. Содан бері Күнгізбелік жоспарға сәйкес «Салбурын», «Саят», «Қансонар», «Бүркітшілердің Республикалық чемпионаты» жарыстары мен әр түрлі турнирлер өтіп келеді. Бұл жарыстарға 30-дан 90-ға дейін бүркіттер мен қаршығаларын алып саятшылар келеді. Атақты бүркітшілердің арасында Бүркіт жарысының спорт шебері Әбдірзақова Мақпал да бар. Барлық жарыстар құзырлы органдар бекіткен ережеге сәйкес өткізілуде. Қазақстан бүркітшілері шетел қалалары: Лондон, Дубайға сапар шегіп жарыстарына қатысты. Елімізде бүркітшілер қатары жылдан-жылға өсіп келеді.

Қыз қуу – қазақ халқының өте көне ойындарының бірі. Ол Қазақстан Республикасы халықтарының арасында кеңінен тараған қазақтың ұлттық ат ойыны тобына жатады. Қыз қуу сонау ертеден келе жатқан спорт ойыны. Ертеде «Қыз қашар», «Қыз қуалар» деп аталғаны болмаса, біздің заманымызға дейін оншама өзгеріссіз жеткен. Бұл жарыс өзінің түрі жағынан біздің заманымызға дейін қандай болса, қазірде сол күйінде қалды. Бағзы заманда жарыс жігіт пен оның қалыңдығы арасында өткізілген. Егер жігіт жарыста жеңілсе, ол өзіне қойылатын талапты ақтай алмағаны үшін қызбен некелесу құқынан айырылған. Бұл сияқты ескі әдет әлдеқашан ұмыт болды. Қазіргі қыз қуу өзінің идеялық мазмұны жағынан одақтағы ұлт республикаларының мәдениетіне енген халықтық спорттардың қай-қайсысынан болса да кем түспейді.



Сурет 5. Қыз қуу ұлттық спорты.

Қыз қууды қазіргі бағытымен келешекте де дамытудың үлкен спорттық маңызы бар. Ол өзінің маңызы жағынан жастарға дене тәрбиесін беруде бүгінгі талапқа толық сай келеді.

Қазақ күресінің даму тарихы қазақ халқының тамыры тереңнен тартылатын тарихымен тұтасып жатыр. Түрлі бас қосулар мен мереке тойлар

спорттың осы түрінің сайысынсыз өткен емес. Күші басым түсіп, жеңіске жеткен палуандар халықтың төбесіне тұтар құрметті адамына айналған. Қазақтың ұлы батыры Қажымұқан есімі қазақ халқының тарихына ғана еніп қойған жоқ, сонымен бірге спортшылардың әлемдік элитасының қатарына кірді.



Сурет 6. Қазақша күрес ұлттық спорты.

Қазақ күресі бойынша бірінші ірі жарыс 1938 жылы ауыл шаруашылығы аймақтары арасындағы спартакиада аясында өткен. Сол сәттен бастап жарыс дәстүрлі түрде республика қалаларында тұрақты өткізіліп келеді.

Қазақ халқының ұлттық спорт ойындарының бірден-бір көп тарағаны – бәйге мен аламан бәйге. Спорттың бұл түрінің өзгеше бір ерекшелігі сол – жарыс тек жазық жерлер мен ипподромдарда ғана өтіп қоймайды, спортшының өзі мен оның атына жоғары талап қойылатын ойлы-қырлы, жасанды, бөгесінді жерлерде де өткізіледі. Бір жағынан, бұлайша жарысты бұрын белгісіз, ойлы-қырлы жерлерде өткізу қазіргі заманғы ат спортының классикалық түріне жуықтайды. Бұл қазақстанның халықтары арасында спорттың классикалық түрлерін кеңінен таратуға өзінің пайдасын тигізетіні сөзсіз.



Сурет 7. Бәйге ұлттық спорты.

Әсіресе аламан бәйгенің спортшының тактикалық шеберлігін жетілдіруде маңызы орасан зор. Жарыста мықты да жылдам спортшылардың бәрі бірдей жеңе бермейді, мұнда кімде-кім жарысты жаттығу жағынан дұрыс құрып, жағдайды дұрыс бағалап, жарыстың барысында атының күшін тиімді пайдаланса сол ғана жеңіске ие болады.



Сурет 8. Жамбы ату ұлттық спорты.

Жамбы ату. Қазақ халқының ер жігіттің мергендік, ептілік қабілетін сыннан өткізетін, намысын жанитын ежелгі ойынының бірі— жамбы ату жарысы. Ұлан-ғайыр жерімізді батыр аталарымыздың сақтап қалуына себеп болған астындағы желдей ескен сәйгүлігі мен сенімді қаруы болған садағы. Бұл екі мұра, ұрпақтан ұрпаққа жалғасып, бүгінгі еліміздің тәуелсіздік алған күніне де жетті. Кеңес үкіметінің тұсында ұмыттырылған бұл ойынымызды Қазақстан Республикасы Тәуелсіздік алған кезден ҚР Ұлттық спорт түрлері Қауымдастығы қайта жаңғырта бастады. Бүгінгі таңда жамбы ату жарысы құзырлы органдардың бекіткен ережесі бойынша өткізіледі.

Ұлттық спорт дәстүрлері ерте заманнан бері дамып келеді. Олар адамның экономикалық белсенділігіне, ақыл-ойының жетілдірілуіне сай жетілдірілді. Ұлттық спорттық дәстүрлер көптеген факторларға байланысты болды: ландшафт, климат, табиғат және т.б.

Ұлттық спорттың барлық түрлері жастардың дене және рухани қасиеттерін дамытуға бағытталған: дене күші (қазақша күрес), төзімділік (аламан-бәйге), ептілік (күміс-алу), ұқыптылық (садақ ату жарысы), қабілеттерін дамыту. көп деректерді талдауға (тоғыз-құмалақ). Сонымен қатар ұлттық спорттың көптеген түрлері жастарды мақсатқа жетуге, дала табиғатымен, өзге халықтардың мәдениетімен ұштастыруға тәрбиелеуге бағытталған.

Мәліметтер өзара мәдени әсер ету және мәдени қарым-қатынас процестерінің адамдардың рухани дамуының маңызды құралдарының бірі ретінде ойындардың өзіндік табиғатына үлкен әсер ететінін көрсетеді.

Қазақтың ұлттық ойындары ерлікті, өжеттікті, батылдықты, шапшаңдықты, ептілікті, тапқырлықты, табандылықты, байсалдылықты, т.б. мінез-құлықтың ерекшеліктерімен бірге күш-қуат молдығын, білек күшін, дененің сомданып шынығуын қажет етеді. Сонымен бірге бұл ойындар әділдік пен адамгершіліктің жоғары принциптеріне негізделген. Өйткені, ойынға қатынаспай тұрып-ақ оған күн ілгері көп адамдардың тер төгіп, еңбек етуіне тура келеді. Мысалы, бәйгені алайық. Ол үшін алдымен бәйгеге қосылатын атты таңдап алады. Ол атты баптап бағып, күтуге тура келеді, оның жейтін жемі мен ішетін суына дейін белгілі мөлшерге келтіріледі. Атты белгіленген уақытта күн сайын желгізіп, шапқызып, терін алады. Бәйгеге қосылатын атқа мініп шабатын бала күн ілгері осы сынақтарға қатысады (атқа ауыр болмау үшін оған мініп шабатын баланың жасы 11-12-ден аспауы керек). Бәйге шарты мүлтіксіз орындалу үшін төреші тағайындалады. Бәйгеге қосылатын аттардың шабатын жерінің алыстығына қарай кейде ат айдаушылар біреу емес, бірнешеу болуы да мүмкін. Ол ат шабатын қашықтықтың өн бойына орналастырылады. Бәйгеге әзірліктің басы-қасында болған бала, осы өнердің сырларын жете біліп, үлкен шаруашылық мектебінен өткендей әсер алады.

Сондықтан қазақтың ұлттық ойындары тек ойын-сауықтық жағынан ғана маңызды емес, ол – спорт, ол – өнер, ол – шаруашылық, тәжірибелік маңызы бар тәрбие құралы.

Бұл ойындарды оқыту үдерісіне және мемлекет дамудың жеті басым бағытының біріне Қазақстан азаматтарының денсаулығы, білімі мен әл-ауқатын қоятын қазіргі уақытта енгізу өте маңызды. Өскелең ұрпақтың этномәдени тәрбиесінің де маңызы зор. Халықтық және ұлттық спорт түрлерін, ерекше дене жаттығулары мен ойындарды дамыту мәселелеріне ерекше назар аудару және оларды халықты дене шынықтырумен және спортпен белсенді айналысуға баулуда пайдалану міндеттері қойылады.

Біздің Республикамызда орасан зор экономикалық, әлеуметтік және мәдени өзгерістер негізінде дене шынықтыру мен спорт балалардың жан-жақты дамуының маңызды факторына айналды. Ыңғайлы және техникаланған өмірдің қазіргі жағдайында спортқа деген қызығушылықты жоғалту, жастардың жаппай психоэмоционалды және психофизиологиялық тәуелділігі (есірткі, улы заттар, компьютерлік ойындар), халықтық педагогиканың ең жақсы дәстүрлеріне жүгіну қазіргі жас ұрпақты сауықтыруда шешуші рөл атқара алады. Тәрбиелік және тәрбиелік мақсаттары бар ұлттық ойындар мен ойын жаттығуларын өткізу шеберлігі дене шынықтырудың маңызды құрамдас бөлігі болып табылады.

Қазақ халқы ұлттық ойындарға өте бай және қазіргі әлемдік танымал спорттық ойындардың пайда болуына біздің бағзы бабаларымыздың да қосқан өз үлесі бар. Бұл – үлкен мақтаныш. Демек, әлемнің өзге халықтары сияқты, қазақ халқы да өзінің өскелең ұрпағын ойын арқылы алуан түрлі өмірлік бейімділіктерге баулып отырған. Осы арқылы қазақтың дене-қуаты күшті парасатты ұл-қыздары елі мен жерінің, ар-намысын қорғауға қашанда әзір болып қалыптасқан. Бабадан мирасқа жеткен осы ұлттық ойындарымызды еш

ұмытпай оны заман талабына сай жаңаша синтездесек ел болашағының жарқын болары сөзсіз деп айтуға болады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

- 1 Ұлттық спорт түрлері. URL: <https://ulttyqsport.kz/?cat=15>.
- 2 Абишев К.С. Қазақтың ұлттық ойындары. – Алматы: Нур-Принт, 2015. – 142 б.
- 3 Алимханов Е., Келгенбаев Е., Бақаев Б., Жартыбаев А.А., Байзакова Н.Р. Қазақтың ұлттық халық ойындары мен спортын топтау, жүйелеудің теориялық қалыптасуы // Теория и методика физической культуры. 2018, № 1 (51). – 34-39 б.
- 4 Байгунова Д.М., Ботаев Б.Ш., Бексейтов Н.Б., Туреханов Қ.Е. М.Әуезов атындағы ОҚМУ ғылыми еңбектері. 2021, № 3 (59). – 24-28 б.

ГРНТИ 15.21.41

ПРОБЛЕМА ЭМОЦИОНАЛЬНОГО ВЫГОРАНИЯ У ПЕДАГОГОВ

К.Л. Калачёва

*Студент, Казахстанско-Американский свободный университет,
г. Усть-Каменогорск*

З.К. Чункурова

*Магистр, ст.преп., Казахстанско-Американский свободный университет,
г. Усть-Каменогорск*

Данный тезис доклада посвящен анализу эмоционального выгорания у педагогов. Были рассмотрены теоретические положения о синдроме профессионального (эмоционального) выгорания, факторы и причины его возникновения и проявления в профессиональной деятельности педагога, симптомы, стадии и аспекты данного синдрома в деятельности педагога. Предложены практические методы профилактики и снижения степени выраженности проявлений синдрома профессионального (эмоционального) выгорания педагогов.

Ключевые слова: Эмоциональное выгорание, педагог, факторы, профилактика, состояние, проявление, стресс, профессиональный, причины, истощение, синдром, реакция организма, психологическое напряжение.

